

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY



«Тәуелсіздік және тарихи тұлға»
атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310
жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
жұмысының
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
международной научно-практической конференции
посвященный 30-летию независимости и 310-летию Абылай хана
«Независимость и историческая личность»

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
international scientific and practical conference
dedicated to the 30th anniversary of independence and the
310th anniversary of Abylai Khan
"Independence and historical personality»

III том

Шымкент – 2021

ӘОЖ
ББК
Б

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - ОҚМПУ ректоры

Ұйымдастыру алқасы:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	- Т.ғ.к., доцент
Бегалиева Рауан Нармаханқызы	- П.ғ.к., доцент м.а
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы	-Т.ғ.к
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы	- ф.ғ.к., аға оқытушы
Нүрпейісов Нариман Жұмашұлы	- ф.ғ.к
Ибашова Альмира Байдабековна	- П.ғ.к., аға оқытушы
Саулембаев Алтынбай Тагабаевич	- Г.ғ.к.,аға оқытушы
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы	- П.ғ.к., доцент
Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы	-П.ғ.к., доцент м.а

«Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

Сборник научных статей международной научно-практической конференции посвященный 30 - летию независимости и 310-летию Абылай хана «**Независимость и историческая личность**» «Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES international scientific and practical conference dedicated to the 30th anniversary of independence and the 310th anniversary of Abylai Khan "**Independence and historical personality**» Оңтүстік Полиграфия":- Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ӘОЖ
ББК

ISBN

АЛҒЫ СӨЗ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Өркениетті қоғам құруға бет алған жұрттың бәрі де алдымен өзінің тарихи тамырын, географиясын танытып, тарихи жадын қалпына келтіруге күш салады. Қазақ тарихы осы күнге дейін отаршылдардың еркінше бұрмаланып келді. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар бүркемеленіп, оның орнына жасанды, қазақ менталитетіне жатпайтын рухани өлшемдер орнатылды. Осының салдарынан халық өз географиясы, тарихы туралы шындықтан адасып қалды. Ұлтымыздың ғасырлар бойы армандап, аңсаған, қол жеткізген тәуелсіздігі – мемлекетіміздің егемендік тұғырын биіктетіп, елдің іші-сыртын бүтіндеп, шекарасын белгілеп, өркениет үрдісінде өзіндік даму жолын таңдауға қол жеткізді. Халқымыздың асыл ұл-қыздары, адал перзенттері, тоталитарлық жүйенің дәуірлеп тұрған кезінің өзінде де, тағдырына арашашы болып, тәуелсіз ел болып, егемендікке қол жеткізіп, байып-көркеюіне үлес қосуды өздеріне мұрат тұтқан. Солардың бірі – Қазақ хандығын нығайтып, үш жүздің басын біріктірген, солтүстік-батысында Ресейдің, шығысында Қытайдың тырнағынан елімізді аман сақтап, жоңғар мен қалмақтың, Хиуа мен Қоқанның шапқыншылығын тойтарған көреген саясаткер әрі дарынды қолбасшы - Абылай хан. Қазақтың ұлы ханы, аса көрнекті саяси қайраткері және қолбасшысы Абылай ханның биыл 310 жылдығы мен ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы орайласып келіп отыр. Бүгінгі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ұйымдастырған «Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылайханның 310 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Абылай ханның саяси қайраткерлігін, тұлғалық болмысын, мұрасын дәріптеу, Абылай ханның өмір жолын, Қазақстан тарихының межелі сәттерін зерделей отырып, тәуелсіздігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды зерделеу, Абылай ханның қазақ халқының тарихындағы рөлін зерделей отырып, қоғамның бірлігі мен тұтастығын насихаттау, ел тәуелсіздігін ұлықтау болып табылады. Конференция барысында Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының дамуына қатысты жаңа ойлар, тәуелсіздік тарихына терең үңілетін ғылыми-пікірлер ортаға салынады деп ойлаймын. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Исабек Баршагүл Қашқынқызы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университеті оқу және оқу-әдістемелік істер
жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының
кандидаты, профессор
Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 5-қаңтар күні еліміздің бас газеті - «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тарихи мақаласының мәні мен маңызы ерекше. Тәуелсіздіктің отыз жылдық тарихына арналған, өткенді саралап, бүгінгіні баянды етіп, келешегімізге бағыт бағдар көрсететін мақалада қамтылған мәселелер сан алуан. Мемлекет басшысы бұл еңбегінде «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» деген тақырыптар қойып, кемел ойлы, кең тұрғыда туған халқымен ой бөліседі.

Біздің мақсат Президент мақаласындағы «Таным мен тағылым» жайында айтылған ойларды хал-қадірімізше саралап, тәуелсіздік және тарих тағылымы жайында пікір сабақтау. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек», -деп толғанады.

Тәуелсіздік дәуірі басталған отыз жылда дүниеге келген ұрпақ бақытты, арманы жоқ десек те болады. Азаттық аренасына шыққан елімізде бір ұрпақ ауысып үлгерді, сол себепті де «егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс» болып келеді. Бұл шын мәніндегі қуанарлық құбылыс.

«Мың өліп, мың тірілген» (Ж.Молдағалиев) қазақ халқы үш жүз жылға жуық бодандық қамытын киді, жат елден келген басқыншылардың айтқанына көніп, айдауында жүрді. Бостандық үшін күресті, азаттық үшін арпалысты, осы жолда сан рет қырғынға ұшырады. Осындай ауыр кезеңді басынан кешірген бүгінгі ұрпақ өткен тарих тағылымын, халық басынан өткен нәубеттерді ешқашан жадыдан шығармауға тиісті, нақтырақ айтқанда Президентіміз атап көрсеткендей: «Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс».

Отыз жылдық тәуелсіздік дәуірімізде атқарылып жатқан игі істер, жақсы бастамалар аз емес, солардың бастауында әрине ұлт шежіресін түгендеуге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы тұр десек артық айтқандық болмас деп ойлаймыз. Бұл бағдарлама бодандық қамытын арқалаған арда халқымыздың тарихын түрлі бағыттар бойынша зерттеді, қаншама археологиялық қазыналар табылды. Том-том еңбектер жарыққа шықты, халық қазынасына айналды. Бір

сөзбен айтқанда Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға айырықша үлес қосты. Осы аралықта Мемлекет басшысының: «сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?»,-деген аса күрделі сұрағы бізді қатты ойға қалдырады. Демек, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жасалған, жазылған, зерттелген, тарихи сананы рухани жағынан жаңғыртатын асыл мұраларымызды тек қана ғылыми орта деңгейінде, сала мамандарының игілігі ғана деп қалдырмай «қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс». Бұдан түйетініміз атқарылған ізгі істеріміздің жемісі қалың қазаққа, соның ішінде жас ұрпаққа қол жетімді болуы керек. Атқарылған істер аз емес, сол істерді одан әрі жалғастыру міндеті де күтіп тұр.

XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа технологиялар заманы. Сан ғасырлық тарихымыздағы тәуелсіздік үшін күрескен, азаттық үшін арпалысқан бабаларымыздың ерлік шежіресін баяндайтын көркем фильмдер, тарихи шығармалар аз емес. Бүгінгі ұрпақ үшін бұл дүниелер аса қымбат байлық. Дана халқымыздың тарихында қалған бір тәмсіл сөз бар: «өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атады». Бодан күй кешкен, әсіресе күні кешегі бар қазақты «бостандыққа» жеткіздік деп алдаусыратқан кеңестік қоғамда өткен тарихқа топырақ қана емес, күл шашып өмір сүрдік. Сананы жаңғыртуда, тарихи сананы қалпына келтіру жолында көркем фильмдердің атқаратын ролі де өте зор деп ойлаймыз. Осы бағытта түсірілген, қалың көрерменнің ыстық ықыласына бөленген «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдерді Президент ерекше атап көрсетеді және бұл игі істерді одан әрі жалғастыру, жаңғырту керектігін де ескертіп өтеді және «Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын»,-деп айрықша атап көрсетті.

Тәуелсіздік тарихы жайында айтқанда алаш қайраткерлерін айырықша айту біздің перзенттік парызымыз, ұлы тұлғалар алдындағы мәңгілік қарызымыз.

Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев әрдайым Қазақстанның еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін жанын пидә етіп күрескен батыр бабаларымызды, әсіресе алаш ардақтыларын ұдайы еске алып отырады. Мысалы, ол бір кездесуде: «Алашорданың мүшелері алғашқы Ақпан революциясына ілесе шыққан күрескерлер еді. Олар патша құлаған соң еркіндік бола ма деп сенді. Алайда большевиктер саясаты бұл үмітті ақтамады»,- деп атап көрсетті Елбасы. Иә, бір ғана алашорда үкіметі ғана емес, бүкіл қазақ халқының үміті ақталмады, жалған саясат, қара күшпен, қантөгіспен келген үкімет сендерге теңдік, бостандық әпердік деп сендірді, шын мәнінде алдады.

«Бостандық» деп өлең жазбаған ақын кемде-кем еді. Алаш ұранды әдебиеттің ірі өкілі Мағжан Жұмабаев та «Бостандық» атты өлең жазды, өлең түйінінде:

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште,
Кетпекке ұшып ғарышқа,
Ақ қанатын қомдап тұр, - деп күңіренді.

Елбасы аса бір ізгілікпен: «алашордалықтар алған бетінен қайтпай, еркіндік ұранын айта берді. Ақыры сол үшін құрбан болды. Біз ол кісілердің ойлаған ойы, аңсаған арманы үшін де құрметтеуіміз керек. Әрекет ойдан басталады, сөзден басталады. Тәуелсіздік ойын оятқан сол асыл ағаларымыз. Сол мұратқа қол жеткізу бақыты біздің ұрпақтың маңдайына бұйырды», - дей отырып, баршамызды кешегі аяулы ағаларды құрметтеп, еске алып, тағзым етіп отыруды естен шығармауға шақырады.

Президент «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тарихи мақаласында: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек», - деп тапсырма берді. Бұдан шығатын қорытынды Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың, Мемлекет басшысы, Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың бұл аманаттары алаш қайраткерлерін танудың, танытудың жаңа кезеңін бастауға шақырады. Тәуелсіздіктің отыз жылдығы аясында бұл тапсырмалырдың дені жүзеге асады деп сенеміз және ол ізгілікті іс одан әрі де жалғасын табады.

Ресей империясының бодандығында болған екі жарым ғасырдан астам уақыттың (1731-1991) ең бір бір азапты, қасіретті кезеңі кеңестік дәуір кезеңінде (1917-1991) өтті. Аштық заман (1921-22, 1931-1933), байлардың мал мүлкін тәркілеу (1928), алаш қайраткерлерін қуғындау (1926-1937), «халық жауларын» әшкерелеу (1936-1938), Ұлы Отан соғысы (1941-1945) сынды сын сағаттарды басымыздан кешірдік. Осы қасіреттердің ішінде ерекше апат болып келгені аштық екені ақиқат жайт, осы бір халық басына түскен, төтеннен келген нәубеттер жайында Тәуелсіздік жайында тебіреніп сыр шертетін Президентіміз ерекше айтып өтеді. «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек». Бұл қасірет тарих өлшемімен алғанда күні кеше орын алған оқиға. Дана халқымыз «өлі риза болмай, тірі байымайды»

деп жай айтпаған. Аштық құрбандарын, жазықсыз жапа шегіп мерт болған құрбандарды, алаш аманатын арқалап тәуелсіздік үшін мерт болған құрбандарды еске алып, тағзым етіп, сол тарихтан тағылым алып отыру, қорытытынды шығару, сол қасіреттердің қайталанбауы үшін күресуіміз керек.

Президентіміздің «Таным мен тағылым» жайында айтқан ой толғауларының бір парасы әйгілі Желтоқсан көтерілісі жайында өрбіпті. «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек».

Желтоқсан оқиғасын көзімен көрген Президентіміз өрімдей жастарымыздың Кеңес Одағы сынды алып империяға қарсы қаймықпай алаңға шығуын ерлік деп бағалайды, азаттық үшін болған күрестің нәтижесі 1991 жылғы Тәуелсіздікке ұласты деп ерекше атап көрсетеді, азаттықтың алғашқы қарлығаштары жасаған ерлік лайықты бағасын алатын кез келді деп санайды.

Президент ой қорытар тұста: «Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек», -деп түйін жасайды.

Біздің мақсатымыз «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» екенін жан жүрегімізбен түсініп, соның ішіндегі тарих тағылымынан алар ғибраттарды жас ұрпақпен бөлісу болды. Ұлы Даланың ұландары Мәңгілік ел болу мұратын алға қойып, Тәуелсіздіктік Көк туын биік ұстап жасай береді.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

УДК 378.1

ПРИВИТИЕ НАВЫКОВ ДЕЛОВОЙ ТЕЛЕФОННОЙ КОММУНИКАЦИИ СТУДЕНТАМ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Ниетбай К.А., к.ф.н.

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада іскери телефон байланысына қазақ тілінде оқитын мамандықтарының студенттерін «Орыс тілі» пәнінде оқытудың әдістері мен жолдары қарастырылған. Телефон арқылы сөйлесу мәдениетін қалыптастыру бойынша практикалық ұсыныстар келтірілген.

Summary

The article discusses the ways and methods of teaching students of non-linguistic specialties of business telephone communication in the classroom in the discipline "Russian language". Practical recommendations for instilling the skills of a culture of telephone communication are presented.

Русский язык для студентов национальных групп неязыковых факультетов служит средством получения научной информации, фактором активного включения в сферу науки, производства и общественной жизни. Одна из основных задач обучения студентов неязыковых факультетов русскому языку в вузе — помочь студентам полнее овладеть избранной профессией, а также активное включение их в сферу общественной жизни.

Для реализации второй задачи весь процесс обучения русскому языку нерусских должен быть построен как процесс развития речи. В первую очередь ставится задача выработки у обучающихся навыков употребления изучаемых конструкций в типичном для языка общения лексическом наполнении. Поэтому в национальных группах при обучении русскому языку большое внимание уделяется лексической работе, так как самым основным условием овладения языком является накопление запаса слов и умение практически использовать их в устной речи. Мы остановимся на тех упражнениях, которые способствуют овладению речевыми навыками культуры деловой телефонной коммуникации.

На занятиях по РКИ обычно выделяют 3 основные цели: практическую, общеобразовательную и воспитательную. Практическая цель заключается в формировании коммуникативной компетенции. Коммуникативная цель заключается в развитии речевых умений, способности общаться. Методисты выделяют 4 фактора коммуникативной ситуации:

- 1) обстоятельства действительности, в которых происходит общение;
- 2) отношения между коммуникантами;
- 3) речевое побуждение (то, что способствовало началу общения);
- 4) реализация самого факта общения [1, с. 227].

Принимая во внимание эти факторы, при привитии навыков деловой телефонной коммуникации следует прежде всего ознакомить обучающихся с этикетом телефонного общения. Опираясь на этикет телефонного разговора, описанный В.И. Венедиктовой [2, с. 50-52], можно предложить вниманию студентов общие правила телефонного разговора:

1. Поднимайте трубку до четвертого звонка: первое впечатление о вас или вашем учреждении складывается уже и от того, как долго приходится ждать ответа;
2. Приветствие и представление во время разговора с незнакомым человеком — процедура взаимная и обязательная. Главное правило делового протокола — телефонный разговор должен быть персонализирован. Если абонент не представился, следует вежливо спросить: «Простите, с кем я разговариваю?», «Позвольте узнать, с кем я разговариваю?» и т. п.
3. Во время телефонного разговора считается неприличным, что-то есть, пить, курить, шуршать бумагой, жевать резинку;

4. Недопустимо, сняв трубку и ответив: «Минуточку», заставлять звонящего ждать, пока вы справитесь со своими делами. Если в данный момент вы очень заняты и не можете разговаривать, лучше извиниться и предложить перезвонить;
5. Перезванивайте всегда, когда ждут вашего звонка;
6. Если вы «не туда попали», не следует выяснять: «А какой у вас номер?». Можно уточнить: «Это номер такой-то...?», услышав отрицательный ответ, извиниться и положить трубку;
7. Звонок домой является вторжением в личную жизнь, поэтому всегда спрашивайте, в удобное ли время вы звоните: «У вас есть время со мной поговорить?», «Вы сейчас очень заняты?» и т. п. Если ответ положительный, вы можете поговорить в свое удовольствие, но услышав первые признаки желания завершить беседу, следует вежливо попрощаться. На службе время телефонного разговора тоже ограничено;
8. Разговор по телефону должен быть предельно вежлив. Недопустимо кричать и раздражаться во время телефонного разговора, это является грубым нарушением этики межличностного и делового общения. В ответ на оскорбление кладут трубку. Ругань по телефону считается противозаконной;
9. Готовясь к телефонному разговору, составьте перечень вопросов, которые необходимо обсудить. Повторный звонок с извинениями по поводу того, что вы что-то упустили, оставляет неблагоприятное впечатление и допустим только в крайнем случае.
10. Беседа по телефону должна быть учтиво, но немедленно завершена, если к вам в дом пришел гость или посетитель в офис. Следует извиниться и, кратко назвав причину, договориться о звонке. Дома вы можете сказать: «Прошу меня извинить, ко мне пришли гости, я перезвоню вам завтра вечером (утром)»; на работе: «Простите, ко мне пришел посетитель, я перезвоню вам примерно через час». Обязательно выполните свое обещание.
11. Если во время разговора оборвалась связь, следует положить трубку; вновь набирает номер тот, кто позвонил;
12. Инициатива завершения телефонного разговора принадлежит тому, кто позвонил. Исключение составляет разговор со старшими по возрасту или социальному положению;
13. Ничто не заменит теплых слов благодарности и прощания в конце любой беседы, разговора. При этом следует помнить, что слова прощания должны содержать возможность будущего контакта: «Давайте созвонимся в следующий вторник», «увидимся завтра» и т. д.

После ознакомления с этикой делового телефонного разговора, для речевого закрепления темы можно провести беседу-резюме примерно следующего содержания. Итак, владение культурой телефонного разговора означает следующее:

- Я набираю номер телефона только тогда, когда твердо уверен в его правильности.

- Я тщательно готовлюсь к деловому телефонному разговору, добиваясь максимальной краткости.
- Перед особо ответственными телефонными переговорами делаю нужные записи на листке бумаги.
- Если предстоит долгий разговор, спрашиваю собеседника, располагает ли он достаточным временем и, если нет, переношу разговор на другой, согласованный день и час.
- Добившись соединения по телефону с нужным учреждением, называю себя и свое предприятие.
- Если я "не туда попал", прошу извинить меня, а не вешаю молча трубку.
- На ошибочный звонок вежливо отвечаю: "Вы ошиблись номером" и кладу трубку.
- В деловых телефонных переговорах "держу себя в руках", даже если до этого был чем-то раздосадован.
- В качестве отзыва на телефонный звонок называю свою фамилию.
- Во время продолжительного монолога собеседника по телефону время от времени подтверждаю свое внимание краткими репликами.
- Завершая деловой разговор по телефону, благодарю собеседника и желаю ему успеха.
- Если коллега, которого спрашивают по телефону, отсутствует, спрашиваю, что ему передать, и оставляю записку на его столе.
- Если телефон звонит во время беседы с посетителем, я, как правило, прошу перезвонить позже.
- В присутствии сотрудников стараюсь говорить по телефону вполголоса.
- Если собеседника плохо слышно, прошу говорить громче или перезвонить.

Особое место в работе над привитием навыков делового телефонного разговора занимает составление предложений по образцу и по схеме. «Кто приобрел умение свободно оперировать словами, составляя из них предложения так, что они точно отражают объективную действительность и точно выражают собственные мысли говорящего или мыслящего, тот усвоил основы изучаемого языка, основы, на которых можно развернуть широкое пользование языком. Кто не усвоил основ построения предложения, тот все время будет беспомощен в практике русской речи» [4, с. 23]

Схема помогает уловить структуру и словосочетания, и предложения, увидеть общее в их строе. По предложенной преподавателем схеме каждый обучающийся может составить свое словосочетание, свое предложение, где употребляются разные слова и сочетания, и сами словосочетания и предложения могут быть различными по содержанию, но сходными по форме. С этой целью оптимальным будет ознакомление обучающихся с образцами основных речевых этикетных форм в деловом телефонном разговоре. Стереотипные, стандартные фразы

1) приветствия: Здравствуйте, Рад Вас приветствовать, Добрый день!

2) просьб, вызванных разными причинами: Вы не могли бы повторить... Вы не могли бы перезвонить попозже? Вы не могли бы говорить громче? Повторите, пожалуйста, еще раз эту информацию. Вам не трудно позвонить завтра после обеда?

3) благодарности: Благодарю вас.... Признателен (признательна) вам... Должен (должна) поблагодарить (за звонок, за ценную информацию, за участие, за совет, за предложение, за помощь и т.п.);

4) извинения: Прошу прощения за то, что.... Примите мои извинения за ... Извините за то, что.... Извините за (за беспокойство, за долгий разговор, за беспокойство в нерабочее время, за поздний звонок, за неверное соединение и т.д.).

5) пожелания в конце беседы: Всего доброго! Всего хорошего! Удачи вам! Успешной поездки! и т.п.

6) ответы на просьбы: Хорошо, передам; Да, пожалуйста;

7) ответы на слова благодарности: Не стоит благодарности! Мне приятно это было сделать для вас;

8) ответы на извинения: Не беспокойтесь по этому поводу; Все в порядке; Ничего страшного;

9) ответные пожелания: И Вам всего доброго! До встречи! До свидания; И Вам всех благ.

В рамках рассматриваемой темы эффективным средством развития речи являются ролевые игры. Они стимулируют развитие спонтанной речи студентов, помогают преодолеть языковой и психологический барьеры, обеспечивают активное участие на занятии каждого обучающегося, стимулируют речевое общение, способствуют формированию интереса и стремления изучать русский язык. В игре способности любого человека могут проявиться в полной мере. Игра - особо организованное занятие, требующее напряжения эмоциональных и умственных сил, предполагающая принятие решения - как поступить, что сказать? Желание решить эти вопросы обостряет мыслительную деятельность играющих и открывает богатые обучающие возможности. Мыслеформирующая функция языка заключается в том, «что язык служит средством оформления и выражения мысли. Структура языка органически связана с категориями мышления» [3, с. 277]. Это значит, что слово выделяет и оформляет понятие, и при этом устанавливается отношение между единицами мышления и знаковыми единицами языка.

Для ролевой игры можно предложить следующие ситуации:

1) Вы позвонили в деканат, чтобы узнать, когда начинаются учебные занятия и имеется ли расписание.

2) Вы позвонили в студенческую поликлинику, чтобы узнать, когда принимает врач Оспанов А.О.

3) Вы позвонили директору школы, чтобы предложить канцтовары вашей фирмы.

4) Вы позвонили в детский сад, чтобы информировать работников детского сада об имеющейся в вашем маркете продукции по развитию детей дошкольного возраста.

5) Беседа с менеджером магазина «Электротовары» о наличии у них ноутбуков для школы.

Занятия по рассматриваемой теме способствуют развитию речи, усвоению важнейших этических понятий, единства моральных оценок, восприятию нравственных норм как координатов культуры, овладению искусством деловых телефонных контактов.

Литература:

1. Гатауллина Л.К. О некоторых методах преподавания на занятиях по РКИ.//Вестник Казанского технологического университета, 2012. - № 1. – С. 277-280. [Электронный ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-nekotoryh-metodah-prepodavaniya-na-zanyatiyah-po-rki/viewer>
2. Венедиктова В. И. О деловой этике и этикете. – М.: Правовая культура, 1994.- 176 с. [Электронный ресурс] URL: <https://spbib.ru/catalog/-/books/11217126-o-delovoy-etike-i-etikete>
3. Новикова Т.А. Формирование профессиональной культуры речи.// Омский вестник. – 2013. - № 3. – С. 194-197. [Электронный ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnoy-kultury-rechi>
4. Чистяков В.М. Основы методики русского в нерусской школе: учеб. пособие. - М., 1978. – 217 с.

ӘОЖ 130.2

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мантаева Т. PhD, аға оқытушы, Сабырбек А.С. 1-курс студент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

Интеллект (от лат. intellectus «восприятие»; «разумение», «понимание»; «понятие», «рассудок») или ум — качество психики, состоящее из способности приспособляться к новым ситуациям, способности к обучению и запоминанию на основе опыта, пониманию и применению абстрактных концепций и использованию своих знаний для управления окружающей человека средой.

Summary

Intellect (from Lat. Intellectus "perception"; "understanding", "understanding"; "concept", "reason") or mind - the quality of the psyche, consisting of the ability to adapt to new situations, the ability learning and memorizing on the basis of experience, understanding and applying abstract concepts and using your knowledge to control the human environment.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз» деп атап көрсеткен болатын, ал бұл жоба рухани жаңғыру, ұлттық кодты сақтау, тарихи тәжірибе, ұлттық дәстүр және олардың басты

субъектісі мен объектісі – адам және тұлға маңызды ұғымдарымен тығыз байланысты.

Елбасы дұрыс назар аударғандай, рухани жаңғыру мәселесі батыстық жаңғырудың қазіргі заманның даму үдерісіне сай келмеуінен, батыстық үлгілердің барлық халықтар мен ұлттарға жаппай, олардың өзіндік ерекшеліктерін ескермей таңылуынан туындап отыр. Сол себепті қоғамдық болмыста үлкен жылдамдықпен жүріп жатқан өзгерістерге біздің қоғамдық санамыз сәйкес келмей, оның дамуы баяу жүруде. Осы құбылысты байқаған Президент «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп пайымдап, осындай жаңғыру тұтас ұлтқа ғана емес, әрбір жеке адамға тән болуы керектігін басып ескертеді. [1].

Сондықтан Н.Ә. Назарбаев осы еңбегінде ХХІ ғасырдың жаңа тұлғасы мәселесін қойды. Ол – мәдени ашықтық, көптілділік, техникалық сауаттылық сияқты қасиеттер тән бәсекеге қабілетті, қазіргі заманғы талаптарға сай адам ғана емес, ең бастысы – ұлттық санасы терең, өзінің ана тіліне, ұлтының салт-дәстүріне, мәдениетіне адал тұлға.

Адамзат өркениетінің дамуында интеллектуалдық ортаның негізгі үш феномені болды, олар: ғалым-интеллектуалдар, білім беру жүйесі және кітапханалар. Интеллектуалды мәдениет қоғамда ғалымдардың үлес-салмағының көбеюімен, білім беру деңгейі мен сапасымен, кітапханалар, т.б. мәдениет орындарымен ілгерілейді. Сондықтан интеллектуалдық жүйенің осы компоненттердің өзара ықпалдасуы социумның дұрыс өмір сүруі, жаңа теория, білім, инновация, технологиялар, интеллектуалдық тәжірибе алмасуды дамытады. Қазіргі заманда қоғамды интеллектуалдандыруда адамның танымдық мүмкіндігін кеңейтетін жаңа ақпараттық технологиялар үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік кеңістікте интеллектуалдық капиталды байыту үшін жаңа ақпараттық коммуникациялық орта түзілуде. Кітаптар, газет-журнал, конференциялар, электронды ақпарат сақтау құрылғылары түріндегі базалар мен мәліметтер базасының қарқынды өсуі интерактивті ақпаратты кеңістікке тән сипат болып табылады.

Технологияның қарыштап дамуына байланысты, техниканың жаңа түрлері, ақпарат алудың оңтайлы әдістері, ақпараттың сандық технологиялары пайда бола бастағаны белгілі. Мысалы, қоғамдық кітапханаға форматы жағынан түбегейлі қарама-қайшы ғаламтор желісінде виртуалды кітапхана пайда болды. Электрондық кітапханалар сандық (digital) үлгідегі ақпарат қорын жинақтай бастады. World Digital Library, Cambridge Digital Library, Digital Public Library of America, Digital Collections / Library of Congress сияқты т.б. сандық кітапханаларды айтуымызға болады. Сол сияқты электронды үлгідегі мұрағат, мұражай, құжат мекемелері қалыптаса

бастады. Осылардың бәрі қоғамның интеллектуалдық мәдениетінің бөлігі болып табылады.

«Қазақстанда 2020 жылға қарай барлық кітапхана қоры сандық жүйеге өтеді. Аталған сандық жүйе кітапхана қызметінің дамуына оң ықпал етіп, кітапхана қорын құру, сақтау және одан әрі дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. «Бұл Қазақстандағы барлық кітапханалардың бірыңғай электронды каталогын құруға көмектеседі. Мұның ізін ала Қазақстан «ТМД елдерінің электронды кітапханасы» жобасына қосылады. Бұл жағдайда ресейлік қорларда сақтаулы тұрған ерекше кітаптар біздің азаматтар үшін қолжетімді болмақ» деп атап өтті ҚР Премьер Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов [2].

Қазақстан кітапханалары әлемдік үдерістен қалмай электронды сандық кітапханалар жүйесіне көшуде.

Ғаламда жаһандану үдерісі қарқынды жүріп, білім беру және ғылым саласында ашық білім беру үлгісі кеңінен насихатталып, халықаралық деңгейде білім мен тәжірибе алмасу үшін электронды кітапханалар үлкен рөл атқара бастады. Ақпараттық қоғамда интеллектуалдық мәдениет қалыптастыру үшін білім беру жүйесінде (оқытудың дәстүрлі, ашық және қашықтықтан), кітапханаларда ақпараттық ресурстар мен білім үдерістерінде заманауи коммуникативтік құралдар кеңінен қолданылуда. Социумды тиімді интеллектуалдандыру үшін ғылыми мектептер, тұтастай алғанда, ғылым саласын халықаралық интеграция және дифференциация тәжірибесі тиімді пайдаланыла бастады. Қоғам дұрыс қалыптасуы үшін мемлекеттік және корпоративтік құрылымдар, кәсіпкерлік те, мемлекеттік те жүйе үйлесімді жұмыс істеуі керек.

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанның интеллектуалды элитасын тәрбиелеудің іргетасы болып табылатын жаңа мектептер, ұлттық интеллектің ядросын құруымыз қажет. Біз Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім ордасына айналдырумыз керек» [3].

Интеллектуалды тұлға – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл, шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға. Интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың негізі ақыл, рахым, парасат, білім, әділеттілік, қайырымдылық.

Интеллектуалды тұлға болып қалыптасуында тұрмыс жағдайы, білім алуға, ғылыммен айналысуға қолжетімділігі, жұмыспен қамтылуы, медицинамен қамтамасыз етілуі, т.б. негізгі көрсеткіштер қажет болып табылады.

Тұлғаның интеллектуалды мәдениетінің қалыптасуына ең бірінші ата-анасының тәрбиесі, балабақша, мектеп, ЖОО-ның рөлі ерекше екенін атап өтуіміз қажет.

«Отыз елдің қатарына ұмтылған Тәуелсіз Қазақстанның бағдарға алған шоқ жұлдызы «білім – ғылым – инновация». Мемлекет басшысының бастамасымен еліміздің бүкіл мектеп жасына дейінгі тәрбие мекемелерін

қамтыған «Балапан» бағдарламасы, интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізі болып табылатын 20 Назарбаев зияткерлік мектептерін ашу бастамасы білім саласындағы бірегей жетістіктер екені даусыз» [4].

«Назарбаев зияткерлік» мектептерінде интеллектісі жоғары, дарынды балалар білім алууда. Назарбаев Зияткерлік мектептері – ғылым экономика саласында дарынды балаларға арналған мектептер желісі. Мұнда оқушылар физика, математика, химия, биология пәндерін тереңдетіп, үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) білім алады.

«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер ашылды» [1].

«Болашақ» бағдарламасының негізгі мақсаты – қазақстандықтарды әлемнің жетекші оқу орындарында оқытып, Қазақстанды модернизациялауға күш қосу. Бағдарламаның арқасында халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті жастар даярланып жатыр. Бағдарлама студенттің барлық шығындарын төлеп, бар ынтасын білімге салуға жағдай жасаған. Азияның, Еуропаның, АҚШ-тың ең үздік ЖОО білім алу, елдің ертеңіне салынған инвестиция. Мемлекеттің басты байлығы – адам болғандықтан, адам капиталын арттыру «Болашақтың» міндеттерінің бірі болды. Стипендиаттар білім алу мен қатар, маман ретінде қалыптасып, интеллектуалдық әлеуетін жоғарылатады деп ойлаймыз.

«1994 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқуға «12 мыңға жуық степендия бөлінген. Шетелде білім алған 9 мың азамат елге оралды. Қазір 1,5 мың студент шетелде оқып жатыр» дейді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Ғани Нығметов [5].

Қазір «Болашақ» бағдарламасы бойынша стипендиаттар қатары ғана емес, «Болашақты» аяқтаған түлектер саны артып келеді. Кез келген салада «болашақтық» түлектер қызмет атқаруда. Интеллектуалды тұлға қалыптастыруда «Болашақ» бағдарламасымен қатар еліміздің үздік ЖОО-дарының орны ерекше.

«Қазақстандағы ЖОО-лар 200-ден астам мамандық түрі бойынша кадрлар даярлайды екен. 1990 жылдан бері елімізде ЖОО-ларда оқитындар саны үш есе артты. Сөйтіп Қазақстан ЖОО-лар саны жағынан әрбір миллион тұрғынға шаққанда Ұлыбритания, Германия, Жапония сияқты көшбасшы елдердің өзін басып озыпты» [4].

Қазақстанда білім берудің сапасын қамтамасыз ететін және халықаралық университеттермен бәсекелесе алатын жетекші ЖОО-дарымыз бар. Олар: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Сүлеймен Демирел университеті, ҚБТУ, ҚМЭБИ

университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ды, т.б. көптеген университеттерімізді айтып өтуімізге болады.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауы тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан тағдырлар тұр.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн. 1. Ақылмен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту. 2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал студияның жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру. 3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс» [1].

«100 жаңа есім» жобасы жұртшылық тарапынан қолдау тауып, республикалық маңыздағы үздік тұлғалармен қатар, әр облыстың, ауданның, ұжымның үздік тұлғасын тізімдеуде. Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға ұмтылған тұлғалардан жастарымыз үлгі, өнеге алады деп ойлаймыз. Әр адам туған еліне еңбек етіп, артына өшпестей мұра қалдырса, өз миссиясын орындағаны деп санаймыз.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <https://egemen.kz>.

2 Қазақстанда кітапхана қоры сандық жүйеге өтеді <https://primeminister.kz>.

3 Білім беруді дамытудың инновациялық бағыттары. <http://www.zkoipk.kz>.

4 Ел ертеңі интеллектуалды ұрпақ қолында. <https://egemen.kz>.

5 2017 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша ауыл мұғалімдеріне жеңілдіктер жасалады. <https://baq.kz>.

UDC 81'255-057.875

EMOTIONAL AND COLORFUL INFLUENCE IN THE ADVERTISING TEXTS

Мырзатай Гулдана, магистрант

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Абрамова Г.И., кандидат филологических наук, доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Резюме

В статье рассматриваются проблемы эмоционального воздействия рекламных текстов на потребителя рекламной продукции с точки зрения специфики национального языкового сознания различных этносов. Авторы утверждают о главенствующей роли на психологию человека рекламных продуктов с ярко выраженной цветовой реальностью. Рассматриваются различные приемы и методы лингвистического эмоционального воздействия на потребителей рекламной продукции, таких как метод внушения, метод

лингвистического манипулирования и другие. Делается вывод о том, что каждый рекламный текст эмоционально воздействует на потребителя благодаря целому ряду экстра-лингвистических и прагматических факторов.

Түйін

Мақалада жарнама мәтіндерінің жарнама өнімі тұтынушының әр түрлі этностардың ұлттық, тілдік санасының ерекшеліктеріне, эмоционалды тұрғысынан әсер ету проблемалары қарастырылған. Авторлар айқын түсті, шындыққа жанасатын жарнама өнімдерінің адам психологиясындағы басым рөлі туралы пікір айтады. Жарнамалық өнімнің тұтынушыларға лингвистикалық, эмоционалды әсер етудің әр түрлі әдістері мен тәсілдері, мысалы, ұсыныс әдісі, лингвистикалық манипуляция әдісі және басқалары қарастырылады. Қорытындылай келе, әрбір жарнамалық мәтін тұтынушыға бірқатар лингвистикалық және прагматикалық факторлардың әсерінен эмоционалды түрде әсер етеді деген тұжырымға келді.

Many investigators have been studying the influence of the advertising billboards on the human emotions and feelings. They are I. Lisinsky, M. Shtorn and the others. M. Yerks was distinguished with his studies of the advertising announcements and their influence on the customers. The human psychology usually is influenced directly by the coloured advertisements. This was the topic of investigations of such famous psycholinguists as K.V. Shulte and A. Reiszvitz. Many scientists have had numerous researches of the emotional perception of advertisements. O. Kulpewas among them.

According to the modern investigators the advertising should be aimed at the human thoughts, feelings, senses and behavior, on the condition that it pretends to be efficient. Finally, the advertising is focused at the resulting efficient ratio and it successfully influences the customers to the acquisition of the services and goods. The followings ways, approaches and methods are employed in the advertising, they are: the persuasion method, the hypnosis method, the suggestion method, psychoanalytical method, and the method of the linguistic manipulation and handling [2].

The topic of our discussion doesn't seem to be well investigated and developed. The research is to be topical because the idea of the human's deep emotional experiences and reactions of people has not been thoroughly investigated and studied. We have to study the characteristic features of the human emotional reactions on the advertising announcements; the advertising influence degree on the human psychological state should also be studied.

Kotler [1] thinks that "The concept of marketing ... starts with a clear definition of markets, focuses on the needs of the consumer, coordinates all types of marketing activities aimed at customer satisfaction, and benefits from creating long-term relationships with the consumer.

Such investigators as Kalzhanova A., Abramova G. [3] have undertaken the study of the associative links between the stimuli words, denoting coloristic and emotive lexis taking into account the gender aspect concerning the emotive influence of the advertising texts. They have successfully stated some universal regularities of the association process by comparing the lexical associations in different languages in delivering inter language juxtapositions. More than that they have revealed and

described some characteristics of the national-cultural specific features of the advertising. The last being the representatives for a particular linguistic and cultural community.

The advertising tests often contain some phraseological units, or sometimes only parts of the phraseological units thus providing for the better emotional influence of the content of the advertisement. The phraseological unit possesses some kind of anthropocentricity which produces the uniqueness of the phenomenon. This supposes some focus on the subject, i.e. a person; we should mention here that the world description is not important as space is not important as well. What is mostly important is its interpretation, the evaluation of the individual and for the individual. Invariance of the reference, archetypal, stereotypical and attitudinal components of the phraseological units also provides for the variance of the figurative means of expression. The internal form of most phraseological units contains such meanings that give them a cultural - national flavor.

For example according to Mezentseva E., Abramova G. some phraseologisms appear from a real prototype situations... When the semantics of such phraseologisms is interpreted the ethnically determined evaluative backgrounds are taken into account and consequently the terms of the ethnic culture are employed [4]

Industrial advertising is of particular interest in studying its psychological and emotional influence. Methodological foundation of the modern research is the A.N. Leontyev [5] investigations which are based on the active approach principle and motivation theory.

According to Leontyev's theory an advertisement

- 1) makes the population requirements actual, and offers an object meeting the requirements, i.e. makes the consumer's activity motivated and directed, emotionally influencing;
 - 2) stimulates firstly the response psychological reaction for the advertisement item, thus emotionally influencing the customer to purchase the product;
 - 3) artificially creates this necessity in case it is not available;
- aiming these purposes the sender is forecasting the feedback (possible addressee's questions, objections) and determines the communication strategy, thus influencing the customer emotionally.

Currently, there exist several concepts of the advertising emotional influence, directing the copywriter, among them the most popular are:

AIDA formula (Attention, Interest, Desire, Action);

VIPS formula (Visibility, Identity, Promise, Single-mindedness);

USP idea (Unique Selling Proposition)

Concept 'Four Ps' (Product, Place, Price, Promotion).

The sender is projecting the advertising emotional influence on the psychological processes, taking place in three levels – rational, emotional, and subconscious [19]. The sender tries to cause and to hold the involuntary emotional attention. The following factors may serve as emotional irritants – intensity, contrast, novelty,

singularity; they are realized by the corresponding linguistic and graphic text presentation.

The incentive advertisement characteristics are revealed in the dialogue communication orientation. The sender usually acts as a customer, he proves the necessity of the choice, and meanwhile, he introduces some shades of emotional intimacy into the communicators' relationships. Mainly the contact provides for the emotional success of the advertising information – to make the addressee to perform an action – to make a purchase or to change the value system.

Some definite basic advertising strategies are realized by the information sender through the emotional advertisement text. They are directly dependent in the market characteristics:

It should be noted that the topic of our research is just some advertising strategies realized through the mass media, we don't touch upon such aspects as (direct advertising: information booklets, information-advertising letters, price-lists post sending, partnership in the exhibitions, work-shops, promotions and so on).

We may suppose that the information sender is anticipating the advertising text influence efficiency: immediate pecuniary, immediate ideal, distant /prospective financial and distant ideal.

Consequently the sender prefers the most suitable way of the emotional influence – information, suggestion, or conviction. The sender points out the most attractive goods characteristics. It means that the advertising goods are evaluated only positively. The ways of the emotional influence are not used directly in a definite text, very often they act in combination. It will permit us to distinguish the following components of the text aim establishing.

Depending on the informative, emotional, or factual-evaluative directness we can mention the intellective, suggestive and convictive text aim establishing. So, the intellective and suggestive establishing are typical for the main part of the advertisement, which contains the technical and economical information providing for the denotation nomination and its positive characteristics emotive concretization. The text is characterized according to the influence type.

We may suppose that the information sender is anticipating the advertising text influence efficiency: immediate pecuniary, immediate ideal, distant /prospective pecuniary, and distant ideal.

Consequently the sender prefers the most suitable way of influence – information, suggestion, or conviction. The sender point out the most attractive goods characteristics. It means that the advertising goods are evaluated only positively. The ways of influence are not used directly in a definite text, very often they act in combination. It will permit us to distinguish the following components of the text aim establishing.

Depending on the informative, emotional, or factual-evaluative directness we shall speak about the intellective, suggestive and convictive text aim establishing. So, the intellective and suggestive establishing are typical for the main part of the advertisement, which contains the technical and economical information providing

for the denotation nomination and its positive characteristics concretization. The text is characterized according to the influence type as

Intellective, lacking aggressiveness and psychological pressing,

Suggestive, possessing aggressiveness and psychological pressing,

Suggestive, lacking aggressiveness and possessing psychological pressing,

Convictive possessing aggressiveness and lacking psychological pressing,

Convictive lacking aggressiveness and possessing psychological pressing.

The sender is primarily oriented by the addressee's national belonging, which determines its emotional mentality characteristics. We distinguish between:

- the texts which are to be distributed in the original Russian language version or texts – distributed in the English language version. They usually use the nationally marked information – national – patriotic symbols, a complex of nationally-stipulated cultural associations, national realities;

- the texts aiming the international audience (advertising abroad). They are presented in the original or are translated. Sometimes they are presented in the combined version –English-Russian or Russian –English, in case if the foreign text original model is used.

The nation-marked information usage is strictly limited by the commercial realities, by the national symbols usage and national tied illustrations.

The industrial advertising text is national and culturally emotionally specified which is reflected in the language, illustrations and trademarks. Folklore, historic, literary, cultural realities, onomastic realities are widely used. Titles of different companies, bodies, trademarks, measurement unities, monetary units are often used as realities in the text of the industrial advertisements. The realities introducing the originality can serve as a nomination means and as a means of the subtext creation. They may provide for the advertising emotional influence efficiency if the addressee's phone knowledge is equal to the sender's phone knowledge; meanwhile if the sender's and addressee's phone knowledge do not coincide the realities may prevent to the acquisition of the advertising announcement main idea.

In the case of drama, there is a continuous action in which characteristic characters are described; but there is no storyteller who speaks to the public. The argument, on the contrary, tries to convince the recipient of the content, rejecting the plot and characteristic characters. Advertising in the form of "drama" works in a different way than advertising, which operates with arguments. The drama wants to influence (subjectively) positive experiences, effective commercials evoke positive feelings, they are understandable and provoke few counter-arguments from the recipients. The argument wants to influence through a high power of persuasion, to achieve an "objective" positive assessment by the recipients. For the rest, when making arguments, the reliability of the source, the "narrator," is also important, and in the extreme case of the drama, on the contrary, there is no narrator or explicit source of the message at all [6].

We can make a conclusion that each industrial advertising text is emotionally influenced by a whole range of extra-linguistic and pragmatic factors stipulating its

specific functioning. We find it but natural to choose the following relevant parameters of the industrial advertising text. We consider them to be very significant for the comparative analysis of the English and Russian industrial advertising texts. They are as follows: advertising text denotation (advertising object type, advertising object novelty degree); industrial advertising text addressee (socio-psychological and professional features); industrial advertising text sender; 'sender-addressee' contact type; industrial advertising text directive (directive type); way of influence; type of influence; forecasting effect of influence; appellation type; distribution channels; advertising strategy type; text national orientation; industrial advertising text original-model variant (home and foreign); industrial advertising text original language; using of the nation-marked information; display of the nation-cultural specific characteristics.

In accordance with the quantitative representation, positive emotions have been mentioned so far, but it must be borne in mind that there are also various negative emotions that need to be addressed through advertising purposefully. Firstly, this happens in such advertising, which strives to achieve, as a result, the elimination of precisely this unpleasant state. Appeals to fear are a typical example of this, with post-appeal advertising also offering a "solution" to the problem. But, secondly, it is necessary to point out on such advertising, which seeks to evoke a feeling of guilt [6]. An objective assessment of the impact of emotional advertising is significantly difficult. This is due to the fact that emotional responses are relatively more difficult to register than cognitive responses. Basically, the question arises whether verbal techniques, such as rating scales, are designed to register emotions. In this case, were there attempts to "rational" measure emotions? Is it really clear what researchers get in the form of data with these methods? Here we can only point out that there are also non-verbal methods, for example, physiological reactions, which establish or check how the recipients respond to images. But such methods, in spite of their originality, do not free the researcher, as well as the practitioner, from checking the validity of these methods, and it is often more than doubtful. This is also true when it is clear that recognized and widely accepted methods for recording the impact of advertising tend to underestimate the absolute effectiveness of emotional advertising [6].

Bibliography:

1. Котлер Ф. Основы маркетинга. — М.: Бизнес-книга, 1995. — 697 с.
2. Безлатный Д. В. Психология в рекламе: искусство манипуляции общественным сознанием // Ваш полиграфический партнёр, М., 2011. — с. 30–34.
3. Калжанова А.К., Абрамова Г.И. Перекрестное ассоциирование стимулов цветообозначений и мотивов: гендерный аспект // ВЕСТНИК Московской международной академии. – 2020. - №1/2 - С.18-26.
4. Мезенцева Е.С., Абрамова Г.И. Пространственные маркеры в корпусе фразеондов русского и казахского языков // ВЕСТНИК Московской международной академии. – 2020. - №1/2 - С.30-36.
5. Леонтьев А.Н. Восприятие текста как психологический процесс // Психолингвистическая и лингвистическая природа текста и особенности его восприятия. - Киев, 1979. - С.56-72.
6. www.pr32.ru - Психология маркетинга и рекламы - Перепечатка только с активной гиперссылкой на источник. Автор: Мозер К.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БЛУМ
ТАКСАНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ**

Дошманова Лаззат Есназаровна

№93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары,

Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Резюме

В данной статье собраны примеры соответствия уровней учебного материала, соответствующих таксономии Блума. Данные задания служат основой для определения учебных достижений учащегося.

Summary

This article contains examples of matching levels of educational material that correspond to Bloom's taxonomy. These tasks serve as a basis for determining the student's academic achievements.

Білім беру жүйесіндегі оқушылардың білімін бағалау үдерісін қайта қарау мәселесінің өзектілігі білім берудің жана мазмұнымен, стратегиялық міндеттерімен [1, 53 б.], халықаралық стандарттармен, білім беру деңгейін арттыру қажеттілігімен, оқыту нәтижелерінің объективті бағалануын және қазақстандық мектеп түлектерінің білім деңгейлерінің шет елдерде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету мақсатымен айқындалады [2].

1956 жылы Бенджамин Блум әріптестері Макс Энглхарт, Эдвард Ферст, Уолтер Хилл және Дэвид Кратволмен бірге білім беру мақсаттарын жіктеу жүйесін жариялады: білім беру мақсаттарының таксономиясы. Блум таксономиясы деп аталатын бұл жүйені мұғалімдер мен колледж оқытушыларын оқытуда қолданған.

Блум және оның қызметкерлері жасаған құрылым алты негізгі категориядан тұрды: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Білімнен кейінгі категориялар "Дағдылар мен қабілеттер" ретінде ұсынылды, бұл білім осы дағдылар мен қабілеттерді іс-жүзінде қолданудың қажетті шарты екенін түсінді [3].

Әр категорияда қарапайымнан күрделіге және нақтыдан абстрактіге дейінгі орналасқан ішкі категориялар болса да, таксономия әдетте алты негізгі категорияға сәйкес есте қалады.

Білім «ерекшелігі мен әмбебаптығын еске түсіруді, әдістер мен процестерді еске түсіруді немесе үлгіні, құрылымды немесе қондырғыны еске түсіруді қамтиды».

Түсіну «түсіну немесе түсіну түрі, онда адам не берілетінін біледі және берілетін материалды немесе идеяны оларды басқа материалмен байланыстырмай немесе олардың толық мағынасын көрмей қолдана алады».

Қолдану «нақты және нақты жағдайларда абстракцияларды қолдануды білдіреді».

Талдау «хабарламаны оның құрамдас бөліктеріне немесе бөліктеріне бөлу, осылайша идеялардың салыстырмалы иерархиясы және айтылған идеялар арасындағы қатынастар айқын болады».

Синтез «элементтер мен бөліктерді тұтас құрайтындай етіп біріктіруді қамтиды».

Бағалау «осы мақсаттар үшін материал мен әдістердің құндылығы туралы пайымдаулар» жасайды.

Білім алушылардың білімін бағалау деген ұғымның аясы кең. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арналған нұсқаулықта бағалауды төмендегідей екі түрге бөліп қарастыратыны белгілі:

– Оқуды бағалау немесе жиынтық бағалау.

– Оқыту үшін бағалау немесе формативті, қалыптастырушы бағалау [4]

Барбара Гросс Дэвис "Оқу құралдары" кітабының "сұрақтар қою" тарауында алты санатқа сәйкес келетін сұрақтардың мысалдарын келтіреді.

Когнитивті психологтар, оқу бағдарламаларының теоретиктері және оқу бағдарламаларын зерттеушілер тобы, сондай-ақ тестілеу және бағалау мамандары 2001 жылы Блум таксономиясын "оқыту, оқыту және бағалау таксономиясы" деп қайта қарады. Бұл атау "білім беру мақсаттары" деген бірнеше ұғымнан (Блумның бастапқы атауында) назар аударады және жіктеудің динамикалық тұжырымдамасын көрсетеді.

Қайта қаралған таксономияның авторлары бұл жағдайда етістіктер категориялары мен ішкі категорияларын (бастапқы таксономияның зат есімдерін емес) белгілеу үшін қолданады. Бұл «әрекет сөздері» ойшылдардың білімге тап болатын және онымен жұмыс істейтін танымдық процестерді сипаттайды:

Есте сақтау: ұзақ мерзімді жадтан тиісті білімді алу, тану және еске түсіру.

Түсіну: түсіндіру, иллюстрациялау, жіктеу, жалпылау, қорытынды, салыстыру және түсіндіру арқылы ауызша, жазбаша және графикалық хабарламалардан мағынаны құру.

Қолдану: орындау немесе іске асыру рәсімін орындау немесе пайдалану.

Талдау: материалды құрамдас бөліктерге бөлу, саралау, ұйымдастыру және атрибуция арқылы бөліктердің бір-бірімен және жалпы құрылыммен немесе мақсатпен қалай байланысатынын анықтау.

Жинақтау: элементтерді біртұтас немесе функционалды тұтастыққа біріктіру; құру, жоспарлау немесе өндіру арқылы элементтерді жаңа шаблонға немесе құрылымға қайта құру.

Бағалау: тексеру және сынау арқылы критерийлер мен стандарттар негізінде шешім қабылдау.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты анықталған алдын-ала белгілі өлшемдермен салыстыруға негізделген. Игеру өлшемдері оқу процесінің барлық қатысушыларының пікірлері негізінде, ұжымдық қалыптасқан өлшемдер болып табылады. Критериалды бағалау білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық

құзыреттілігін қалыптастыруға және оқу нәтижелерін жақсарту үшін қандай іс-қимылды іске асыру керектігін түсінуге мүмкіндік беретін күрделі процесс [5]. Осыған байланысты, оқу үдерісінде критериялды бағалауды ұйымдастыруда мұғалімдердің жұмысында көптеген мәселелер пайда болуда. Біздің зерттеуіміздегі мақсатымыз оқу тапсырмаларын игерудің деңгейлеріне және оларға сәйкес келетін оқу материалдарына сипаттама беріп талдау.

Білу. Білу деңгейіндегі әрекеттердің мысалдары: өлеңді есте сақтаңыз, мемлекет астаналарын еске түсіріңіз, математикалық формулаларды есте сақтайды.

Енді білу деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларға мысалдар келтірелік.

1-тапсырма. Сандар құрамын жаз.

	12		16		14		15		13

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар екі бір таңбалы саннан санның құрамы шығатының еске түсіріп, оны білетіндіктерін көрсетеді.

2-тапсырма. Бос орынға сан қой.

$$1\text{ м} = \text{ см } \square$$

$$1\text{ дм } 5\text{ см} = \text{ см } \square$$

$$1\text{ ц} = \text{ кг } \square$$

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар ұзындық бірліктерін (см, дм, м) түсініп, оны білетіндіктерін көрсетеді.

Түсіну. Түсіну деңгейіндегі іс-әрекеттің мысалы: берілген есепті түсіндіру, тіктөртбұрыш пен шаршы арасындағы айырмашылықты суреттеу, қарапайым оқиғаның сюжетін түсіндіру. Оқушының түсіну көрсеткіші ретінде, оқу материалының өзіндік түсіндермесін немесе қысқаша түсіндермесін бере алуын, материалды жалпылай, қорытындылай алуын немесе оқу материалының даму бағытын болжай алуын (салдарын шығара алуын) қабылдауға болады.

Енді түсіну деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларға мысал келтірелік.

1-тапсырма. Қалай есептегенінді түсіндір.

$$9 + 4 = \quad \quad \quad 14 - 7 = \quad \quad \quad 45 + 15 =$$

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар бір таңбалы және екі таңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы ауызша қосу және азайтуды түсінеді.

Қолдану. Қолдану деңгейіндегі іс-әрекеттердің мысалдары: мәселені шешу үшін формуланы қолдану, мақсатқа жету үшін дизайнды таңдау, берілген жүйе арқылы жаңа заңның өтуін қайта құру. Оқушылар ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады, игерген білімдерін практикада пайдаланады; әдісті немесе алгоритмді дұрыс қолданады. Мәтін тақырыбын ұсынады. Қорытынды жасайды.

Енді қолдану деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларға мысал келтірелік.

1-тапсырма. Есептеп, дұрыстығын тексер.

$$9 + 4 = \quad 14 - 7 = \quad 60 - 25 = \quad 36 + 18 =$$

Талдау.Талдау дегеніміз – дидактикалық бүтінді бөліктерге оқу бірліктеріне бөлу, бүтін мен бөліктердің және бөліктердің өзара байланысын сипаттау болып табылады. Оқушы айқын емес болжамдарды көрсетеді; ойлау логикасындағы қателіктер мен кемшіліктерді көреді; нәтиже мен салдардың арасын ажыратады; берілімдердің маңыздылығын бағалайды.

1-тапсырма. Есепке сызба сызып, оны шығар.

Сыныпта 15 қыз бар, ал қыздарға қарағанда 4 ұл артық. Сыныпта қанша ұл бала бар?

Сонымен, оқушы **талдау** жасау арқылы берілген есептің сызбасын сызып, шешуін табады.

Синтез. Бұл категория оқу бірліктерінің әртүрлі комбинацияларын құрастыру арқылы, логикалық бірлігі бар жаңа бүтінді таба білу біліктілігін белгілейді. Яғни, ақпаратты бір жүйеге келтіретін, немесе реттейтін баяндама, қорытынды хабарлама, іс-шара жоспары, сызбалар болуы мүмкін. Бұл жағдайда оқушы: шағын шығармашылық жұмыс жазады; эксперимент жоспарын ұсынады; белгілі бір мәселені шешудің алгоритмін құру үшін әртүрлі салалардағы білімдерін қолданады.

1-тапсырма. Есептеу тәсілі бойынша мысалдарды екі бағанға бөліп жаз.

21 + 16	6 + 9	5 + 9
7 + 9	23 + 32	52 + 14

Оқушы есептеу тәсілі бойынша екі бағанға бөліп, қорытынды жасайды.

Бағалау. Бұл категория белгілі бір материалдың маңыздылығын бағалауды білдіреді.

1-тапсырма. Есептеуді тексер. Қатесін тап.

24+16=33	24+16=33	15+19=37
23+11=56	15+19=35	23+31=54

Оқушылар бұл тапсырманы орындау барысында есептерді талдай отырып, қатесін тауып, салыстыра отырып шығаруға болатынын түсінеді және қарастырып отырған мысалдарын шығару барысында қолданатын болады.

Қарастырып отырған мысалдардан, әрбір жоғарғы критерий төменгі критерийді қамтитынын байқадық. Олай болса оқушының оқу жетістігін бағалауда блум таксаномиясына негізделіп дайындалған тапсырмаларды қолдануды ұсынамыз.

Әдебиеттер

Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017. – 370 с.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118.

Using Bloom's Taxonomy to Write Effective Learning Objectives <https://tips.uark.edu/category/teaching-tips-inspiration/measuring-student-learning/>

Казакбаева А.С. Қалыптастырушы бағалаудың тәсілдері және оның маңызы//12 жылдық білім беру журналы: Нұр-Сұлтан 2019, №4

Нұрғабыл Д.Н., Шақен М., Сағат А. Блум таксаномиясы негізінде оқушы білімін бағалаудың кейбір өзекті мәселелері//Қазақ білім академиясының баяндамалары: Нұр-Сұлтан 2020, №2

ПЕДАГОГТЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Оразбаева Ұлдана

№93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің директоры,

Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Резюме

В данной статье излагаются теоретические и методологические основы проблемы формирования управленческой компетентности педагогов, раскрывается сущность и структура понятия управление и компетентность.

Summary

This article presents the theoretical and methodological foundations of the problem of formation of managerial competence of teachers, reveals the essence and structure of the concept of management and competence.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» мақсаты көрсетілген [1]. Педагог мәртебесі туралы заңнамада «педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам» деп анықтама берді [2]. Бұл, өз кезегінде педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жүзеге асыруды, алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді. Аталмыш мақсатқа қол жеткізудің бірден-бір көзі педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай, білімнің жаңа парадигмасы жағдайында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын жаңғырту қажеттілігі байқалады. Педагог оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың даму үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды және басқаруды білуі тиіс. Нәтижелі басқару үшін педагог басқарушылық құзыретті игеруі тиіс.

Жалпы ғылыми тұрғыдан алғанда «басқару», «құзыреттілік» ұғымдары әртүрлі аспектілерде түсіндіріледі.

Педагогикалық сөздікте: құзыреттілік (лат. *competentia*-құқық бойынша тиесілі) - 1) белгілі бір саладағы білім мен тәжірибе, хабардарлық. Кәсіби педагогикалық құзыреттілікте әлеуметтік (еңбек нәтижелері үшін жауапкершілікті сезіну), психологиялық-педагогикалық (білім беру процесін жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылыққа дайындық), әлеуметтік-педагогикалық (қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайындық), арнайы пәндік (оқытылатын пәнде және оны оқыту ерекшелігінде эрудициялау), жеке

(Жалпы және педагогикалық қабілеттерді дамыту) құзыреттілікті ажыратады; 2) өкілеттіктер мен құқықтардың заңдастырылған шеңбері [3].

Коллинздің «Ағылшын тілінің сөздігінде» құзыреттіліктің келесі анықтамасы берілген (competence – ағылш.) – «*бір нәрсені жақсы және тиімді жасау қабілеті*», ал құзыретті дегенге (competent – ағылш.) - «*бір нәрсені нәтижелі жасай білуде білімі және қабілеті бар*» [4, 283б.].

Гарвард университетінің профессоры Мак Клелланд "Интеллектке емес, құзыреттілікке тестілеу" (1973) мақаласында "білім, дағды, білік, құндылықтар мен мотивтер, Мен-концепциясы" сияқты құзыреттіліктерді анықтау мақсатында табысты қызметкерлерді аз табысты қызметкерлермен салыстырады [5, 17 б.].

Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерде «басқару» ұғымына берген анықтамаларды талдайық. «Басқару» ұғымы іс-әрекеттің түрлері мен салаларында кең қолданылады. Ғалымдардың пайымдауынша білім берудегі басқаруды - білім, өнер, үдеріс, технологиялық жүйе, шарт, ғылым тұрғысынан айқындаған.

К.Д.Ушинский еңбектерінде басқару әрекетінде басқарушы тұлғаның бойында табылатын қабілеттеріне ерекше назар аударған. Атап айтсақ: мейірімділік, табандылық, еңбекқорлық және т.б. қабілеттер [6].

В.А.Сластениннің пайымдауынша, мектептегі педагогикалық жүйенің негізгі құрылымдық бірліктерін анықтайтын жағдаяттар – педагогикалық ұжым және оның басшыларының қызметтік іс-әрекеттері деп түсіндірді [7].

Д.К.Садирбекова өз зерттеуінде «педагогтың басқарушылық құзыреттілігі ұғымына төмендегідей анықтама береді – оқушы тұлғасының дамуын, сыныпты, сабақты басқару үдерісін қамтамасыз ететін тұлғалық қабілеттерінің, педагогикалық және менеджерлік білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы [8, 63б.].

Сонымен жүргізілген зерттеулерді талдауда психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі «құзыреттілік» және «басқару» ұғымдары нәтижеге бағытталған білім берудің белгілі бір негізгі компоненттерін қамтитынын көрсетті, алайда басқару құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі бойынша ғалымдар арасында олардың мазмұны, қатынасы, жіктелуі және түрлері туралы нақты көзқарас жоқ.

Педагогтың басқару қызметін қалыптастыру кезеңдері:

білім алушының білім, білік, дағдыдыларын бақылау мен бағалау;

мұғалім жұмысын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру;

білім беру қызметін басқару;

педагогикалық басқару әдістерін меңгеру.

Педагогтың басқару функциялары:


ұйымдастырушылық функциясы;

жоспарлау функциясы;

түзету функциясы;

мотивациялық функциясы;

танымдық функциясы.



Сурет-1. Педагогтардың басқарушылық құзыреттілігінің құрылымы

Осы аталған кәсіби қызмет түрлерін нәтижелі орындау үшін болашақ педагог басқарушылық құзыреттілікті меңгеруге тиісті.

Педагогтың басқарушылық құзыреттіліктің құрамында көшбасшылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық қабілеттері болуы тиіс.

Көшбасшы (ағылш «leader» – жүргізуші, бірінші, алдыға жүруші) – команданың немесе топтың беделді, белсенді мүшесі, ол топтық мақсатқа жетуді анықтап, ұйымдастыратын, өзі алдыда жүретін және басқаларды артына ерте білетін адам. Көшбасшылық - тиімді басшылықтың маңызды компоненті, басқарудың әртүрлі көздерін неғұрлым тиімді үйлестіруге негізделген және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін адамдарды ынталандыруға бағытталған басқарудың ерекше түрі [9, 88б.].

Көшбасшылық қабілеттерге бастамашылдық, қырағылық, харизма, өзіне сенімділік, сендіре білушілік, мақсатқа жетушілік, өзгеріс жасай алушылық және т.б. енгізілсе, *ұйымдастырушылық қабілеттерге* болжау, жоспарлау, ұйымшылдық, дербестік, өзін-өзі бақылаушылық, орындаушылық, жауапкершілік және т.б. құрады, ал *шеберлік дағдылар* жоғары кәсібилік, тілмар, әртістік, тұлғанысырттан бақылаушылық, креативтілік, жаңашылдық, шешімпаз және т.б.

Ғылыми зерттеудерді талдау негізінде анықталған басқару құзыреттілігі мәселесінің көпқырлылығы осы зерттеу үшін жетекші ғалымдардың әдіснамалық маңызы бар еңбектерінің жан-жақтылығын көрсетті.

Қорыта айтқанда, педагогтың басқарушылық құзыреттілігі дегеніміз оқу үдерісін ұйымдастыру және жоспарлауда білімділік, көшбасшылық, ұйымдастырушылық, тұлғалық қабілеттерінің жиынтығын қалыптастыру деп қорытындылаймыз.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Педагог мәртебесі туралы. ҚР Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ

- Педагогический словарь : учеб. пособие для студ. высш. П24 учеб. заведений / [В.И.Загвязинский, А.Ф.Закирова, Т.А. Строчкова и др.]; под ред. В.И.Загвязинского, А.Ф.Закировой. — М. : Издательский центр «Академия», 2008. — 352 с.
- Collins Cobuild English Language Dictionary. – London and Glasgow, 1992. – 1703 p.
- Жорабекова А.Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода. : филос. докт (PhD) ... дис. - Түркістан, 2015.-203 б.
- Ушинский К.Д. // Соч.: В 11 т. - М., 1950. - Т.10. - 509 с.
- Сластенин В.А., Филиппенко Н.И. Профессиональная культура учителя (программа изучения). - М., 1993. – 22 с.
- Садирбекова Д.К. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру: дис. ... док. филос. PhD. Алматы, 2018. – 167 б.
- Ш.Х.Курманалина, С.М.Бахишева, Н.Н.Дәулеткалиева, Н.Ж.Архыматаева «Педагогикалық менеджмент»//Оқу құралы. – Астана 2018 ж.

ӘОЖ 371.1

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әліпбек А.З. п.ф.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ф.к., аға оқытушы

Мырзахан Г.А. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности профессиональной деятельности педагога-психолога в системе обновленного образования. Кроме того, в работах ученых-исследователей проанализированы виды профессиональной деятельности педагога-психолога как специалиста вспомогательной профессии.

Summary

This article discusses the features of the professional activity of a teacher-psychologist in the system of updated education. In addition, the works of researchers analyzed the types of professional activities of a teacher-psychologist as a specialist of the auxiliary profession.

Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру,

шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, соған байланысты жоғары оқу орындарында психологиялық-педагогикалық мамандарды даярлау үдерісі, бұл саланың қызмет дағдылары мен сапаларын меңгерген, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғары білім беру жүйесінде студенттерді сәйкес мамандықтарға даярлауда жаңашылықты талап етеді.

Заманауи педагог-психолог – бұл жоғары психологиялық-педагогикалық білім алған маман, ол білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық даму мен тиімді әлеуметтенуді қамсыздандыруға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғауға, олардың дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушы. Оның кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби құзыреттілігінің шегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады.

Педагог-психологтың кәсіби қызметін О.Е. Пермяков «Индивидтің немесе топтың тиімділігін арттыру, өмірдің субъективті қанағаттандырылуы мақсатындағы қатынастарды өзгерту және қалыптастыру бойынша қызмет» ретінде, кәсіби білім беру жүйесіндегі жеке білім жетістіктерін бағалау мәселесі контекстінде анықтайды[1].

Н.О.Перепелкина өзінің еңбегінде педагог-психологтың кәсіби даярлығындағы психодиагностиканың маңызды рөлін ерекше атап өтеді. Психодиагностика әдістері, нақты әдістемелер және тесттік процедуралар, психологиялық зерттеуді жүргізудің кәсіби- этикалық принциптері, психодиагностика әдістері мен әдістемелерін таңдауға, оларды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар, тұлға аралық және топ аралық өзара қатынастың психологиялық механизмдері педагог-психологтың диагностикалық қызметінде маңызды болып табылады[2].

В.И.Долгова педагог-психологтың кәсіби қызметін кәсіби даярлау үдерісіндегі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы анықтайды. Кәсіби даярлау кезеңін қоса алғанда оның барлық кезеңдеріндегі, оның жағдайы, кәсіби қызмет, мамандықта тұлғаның дамуын анықтайды, нақтырақ айтқанда, тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді, біздің зерттеуімізде ерекше құнды және онда өзінің кескінін табады [3].

Білім берудің құзыреттілікті-бағдарланған парадигмасы жағдайында педагог-психологтарды даярлаудың маңызды мақсаты студенттердің тұлғалық сапаларын, сонымен қатар жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық-басқарушылық, тәжірибелік-аналитикалық, өндірістік-технологиялық және оқытушылық қызметте оларды жүзеге асыру дағдыларын дамыту болып саналады. Педагог-

психолог жоғары оқу орнын аяқтай отырып өз пәніне қатысты тек біліммен ғана қамданып қоймай, сонымен бірге жеткілікті тұлғалық сапалар мен құзыреттіліктер жиынтығын меңгеруі қажет[4].

Зерттеуші А.Ж.Сапарғалиева педагог-психологты көмекші кәсіп маман ретінде қарастырды. Сонымен қатар, оның зерттеуінде педагог-психологтың көмекші кәсіп маманы ретіндегі кәсіби қызметінің келесідей түрлерін бөлген: психодиагностикалық, түзетуші-дамытушы, кеңес беруші, алдын алушы, бағалаушы, болжаушы, әдістемелік, басқарушы. Көріп отырғанымыздай, психодиагностикалық қызмет алғашқы, басқа қызмет түрлерін бастаушы ретінде көрсетілген. Оның жасаған педагог-психолог көмекші кәсіп маманы ретіндегі кәсіби даярлау моделінде процесуалдық компонент – технологиялық іскерліктермен ұсынылған. Олардың бірі – тұлғаны және білім беру үдерісін диагностикалау іскерлігі [5].

Психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізін қалыптастыру және баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психолог қызметін келесі бағыттарда ұйымдастыруға болады: психодиагностикалық жұмыс, психопрофилактикалық жұмыс, психологиялық кеңес беру, психокоррекция жүргізу, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру және біліктілігін арттыру, психологиялық қызмет көрсету жүйесі қызметін насихаттау және әлеуметтік-диспетчерлік қызмет көрсету.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың негізгі міндеттері:

- Білім беру саласындағы Республика заңдарын орындау;
- Шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруда кәсіби шеңберден шықпау;
- Өзінің кәсіби білімін үнемі арттырып, отыру;
- Нақты кәсіптік білім жоқ адамдардың диагностикалық, коррекциялық зерттеулер жүргізуіне тыйым салу;
- Барлық мәселелерді шешуде балалардың психологиялық дамуын ескеру;
- Атқарылатын жұмыстардың міндеттері мен әдістері туралы нұсқауларды кәсіптік жағынан басқаратын адамдар бергенде оларды нақты орындау;
- Баланың психологиялық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмектерді көрсету;
- Кәсіптік құпияны жарияламау;
- Барлық психологиялық зерттеу нәтижелерін жазып, арнайы құжаттарға тіркеп отыру;
- Психологиялық көмек қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларды ұйымдастыру.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың құқығы:

- Оқушылармен және басқа талапкерлермен жүргізілетін жұмыстың нақты міндеттерін өз бетінше шешуге, әдіс-тәсілдерін дербес таңдап, жұмыстардың кезегін анықтауға;

- Кәсіби міндеттерін сапалы орындауға қажетті жағдай жасауды мектеп басшыларынан талап етуге;
- Жоғары орындарда түскен нұсқаулар этикалық ұстанымдарға қайшы келген жағдайда оны орындаудан бас тартуға;
- Қажетті құжаттармен танысуға;
- Психодиагностикалық, психокоррекциялық әдіс-тәсілдерді іріктеп алуға және оларды дайындауға;
- Мектеп оқушыларын топтық және жеке зерттеулерден өткізуге;
- Медициналық және дефектологиялық мекемелерге сұраныс жасауға;
- Баланың болашағын анықтау үшін медициналық, педагогикалық-психологиялық т.б. комиссиялар кеңсесіне қатысуға;
- Тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми-әдістемелік көпшілік журналдарына материалдар жариялауға;
- Психологиялық білімдерді насихттауға;
- 240 сағат көлемінде нормативтік және факультативтік сағат алуға;
- Оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беруге;
- Отбасына психологиялық қызмет көрсетуге.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың статусы: кәсіби позиция, бағдар және психологтың толығымен кәсіби мазмұны көбінесе, оның статусымен анықталады. Педагог-психолог өз жұмысымен айналысып болғаннан кейін, арнайы пәндерді өтуге қатысатын маман жағымды көрінеді. Бар энергиясын және жұмыс уақытын ол психологиялық тапсырмаларға жұмсайды.

Зерттеуші-ғалымдар біліктілігі бар педагог-психологтың біліктілігі жоқ педагог-психологтан ажырататын 10 негізгі қасиеттерді бөліп көрсетті. Оны келесі суреттен көруге болады.



Педагог-психолог ретінде педагогикалық үрдістерге сырт жақтан қарайды. Оған қызығушылық танытқан тұлға ретінде ата-аналар, қатысушылар үлкен сенім артады. Бірақ бұл ситуацияларда педагогтар жағынан сенімсіздік байқалады. Егер психологта педагогикалық тәжірибе болмаса, мектеп мәселелерінен жеткіліксіз білім болса онда, ол оның адаптациясын қиындатады, көбіне оның әдістемелік дайындығы, өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз болады. Мұндай жағдайда психологтың психологиясына жақын, балаларға әрқашан жол іздейтін ұстаздармен тығыз қарым-қатынас жасау керек. Өз ұжымына арнайы факультеттерді бітіріп, жаңа кәсіби рөлде қайтып келген педагогтың бейімделуі, бұрын қалған стереотиптерге үлкен өзгерістер кей кезде стереотиптерге қарсы болады.

Педагог-психолог өзінің жаңа бағдарламаларының дұрыстығын жұмыста дәлелдеуге тырысады. Өз рөлін анықтамай, оқу қысымының бір бөлігін алып жаңа статусқа тұруға жүктеме кедергі жасайды. Өте күрделі қызметтерді үйлестіру, енді бастап келе жатқан маманға және кейде қолынан келмейтін жұмыс. Сондықтан ондай психолог педагогикалық үрдістерді іштей біле отырып, талдауда өзі қатыса алады, бірақ оны өте керек кезде эпизотикалық түрде жасайды. Психолог көбіне әріптестеріне және әкімшілікке тәуелді болады және ең бастысы – асықпай жаңа статусқа енеді.

Мамандардың бірнеше бөлігі халықтардың білім беру бөлімдерінде, аудандық психолог, психолог-әдіскер болып жұмыс істейді. Олар әкімшілікке, педагогикалық ұжымдарға тәуелді емес, психолог статусымен қоса басқарушы жұмысты статусын алады. Бұл психологтар, өз іс-әрекеттерін, масштабты зерттеулерін, әртүрлі категориясын кеңес беруден бастайды да ең тиімді нұсқаларға келеді, педагогтардың педагогикалық психологиялық дайындығын іске асырады, аудандық мектеп психологына әдістемелік, координациялық іс-әрекеттеріне көмек жасайды.

Әдебиеттер

1. Пермяков О.Е. Методологические основы формирования иерархической классификационной модели социально-профессиональной компетентности студента. // Вестник Адыгейского государственного ВУЗа. - 2008. -№ 8 - С. 78-86.
2. Перепелкина Н.О., Мутавчи Е.П., Ермакова Н.А. Психодиагностика: Учеб. пособие. - М.: Дашков и К, 2017. - 224 с.
3. Куприянич Т. В. Аналитико-диагностическая деятельность учителя и учащихся как фактор обновления воспитательной работы в школе. Красноярск, 1991 - 59 с.
4. Ахметкаримова К.С. Развитие диагностической деятельности будущих педагогов: Автореф... дис.к.п.н.. - Караганда, 2004. - 28 с.
5. Сапарғалиева А.Ж. Совершенствование профессиональной подготовки педагога-психолога как специалиста помогающих профессий. Дисс. на соиск. ученой степени доктора PhD по специальности 6D010300 – Педагогика и психология. Талдықорған, 2015. – 165 с.

ӘОЖ 371.1

ЖЕТКІНШЕКТІК ШАҚТА ПАЙДА БОЛАТЫН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ғ.к., аға оқытушы

Серікбай А.С. 5B010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматриваются особенности структурных изменений, возникающих в подростковом возрасте. Здесь также проведен обзор научно-теоретических представлений об особенностях психологического развития подросткового периода и структурных изменениях этого периода.

Summary

This article examines the peculiarities of structural changes occurring during adolescence. There is also a review of scientific and theoretical ideas about the peculiarities of the psychological development of adolescence and the structural changes of this period.

Жеткіншектік кезеңде бала бойында бұрын қалыптасқан қасиеттерге көптеген жаңа сапалар немесе жаңа құрылымдар қосылады. Бұл құрылымдар бұрынғы психологиялық және физиологиялық көріністерге жаңа сапа беріп, олардың бір-бірімен бітісуі әлі аяқталмаған кез болғандықтан баланың психологиясында көптеген екі жақтылық орын алады. Сондықтан, жеткіншек жасындағылар өздерінің алдына мақсат қойып отырған мәселелерді шешуде

қиналыстарға ұшырайды: болашақта кім болатынын, өмірде орындайтын әлеуметтік рөлін, қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туғанынан бала уайым шегіп, үлкендер ортасында өз орнын іздейді.

Жеткіншек жас кезеңіндегілердің акцентуация деп аталатын мінез-құлқының кейбір көрсеткіштерінің шамадан тыс дамып кетуі, мазасыздануының, агрессиясының орын алуы байқалады. Акцентуация, мазасыздану және агрессияның байқалу ерекшеліктерін К.Леонгард, Л.В.Личко, Р.Д.Шмишек т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеп, оның типологиясын жасаған. Осы зерттеулерді жеткіншектерге психологиялық қызмет көрсету барысында тиімді пайдалану жолдарын И.В.Дубровина, А.С.Овчинников, М.Р.Битянова, Р.С.Немов, Е.И.Рогов, Р.Римский, С.Римская және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде көрсеткен [1].

Жеткіншектік кезең – көп зерттеліп келе жатқан қоғам алдындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені бұл жас индивидтің тұлға болып қалыптасуының алғы шарттарының бірі болып саналады.

Жеткіншек жастың ерекшеліктері:

- барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкендердің қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келуі;
- үйге берілген тапсырмаларды жаттап алмастан өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысуы;
- үлкендерге сын көзбен қарап, олардың айтқанын сынап-мінеп, кей кезде өрескел мінез көрсетуі;
- жеткіншек істі игеру жағынан әлі бала болса, ал талап қою жағынан ересек, өз мүмкіндігін жоғары бағалап, бәрін өзі істей алатындай сезінуі.

Жеткіншектің жеке басының дамуының аса маңызды факторы:

- оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі;
- оның белгілі-бір үлгілер мен игіліктерді игеруі;
- үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуы;
- өзінің жеке басы мен өзінің болашағын, ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерінің жобалануына бағытталады.

Жеткіншектер ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әртүрлі және әрбір бағыттың көптеген нұсқаулар болуы мүмкін. Мысалы қайсыбір интеллектуал үшін өмірде ең бастысы кітап пен білім болады, қалғанының бәрін ол әлі «нәресте» дегенді бір нағыз интеллектуал үйде электроника туралы мақалаларды оқып, радиотехникамен әуестенсе де, сабақта түк бітірмейді, модадан қалып қоймаумен төтенше шұғылданады, өмірдің мәнінен бастап ең шебер шаштараз туралы барлық мәселелер жөнінде әңгімелесуге болатын ересек жасөспірімдермен сөйлескенді бәрінен артық көреді, үшінші бір интеллектуалды ересектіктің сыртқы көріністері онша қызықтырмайды, бірақ ол шешемнің сүйеніші, өзін ерлік қасиеттерге тәрбиелейді, ал қыздардың пікірінше, өзін бала сықылды ұстайды, галстуктарын тартқылап, шаштарын ұйпалап кетеді. Бір өлшем ұқсас осы нұсқаулар ересектіктің дамуы әрқилы

болады да, бұл орайда, мазмұны әртүрлі өмірлік игіліктер қалыптасады, біреу үшін маңыздының енді біреуге құны жоқ. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері жасөспірімдік шақта олардың қалыптасуы жалғасады.

Антрополог Р.Бенедикт балалықтан ересектікке өтудің 2 типін көрсетті:

- үздіксіз тип;

- баланың балалық шағында оқып үйренгені мен ересектің рөлін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет тәсілдері мен түсініктер арасында үзлістер болатын тип. *Өтудің бірінші типі* – балалар мен ересектерге арналған маңызды нормалар мен талаптардың ұқсастығы жағдайларында болады. Мұндай жағдайларда даму бірқалыпты өтеді, бала ересектік іс-әрекет тәсілдеріне біртіндеп үйренеді де, ересектің статусының талаптарын орындауға даяр болып шығады.

Өтудің екінші типі – балалар мен ересектерге қойылатын мәнді талаптарда алшақтық болған кезде байқалады (Бенедикт пен Мид оны қазіргі заманғы америкалық қоғамына және өнеркәсібі жоғары дамыған елдерге тән деп санады). Мұндай жағдайларда балалықтан ересектікке өту әр түрлі қиыншылықтармен қабаттасып, оның өзіне тән нәтижесі болады – ресми кемелдікке жеткен кезде ересектің рөлін атқаруға дайын болмау келіп шығады. Балалықтан ересектікке өтетін жол, деп атап көрсетті Бенедикт, әр түрлі қоғамдарда әркелкі болады және оның ешқайсысы да кемелдікке жеткізетін «табиғи» соқпақ деп қарастырылмайды [2].

Антропологтар зерттеулерінің теориялық маңызы зор. Бала өмірінің нақты әлеуметтік жағдайларына:

- жеткіншектік кезеңнің ұзақтығына;

- дағдарыстың, талас-тартыстың, қиыншылықтың болуына;

- балалықтан ересектікке өтудің өзінің сипатына қарай анықталатыны дәлелденді.

Жеткіншектік кезеңдегі дамудың барлық бағыттарында сапалық жаңа құрылымдық өзгерістер қалыптасады:

- ағза дамуындағы сандық және сапалық өзгерістер;

- сана-сезімінің дамуы;

- үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынасындағы ерекшеліктер;

- әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс-әрекетінің қайта құрылуы;

- мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнында ересектік элементтердің пайда болуы.

Алайда, жаңаның қалыптасу үрдісі біраз уақытқа созылады, бұл көптеген жағдайларға байланысты болады және осы себепті бүкіл майданда әркелкі болуы мүмкін. Мұның өзі бір жағынан жеткіншекке «балалық пен ересектіктің» қатар болуымен, ал екінші жағынан, сол бір ғана туу туралы құжаттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтары болуымен анықталады.

Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар үйелменде, мектепте еңбек үрдісіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңейеді. Бұл жастағы бала намысқой келеді, үлкендер бақылауын әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендерді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайдан да туады.

Әлеуметтік ересектіктің дамуы дегеніміз – баланың ересектер қоғамында оның толықта тең құқылы мүшесі болып өмір сүруге даярлығының қалыптасуы. Бұл процесс объективтік қана емес, субъективтік даярлықтың да дамуын көздейді, ол іс-әрекетке ересектердің мінез-құлқына деген көзқарастарға қойылатын қоғамдық талаптарды меңгеру үшін қажет, өйткені әлеуметтік ересектіктің өзі осы талаптарды игеру үрдісінде дамиды.

Жеткіншектік шақтың басында балалар сырт пішіні жағынан да, мінез-құлқы жағынан да ересектерге ұқсамайды: олар әлі де көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып, тентектіктер жасайды, өз дегендерін істеп, байыз таппайды, қызу да шамданғыш, әр түрлі салада белсенді, көбінесе ұшқалақ, ынта білдіріп, о ден қоюы да, біреуді жақсы көруі, қарым-қатынасы да тұрақсыз, басқаның ықпалына оңай көнгіш болады. Алайда, балалығы қаз-қалпында болып көрінетін сырт көрінісі алдамшы болады да оның сыртында жаңаның қалыптасуының маңызды үрдістері жүріп жатады: жеткіншектер көп жағынан әлі бала болып жүріп, елеусіз есейеді.

Ересектіктің қалыптасу үрдісі көзге бірден түспейді. Оның көріністері мен нышандары әр сипатты және сан алуан. Ересектің алғашқы өркендері оның дамуы әр сипатты және сан алуан. Ересектің алғашқы өркендері оның дамыған формаларынан өте айрықша болып, кейде жеткіншектің мінез-құлқында ересек адамға жағымсыз жаңа сәттерде көрінуі мүмкін. Жеткіншектік жасқа аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгерістермен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас бұзылады.

Жеткіншектің жеке басындағы басты және өзіне жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы болады, ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады.

Ересектік сезім – жеткіншек жасының негізгі психологиялық құрылымы ретінде көрініс береді. Ересектік сезім дене дамуы мен жыныстық толысудағы ілгерілеушіліктерді ұғынып, бағалаудың нәтижесінде шығуы мүмкін; бұларды жеткіншек анық сезінеді және оны өз ұғымында да объективті түрде неғұрлым ересек етіп көрсетеді. Қазіргі бар акселерация балада осы жаңа өзін-өзі түсіну мен өзін-өзі бағалаудың бұрынғы жылдарға қарағанда ерте пайда болуына жағдай жасайды.

Ересектік сезімдерінің ендігі бер қайнар көзі – әлеуметтік негіздер. Мұның өзі ересектермен қарым-қатынаста бала объективтік тұрғыдан балалық жағдайда болмай, еңбекке қатысып, елеулі міндеттері болғандай реттерде туындауы мүмкін. Ересектердің сенімі және жастайынан дербестікке жету әлеуметтік қана емес, субъективтік тұрғыдан да баланы тез есейтеді.

Ересектік сезім – баланы өзіне тең ұқсайтын неғұрлым ересек жолдастарымен (баланың ұғымында) қарым-қатынаста да қалыптасады. Жеткіншек өзін айналасындағылармен ғана емес, мұның алдында өзінің қандай болғанымен де салыстырады. Әрине, белгілі бір бейнелерді бағдарға алып, өзіндегі прогресті бөліп көрсетеді.

Ересектік сезім – сана-сезімнің өзіне тән жаңа құрылымы ретінде жеке адамның өзекті ерекшелігі, оның құрылымдық ортасы болады, өйткені ол жеткіншектің өзіне, жұртқа және дүниеге деген жаңа өмірлік позициясын білдіреді, оның әлеуметтік белсенділігінің өзіне тән бағыты мен мазмұнын, жаңаша талпыныстарының, толғаныстары мен аффективті ықпалдардың жүйесін анықтайды [3].

Жеткіншектің өзіне тән әлеуметтік белсенділігі – ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады. Мұның ұзаққа созылатын салдары болады, өйткені ересектер мен балалар әр түрлі екі топты көрсетеді және олардың міндеттері, құқылары, артықшылықтары мен шектеулері түрліше болады. Балаларға арналған көптеген нормаларда, ережелерде, талаптарда, шектеулерде, тіл алудың ерекше моралында олардың ересектер дүниесіндегі дербессіздігі, тең құқықсыздығы мен тәуелді жағдайы бейнеленген. Бала үшін дүниеде қол жетпес, тыйым салынған жайлар көп [4].

Балалық шағында бала қоғамның балаларға қоятын талаптарымен нормаларын меңгереді. Бұл нормалар мен талаптар ересектер тобына өтер кезде сапалық тұрғыда өзгереді. Жеткіншекте өзі туралы енді балалықтың шекарасынан өткен адаммын деген түсініктің пайда болуы оның бір нормалар мен құндылықтардан басқаларына балалық нормалар мен құндылықтардан ересекті нормалар мен құндылықтарға қайта бағдар алуын айқындайды.

Жеткіншектердегі жаңа бағыттағы қалыптасулар, қарым-қатынас деңгейінің өсуіне байланысты өзіндік сананың өсуі, ата-анамен, үлкендермен, құрдастарымен қатынастарын күрделендіреді. Жеткіншектің дамудағы өзіндік сана біршама тұрақты өзіндік бағалауға және анықталған талаптану деңгейіне алып келеді, әрі көптеген іс-әрекеттерге қатысатындығы белгілі, алайда іс-әрекет сипаты тұтастай реттелмейді.

Бұл жастың ішкі қарама-қайшылық аумағы және баланың үлкендерге қарсы сипаттағы өзара әрекеттері жеткіншектерге қатты әсер етеді. «Өтпелі кезең», - деп жазды Л.С.Выготский. Жәбірленушінің сыртқы әрекетінің жоғарғы дәрежесі, сол сияқты ішкі конституциялы нышандары және соған дейін жасырын жағдайда болып келген бейімділіктері мінез-құлық шарттарының жиынтығын ұсынады [5].

Жеткіншек үшін барынша тезірек ересек адамның статусын жаулап алуға тырысу өз бетінше тезірек тәуелсіздікке жету жағдайы ерекше болады.

Жеткіншектердегі жаңа бағыттағы қалыптасулар, қарым-қатынас деңгейінің өсуіне байланысты өзіндік сананың өсуі, ата-анамен, үлкендермен, құрдастарымен қатынастарын күрделендіреді. Жеткіншектің дамудағы өзіндік сана біршама тұрақты өзіндік бағалауға және анықталған талаптану деңгейіне алып келеді, әрі көптеген іс-әрекеттерге қатысатындығы белгілі, алайда іс-әрекет сипаты тұтастай реттелмейді. Бұл жастың ішкі қарама-қайшылық аумағы және баланың үлкендерге қарсы сипаттағы өзара әрекеттері жеткіншектерге қатты әсер етеді.

Әдебиеттер

- 1 Немов Р.С. Психология: в 3кн. Психология образования // 3-е изд.-М.:Гуманит.изд.центр Владос, 1998.- Кн.2. - 608с.
- 2 Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы. – Алматы, 1987.- Б.120-126.
- 3 Фельдштейн Д.И. Социальное развитие в пространстве времени детства. – М, 1997. - 250 с.
- 4 Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. – М., 1976.
- 5 Кон И.С. Психология юношеского возраста. - М., 1979. – 283с.

ӘОЖ 371.1

ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Әліпбек А.З. п.ф.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ф.к., аға оқытушы

Атаева Ж.Ж. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается значение патриотического воспитания школьников в условиях духовного возрождения. Также пытался раскрыть сущность понятий «патриотизм», «казахстанский патриотизм».

Summary

This article discusses the importance of patriotic education of schoolchildren in the context of spiritual revival. He also tried to reveal the essence of the concepts of «patriotism», «Kazakhstan patriotism».

Патриотизм – санаға біртіндеп қалыптасатын, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын күрделі сезім. Бұл бүгінгі таңда еліміздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан қайта дамуы жағдайында жас жеткіншектерге патриоттық тәлім-тәрбие беру ісін кешенді, әрі жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі артып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» бағдарламасында: «Патриотизм – кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылына, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын

қолға алуды ұсынамын.» - деп көрсете отырып, мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің аса маңыздылығына айрықша тоқталады [1]. Бұл жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселесі – еліміздегі аса мәнді әлеуметтік және тарихи-педагогикалық құбылыс болып табылатындығын айғақтайды.

Патриотизмге тәрбиелеу ісі – алдымен жастардың сана-сезіміне, одан соң іс-әрекетін ұйымдастыруға ықпал етуден басталатыны белгілі. Осы мәселені тарихи-педагогикалық тұрғыда зерттеудің маңызы зор.

Бүгінгі күні ғылыми еңбектерде «қазақстандық патриотизм» ұғымы кеңінен, әрі жан-жақты зерттелуде. Мұның өзі Қазақстан Республикасының көп ұлтты еліміздің жалпы халықтарына арналған деп айтуға болады. Бұл қазіргі қоғамда қалыптасқан патриоттық сананың үш түсінігін түсіндіреді: біріншісі – ұлттық-этностық, екіншісі – жалпыадамзаттық; үшіншісі – әлеуметтік. Енді, осы аталған түсініктердің әрқайсысына тоқталатын болсақ, ұлттық-этностық түсінік – бұл ұлттық намыс сезімі, Отанға деген, ұлт мәдениетіне, тіліне т.б. деген сүйіспеншілікті білдіреді. Патриоттық сана – отандық атрибуттардың жалпы санада бейнеленуінің нәтижесінде қалыптасады. Отан деген ұғымға белгілі бір жеке адамның, адам топтарының, жалпы халықтың ден қоюшылығы мен қажетсінуі тұрғысынан қарағандағы шынайы маңызы бар қоғамдық тұрмыстың элементтері кіреді.

Патриоттық сана дегеніміз – Отанға деген ізгілікті қарым-қатынаспен байланысты идеялар мен көзқарастардың, Отанды қорғау мен дамытуға бағытталған адамдардың, әлеуметтік не ұлттық топтардың сезімдері мен көңіл-күйлерінің басқарылатын күрделі жүйесі.

Патриоттық сана ұлттық, жалпыадамзаттық көзқарастар тұрғысынан қарағанда Отанның бейнесі болып табылатын құнды элементтердің жиынтығы түсінігін ашып көрсетеді. Тұтастай алғанда, патриоттық сана дегеніміз – Отан мен өткеннің игілікті дәстүрлері түсінігінің адамдар санасында құндылық түрінде бейнеленуінің нәтижесі болып табылады.

Ғылыми педагогикалық, философиялық, әлеуметтік әдебиеттерге талдау жасау арқылы «патриотизм» ұғымы туған жерге, мәдениеті мен дәстүріне, халқына сүйіспеншілік сезімі мен Отанына деген сүйіспеншілігі арқылы танылатын тарихи категория ретінде анықталады. Сондай-ақ, тарихи-педагогикалық зерттеулерді жан-жақты талдау арқылы патриоттық тәрбиені уақыт пен кеңістікте дамытын жүйе ретінде, кешенді тәсіл жүйесі бар, өз тарихы мен кезеңдері, өзіне тән заңмен белгіленетін қалыптасу, даму үдерісі деп анықтауға болады.

Сонымен қатар, патриотизмді жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үдерісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Осы орайда, патриотизмді философиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, онда патриотизм – адамның табиғат және қоғаммен үйлесімді дамуының негізгі факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуына мазмұнды ықпал ететін детерминант болып есептеледі. Бұл, патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұнын «мәдениет – тарих – білім» деп аталатын

қоғам дамуының макропарадигмалды логикасы арқылы дамитындығын көрсетеді.

«Патриотизм» (гректің *patris* – Отан) адамның Отанына, туған еліне деген сүйіспеншілігі сөзінен шыққан. Ол Отанға сүйіспеншілікті, өз халқына берілгендік, ана тіліне құрметпен қарау, Отан мүдделеріне қамқорлық жасау, Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауды білдіретін жиынтық ұғым.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «Патриоттық, отансүйгіштік, патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі» - деп көрсетілген [2].

Педагогикалық сөздікте «...патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік ... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» – деп көрсетілген [3].

Адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі.

Патриоттық тәрбие жүйесінде мына бағыттарды анықтауға болады:

- рухани-адамгершілік;
- тарихи-өлкелік – «Шежіре»;
- азаматтық-патриоттық тәрбие.

Бұл бағыт – құқықтық мәдениет, заңгерлік, саяси және құқықтық өзгерістер, мемлекетпен қоғамдағы өзгерістер, заң орындау, қызмет ету арқылы ықпал етеді:

- әлеуметтік-патриоттық. Рухани адамгершілік және мәдени тарихи байланысқа бағытталып, үлкен кісілер сыйластық сезімдері.
- әскери-патриоттық. Балалар бойындағы үлкен патриоттық сезімді, Отан сүйіспеншілікті, оны қорғауға, әскери дәстүрді, әскери тарихты қалыптастыру.
- спорттық-патриотизмді дене спорты және дене шынықтыру сабақтары арқылы шыдамдылыққа, ерлікке, тәртіптілікке бағытталған.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің егемендігімізбен қатар пайда болған жаңа ұғым болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгілік болып қала беретіні анық. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және табиғи материалдық байлығын арттыруға өз үлесін тигізуі қажет. Осыған орай, қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмір барысында жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру. Саламатты елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты –дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеуді көздеуі қажет.

Патриотизм – адамдар өмірінің әлеуметтік экономикалық жағдайымен тарихи түрде туындайды, сондықтан осы жағдайлар өзгерумен байланысты патриотизмде өзінің мазмұнын өзгертеді. Патриотизмнің бүкіл халықтық сипаты бар, басты нәрсе. Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю, оған жақсылық жасау. Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтанышқа сәйкес келетін сана сезім мен іс-әрекеттен оның тағдыры үшін жауапкершіліктен көрінеді.

Патриотизм – «Отан – анаға» деген сүйіспеншілік, адам бойындағы қабілет қарым-қатынас пен күш-қуаты, білім мен білікті, ақыл парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болады. Патриоттық қасиет – қоғамдық ой-сана керуенінің ерекше бір бөлігі. Сондықтан ол қоғамдық ортаның даму үдерісіне сай әртүрлі мазмұнда көрініс береді. Олай болса, патриотизмнің табиғи тамырларына, оның тарихи кезеңдеріне тереңірек назар аударғанымыз жөн. Патриотизм азаматтың, қоғамның, мемлекеттің ортақ күш-жігеріне келіп саяды. Қазақстан – өз әнұраны, елтаңбасы, туы, жері бар мемлекетіміз деген ұғым қоғамда түпкілікті қалыптасуы керек және оны сүю, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті болады.

Қазақстан қоғамындағы жасөспірімдер арасындағы «патриотизм» ұғымының мәселесіне тікелей қатысты басты-басты ойларға тұрарлық мына мәселелерді атап өтуге болады:

- прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне талғамсыз еліктеу;
- идеологиялық, ақпараттық экспанцияның зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық;
- ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы;
- мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей қосымша міндет деп қарау;
- тәрбие жүйесінің ғылыми әдіснамалық, педагогикалық психологиялық және рухани әлеуметтік негіздерінің осалдығы;
- тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі;
- өзімізде барды бағаламай еліктеп-солықтау т.б. [4].

Философ-ғалым М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық және жалпықазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады. Ол «Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, жалпыұлттық патриотизм – әрбір ұлт өкілінің өздерінің сол мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдерінің өз Отанына деген махаббаты мен шынайы сүйіспеншілігі, жалпықазақстандық патриотизм – Қазақстанда тұратын әрбір адамның өзінің республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы

сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деген тұжырым жасайды [5].

А.Н.Иманбетов «Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Қазақстандық патриотизм ұғымы – біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болады. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болады. Өз елінің өткенін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Қазақстандағы патриотизм ұғымы – халықтың патриоттық рухын, сана-сезімін қалыптастыруда, сақтауда діни факторлардың рөлімен сәйкес келеді. Бұған да қазақ жерінде көптеп кездесетін петроглифтер дәлел бола алатын сияқты, осының бір мысалы: Алматы облысының Қапал ауданындағы Баяжүрек тауында табылған ежелгі адамдардың жартасқа салған суреттері. Солардың бірінде басы күн сәулелі адам бейнеленген.

Қорыта айтқанда: атадан балаға мирас болып қалған тағылымы мол сөз арқылы, болашақ ел тұтқасын қолына алар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Өйткені, отаншылдық тәрбие беру – білім мен тәрбиенің ең басты қайнар көзі, кәусар бұлағы.

Әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту». Ақпараттық-түсіндірмелі материал. – Астана, 2017. 56б.
- 2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. 2004. - б.т.
- 3 Педагогикалық сөздік. – Алматы, 1997.
- 4 Изотов М. Проблемы патриотического воспитания народа в үдерісе формирования общеказахстанской национальной идеи. //Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа МОН РК. – Алматы, 2006, с 280 с.
- 5 Иманбаева С.Т. Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Монография. – Алматы: Полиграф – Сервис, 210 б.

БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әліпбек А.З. п.ф.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ф.к., аға оқытушы

Қалыбек М.Н. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматриваются особенности развития речевой речи детей. Здесь также уточняются цели и задачи, методы, принципы и закономерности развития речевой речи детей дошкольного возраста.

Summary

This article discusses the development of speech life for children. He also noted that the goal and goals, methods, principles and regularity of the development of the speech system for children in the modern world.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу қабілетін дамыту мәселесі үнемі даму үстінде, жаңа ғылыми зерттеулермен, жаңа идеялармен толығуда. Соңғы кездері ғалымдар еңбегінде сөйлеу қабілетін дамыту, сөйлеу қабілетін дамытудағы әдістер, тездетіп оқыту, тілдік қатысымға үйрету жаңа техника мен жаңа оқыту технологиясы туралы пікірлер басым орын алуда.

Баланың ауызша сөйлеу қабілетін дамыту – жоспарлы түрде ұзақ жүргізілетін жұмыс. Ол жұмыс жаңа сөздермен таныстыру және бұрын таныс сөздерді бекіту, яғни сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, дағдыландыру жолымен жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемесі – балалардың жан-жақты дамуын – дене, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мәселелерін алдына мақсат етіп қояды, оны тілді үйрету үдерісі кезінде жүзеге асырады.

Балалардың тілді қабылдау ерекшеліктері бойынша арнайы зерттеулер екі тілді қатарынан жастайынан үйренген баланың психикасында ешқандай тежелістер болмайтындығын дәлелдеп отыр. Қайта мұндай жеткіншектердің тіл ерекшеліктерін жақсы аңғаратындықтары, тіл қатынасына ерекше дайындықпен жауапты қарайтындықтары, еске сақтау, ойланып, дәл сөйлеуге қабілетті келетіндіктері байқалды.

Шетел зерттеушілерінің пайымдауынша, 3 жаста баланың екі тілде сөйлеуі жиі болмайтын жағдай. Кейбір мектепке дейінгі білім беру мекемелерде оқытуды 3 жастан бастап жүргенмен, әрі осы жаста баланың тілді үйренуі жедел қарқында көрінгенімен, олар жекелеген сөздерді жатқа ғана білетін және ұғатын болады. Қазақ тілін дұрыс тілдік жүйесімен, тиімді дидактикалық материалдарымен, баланың тілді қабылдау қабілеттерін есепке ала үйрету маңызды болып шығады.

Белгілі педагог, әрі психолог Ш.А.Амонашвили балаларды екінші тілде ауызша сөйлеуге үйрету әдістемесін жасауда үш ұстанымға сүйенуді дұрыс деп есептейді [1].

Бірінші ұстаным – балалардың бойында басқа тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінікті қалыптастыру керек. Үлкен адамдар орыс тілінде қате жіберіп сөйлеуден ұялады, ал менің балаларымда ондай қорқыныш болмауы керек. Олар тіпті ыммен немесе ана тіліндегі сөздерді қосып сөйлесіп, қателесе де болады. Ең негізгісі – оларды сол тілде бір-біріне тіл қатуға, тілді түсінуге бағыттау. Менің оларды орыс тілін меңгеру процесіне жасайтын басшылығым тіпті сезілмейтін болады, өйткені мен арнайы түрде ұйымдастырылатын сөйлесу, бір-біріне тіл қату ситуацияларына өзім араласып отырамын» .

Екінші ұстаным – балалар бойына қысқа мерзім аралығында үйреніп отырған тілде бір-бірін түсінетіндей, тіпті өзара сөйлесе алатындай сезім-сенімдер туғызу ұстанымы. Баланың күшіне, өз қабілетіне деген шынайы сенімді қалай қалыптастыратындығы жайлы психолог ғалым былай деп түсіндіреді: «Бала маған ол тілде бір нәрселерді айтпақ болғанын сезіп, мен оған басымды изеймін. Егер оларға ертегі немесе тақпақтар оқып отырсам, олардың мазмұнын сөздердің көмегімен ғана емес, экспрессияның әсерімен түсінікті ете түсуді ойластырамын. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін анық естілетіндей ашық дауыспен жеткіземін».

Шетел психологтары Б.Уайт, Дж.Брунер, В.Пенфильд, Л.Р.Робертс, кеңес заманы ғалымдары Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейндердің теориялары бойынша 9 жасқа дейінгі бала – ауызекі сөйлеудің түрлі формаларын меңгерудің тамаша маманы. Бұл кезеңнен кейін сөйлеу кезіндегі ми механизмдері қызметі бәсеңдей бастайды. Бала миы екінші тілді меңгеруге ерекше қабілетті келеді, бірақ ол жас ұлғайған сайын азаяды. Қоғамдық, әлеуметтік жағдайларға байланысты ана тілін екінші тіл ретінде оқуға мәжбүр болған балалардың осы қабілетті кезеңін жіберіп алмай, ана тілінде сөйлеуге дағдыланған баланы мемлекет тіліне еркін көше алатындай жағдай тудыруды ойластыруымыз керек [2].

Ресейлік ғалым Л.С.Выготский айтқандай, ана тілін меңгеру үстінде бала сөз бен сол сөздің мағынасында бейнеленген объектілердің, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасына шек қоймайды, оларды бір-бірінен ажыратып жатпайды, оның санасында сөз нысанның, іс-әрекеттің т.б. ажырамас құрамды қасиеті, бөлігі сияқты боп қалыптасады. Сондықтан баланың айналадағы дүниені білсем деген табиғи қажеттігі ана тілін білуге деген қажеттілікке өз-өзінен, еш кедергісіз ұштасып жатады [3].

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың ауызша сөйлеу қабілетін дамыту жұмыстарын ұйымдастаруда тәрбиеші-мұғалім төмендегідей қағидаларды есте ұстағаны жөн:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жастайынан өздері күнделікті жүрген ортасында қолданылатын тілді қарапайым формада қолдана білуге үйрету деп түсіну;

2. Ауызша сөйлеу қабілетін дамытуда психологиялық тиімді жағдай тудырудың бір жолы – балалардың бойында ана тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінікті қалыптастыру екендігін ескеру;

3. Қарым-қатынасқа түсіретін қысқа синтагмалар үшінші, төртінші сабақтарда амандасу, танысуға үйрету, «Не бар, не жоқ?» ойынын ойнату кезеңдерінде қысқа сөйлем үлгілері түрінде беріледі.

4. Бала тілді бөлшектеп үйренбеуі керек, тіл әр уақытта үйретілсе де, бір тұтастықта, баю, жетілу тұрғысында қабылдануы тиіс. Мұндай тұтас қабылдау «тілді сезіну» деп аталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу қабілетін дамыту бірқатар мәселелерді қамтиды:

Біріншіден, баланың сөздік қорын дамыту

Екіншіден, дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу;

Үшіншіден, грамматикалық формада дұрыс сөйлеуін қалыптастыру;

Төртіншіден, сауатын ашу;

Бесіншіден, көркем әдеби шығармалармен таныстыру.

Сонымен қатар, мәнерлеп оқу әдістемесімен өзара байланыста, тәжірибелік сабақтарда және сабақтан тыс жағдайларда әдеби мәтіндермен ұштастырыла жүргізіледі. Жас ерекшеліктеріне орай, топ балалары алдында айтылатын сөздің әсерлі шығуы мектеп жасына дейінгілерді психологиялық жұмыстар жүргізетін психологтың сөз, сөйлеу өнерін меңгеруіне тікелей қатысы бар.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың негізгі міндеттері – баланың жан-жақты дамуы ең алдымен оның үлкендермен қатынас тіліне дұрыс түсуіне байланысты. Үлкендер – адамзат баласының бар тәжірибесін, білімін, мәдениетін өз қолының ғана көмегімен бере алатын тұлғалар. Олай болса, теория бойынша «тіл – адам қатынасының негізгі құралы» дегенді ұмытпай, қатынас құралы болумен қатар тілдің адам білімін жетілдіретін хабарлау қызметі, бала жанын баурап алатын сезімдік қасиеті үлкендер тарапынан әрдайым қажет.

Баланы алдымен өз ана тілінде тілі шығуы, дамуы, не болмаса екінші тіл ретінде қазақ тілін үйренуі ата-ана мен айналасындағылардың, психологтың, тәрбиешісінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу қабілетінің дамуы төмендегідей нақты міндеттерді орындағанда жүзеге асырылады:

1. Баланың сөздік қорын қалыптастыру, оны белсенді түрде байыту;

2. Бала тілінің дыбыстық жағын жетілдіру, мәнерлі де мәдениетті сөйлеуін тәрбиелеу;

3. Тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, грамматикалық формалардан ауытқымай сөйлеуге машықтандыру;

4. Ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасып, дамытылуын іске асыру;

5. Өз ойын монологты түрде байланыстыра жеткізе білуге үйрету;

6. Көркем сөзге баулу;

7. Сауаттылыққа үйрету [4].

Қарапайым ауызша сөйлеу тілі негізгі қордағы сөздерсіз қалыптаспайды. Негізгі сөздік қорға жататын сөздер жалпыға бірдей түсінікті, қолданымдық жиілігі басым, оларды қолданушыларға қажеттілігі басым сөздер. Оқыту мақсатына қарай әр сабақта айналаға кеңінен таныс сөздер алдымен алынады. Мектепке дейінгі білім беру мекеменің ересек және мектепке даярлық топ балаларына (5-7 жас) ыңғайластырылып құрылған сөздік минимум тілдік бірліктер ретінде тілдік әрекеттерге бастайтындай етіп берілген.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытуда мынадай міндеттер қойылады:

а) Балалардың айналасындағылармен қарапайым тілдік қатынасқа түсе алатындай сөздік қорларын дамытуға қажетті жағдайлар туғызу;

ә) Айналадағы таныс заттардың жекелей атауларын, сындық- сапалық белгілерін, қимыл-қозғалыстарының аталымдарын дұрыс, дәл атай білуге үйрету және үйренген сөздерін еркін қолдана білуіне басшылық жасау;

б) Сөздік жұмысын жүргізудің әдіс-тәсілдерін сабақта және сабақтан тыс уақытта тиімді қолдана алу. Балалардың баратын топтарына орай сөздік жұмысын жүргізуде бір-бірімен өзара байланысты сөздер үйретіледі және бұған алдымен сөздердің тақырып бойынша топтастырылуы жатады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ауызша сөйлеу қабілетін дамытудың әдістері мен тәсілдері, ана тілін үйренудің заңдылықтары негізінде бала бойындағы бірқатар қабілеттердің дамуы үдерісінде, ішкі сезім арқылы (саналы түрде емес) жүзеге асырылады:

1) өзі үшін, сөйлеу органы бұлшық еттерін адамның жұмыс істете білу қабілеті – сөздердің дыбыстарына дұрыс артикуляция жасау, интонация элементтерін модульдеу және оларды есту;

2) дыбыс түрлері мен интонацияны тілден тыс элементтермен, өз ана тілімен салыстыра алу қабілетінің болуы, оларды сөйлеу элементтеріне тән мағына ретінде түсіне алуы;

3) сөздің мағыналық элементін өз сезімімен салыстыра білу қабілеті, яғни оларды бағалауы;

4) араласу, тану, сөзді және адамның мінез-кұлқын тәртіптеу үдерісінде сөздің мағыналық үйлесімділік дәстүрін және бағалау элементін есте сақтау қабілеті ерекше рөл атқарады.

Егер тәрбиеші баланың табиғи сөйлеуі неғұрлым қарқынды болатын жағдай жасаса, онда баланың тілі солғұрлым тезірек байиды және оның психикасы жан-жақты дамиды.

Оқыту бірыңғай теориядан тұруы, тілді үйретушінің әрекеті тұрғысында болуы – мектепке дейінгі білім беру мекеме үдерісіне жат нәрсе. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңдегі ауызша сөйлеу қабілетінің дамуына мынадай практикалық әдістер тән:

- еліктеу әдісі;
- сөйлесу (әңгімелесу) әдісі;
- қайталап айту әдісі;
- әңгімелеп беру (құрастыру) әдісі.

Еліктеу әдісінде үйретуші мен үйренуші екеуі де бір сөзді, ырғақ жағынан әр түрлі етіп айтады: үйретуші ересек адамдармен сөйлескендегідей біршама қарқындырақ, сөздің дыбысын артикульдеп және сөздің дауыс ырғағын мәнерлеп сөйлейді, ал үйренуші тыңдайды да, соңынан қайталайды, оның сөзіне еліктейді, сөйлеу қимылын үйренуге (дауыстың артикуляциясы мен модуляциясы) және мағынасын түсінуге тырысады (затты, қимылды және т.б. көрсететін дыбыс комплекстерін, мәліметін салыстырады).

Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептейміз. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай, балалардың ауызша сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт-бағдар бере отырып, тіл байлығын, ауызша сөйлеу қабілетін дамытуды басты назарда ұстау қажет. Қорыта айтқанда, балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, ауызша сөйлеу қабілетін дамытуға мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбиенің ықпалы зор.

Әдебиеттер

1. Татуарова Н.Л. және т.б. Мектеп алды тәрбие бағдарламасы. – Алматы, 2011.
2. Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. – Алматы: Мектеп, 1990.
3. Ядышко В.И., Сохина Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. – А., Мектеп. 2011.
4. Монтъев А.А. Психология общения. Электронная книга. – М., 2017.
5. Жұмасова Қ. Психология. – Алматы, 2006.

ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Әліпбек А.З. п.ф.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ф.к., аға оқытушы

Мыңбаева А.Б. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
5-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается развитие взглядов казахских просветителей на национальную психологию в воспитании молодежи на сохранение национальной идентичности. Здесь также уточняются вопросы развития «национальной идентичности», «этнической идентичности».

Summary

This article considers the development of the views of Kazakh educators on national psychology in educating young people on the preservation of national identity. It also clarifies the development of «national identity», «ethnic identity».

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Біз өзіміздің тілімізді, дінімізді, жеке бас ерекшелігімізбен сақтай аламыз және біз осы рухпен біздің жастарды тәрбиелеуіміз тиіс» - деп атап көрсетілді жолдауда [1]. Мұнда елдегі азаматтық және рухани, этникалық және ұлттық бірегейлікті нығайту, халықтың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық белсенділігін арттыру – қазақстандық дамудың басты бағдарларын құрайды.

Ұлттық таным мен өзін-өзі танудың нәтижесі – ұлттық өзін-өзі анықтау және бірегейлік болып табылады. Бірегейлік, сәйкестілік – даму барысында пайда болады және тұтас құрылымға тиістілігін сезімін белгілейді. Адамның саналы түсінуі – бұл құрылымның бөлігін құрайды және онда белгілі бір ережеге ие болады. Бірегейлік – адамға өзінің әлеуметтік сатыны табуға және негізгі қажеттіліктерін іске асыруға көмектеседі, ол ең жаман қайғыдан – жалғыздық пен күдіктен құтылуға мүмкіндік береді.

Ұлттық бірегейлік – индивидке туылғаннан, өзі тап келген мәдени қоршауынан, «Ана» тілінде сөйлей алуынан «беріледі», өз кезегінде мінез-құлықтың жалпы қабылданған стандартын және өзін-өзі танытуын «көрсетеді». Миллиондаған адамдар үшін ұлттық бірегейлік – бұл «Мен кімін және мен кімін?» деген сұраққа өзі жауап беруіне және өзін жете ұғынуына мүмкіндік беретін, рефлексияға жатпай түсінілетін болмыс, шындық. Балада ұлттық (этникалық) топқа тиістілігін жете түсінудің дамуының алғашқы тұжырымдамасын Ж.Пиаже ұсынды. Ол бір үдерістің екі жағын – балада «Отан» ұғымын және «басқа ел» және «шетел» үлгісін қалыптастыруды талдады. Ұлттық бірегейліктің дамуын «Отан» ұғымымен байланысты когнитивті үлгіде құру ретінде қарастырады, ал ұлттық сезім Ж.Пиаженің пікірінше ұлттық құбылыстар туралы білімге жауап болып табылады.

Ж.Пиаже [2] ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы үш кезеңді бөліп көрсетеді:

- 6-7 жастағы бала өз этникалық тиістілігі бойынша (фрагментарлық және жүйесіз білімді) алғашқы білімді игереді. Осы кезеңде бала үшін ел мен ұлттық топ емес, отбасы мен тікелей әлеуметтік қоршауы өте маңызды болып табылады;

- 8-9 жастағы бала өзін этникалық тобына анық ұқсастырады, бірегейліктің негізін - ата-ананың ұлтын, мекен-жайын, ана тілін алға қояды, әрі этникалық сезімі оянады;

- кіші жасөспірімдік жаста (10-11 жас) ұлттық бірегейлік толық көлемде қалыптасады, әртүрлі халықтың ерекшеліктері ретінде тарихтың бірегейлігін, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің өзгешелігін көрсетеді.

Осы уақытта дейін бүкіл әлемде көптеген зерттеулер жүргізілген, онда этникалық бірегейліктің даму кезеңдерінің жастық шегі нақтыланады және анықталады. Ғалымдар этникалық білімнің тек кіші мектептік жаста маңызды өсуі, жай қайталау емес, ересектерден алған ақпараттарды жүйелеуден байқалатынын анықтады. Бірақ көптеген психологтар Ж.Пиаженің өзінің рефлексиясы адам үшін алғашқы дәрежеде маңызды, бала «жүзеге асырылған» этникалық бірегейлікке кіші жасөспірімдік кезеңде қол жеткізеді деген пікірімен келіседі (Обухова Л.Ф., Снежкова И.А., Стефаненко Т.Г., Юденко О.Н. және т.б.).

Өзінің ұлтын және этникалық бірегейлігін жағымды қабылдау тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Жағымсыз қабылдауда маргиналды бірегейліктің, өзгерген бірегейлік немесе этникалық бірегейліктің жоқтығы (өзінің тиістілігін төменгі деңгейде түсіну) қалыптасуы мүмкін.

Ұлттық сана-сезімнің және этникалық бірегейліктің жоғарғы, аяқталған кезеңде қалыптасуы ерте жастық және ересектенудің алғашқы кезеңі болып табылады.

Ж.Пиаженің теориясымен келісе отырып, біз қазақ ағартушыларының жастарды ұлттық бірегейлікті сақтауға тәрбиелеуде ұлттық психология жайлы көзқарастарын талдап, қарастыруды жөн көрдік. Айталық, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде педагогика, психология саласында ұлттық бірегейлік туралы өздерінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген қазақ ғұламаларының ішінде М.Ж.Көпеев ерекше орын алады.

Дін оқуынан мейлінше сусындап, кейіннен белгілі фольклоршы-публицист атанған шежіреші ақын М.Ж.Көпеев Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде-ақ әр түрлі тақырыпта бірнеше кітап жазып шығарған. Бұларда тәлім-тәрбие, педагогика, психология мәселелері, атап айтқанда, сезім мүшелері, ми мен жүрек, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, әйелдерге білім беру және т.б. қатысты ой-пікірлер көптеп кездеседі.

М.Ж.Көпеев айналадағы дүниені танып-білу үшін көз бен құлақтың зор маңыз алатынына тоқталады. Көз мимен жалғасып жатады. Ол миға сыртқы дүниедегі әр түрлі нәрселерден ақпарат әкелуші дәнекер рөлін атқарады.

Танымның бірінші түрі – адамның бір көрген нәрсесін қайта жаңғырту қабілеті.

Танымның екінші түрі – бұл сырттан келген нәрсенің бәрін жазып отыратын хатшы іспеттес аппарат.

Танымның үшінші түрі – аппараттың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, бақылаушы мидың әрекеті.

Танымның төртінші түрі – кісінің көрген-білгеніне қоса көрмегенін де тануға жәрдем беретін ішкі танымның, яғни қиялдың мазмұнымен үйлесіп келеді. Қиял неғұрлым ұшқыр да, аумақты болса – таным соғұрлым тереңдей түспек. Қиялда елестетудің де мәні зор [3].

Адам танымы бес бастаудан нәр алатын асау өзен іспеттес. Оның бірі – көру, екіншісі – есту, үшіншісі – түйсіну, төртіншісі – иіс сезу, бесіншісі – дәм... Сезім органдарына тек тап-таза бейнелер ғана келіп түспейді, сонымен бірге бұған ескі-құсқысы аралас, тіпті лас нәрселер де келеді. Ойлау – оларды сұрыптай отыра жарамдыларын ғана қабылдап, жарамсызын шығарып тастайды. Тіл – ой маржаны, ойсыз – тіл жоқ. Арман – сөздің қаймағы, нәртұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі. Қиялсыз адам – дәрменсіз. Қиял мен арман үміт пен тілек ақылды дамытып, дүниетанымды кеңейтіп, ойды тебіrentіп толқытады. Осындай қиял ғана мінез-құлықты түзетіп, кісіні адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді... Егер біреу бақытсыздыққа душар болса, екіншісі оған көңіл айтып, қайғысын бөліседі. Ал қуаныш пен шаттыққа кенелген кісі дәл қайғыға ортақтасқандай болмайды. Өзгенің қайғы-қасіретіне шын мәнісінде ортақтаса білу үшін тәрбие барысында біртіндеп қалыптасқан адамгершілік қажет... Ғұлама ақын ерік-жігер туралы айта келіп, еркі күшті адам алға қойған мақсаты жолында ештеңеден қайтпай, талабынан бас тартпай, үміт үзбей, ұсақ-түйекпен айналыспай, жоқшылыққа мойымай әрекет етеді.

Ғұмар Қарашев – қазақтың рухани мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан, психология ғылымдары саласында сындарлы ой-пікір айтқан ғұлама тәлімгер ақын, кезінде ишан, ахун, қазы атанғанымен, өмірінің соңғы жылдарында ол ағартушылық жолға түседі. Оның демократиялық көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық төңкерісінің, сондай-ақ орыс, қазақ ағартушы-демократтарының, идеялары елеулі әсер етеді.

Ол – адамның мінез-құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді, кімде-кім өзінің мінезі және істейтін жұмысы туралы ылғи да ойланбай тұра алмайды, адал іс-әрекет үстінде өсіп-жетіледі, мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жел сөзден аулақ болып, бала тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл аудара қарап, ақтара тексеріп отыру қажет, «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс» дейді. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты бір шарты. Үйретудің, жол көрсетудің қай орында тұрғандығы осыдан көрінсе керек. Балаға ұрсу, жекіру жолымен үгіттеудің пайда бермейтіндігін айта келіп: «Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, иә болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек. Мұндай кезде берілген үгіттің тудыратын әсері жақсы сөзден жиренуден басқа ештеңе емес!» – деп мәселенің психологиялық астарына

үңіледі [4].

Ғ.Қарашев – баланың үйдегі тәлім-тәрбиесіне де ерекше мән береді. Тәлім-тәрбие ісі, әулеттің ортақ мүддесі екендігін айтады. Сондай-ақ, іскерлігі мол адамдардың да өнеге үлгісінің үлкен маңызы бар. «Бір адам өзінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзететін болса, – дейді ол – мұның әсері тіпті отбасынан да асып, туысқан ұрпақтарына, онан да кеңейіп отандастарына да жұғады».

Халел Досмұхамедұлы 1926 жылы Қазақ педагогика институтының проректоры, кейіннен педология кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметін (1929) атқара жүріп, бұған қоса Қазақ АССР Денсаулық сақтау халық комиссариатында жоспарлау-ұйымдастыру басқармасының меңгерушісі болып істейді. Сол жылдары ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне, ұлт тілінде журнал шығаруға белсене кіріседі. Тарих, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты іргелі проблемалармен («Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Кенесары – Наурызбай», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат») айналысады. Осы жылдары оның қаламынан «Адамның тән тірлігі» (1927), «Сүйектілер туралы» (1928), «Жануарлар» (1928) атты еңбектер туындайды. Х.Досмұхамедов еңбектерінде психологияның жекелеген салалары (әлеуметтік, этностық және т.б.) төңірегінде айтқан сындарлы пікірлер жиі кездеседі. Мәселен, оның 1925 жылы жазған «Аламан» атты мақаласынан этнопсихологияға қатысты бірсыдырғы ғылыми түйіндерді атқару қиын емес.

Автор түсінігінде, аламандық – ру менмендігінің бір сипаты. Аламандық – қазақ мінезінің, анадайдан бақырайып (психологияда мұны «мінездің акцентуациясы») бесенеден байқалып тұратын көрінісі, бұл жеке адамға да, сондай-ақ жекелеген топтарға да тән құбылыс. Х.Досмұхамедовтың аламандықты ру психологиясының ерекшелігінен туындайды деуі өте орынды. Ғылымда ру (род), тайпа (племя), халық (народ), ұлт (нация) ұғымдарының психологиялық ерекшеліктері бар екені көптен айтылып жүр. Бұл жөнінде психологтар мен философтардың, этнографтар мен антропологтардың да көзқарастары бір-біріне тоқайласып жатады.

Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір табиғи астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы аңғарылып тұр: «Туысында қанша зеректік болса да, – деп жазды М.Дулатов. Ол – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...» [5].

Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет

тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, балалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды... Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялтады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді... Бала ойнақтаған құлын-тайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек» [6].

С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы іс-әрекет үстінде болып отыратынын, мұнсыз сана-сезімнің дұрыс қалыптасып, дамымайтынын; адам тіршілігінің мазмұнын да қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайлар билейтіндігін, сондай-ақ, үй-іші, отбасы, әке-шешенің де «Көргені әке-шеше қандай болса, алмақшы сонан үлгі баласы да» дегендей, жас ұрпақ санасының қалыптасуында шешуші рөл атқаратындығын жақсы түсінген.

Ж.Аймауытұлының осынау қазақша термин жасау, төл тілімізде психологиялық еңбектер жазу тәжірибесінен бейхабар болғанына қалайша күйінбейсің! Психологиялық ұғымдардың жасалуын, төл тіліміздегі қорлану тарихын Ж.Аймауытұлымен ғана шектесек, бұл әділетсіздік болар еді. Мәселен, Абай шығармаларының өзінде психологияға байланысты көптеген атаулар бар емес пе? Мәселен, мұнда мінез, қайрат, сезім, көңіл, құлық, құмарлық, талап, жан қуаттары, тән қуаттары т.б. толып жатқан жантану ғылымына қатысты ұғымдардың мән-мағыналары ажыратылған.

Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл – тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін: дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғырту». Ақпараттық-түсіндірмелі материал. – Астана, 2017. – 566.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 2016.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 316б.
4. Елікбаев Н. Ұлттық тәрбиенің бастауы: Монография. Қарағанды: «Болашақ» университеті. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2013. - 201с.
5. Құлжанова Н. Мектепке дейінгі тәрбие. – Алматы: Ғылым, 1983.
6. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы, Баспалар үйі, 2006.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГ-
ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ
ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Сманов І.С. п.ғ.д., профессор

Махатай Д.Ж. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматриваются возможности психодиагностической работы в профессиональной деятельности педагога-психолога в общеобразовательных школах. Здесь также уточняется понятие «психодиагностика», уточняются его историческое развитие, принципы.

Summary

This article examines the possibilities of psychodiagnostic work in the professional activities of a teacher-psychologist in general education schools. It also clarifies the concept of «psychodiagnostics» clarifies its historical development principles.

Соңғы кезде еліміздің білім беру саласында психодиагностикалық қызмет көрсетілуде. Психологиялық-педагогикалық диагностикалық қызметтің оқу-тәрбие процесінде қаншалықты маңызды екендігін жете түсініп, оны іс-жүзінде қолданудың нақты шаралары мен әдіс-тәсілдерін іздестіретін психологиялық-педагогикалық тұрғысынан күрделі мәселе болып саналады. Сондықтанда біздің мақсатымыз саналы оқушы тәрбиелеп, оның дара ерекшеліктерін қалыптастырып, жан дүниесін айқын біліп оқып- үйрену. Ол үшін жоғарғы оқу орнында болашақ психолог-педагог мамандарды осы міндетті жүзеге асыратындай етіп даярлау қажет.

Жалпы білім беретін мектептердегі педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі психодиагностикалық жұмыстар – қазіргі психологиялық- педагогикалық диагностиканың негізгі теориясын мен әдістемесін саналы меңгертуге, психологиялық білімді терең қалыптастыратындай ғылым саласы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жеке адамның тұлғалық қасиеттері мен танымдық қабілеттеріне психодиагностикалық зерттеулер жүргізу бойынша алғашқы отандық жұмыстар ХХ ғасырдың алғашқы бірінші жарты жылдығында жасалынды. Революцияға дейінгі бірінші отандық жұмыс психологиялық тест облысында 1909 жылы Москва университетінде Г.И.Россолимоның дербес зерттеулерінде орындалды. Көрнекті невропатолог, психиатр Г.И.Россолимоның негізгі мақсаты – қалыпты және патологиялық жағдайлардағы психикалық процестерді зерттеудегі сандық әдістерді табу. Ресейде және шет елде танымал болған бұл әдіс ақыл-ой даралығын өлшеуге арналған тестер жүйесі ретінде алынды.

Психологиялық диагностиканың теориялық-әдістемелік негізі отандық және шетел психологтарының қолданбалы зерттеулеріне сүйенеді: Б.Г.Ананьев, В.Г.Асмолов, Л.С.Выготский, Л.Ф.Лазурский, А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев, В.Н.Панферов, С.Л.Рубинштейн, А.Анастази, Х.Хеккаузен және т.б.

Диагноз қоюдағы диагностың негізгі мақсаты – құбылыстағы жалпы мен дараны көре білу. Диагноз қою мәселесі Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.А.Венгер, Н.Ф.Талызина еңбектерінде қарастырылған.

Психодиагностикалық жұмыстар – психологтың кәсіби қызметінің құрылымы мен мазмұнында оқу-тәрбие процесіндегі ғылыми және практикалық тұрғысынан қажет ететін диагностикалау мәселесінің алғы шарттарын айқын көрсетеді. Сондай-ақ, мұнда мектеп оқушыларының жеке тұлғалық қасиетін диагностикалау жүйесін іске асыру үшін қажет ететін мүмкіндіктері қарастырылады.

Психологиялық диагностиканың принциптері – оның өзімен және қоршаған әлемнің өзгеру процесінде адамның психикалық әрекетінің тууын және даму заңдылықтарының ашып көрсететін, қазіргі заман психологиясының жетістіктеріне ықпал ететін психологиялық диагностика теориясы болып табылады. Бұның қатынасы барын көрсететін және әдістемелік принципін психологияда негізгі идея ретінде, алынған психологиялық информацияны түсіндіруді анықтау үшін қарастырады. Психологиялық диагностиканың теориялық-әдістемелік негізі отандық және шетел психологтарының қолданбалы зерттеулеріне сүйенеді: Б.Г.Ананьев, В.Г.Асмолов, Л.С.Выготский, Л.Ф.Лазурский, А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев, В.Н.Панферов, С.Л.Рубинштейн, А.Анастази, Х.Хеккаузен және т.б. [2].

Психологиялық диагностиканың жалпы принциптері:

- бейнелеу принципі;
- тұтастық принципі;
- психикалық даму және оқытудың бірілік принципі;
- сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі;
- мән мен құбылыстың диалектикалық өзара байланыс принципі;
- адам психологиясының өмірінің детерминациялану принципі;
- адам психологиясынан көрінетін парадокстік (күтпеген) принципі;
- қоғам мен табиғатпен адамның өзара әрекеттесу принципі;
- жеке басының психологиялық сапасы ретінде адамының қасиеттерін трансформациялау (тасмалдау) принципі;

Психологиялық диагностиканың ең негізгі принциптері :

- нақтылық принципі;
- айналадағы ақиқат дүниемен адамның өзара әрекетін трансформациялау принципі;
- индивидуальдықты анықтау принципі;
- бағаланбайтын принцип;

Нақтылық принципі – психологиялық диагнозға сүйенеді. Нақты өмірлік жағдайын көрсетуге сол адамның күйін білдіретін талаптарын және де

психикалық даму сәйкестілігін психикалық біліктілігін анықтайтын диагностикалауды таңдау, психодиагностикалық зерттеулерді ұйымдастыру болып табылады.

Диагностика жалпы білім беретін мектептерде баланың оқуға психологиялық дайындығын және жалпы білім беретін мектептердегі оқуға тереңдетілген түрде шет тілін білу, әр түрлі психикалық біліктілікке бағдарлануды, әртүрлі әдістемелік құралдарды пайдалануды талап етеді. Психологиялық диагноз – жалпы мектептердегі оқуда баланың қабілеттілігін айқындай отырып, оның гимназиядағы оқуға талапқа сай психологиялық және психофизиологиялық толық емес сәйкестілігін көрсетеді. Бұл нақтылық принципі қорытынды жағдайын есепке алуды талап етеді. Олар тексерілетіндер үшін әлеуметтік және психологиялық әсерлердің жағдайына байланысты.

Индивидуальды принципі – зерттелінушінің ішкі бай дүниесіне үңілуге, оның өмірлік жолының қайталанбауына және де даму тарихын тануға бағдарлану.

Бағаланбайтын принципі – бағалау критерийлерін дұрыс пайдаланбау (мысалы, «нашар есте сақтау», «жақсы интеллект» т.б.) адамның психологиялық ерекшелігін анықтау барысында және психологиялық диагноз қою барысында көрініс береді.

Айналадағы шындыққа адамның өзара әрекеттесуін тасмалдау (трансформациялау) принципі – психологиялық диагностикада ең маңызды принциптер ретінде орын алады. Ол барлық жағынан психологиялық диагностикалық зерттеулердің барысын, сонымен бірге психологиялық диагностикалық болжамның мазмұнын, зерттеу қорытындысы бойынша кеңес беруді қарастырады. Ол адамды психологиялық диагностиканың объектісі ретінде социуммен, мәдениетпен, орта мен табиғатпен мәнісін ашады. Сондықтанда, оның бүгінгі таңда айналадағы шындықта болатын, барлық кездегі табиғи темптің жоғарлығына биологиялық және әлеуметтік адаптациялану генезіне адамның өзгеруі – ұзақ уақыт бойғы филогенездің және индивидуальды дамуының қорытындысы, яғни сөзсіз, адамның психологиясы ретінде, сонымен қатар, оның әлеммен және өзіңдік қатынасының өзараәрекеттесу мазмұнында бейнеленеді.

Психологиялық диагностика – жеке адамның психикалық дамуының «диагнозын» қою үшін, ғылыми білімдерді қолдануға негізделген ғылыми-практикалық іс-әрекетті қажет етеді. Психодиагностика – диагнозды қоюдың теориясы мен практикасы болып табылады.

«*Диагноз*» термині грек тілінен (diagnosis) аударғанда «тану» дегенді білдіреді. Диагностика бір нәрсені тану, білу дегенмен түсіндіріледі. (Мысалы: медицинада сырқатты білу, дефектологияда қалыптан ауытқуын, техникалық құралдың жұмысқа жарамдылығын білу т.б.). [3].

Психологиялық диагноз – жеке адамның даралық-психологиялық ерекшеліктерінің мәнін сипаттап, анықтауға бағытталған қаракетінің түпкілікті нәтижесі; бұл ерекшеліктердің белгілі бір уақыт үшін мәнді жай-күйін

бағамдау, одан әрі дамуын болжау, психодиагностикалық қараудың міндеттеріне, орайлап нұсқамалар белгілеу мақсатымен жүргізіледі.

Психологиялық диагноздың пәні – қалыпты күйдегі, сондай-ақ патологиядағы даралық-психологиялық айырмашылықтарды анықтау.

Педагогикалық диагноз – оқушының қабілетін, мінезіндегі ауытқуларды, оқу барысында кездесуі мүмкін қиындықтарын анықтау. Педагогикалық диагноз оқушының мектеп бағдарламасын игеруі туралы мәліметтер негізінде, оның оқу іс-әрекеттерін бақылау және нәтижелерін талдау және т.б. арқылы қойылады.

Педагогикалық диагноздың аса маңызды элементі – әрбір нақты жағдайда қаралушының мінез-құлқында белгілі бір көріністердің неліктен байқалатынын, олардың себептері мен салдары қандай екенін анықтау қажеттігі.

Психологиялық диагностикалық құралдары арқылы белгілі бір даралық-психологиялық ерекшеліктерді анықтаған зерттеуші дегенмен, олардың себептерін, жеке тұлғаның құрылымындағы орнын тікелей көрсете алмайды. Бұл деңгейді психолог Л.С.Выготский нышандық немесе эмпирикалық диагноз деп атады. Ол белгілі бір ерекшеліктерді не нышандарды көрсетумен шектеледі, осылардың негізінде тікелей практикалық қорытындылар жасалады. Л.С.Выготский мұндай диагноздың анығында ғылыми емес екенін, өйткені нышандарды анықтағаннан диагноз өздігінен жасалмайтынын атап көрсетті.

Педагогикалық диагноздың дамуындағы екінші кезең этиологиялық диагноз болып табылады. Мұнда жеке тұлғаның белгілі бір ерекшеліктерінің болуы ғана емес, неден болған себептері де ескеріледі.

Ең жоғары деңгей – *типологиялық диагноз*. Ол алынған мәліметтердің жеке тұлғаның тұтас, динамикалық бейнесіндегі орны маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Диагноз болжаумен ажырағысыз байланысты. Психолог Л.С. Выготский бойынша болжам мен диагноздың мазмұны ұқсас, алайда болжам даму процесінің өздігінен ілгерілуінің ішкі қисынын терең білуге, өткені мен қазіргісінің негізінде даму жолын анықтауға жеткізеді.

Алайда, психологиялық диагноз түсінігі қазіргі психологияда көп қолданылады. Практикалық психологияда «Диагноз» түсінігі кең мағынада алынады. Біріншіден: диагноз қандай да бір жағымсыз сәтсіздіктердің мәні мен себептерін анықтап, оны жоюға бағытталған. Диагнозда белгілі объектіге әсер ету тұр. Содан соң нақты шешім қабылданады, яғни мұндай диагнозда объект жартылай зерттелінеді. Екіншіден, диагноз объектіні жан-жақты, жалпылай зерттеу.

Диагноз қоюдағы диагностың негізгі мақсаты: құбылыстағы жалпы мен дараны көре білу. Диагноз қою мәслесі Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.А.Венгер, Н.Ф.Талызина еңбектерінде қарастырылған [4].

Диагностиканың басқа да салалармен байланысы. Қазіргі таңда диагностика әлеуметтік практиканың мынандай салаларында кеңінен қолданылады.

1. Кәсіби таңдау мен кәсіби бағдар. Психологиялық-педагогикалық диагностика шаралары жеке сапа ерекшеліктерін, кәсіби маңызды сапаларын,

кәсіби жарамдылығын, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін жақсартуын зерттеуге бағытталған.

2. *Әлеуметтік мінез-құлықты болжау* (қылмыс себептерін зерттеу, некені диагностикалау).

3. *Оқыту мен тәрбиені оптимизациялау* (мектеп диагностикасы). Психологиялық-педагогикалық диагностиканың бұл саласы халыққа білім беру міндеттерімен тығыз байланысты.

4. Психотерапевтік жәрдем клиникалық психиатрияның әдістемелерімен қамтамасыз етеді. (клиникалық психодиагностика) Бұл соттық психологиялық-психиатриялық сараптамамен және т.б. тығыз байланысты.

Сонымен бірге, психологиялық диагностиканың арнайы салаларына тоқталсақ:

1. *Жалпы психологиялық диагностика* – жалпы, әлеуметтік, дифференциалды психологиямен байланысты. Психологиялық диагностика бұл ғылымдардың ұғымын, заңдылықтарын қолданады. Ал екінші жағынан теориялық шындығын тексереді.

2. *Жеке психологиялық диагностика* – медициналық, жас ерекшелік, педагогикалық, заңгерлік, спорттық, өндірістік, патопсихологиялық т.б.

Дифференциалды психометрия – диагностикалық әдістер мен әдістемелерді өңдейтін және зерттелетін субъектінің жеке айырмашылықтарын өлшейтін ғылыми пән болып табылады.

Психометрия (грек, metron – өлшем) – бастапқыда психикалық процестердің уақыттық сипатамаларын өлшеу болып табылады. Қазіргі уақытта психометрия дегенде көбіне психологиядағы өлшеулермен байланысты мәселелердің бүкіл тобы ұғынылады. Бұл тұрғыдағы ұғымда психометрияға психофизика да қамтылады.

Психометриялық процедуралардың аса маңызды белгісі – олардың стандартталғандығы, яғни зерттеулердің мүмкіндігінше неғұрлым тұрақты сыртқы жағдайларда жүргізілуі көзделеді. Алынған мәліметтер негізінде индивидумдық қасиеттердің әр түрлі шкалалары түзіледі де, нақты бір әдістеменің (тест) сенімділігі мен жарамдылығы туралы қорытынды жасалынады.

Өлшем әдістерінің мынандай қасиеттерін көрсетуге болады:

- объективтік;
- қайталау және мәліметтерді қайта тексеру мүмкіндігі;
- сенімділік, жарамдылық және бейімділік және т.б.

Нақтысын айтқанда, дифференциалды психометрия – психикалық ерекшеліктерді өлшейтін психологиялық диагностиканың маңызды тарауы.

Дифференциалды психометрия – психикалық қасиеттерін сапалық және сандық құрылымын есепке алады, адамдар арасындағы жеке айырмашылықтарды зерттейді (ес, зейін, ойлау, қабылдау, қабілет, өзін-өзі бағалау, мотивтер т.б.). Дифференциалды психометрия өлшемі психодиагностикалық әдістерінің талаптарына жауап береді; оларды қолданудың жолын іздейді (өңдейді) [5].

Жалпы білім беретін мектептерде психологтың кәсіби қызметінің құрылымы мен мазмұнында жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктері мен қабілеттерін зерттеу жұмыстары әрқашан айқын көріне бермейді, сондықтан да олардың танымдық мүмкіндіктерін, бейімділіктерін және қызығушылықтарына психодиагностикалық жұмыстарды жүргізу аса қажет болып табылады. Сол себепті баланың танымдық және жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау үшін мектеп психологының психодиагностикалық жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі әрқашан маңызды болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.209 б.
2. Шевандрин Н.И. Основы психологической диагностики. Часть2. – М., 2003
3. Реан А.А. Практическая психодиагностика личности. – СПб., 2001
4. Мектептегі психологиялық диагностика. Власова Н.В., Шабжанова С.Қ. – А., 2001.
5. Жақыпов С.М., Бизақова Ф. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. – Тараз, 2005.

ӘОЖ 371.1

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Сманов І.С. п.ғ.д., профессор

Совет Т.Ә. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматриваются психологические особенности юношеского возраста. Здесь также уточняются теоретические представления о юношеском возрасте в трудах ученых психологов.

Summary

This article examines the psychological characteristics of adolescence. It also clarifies theoretical ideas about the teenage period in the works of scientific psychologists.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақтан ересектікке өткір өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстармен сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. «Жасөспірім» сөзінің мағынасы – ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірімдік кезеңді «қоғамдық импринтинг» кезеңі деп те атайды. Себебі, осы кезеңде барлық заттар мен құбылыстар адамдарға ерекше әсерлі болады және бұл жасөспірімнің есеюіне мүмкіндік береді.

Л.Ф.Обухова өзінің психологиялық зерттеулерінде, «Жасөспірім тұлғасының ерекшелігі – психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жасөспірімдік жаста қалыптасып қойған туындысы. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшеюі, сыншылдықтың көрінуі ерте жеткіншек жаста сақталады. Бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс – тұлғаның өзіндік дамуында және айырықша ерекшелігі өзіндік рефлексиясының күштілігінде көрінеді» – деген.

М.Ю.Красовицкий бойынша, жасөспірімді барлық қатынас жағынан ересек адам дей келе, бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз. Сондай-ақ, нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді.

Л.И.Рувинский мен С.И.Хохлованың еңбектерінде, жасөспірімдік шақта қоғамдық жүйедегі көзқарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі байқала бастайды. Бірақ әлемге деген көзқарасын толығымен пайымдай алмайтындығы қарастырылған.

Ш.Бюллер бойынша, жасөспірімдік кезеңді позитивті және негативті фазаларға бөліп қарастырады. Негативті фазаға пубертаттылық кезеңдегі жеткіншектердің дамуын, позитивті фазаға өмірге деген қызығушылықтың пайда болуын, адамға деген ыстық сезімді, табиғатты түйсінуді жатқызады.

М.И.Шардаков бойынша, жасөспірімдік кезеңде адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тәуелділігі қалыптасып, жасөспірім өмірге ой жүгірте бастайды және соның арқасында ортаға кіреді. Әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы тұтынушыға айналады, өз иелігіне қажетті заттарды жинай отырып, әртүрлі құндылықтарды жинайды, ақыл-ой, адамгершілік пен әлеуметтік жағынан есейеді деген пікірде.

Э.Штерн жасөспірімдік кезеңді жеке тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырса, Э.Шпрангер өзіндік сана-сезімді құнды бағыт-бағдарлықты жасөспірімдердің дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санаған.

Жасөспірімдік кезең – адамның жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды кезеңі. Жасөспірімнің жеке басы дамуының аса маңызды факторы – өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалауға бағытталады.

А.В.Мудрик жасөспірімдік кезеңінің ең басты жағдайы – екіжақтылық пен қарама-қайшылық деген. Ең алғаш жасөспірімдердің мінезіндегі бірнеше негізгі қарама-қайшылықтарды – амбивалленттілік (екі жақты құбылмалы) пен парадоксальдылық (кенеттен, аяқ асты) негізінде сипаттаған.

Жасөспірімдердің бойында жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мәселесіне аса көңіл қойып, онда мұғалім мен ата-атаның бірлескен еңбегі мінез-құлық дағдыларының дамуына әсер еткендігі жайында баса айтқан ғалымдар: Л.Керімов, Б.Айтмамбетова, А.Бейсенбаева, Р.Нұрғалиева, С.Ұзақбаева, Ж.Қоянбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Н.Д.Хмель т.б. болды.

Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, некелесуге өз семьясын құруға әзірлену. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді және олардың жүзеге асу мерзімдері жас адамның іс-әрекетінің сипатына тәуелді. Барлығы мектеп оқушылары болатын жеткіншектердей емес 15-17 жастағы жасөспірімдер мен бойжеткендер бұған қоса кәсіптік-техникалық колледждердің немесе арнаулы орта оқу орындарының оқушылары

болуы мүмкін. Кейбір жасөспірімдер оқуды өнімді еңбекпен ұштастырады. Ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері. Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15-16 жасқа қарай әдетте қалыптасып болады, сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды. Алайда ол одан әрі жетіле береді. Күрделі интеллектілік операцияларды меңгеру және ұғымдық аппараттың баюуы жас жігіттер мен қыздардың ақыл-ой қызметін неғұрлым орнықты әрі мәнді етіп, оны бұл тұрғыдан ересктің іс-әрекетіне жақындатады. Әсіресе арнайы қабілеттер шапшаң дамиды [2].

Мүдделердің бағытталуының барған сайын саралана түсуімен қосылып, мұның өзі жастардың ақыл-ой қызметінің құрылымын кіші жастарға қарағанда неғұрлым күрделі де дара сипат береді. Қазіргі бар деректерге қарағанда, ақыл-ой қабілетінің саралануы қыздардан гөрі ер балаларға ертерек басылып, неғұрлым айқын көрінеді. Қабілеттер мен мүдделердің мамандануы нәтижесінде басқада көптеген барлық айырмашылықтар неғұрлым елеулі және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болады. Осыны, сондай-ақ жоғары сынып оқушының мамандық таңдауға даярланудың қажеттігін ескеріп, жоғары сыныптарда оқытудың даярлығын күшейту қажет. Оқушылардың дербестік дәрежесін арттырып, оларға жалпы білім беретін мектеп шеңберінде біраз мамандануға мүмкіндік жасау керек (факультативтік пәндер, үйірмелік жұмыс, маманданған мектептер) Бірақ арнайы қабілеттердің қалыптасуының өзі оқытудың бағыты мен сипатына орасан зор дәрежеде байланысты екенін есте ұстау қажет.

Жасөспірім-оқушылардың ересек сыныптастары немесе басқа үлкендер оларға нақты үлгі болатыны жиі кездеседі. Негізінен, жасөспірім-оқушыларды ересектер өмірінің тыйым салынған жақтарына баулитындар, оларға өздерінше «ұстаз», «үйретуші» болатындар нақ солар болады. Естияр жасөспірім-оқушылардың қарым-қатынастарының негізі олардың бос уақытты өткізу мәдениетінің төмендігіне байланысты. Ішімдік ішу, карта ойнау, би алаңдарына бару, көше кезіп бос жүру сияқты «көңілді және жеңіл» өмір стиліне еліктеу біртіндеп баланы қауіпті өмір салтына жетелеп кетуі мүмкін. Бұл жағдайда оқу, болашақ мамандығына даярлану мұндай жасөспірімнің өмірінде маңызды орын алмайды, танымдық ынта жоғалады, сөйтіп өзіне сәйкес өмірлік құндылықтарымен қоса «уақытты көңілді өткізу» деген өзіне тән ерекше ниет бекиді. Уақытты бұлай өткізуге қаражат қажет болуы құқық тәртібін бұзушылықтардың себебіне айналуы мүмкін. Қазіргі бар мәліметтерге қарағанда, жасы жетпей құқық тәртібін бұзушылардың көбі өздерінің бос уақытын өткізу мәдениеті төмен болғандардан шығып отыр.

Л.С.Выготский бұл жас аралықтарының мағынасы – дамудың жалпы циклында оның орнымен анықталатын және дамудың жалпы заңдылықтары барлық уақытта сапалы да, өзіндік сипаттарды тауып алатын дамудың жабық немесе өзіндік кезеңі ретінде қарастырады. Әрбір жас кезеңінде бала мен орта арасында сол кезеңге тән жалғыз да, қайталанбас өзіндік спецификалық қатынас орнай бастайды. Мұны Л.С.Выготский сол кезеңдегі дамудың

әлеуметтік жағдайы деп көрсетті [6]. Бірақ, барлық жас аралығындағы өтпелі кезеңдердің симптоматикалары мен мазмұндары ұқсас болғанымен және олар жалпы заңдылықтар өткенімен бір кезеңнен екінші кезеңге өтуде дамудың өзіндік қиындықтары пайда болады және олардың мазмұны тұрақты кезеңдегіден, яғни, тұрақты кезеңдегі даму ерекшеліктерінен біршама айырмашылықтары бар екені дәлелденген.

Сонымен, жасөспірімдердің психикалық дамуы туралы теориялық көзқарастарды талдап және оны жүйелеп, кесте арқылы көрсетуді ұйғардық.

Сызба -1 Жасөспірімдердің психикалық дамуындағы басты ерекшеліктер



Дегенмен, жасөспірімдердің мінез-құлық дағдыларында көрініс беретін ауытқуларды бір жүйеге келтіріп, олардың барлығын ғылыми тұрғыда бір-бірімен ұштастырып қарастыру әлі өзінің зерттеуін күтіп отырған мәселе деп айтуға болады. Жасөспірімдердің қиындықтары акцентуация көрінісімен қатарласып келетін, ішкі эмоционалдық үйлеспеушіліктен туатын мазасыздану, айналадағылармен тіл табысуының қиындығымен байланысты орын алатын агрессиялық мінез көрсету, әлеуметтенуінің төмен болуы т.б. шиеленіс мәселелер осы жас кезеңінде кеңінен орын алады. Осы ауытқулар жасөспірімдік жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық даму ерекшеліктерімен байланысты болғандықтан, және әр баланың «қиындықтары» тек өзіне тән ерекшеліктермен сипатталатындықтан оның көрсеткіштері мен себептерін жан-жақты зерттеу психологиялық қызметтің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ЛИДЕРЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Сманов І.С. п.ғ.д., профессор

Искандер М.О. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
5-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается вопрос о воспитании лидерства учащихся в учебно-воспитательной системе – психолого-педагогический. Здесь также анализируется понятие «лидерство» с точки зрения философских, педагогических, психологических, социологических наук.

Summary

This article examines the issue of raising the leadership of students in the educational system - psychological and pedagogical. It also analyzes the concept of «leadership» from the point of view of philosophical, pedagogical, psychological, sociological sciences.

Республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, қоғамдық құрылыстың ауысуы, ерікті, табанды, тәуелсіз, белсенді, сауатты, ақпараттанған, жаңа буынның адамын талап етті. Өзінің соңынан адамдарды ертіп жүре алатын тұлғаға, жаңа буынның адамына әлеуметтік тапсырыстың пайда болуына себепші болды. Өзі үшін ғана емес, өздері жүрген топ үшін де жауап бере алатын, моральды-этикалық принциптердің сақталуына, өздерінің істеріне жауапты адамдарға сұраныс артты. Өз заманының сұранысына сай жаңа адамға деген қажеттілік, жауапкершілікті ала білуге қабілетті тұлғаны дамыту, оқушы жастарды лидерлікке тәрбиелеу тәсілдерін өзгертті. Осы өзгерістер салдарынан, жаңа буын лидері шынайы құндылықтарды таратушы болуы қажет, ол өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы, айналасындағы жас адамдардың әлеуетін аша білуі, өзгерістерге бейімделуі мен қажетті шешімдер қабылдай алуы тиіс [1].

Бұл жағдай, қоғамнан лидерлік мәселесін қайта ойланып қарастыруды талап етеді. Жалпы лидерлік әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамның барлық саласынан орын алып отыр. «Лидерлік» түсінігі философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, саясаттануда және өзге де адамтану мен қоғамтануға қатысты ғылымдарда зерттеліп, бірқатар ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеушілік қызығушылығын арттырып келеді.

Лидерлік мәселесінің зерттелуі антикалық философиядан (Аристотель, Платон) бастау алып, орта ғасырдағы философтардың діни білімдерінде өз жалғасын тапқан. Олар нағыз белсенділікке тек құдай ғана ие екендігін, ал, адам өз бастамасымен әрекет ете алмайтындығын айтады. Қайта жаңғыру дәуірінде Гегель тұлғаның лидерлік жағдайын бостандық көзі ретінде қарастырып, адамға алға қойған мақсатына жетуге әрекет етуге мүмкіндік береді деп, санады. Сол заманның ойшылдары Гельвеций, Дидро лидерлікті адамның өзіне деген сүйіспеншілігін және жеке қызығушылығын арттырудағы тұлға

белсенділігінің түрткісі ретінде қарастырған [2]. «Лидерлік» феноменінің дербестігі көптеген теориялық тұжырымдамалардың пайда болуына алып келді. Лидерлікке қатысты ең алғашқы теориялардың бірі ХХ ғасырда пайда болды. Оның пайда болуы ағылшын антропологы, психологы Ф.Гальтон еңбектерімен байланыстырылады. Ол лидерлік феноменін тұқым қуалаушылықпен түсіндіреді. Теория жақтаушыларының пайымдауынша адамға лидерлік жүре емес, туа бітеді [3]. Мұнда, лидерлік ұғымы психологиялық феномен тұрғысынан түсіндіріледі.

Жиырмамыншы ғасырдың 30-шы жылдарында батыстың әлеуметтік психологиясында бұл феноменге көп көңіл бөлінді. Америка Құрама Штатының ғалымы К.Левин бастаған топ «лидер» және «лидерлік» ұғымын әлеуметтік психологиядағы динамикалық тұтастылық ретінде қарастырды. Олар мінез-құлық тұлғаның өзара әрекеті мен жағдайының нәтижесі деп қарастырды [4].

Мұндай пікір лидерлердің туа пайда болмайтынын ғана емес, оны топта тәрбиелеу мүмкіндігін де білдіреді. Демек лидерлік, әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылады.

Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде лидерліктің әлеуметтік және психологиялық теориялары қалыптасты. Олардың арасынан біз *болмыс теориясын (харизматикалық тәсіл), лидер рөлін анықтау теориясын, жағдаяттық теорияны, кешенді теорияны* қарастырамыз (кесте 1).

Кесте 1 – Лидерлік теориялары

Теориялар атауы	Теориялар мазмұны	Теорияның негізін салушы
Болмыс теориясы (харизматикалық тәсіл)	Лидер болып адам туылады. Лидерлікке тұқым қуалаушылық тән.	Ф.Гальтон
Лидер рөлін анықтау теориясы	Лидер – бұл ерекше рөлді қабылдаушы, (біріншісі – кәсіби рөл, екіншісі – әлеуметтік-эмоционалдық рөл).	Р.Бейлз
Жағдаят теориясы	Лидерлік – топтағы құрылған жағдайдың өнімі, белгілі бір жағдаятта беделдікке ие болған адам, лидер болады.	Ф.Фидлер
Кешенді теориясы	«Болмыс теориясын», «жағдаяттық теориясын» және «лидер рөлін анықтау теориясын» бірге қосқан кешенді теория. Лидерлік – бұл тұлғааралық қатынастарды ұйымдастырушы үрдіс, ал лидер – осы үрдісті басқарушы субъект.	В.Белл

«Болмыс теориясы» лидерны өзіндік қасиетіне тән негіздейді, яғни лидерліктің негізгі детерминанты болып, қайталанбас лидерлікке туылғаннан ие болу табылады. Яғни «болмыс теориясына» сәйкес кез-келген адам лидер бола бермейді, адам лидер болып туылады [5].

Лидерліктің болмыс теориясын жақтаушылар адамды лидер ретінде танудың

алғышарттары деп олардың тума қасиеттерін және индивидтің сипатын (күшін және жүйке үрдісінің қозғалмалылығын, экстраверттілігін, эмпатияға қабілеттілігін, анық көрінетін эвристикалық және интеллектуалдық қабілеттерді) санайды. Мұндай қасиеттер оларға кез-келген жағдайларды басқаруға және жетекшілік етуге, яғни лидер рөлін өз қолына алуына жол ашады.

Әлеуметтануда адамның осындай өзіне тән ерекше қырын атау үшін арнайы термин енгізілді. «Харизма» түсінігін ғылыми айналымға неміс әлеуметтанушысы, тарихшы, экономист және юрист М.Вебермен енгізген [6]. Сонымен біз «харизма» деп ерекше лидерлік қасиеттер және лидерлердің іс-әрекет сипаттамасының жиынтығын айтамыз, сонымен қатар өзіндік бір жеке ерекшелігімен лидерлердің өзгелерге әсер ете алу қасиетін түсінеміз.

Харизмаға ие адам өз жолын қушылардың көз алдында тылсым күшті иемденуші, күнәсіз, қателеспейтіндер болып саналды. Олардың қатарында әйгілі саясаткерлер, үкімет басқарушылары, әулиелер аталды. Ақиқатында «туылғаннан лидерлар» деп аталатын адамдар кездеседі.

«Болмыс теориясы» жеткілікті деңгейде теріс көзқарастарға да ие болды. Бұл тұрғыдан ғалым Е.В.Андрienко әлеуметтік топтағы өмірлік әрекеттің әр түрлілігі лидерлердің түрлі қасиеттерінің болуы қажеттігімен түсіндіреді.

Р.Стогдилл лидер сипатына қатысты 120-дан астам зерттеулерді салыстыра отырып, тұлғалық ерекшеліктерге байланысты ғылыми негізделген мәліметтер жоқ деген қорытындыға келді.

Е.В.Абашкина аталған ғалымдардың еңбектеріндегі лидерлардың сипатына жан-жақты талдау жасай отырып, былайша жинақтап көрсетеді:

- ізбасарлары тарапынан қолдау табуы;
- өзіне деген сенімділігі;
- күтілген нәтижеге жетуге сенімділігін көрсете алуы және ол туралы айналасындағыларға түсінікті және жүйелі түсіндіре алуы;
- өз адамдарына дем беріп, рухтандыру үшін жеткілікті оптимизмі мен сенім қорының болуы;
- жігерлілігі, мінезінің жұмсақтығы;
- көңіл күйдің орнықтылығы.

Е.В.Андрienко лидер болып қандай да бір ерекше қасиетке ие адамдар ғана бола алады деудің еш негізі жоқ дей отырып, бірақ дәл осы теорияның психологиялық және практикалық маңыздылыққа ие екендігін жоққа шығармайды [7].

Сонымен, ғалымдардың осындай пікір таластыруларынан кейін лидер рөлін анықтау теориясы пайда болады.

«Лидер рөлін анықтау теориясын» американдық зерттеуші Р.Бейлз негіздеген. Р.Бейлз лидер – бұл ерекше рөлді қабылдаушы деп көрсетеді. Бұл теорияны Т.Ньюк, А.Харе де қолдады. Олар бірнеше топта бір адам әр түрлі рөлді ойнайды және түрлі орынды иемденуі мүмкін деп көрсетті. *Олардың пікірінше, лидерлік тұлғаның немесе топтың атқаратын қызметін емес, оның әр түрлі*

жағдайларға тап болғанда күрделі және көпжоспарлы ықпал ету нәтижесін білдіретіндігін түсіндіреді.

Олар лидерлердің бір-бірінен ерекшеленетін екі түрін атап көрсетеді:

Біріншісі – жұмысты орындау барысында пікірлерін, ұсыныстарын білдіру мен мәселелерді шешуге байланысты кәсібилік рөлі.

Екіншісі – адами қарым-қатынас мәселесін шешуге қатысты «әлеуметтік-эмоционалдық маман» рөлі. Топтың әрекетінің жемісті және тиімді болуы үшін лидерліктің осы екі түрі де болуы қажет.

Осы теориямен қатар, батыс әлеуметтанушылары арасында лидерлік бойынша *жағдаяттық теория* кеңінен таралды. Онда лидерлік – бұл, ең алдымен, топтағы құрылған жағдайдың өнімі, бір жағдайға қатысты лидер болған адам, беделдікке ие болады. Осыған байланысты ол топтың лидері ретінде саналады.

Бұл теорияның жақтаушыларының бірі болып американдық зерттеуші Ф.Фидлер табылады. Ол өткен жылдықтың 50-ші жылдарындағы Р.Бейлздің теориясын нақтылай түседі. Жоғарыда аталған теорияларға сәйкес, әр топта кем дегенде екі лидер типі орын алады: эмоционалды (тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуді қамтамасыз етуші) және инструменталды (тиімді іс-әрекет түріне бастама тудырушы және мақсатқа жетуге жалпы күш салушы).

Сонымен, лидер, лидерлік мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдау лидер, лидерлік феноменінің әдебиеттерде жан-жақты талданғанын, бірқатар лидерлік теориялардың (болмыс теориясы, жағдаяттық теория, лидер рөлін анықтау теория, кешенді теория және т.б.) қалыптасқандығын көрсетті.

Әдебиеттер

1. Baikulova A.M., Ibrayeva M.K., Shalabayeva L.I., Abdigapbarova U.M., Mynbayeva A.P. The System of Development Programmes on Pre-School and School Education in the Republic of Kazakhstan // Interchange. - 2016. – №1. - P. 1- 16.
2. Андреева Г.М. и др. Зарубежная социальная психология XX столетия: Теоретические подходы: учебное пособие для вузов. - М.: Аспект-Пресс, 2006. - 288 с.
3. Гальтон Ф. Наследственность таланта, её законы и последствия / пер. с англ. – СПб., 1875. -299 с.
4. Ашин Г.К. Критика современных буржуазных концепций лидерства. -М.: Мысль, 1978. - 135 с.
5. Вебер М. Харизматическое господство. Психология и психоанализ власти. Хрестоматия. - Самара: Издательский дом «Бахрах», 1999. -Т.2. - С.55- 68.
6. Stogdill R.M. Handbook of Leadership. A survey of theory and research. - N.Y., 1974. –362 p.
7. Абашкина Е.Б., Косолапова Ю.Н. О теориях лидерства в современной политической психологии США // Экономика, политика, идеология. - 1995. -№1. - С. 75-81.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Сманов І.С. п.ғ.д., профессор

Қалдыбаева А.М. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
5-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается вопрос многонационального образования в стратегическом развитии Казахстана. Здесь также уточняется понятие «многоязычие» в научно-теоретическом плане.

Summary

This article examines the issue of multinational education in the strategic development of Kazakhstan. It also clarifies the concept of «multilingualism» in scientific and theoretical terms.

Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. Жоғары оқу орындарында үш тілде оқытуды ұйымдастыру үшін пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді даярлау жалғастырылатын болады. Негізгі құзыреттілік ретінде үш тілде білім алушылардың коммуникативтік дағдылары дамитын болады. Мектептерде педагог кадрлардың дайындығына қарай және оқушылар мен ата-аналардың қалауын ескере отырып, жекелеген пәндерді үш тілде оқытуға біртіндеп көшу қамтамасыз етіледі. «Ағылшын тілі» пәні бойынша мектепте әрбір оқу жылынан кейін тілді меңгеру деңгейіне, оқыту әдістеріне қатысты өзгерістер енгізілетін болады көрсетті [1].

Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарда: жоғары оқу орны бітірушісінің негізгі құзыреттері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады. Құзыреттер – білім алушылардың оқыту үдерісі кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті [2].

Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, мәдениет пен тілдердің саналуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – білім беру мекемелерінде көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларының нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу 12 жылдық жалпы білім беретін мектептер жағдайында мүмкін болады, ол білім туралы құжаттардың айырбасталуын, бейіндік оқытуды, көптілдікті қамтамасыз етеді [3].

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі жас ұрпаққа ана тілімен қоса бірнеше шет тілдерін оқу бағдарламасына енгізіп оқытуды қарастыруда, яғни, болашақта көптілді білім алған мектеп түлектеріміздің халықаралық еңбек нарығындағы сұранысқа жауап беретін білікті маман болып жетілуіне септігін тигізеді. Көптілді білім беру мәселесіне отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдар қызығушылық танытуда. Шетелдік зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі туралы терең қарастырылған, ал отандық зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі бойынша жеткілікті ғылыми зерттеу жүргізілмеген, бірақ осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқан.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және көптілді ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Біздің ойымызша, қазіргі таңда болашақ педагогтарды бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы – көптілділік.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзімен дәл бүгінгі дамыған күнге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігін аңғаруға болады. Мұның өзі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартады [4].

«Көптілді білім беру» ұғымының ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына сәйкес кем дегенде үш тілді қамтиды: аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тілді [5]. Көптілді білім беру мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары осы жүйе аясында жұмыс жасауда. Көптілді білім беру – өскелең ұрпақтың әлемдік білім кеңістігінде еркін тыныстауға, жұмбақ ғылымдардың сырын ашуға, тілдік сананың дамуына жол ашады.

Жалпы «Көптілді білім беру» ұғымы 1999 жылы ЮНЕСКО-ның конференциясында бекітілген. Бұл білім беру саласында үш тілден кем емес

тілдерді (ана тілі, аймақтық және ұлттық және халықаралық тілдерді) қолдануды білдіреді.

Осы тілдерді қолдану «Білім берудің инклюзивтілігі мен сапасының маңызды факторы» болып табылады.

Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» - деп қарастырылған.

Бұл бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – ХХІ ғасырдағы жоғары оқу орнының басты міндеттерінің бірі екендігін көрсетеді. Осыған сәйкес, болашақ педагог-психолог – зерттеуші, еңбекқор, ұйымшыл, гуманист, белсенді патриот, көп тілді меңгерген, үштұғырлы тіл талаптары деңгейінде жүргізе алатын болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, көп мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары маман тұлғасын қалыптастырып, даярлау нәтижелі болады.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Еліміз бірнеше ұлттан тұратындықтан, сол ұлттың тілін, дәстүрін білу мәдениеттілікке жатады. Сонымен қатар бір немесе бірнеше шет тілін меңгеру, тұлғаның тілдік сана дамуының халықаралық бірінділікті қамтамасыз ету – мемлекеттің басты стратегиялық міндетіне жатады. Мемлекеттік бағдарлама бойынша елімізде жаңа буын оқулықтары алты тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, түрік және ағылшын тілдерінде жарияланады. Ағылшын және орыс тілдері міндетті түрде жалпы білім беретін мекемелерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, ЖОО-да оқытылады. Яғни, осы оқытылатын тілдердің оқу бағдарламалары мен жоспарлары жасалған. Осы ретте Қазақстанда қалыпты жағдайда екі тілді немесе көптілді білім беру үдерісі көрініс табады.

Қазіргі таңда жаһандану жағдайында білім беру кеңістігінде үлкен рөлге ие болған көптілді білім беру мәселесі жан-жақты қарастырылып, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне кеңінен енгізілуде. Дүние жүзінде көптілді білім беру мәселесінің қарастырылуы – экономика, саясат, мәдениет пен білім және ғылым саласындағы түбегейлі өзгерістермен байланысты заңды үдеріс.

Осыған байланысты, көптілді білім беру саясаты «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» «Қазақстан Республикасында шетел тілінен білім беруді дамыту тұжырымдамасында», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарында көрінісін тапқан: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгілі мақсат пен міндеттер қойылған:

- әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды анықтау;

- азаматтық пен патриотизм, ұлтжанды қасиеттер бойына дарыған шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктері, даралығы дамыған тұлғаны қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

- оқытудың жаңа технологиялары, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану.

Көптілді білім беру ұғымының мәндік сипаттамаларына анықтамалық талдау нәтижесі келесі «көптілді білім беру» ұғымын анықтауға мүмкіндік береді.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзімен дәл бүгінгі дамыған күнге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігін аңғаруға болады. Мұның өзі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартады.

Көптілділік мәселесін көптеген отандық ғалымдар шет тілін оқыту теориясы бойынша С.С.Құнанбаева, көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін Б.А.Жетпісбаева, көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыруын Д.Э.Гаипов, Д.Н.Кулибаева, И.И.Халеева, С.Ж.Берденова, А.Н.Жорабекова, тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д.Сүлейменова, М.М.Копыленко, З.К.Ахметжанова, С.Е.Байболсынова, М.К.Исаев, Г.А.Ғабдуллина, Н.Ж.Шаймерденова, Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби күзіреттілігін қалыптастыру мәселелері бойынша Б.Әлмұханбетов, Р.К.Толеубекова, Б.Т.Кенжебеков, О.К.Оразбаева, А.К.Аманова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Осы талдаулар негізінде, көптілділік, көптілді білім беру ұғымын былайша тұжырымдап көрсетуге болады.

- В.Д.Стариченок «Үлкен лингвистикалық сөздікте»: *көптілділік* (гр.тілінен «роli» – «көп» – «lingua» – «тіл») – белгілі бір жерде бірнеше тілді қолдану, әрбір тіл өзіндік айқын міндеттерге сәйкес қолданылады деген анықтамалар беріледі.

- көптілді әлемдегі білім беру, ЮНЕСКО-ның негізгі құжатында көптілді білім беру – кем дегенде үш тілді меңгеру, соның ішінде білім беруде ана тілі, өңірлік немесе ұлттық тіл және халықаралық тілді қолдану, яғни, көптілділікті өзгелерге ашық болу құралы әрі мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының компоненті ретінде қарастырады.

- *көптілді білім беру* – екі не одан да көп тілде үйрену, білім беру, мәдениаралық көзқарас және өңірлік, ұлттық, жаһандық деңгейде білім беру болып табылады.

- Б.А.Жетпісбаева «*көптілді білім беру*» – бұл мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, үштүрлі оқыту үрдісі, жеке адамды тәрбиелеу мен дамытуда көптілді тұлға ретінде бір мезгілде бірнеше тілді меңгеру адамзат тәжірибесіндегі әлеуметтік маңызды фрагмент тілдік және сөйлеу қызметіндегі тілдік білім мен дағды, тіл мен мәдениетке деген эмоционалды құндылықты қарым-қатынас», - деп көрсетті.

«*Көптілді білім беру*» дегеніміз – оқу үрдісі барысында оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісінде көптілді тұлғаны қалыптастыру [6].

Бүгінгі таңда болашақ маманның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдық деңгейіне өмірдің өзі жоғары талаптар қойып отыр. Сондықтан көптілді білім беру бағдарламасы аясында көптілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз қажет. Бұл студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Көп мәдениетті ортада көп тілді құрылымды оңтайландыру жағдайында тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие болуда.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына» түсіндірме. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. // Қазақстан мектебі, Алматы, 2004/1. 3-6 бб.
2. Борибеков К. «Концептуальные основы развития профессионального обучения и подготовки кадров РК в условиях перехода на 12 летнее среднее образование (Возжовый подход)»// Қазақстан мектебі: Алматы: №2. 2004. -63-74 б.
3. Үш тілді білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнын талдау. Талдамалы анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 51б.
4. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл.докт....автореф.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
5. Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби-дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. - Астана, 2003. - 50 б.
6. Қасқатаева Б.Р. Болашақ математика мұғалімінің кәсіби дайындауда оның әдістемелік құзырлығын қалыптастыру. пед. ғыл. док. ... автореф. 13.00.08. – Алматы, 2009. – 50 б.

КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ КАК РЕСУРС ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Темирбекова Г.А. к.п.н, Арынова Г.К.

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г.Шымкент

Школа-лицей №77 имени А.Аскарова, г.Шымкент

Казахстан

Tүйін

Мақалада білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сыни ойлауды дамыту процесінің негізгі аспектілері сипатталған.

Summary

The article describes the main aspects of the process of developing critical thinking in the context of updating the content of education.

Одними из главных особенностей организации образовательного процесса является ценностно – ориентированное обучение и воспитание, и единство обучения и воспитания.

В соответствии с Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы Государственный общеобязательный стандарт среднего общего образования должен быть «ориентирован на результаты, обеспечивающие личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении знаний, формирующие коммуникативные навыки, умения управлять информацией и технологиями, решать проблемы, предприимчивость и креативность. элементы опыта Назарбаев интеллектуальных школ будут внедряться в систему образования» [1, С.33].

Таким образом, содержание образования, система целей, подходы и методы преподавания и внеурочная деятельность направлены на то, чтобы со школы выходил выпускник:

- ответственный, проявляющий активную гражданскую политику;
- добросовестно относящийся к своей работе и стремящийся к достижению высоких результатов;
- уважающий разнообразие культур и мнений;
- мыслящий творчески и критически;
- коммуникативный и дружелюбный;
- социально-ответственный и заботливый;
- умеющий эффективно использовать ИКТ;
- готовый к обучению на протяжении всей жизни и самосовершенствованию.

Основная цель модернизации казахстанского образования – «повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала» [1, С.33].

Программа в условиях обновления отличается тем, что учебный процесс характеризуется активной деятельностью самих учащихся по «добыванию» знаний на каждом уроке. Определяющей целью педагогического образовательного процесса выступает развитие самостоятельной, творческой личности. И для достижения этой цели целесообразно использовать педагогические концепции, основанные на том, что ученик должен быть

активным, творческим, развивающим субъектом учебного процесса. Развитие критического мышления у учащихся может происходить всякий раз, когда происходит процесс рассуждения, формулировки выводов или решения проблем, то есть всякий раз, когда необходимо установить, чему верить, что делать, и как делать это разумным и рефлексивным способом.

Критическое мышление – ведущее современное педагогическое понятие, актуальное для развития и обучения в Казахстане. Сегодня становится очевидным, что для того, чтобы быть социально адаптированным и успешным, нужно уметь критически осмысливать обстоятельства и принимать продуманные решения. Благодаря критическому мышлению появляется способность применять полученные знания в нестандартных ситуациях, что является условием исследовательской деятельности. Джон Дьюи является одним из первых исследователей в сфере образования, который признал, что направленность образовательной программы на формирование навыков мышления учеников, обеспечила бы эффективность не только ученикам, но и обществу, и всему государству.

Стратегии критического мышления обеспечивают быструю включаемость в работу, повышение интереса к обучению, развитие творческих способностей. «Обучение критическому мышлению осуществляется в диалоговой части уроков, когда ученики по-своему осмысливают эпизоды прочитанного, обмениваются мнениями, в рефлексивной форме, когда защищают маршрутные карты, выполняют творческие задания» [2].

Критическое мышление – тот тип мышления, который помогает критически относиться к любым утверждениям, не принимать ничего на веру без доказательств, но быть при этом открытым новым идеям, методам. Критическое мышление – необходимое условие свободы выбора, качества прогноза, ответственности за собственные решения. Критическое мышление, таким образом, по сути – синоним качественного мышления.[3,88]

Процесс изучения русского языка в аспекте технологии критического мышления имеет логическую структуру, а этапы внедрения этой технологии четки, стройны, поочередны и отвечают закономерным этапам когнитивной деятельности личности.

Формы уроков, в которых используются приёмы развития критического мышления, отличаются от традиционных уроков. Ученики не сидят пассивно, слушая объяснения материала учителем, а принимают непосредственное участие, таким образом, становясь главным действующим лицом.

Основные компоненты такого урока созданы с учетом стадий когнитивного процесса критического характера (вызов – осмысление – размышления), а их реализация на практике предусматривает мотивацию, выделение цели, рефлексию аналитической учебной познавательной-опытной работы, привлечения учеников к поиску информации, обдумывания ее сущности и принятия необходимого решения.

Модель урока критического мышления состоит из трёх этапов, регламентируемых временем:

1 этап – вызов, или побуждение ориентирован на вовлечение в познавательный процесс, актуализацию известной информации, определение цели исследования;

2 этап – осмысление содержания новой информации предполагает различную форму взаимодействия: в паре, в группе, лекция, рассказ, просмотр видеоматериала, учащиеся осуществляют поиск ответов на возникшие вопросы, готовятся к анализу и обсуждению услышанного или прочитанного;

3 этап – рефлексия, заключительная стадия процесса обучения, когда учащиеся начинают выражать новое знание и понимание своими словами.

На различных этапах урока учитель применяет стратегии – методы критического мышления.

На этапе вызова ученики анализируют свои знания, умения из данной темы; актуализируют жизненный опыт; мотивируют будущую деятельность; демонстрируют первичные знания и умения. На этом этапе используются такие приемы, как мозговой штурм, эвристическая беседа, «верные и неверные утверждения», сократовские вопросы (фронтальные, групповые, парные), ключевые понятия; разбивка на кластеры «Знаю – хочу знать – узнал». Реализация этих приемов: формулировка вопросов, которые ставит перед собой ученик, требующие дальнейшего ответа; озвучивание ключевых слов, высказывания учениками предположения об их значении, роли и т.п.; запись слова или фразы, высказывания ученикам идей-спутников. Тетрадь делится на три части: I – «Знаю», II – «Хочу знать», III – «Узнал». Ученики: читают информацию (вслух, друг другу, про себя), останавливаются после каждого абзаца, по очереди ставят вопрос, анализируют, осмысливают его. Учитель: подытоживает содержание, проектирует и формулирует вопрос, стимулирует к поиску ответа, обнаруживает несоответствие, объясняет непонятное, делает предположение о следующем абзаце, ставит перспективное задание.

На этапе осмысления содержания ученики знакомятся с информацией: читают, слушают, смотрят, экспериментируют, исследуют, проектируют и т.п. используются такие приемы – «Шесть шляп», «Таксономия Блума», «Двойной дневник», «Маркировка текста». Низ страницы тетради делится пополам. I колонка – информация, которая поразила, вызывала воспоминания, ассоциации (жизненные, личные, учебный спроектированные) II колонка – личные мнения, вопросы, размышления, фиксация знаков к тексту на полях: «v» – известно, знаю; «-» – не знаю, противоречит тому, что знал; «+» – интересное, неожиданное; «?» – непонятное.

На этапе рефлексии ученики выражают собственное мнение, аргументируют, слушают мнение собеседников, обмениваются идеями, гипотезами. Здесь можно использовать мозговую атаку – фронтальное, групповое, парное, подведение итогов; возвращение к ключевым словам; синквейн; сопоставление кластеров; «Знаю – хочу знать – узнал»; маркировочную таблицу; дискуссию.

Реализация этого этапа происходит путем сопоставления своих записей, сравнения рассуждений до и после работы; сравнения рассуждений, размышлений, мыслей до и после работы; дополнением кластеров; заполнением III колонки – «Узнал».

Алгоритм урока в аспекте технологии критического мышления состоит из основных этапов – вызов, осмысление, рефлексия, что пошагово реализуются на этапах урока – мотивации, актуализации, определение цели, реализация цели, рефлексии, коррекции. Такой урок русского языка являет собой целостную систему, которая формирует навыки работы с информацией (текстом) в процессе репродуктивной и производительной речевой деятельности. Критическое мышление как вид интеллектуальной деятельности учеников характеризуется высоким уровнем восприятия, осмысления, осознания, анализа текста с целью создания собственного высказывания. Использование приемов развития критического мышления на уроках русского языка будет способствовать формированию коммуникативной компетентности учащегося.

Разработанная модель урока русского языка с использованием приёмов развития критического мышления внедряется в практику постепенно, и в разной мере применения на уроке русского языка в школе – целостно (на всем уроке) и частично (на определенном этапе).

Принимая во внимание особенности технологии развития критического мышления, считаем, что ее проектирование и реализация методически мотивируемая, оправданная и возможна на уроках развития коммуникативных умений, в которых весь ход учебного занятия посвящен поиску, отбору, осмыслению, присвоению информации и высказывания собственного мнения с опорой на осознанную информацию и отбор системы доказательств. Таким образом, сконструированная технология развития критического мышления может быть целостно представлена на уроках развития коммуникативных умений и на аспектных уроках русского языка, где возможно внедрение элементов технологии критического мышления.

Внедрение технологии критического мышления – это сложный, но интересный процесс овладения знаниями и выработки умений, ведь требует от учителя-словесника основательной подготовки, длительного проектирования, умелой реализации, поскольку процесс учебы носит ярко выраженный диалоговый характер. В результате применения технологии критического мышления у учеников формируется аналитическое мышление, развиваются креативные способности, обогащается интеллект. Сконструированная технология развития критического мышления дает возможность в условиях современного урока русского языка воспитать языковую личность, активную, коммуникативно компетентную, подготовленную к будущей жизненной коммуникации. Старшеклассник, у которого развито критическое мышление, владеет умениями воспринимать, осмысливать, интерпретировать, оценивать информационный текст, аргументировано выражать собственную точку зрения, учитывая мнения

собеседника. Именно такую языковую личность призвана развивать школа на современном уроке русского языка в аспекте технологии критического мышления.

Содержание организации учебного процесса в аспекте технологии критического мышления сконцентрировано вокруг текста как ведущего средства учебы на уроке русского языка. Главная роль в содержании отводится информационному тексту, в процессе работы с которым ученики читают, воспринимают, осмысливают, пересказывают, анализируют, трансформируют, интерпретируют, дискутируют и создают собственный текст. С учетом этого такая технология может целостно использоваться на уроках развития коммуникативных умений: урок, на котором требуется воссоздание готового текста (изложение), урок создания собственных высказываний (сочинение, изложение с элементами сочинения).

Подчеркнем, что текст в условиях технологии критического мышления, рассматриваем как лингвистическое явление и является результатом речевой деятельности. На уроке текст является объектом языкового, речевого, коммуникативного и социокультурного восприятия и осмысления и занимает позицию «между рассказчиками» как посредник между участниками учебно-познавательного общения – учеником и учителем. Текст дает возможность спроектировать и реализовать разнообразные упражнения и задания, направленные на изучение, повторение и закрепление языковых единиц всех уровней (фонема, морфема, лексема, предложение) и языковых понятий (стиль, тип, жанр, способы связи в тексте). Именно в контексте смысловой информации, сконцентрированной в тексте, осуществляется толкование лингвистического средства, выяснения его семантики, понятийных связей, стилистической дифференциации и тому подобное. Проектирование уроков русского языка на текстовой основе содействует развитию коммуникативной компетентности ученика, целостному развитию всех составляющих ее частей – речевой, языковой, социокультурной деятельности. В процессе отбора текстов следует придерживаться таких критериев: уровень информативной насыщенности, соответствие психолого-возрастным особенностям учеников, актуальность, доступность, научность, социальная и культурная значимость, стилевая и стилистическая дифференциация, наличие высокого воспитательного потенциала, наполненность лингвоинформационными значимыми языковыми единицами в соответствии с темой урока. Приоритет предоставляется высокохудожественным текстам.

В соответствии с содержанием программы школы, ученикам можно предложить следующие задания:

Языковая компетентность

1. Сделать синтаксический разбор предложения. Начертить схему.

Но вот однажды, в оттепельный мартовский день, когда аэродром за одно утро вдруг потемнел, а пористый снег осел так, что самолеты оставляли на нём глубокие борозды, Алексей поднялся на своём истребителе.

2. Переписать текст, расставить знаки препинаний. Вставить вместо точек пропущенные буквы.

Тяж...лый в...дяной гул глушил всё. Я вижу как срываются в воду камни. А всплесков (не)слышу. Я вижу распевая широко раз...вают клювики горные овсянки и ч...чевица. Но песен их (не) слышу. Кричу сам ничего (не)слышно! Всё тон...т в обвальн... гул... воды в котором соединились и вой горн... ветра и рёв бури и громыхание грома.

3. Постройте предложение по схемам.

А: «П!»

«П, ? а, ? п».

Речевая компетентность

Подготовить сочинение рассуждение «Книга бумажная или электронная: история, современность и будущее».

Критическое мышление – необходимое условие развития молодого человека и его успешной адаптации в социуме. Для современного общества ценными являются те личности, которые умеют самостоятельно работать с информацией, всесторонне анализировать ее, предлагать и проверять гипотезы, строить доказательную базу, определять причинно-следственные связи, генерировать и воплощать новые идеи, убедительно, обоснованно выражать свои взгляды, проверять их в диалогах или дискуссиях, с уважением относиться к мнениям других людей, поддавать собственные мыслительные процессы рефлексии.

Литература

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 1.02.2010г.
2. Богданова, М. А. Технология критического мышления [Электронный ресурс] / М. А. Богданова. – Режим доступа: <http://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tekhnolog>
3. Халперн Д. Психология критического мышления. СПб.: Питер, 2005.
4. Шакирова Д. М. Теоретические основания концепции формирования критического мышления // Педагогика, 2001.

ӘОЖ 371-058.862

ОТБАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Әбішева Л.П., Ортаева А.С.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается методика социально-педагогической работы с семьей

Summary

The article deals with the methodology of social and pedagogical work with the family

Отбасы - бұл әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топтардың сипаттарына ие күрделі әлеуметтік жүйе. Бірге тұратын, өзара жақын және жауапты, бюджеттері біртұтас, халықтың физикалық көбею функциясын атқаратын қоғамның алғашқы ұяшығы отбасы.

Қоғамның әлеуметтік институты ретінде отбасы әлеуметтік нормалардың, мінез-құлық үлгілерін, ерлі-зайыптылар арасындағы, басқа жақындар арасында өзара қарым-қатынас кестесін көрсетеді. Осыған байланысты ол адамға туғаннан бастап өлгенге дейін үлкен ықпалын тигізеді, бірақ оның ролі әсіресе адамның психологиялық, эмоционалдық-еріктік, рухани-адамгершілік негіздері қалыптасып жатқан өмірінің алғашқы кезеңдерінде өте басым. Сонымен қатар отбасы қоғамның даму деңгейіне тәуелді, оның проблемаларын бейнелейді.

Шағын әлеуметтік топ ретінде отбасыға түрлі өмір кезеңдерінде өзгеріп отыратын қоғамдық мақсаттардың қатары тән: қызығушылықтағы, отбасы мүшелерінің қажеттіліктері мен ұстанымдарындағы шағын айырмашылықтар. Сондықтан, отбасының ұзақ та бақытты өмір сүруі ерлі-зайыптылар және басқа да отбасы мүшелері бір-біріне қалай көмектесетіндігі, түсінетіндігі, қиындыққа қарсы бірлесіп күресетіндігі, шыдамдылық танытатындығына байланысты.

Отбасының потенциалын анықтайтын оның *интегралдық сипаттарына* психологиялық денсаулық, функционалдық-рольдік кеілсушілік, әлеуметтік-рольдік адекваттылық, эмоционалдық қанағаттанушылық, микроәлеуметтік қатынастағы бейімдеушілік, ұзақ отбасылық өмірге ұмтылыс жатады.

Отбасындағы маңызды роль қарым-қатынасқа бөлінеді. Оның құрамды бөліктері: *коммуникативтік* (ақпарат алмасу); *интерактивтік* (өзара әрекетті ұйымдастыру); *перцептивтік* (партнерлердің бір-бірін қабылдауы). Өйткені шындық өмірде адамдар арасындағы қарым-қатынас түрліше құрылады, отбасылардың тіршілік етуінің түрлі варианттары болуы мүмкін.

Егер отбасында ата-ана мен балалардан басқа да жақындар (ерлі-зайыптылардың ата-анасы, олардың іні-ағалары, апа-қарындастары, немерелері) болса ондай отбасын кеңітілген деп атайды. Отбасылар балалардың болу-болмауы және олардың санына байланысты бөлінуі мүмкін: *баласыз, бір балалы, көпбалалы және аз балалы отбасылар*.

Отбасылық міндеттердің бөлінуіне және кім көшбасшы болуына байланысты отбасының *үш типі* бар.

1. *Дәстүрлі (патриархалдық) отбасы*. Мұндай отбасында кем дегенде үш ұрпақ өмір сүреді және көшбасшылық роль үлкен ер адамға беріледі. Балалар мен әйелдер еріне экономикалық тәуелді, ер және әйел адамның міндеттері нақты бөлінген, ерадам басшы.

2. *Дәстүрлі емес (эксплуататорлық) отбасы*. Көшбасшылық ер адамға берілумен, ер және әйел адамның міндеттерінің нақты бөлінуімен қатар әйел адамға ер адаммен қатар қоғамдық жұмысты атқару бекітіледі. Мұндай отбасыларда әйелдерге түсетін күштің көптігіне байланысты прблемалар кешені пайда болуы мүмкін.

3. *Эгалитарлы отбасы* - отбасы міндеттерді ерлі-зайыптылар және басқа да мүшелер арасында тең бөледі, эмоционалдық қатынас сенімге, сыйластыққа құрылады.

Әлеуметтік жұмыстың *диагностикалық* бағытын бөліп көрсетуге болады:

Диагностика отбасы және оның мүшелері туралы ақпарат жинақтайды, талдайды, проблеманы анықтайды.

Отбасын диагностикалау - әлеуметтік қызметкерден төмендегідей принциптерді сақтауды талап ететін, қиын да жауапты процесс:

- объективтілік, алынатын ақпараттың өзара бірін-бірі толықтыруы және тексеруі;

- *клиентоцентризм* (проблемаға клиенттің қызығушылығына сәйкес қарау);

- *конфиденциалдық*, әдістер мен әдістемелердің адекваттылығы;

- клиенттің жеке өміріне араласпау құқығын сақтау және ұсынылатын әрекетке оның реакцияларының мүмкін болатын варианттарын алдын-ала көру.

Отбасын диагностикалау - ойластырмаған іс-әрекет пен қорытындылар жасамауды талап ететін ұзақ процесс.

Отбасындағы жағдаяттың дамуын диагностикалау үшін мынадай зерттеу әдістері қолданылады: *бақылау, әңгімелесу, анкеталау, тестілеу*. Шешім қабылдау, түзету бағдарламаларын жасауға *икалалық, үлестірме қағаздық, проективті, ассоциативті, экспрессивті әдістемелер* көмегін тигізеді.

Көптеген пайдалы ақпараттарды маман отбасы, оның мүшелеріне қатысты *өмірбаяндық және құжаттарды талдау әдістері* арқылы ала алады.

Алынған диагностикалық материалдардың негізінде оның мүшелері, жастары, ата-аналары мен балаларының білімдері, олардың мамандықтары, ерлі-зайыптылардың жұмыс орындары, отбасы кірістері, денсаулық жағдайлары, тұрмыстық жағдайлары, отбасындағы өзара қарым-қатынастағы негізгі проблемалар туралы мәлімет көрсетілген *отбасының әлеуметтік картасын* құрастыруға болады. Бұл картада мүмкіндігінше отбасының экономикалық дамуына болжау жасау, көмек вариантын (жедел, тұрақтандырушы, профилактикалық) ұсыну және реабилитацияның қажеттілігін аргументтеу керек. Картаны толтыруға әлеуметтік-педагогикалық паспорттағы мәліметтерді пайдалануға болады.

Егер мынадай сипаттарға ие болса отбасы жағдайы нашар деп есептеледі: өзін-өзі төмен бағалау, мінез-құлықтың стереотиптілігі, әлеуметтік байланыстардың шектеулігі және өзіндік ерекшелігі, олардың таңдамалылығы және тарлығы. Яғни, жағдайы нашар отбасыға белгілі уақыт аралығында дестабилизациялаушы отбасыдан тыс және отбасыишілік факторлардың ықпалына қарсы тұра алмайтын отбасылар жатады.

Мұндай отбасыларда тұлғаның культы басым, әркімнің назары өзіне бағытталған, қарым-қатынас шеңбері тұрақты емес, отбасындағы кейбір мүшелердің қажеттіліктері орындалмайды.

Мұндай отбасыларда түрлі проблемалар болады. Мұндай отбасыларды былайша бөлуге болады:

ата-аналық міндеттер атқарылмайтын, жақын адамдарды аморальды іс-әрекетке тарту болатын, отбасы мүшелерімен қатал қарым-қатынас жасайтын, отбасы мүшелерінің, әсіресе балалардың денсаулығына қауіп төндіретін *қылмыстық* отбасылар;

ерлі-зайыптылар, ата-ана мен балалар, аға-іні-апа-сіңлі арасындағы өзара қарым-қатынаста қиыншылықтар бар және дамып отыратын *дау-жанжалды* отбасылар;

сырттай жағдайы жақсы болғанымен, балалардың мінез-құлқында түрлі девиациялар көрінетін *педагогикалық қалыптаспаған* отбасылар.

Аралық топтарға әлеуметтік қауіп тудыратын отбасылар бар. Егер олар уақытында көмек алмаса олар жағдайы нашар отбасына айналады. Олар объективті және субъективті себептерге байланысты қиындық жағдайында болады және мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесінің қолдауын қажет етеді. Оларға толық емес және көпбалалы отбасылар, мүгедектері бар, асыранды балалар, өмірге жарамсыз ата-аналар бар, қашқындар отбасылары жатады.

Әлеуметтік қызметкердің мұндай отбасылармен практикалық іс-әрекетінің үрдісі *диагностикалық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік кезеңдерден* өтеді.

Диагностикалық кезеңде арнайы кесте бойынша отбасының материалдық мүмкіндіктері және тұрмыс жағдайлары, эмоционалды-психологиялық климат, білімдік, жалпы мәдениеттік деңгейі, бос уақытты өткізу сипаты, міндеттерді және рольдерді бөлу, өзара біріккен іс-әрекетті ұйымдастыруы зерттеледі, сонымен бірге тұтас отбасының және оның мүшелерінің проблемалары анықталады.

Ұйымдастырушылық кезеңде отбасы мүшелерінің жағдаятты және ресурстарды бағалауға, көмектесуші бағдарламаларды жобалау және адаптациялауға, отбасы-тұрмыстық біріккен еңбекті ұйымдастыруға, қарым-қатынасты дұрыстау, ішкі және сыртқы байланыстарды орнатуға тартуға жағдай жасалады. *Коммуникативтік кезеңде* қалыптасқан біліктілік пен дағдылар қолдау табады, қолданылатын құралдар кеңейтіледі. Осылайша, мұндай отбасылармен жұмыс өмір іс-әрекетінің дағдыларына оқыту супервизиямен (патронаж) біріктірумен ерекшеленеді.

Дистантты отбасылар да, яғни ата-аналары вахталық әдіспен жұмыс істейтін, ұзақ уақытқа іссапарға шығатын, ересектер не ата-аналары дәстүрлі емес режимде жұмыс жасайтын отбасылар да қолдауды қажет етеді. Оларға өмірлік маңызды құндылықтарға көзқарастардың келіспеушілігі, эмоционалдық алыстау, бос кінәлау, көп уақыт болмағаннан кейін әдеттенудегі күрделілік тән. Мұнда көбіне кеңес беру өте қажет. Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жұмыстағы негізгі мақсаты – отбасына, клиентке өмірлік жағдаятты өзгертуге қол жеткізуге көмектесу, қызметтер потенциалы мен мамандардың әрекеттерін координациялау.

Әдебиеттер

1. Тасжүрекова Ж.Т. Әлеуметтік педагогтың іс-әрекетін ұйымдастыру [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Ж.Т. Тасжүрекова. - Алматы: Отан, 2015. - 264б.
2. Игибаева А.К. Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: оқу құралы / А.К. Игибаева [ж.б.]. - Алматы: Эверо, 2016.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН МІНЕЗ- ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мамбетова А.Т. аға оқытушы, Сарман М.П. оқытушы,

Тоқтасынова А.Ғ. оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены теоретические основы проблемы социально ориентированного поведения. Авторы описали, насколько социально-культурная направленность проявляется в том, насколько человек на данном этапе исторического развития удовлетворяет насущные потребности общества и насколько человек способен взять на себя ответственность за будущее своей страны. В личном контексте социальная ориентация проявляется прежде всего на высоком уровне общественной активности, направленной на самообразование в соответствии с поставленными целями и направленной на изменение внешней экологической и социальной среды.

Summary

The article deals with the theoretical foundations of the problem of socially oriented behavior. The authors described how socio-cultural orientation is manifested in the extent to which a person at this stage of historical development meets the urgent needs of society and how much a person is able to take responsibility for the future of his country. In the personal context, social orientation is manifested primarily at a high level of social activity aimed at self-education in accordance with the set goals and aimed at changing the external environmental and social environment.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын өз халқына арналған биылғы Жолдауында адамдардың дұрыс мінез-құлқының дамуына баса назар аударды. Бүгінгі күнде әлеуметтік, саяси нормалар саласы үлкен өзгерістерге ұшырауда. Әр қоғамның әлеуметтік, саяси норма туралы өз түсінігі бар, демек, девиация туралы да өз түсінігі бар деген сөз. Сонымен бірге әлеуметтік, саяси нормалардың сол қоғамдағы әртүрлі таптар мен топтарға тән айырмашылығы да баршылық [1].

Әлеуметтік психологияда жеке тұлғаны зерттегенде әлеуметтік бағдар проблемасы маңызды орын алады. Егер де әлеуметтену процесі – жеке адам әлеуметтік тәжірибені қалай игереді, оны белсенді түрде қалай қайта жаңғыртатынын ғана түсіндірсе, жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарын қалыптастыру – осы игерілген әлеуметтік тәжірибені жеке тұлға қалай пайдаланады, оның нақты іс-әрекеттері мен қылықтарында ол қалай көрінеді деген сұрақтарға жауап береді.

Тек осы механизмді зерттеу нәтижесінде ғана адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеті нақты түрде қалай реттелініп отыратынын түсіндіруге болады. Алдымен жеке тұлғаны іс-әрекетке итермелейтін қажеттіліктер мен мотивтерді талдау қажет. Жеке тұлғаның жалпы теориясында, нақ осы қимыл-әрекетке итермелейтін қажеттіліктер мен мотивтердің арақатынасының ішкі механизмдері қарастырылады. Дегенмен осы жағдайда мотивті таңдаудың өзі немен анықталатыны белгісіз болып қалады. Бұл сұрақ екі жақты:

1) белгілі бір жағдайларда адамдар неге бұлай, немесе солай істейді;

2) және де нақты мотивті таңдағанда нені басшылыққа алады?

Мотивті таңдауды белгілі деңгейде анықтайтын ұғым – *әлеуметке бағдар ұғымы*.

Әлеуметке бағдарланған мінез-құлық - негізінде басқа адамға қызығушылық жататын бос уақытты ұйымдастыру жүріс-тұрысы. Бұл қызығушылықты жүзеге асырудың негізгі формасы - қоғамдағы осы немесе басқа «ресми» рөлге (бірінші кезекте, өндірістік рөлдерден, міндеттерден бастап) тәуелді емес бейресми қарым-қатынас. Бұл ұйымдастырушылық қоғамдастықтың пайда болуына және өзін-өзі сақтауына, адамдарды біріктіретін, олардың әлеуметтік-мәдени өзін-өзі тануына кепілдік беретін негізгі «фермент» бағыты[2, 126 б.].

Кейбір ғалымдардың (әлеуметтік психолог) көзқарасы бойынша, бағдар, әлеуметке бағдар, құндылық бағдар, әлеуметтік таптауырын (стереотип), жеке тұлғаның әлеуметке бағдарлануы деген ұғымдар иерархиялы түрде былай байланысады:

а) әлеуметке бағдар – қажеттілік, орта және әлеуметтік күтінулердің бірлестігінің негізінде қалыптасатын әлеуметтік объектілерге деген *бекітілген бағдар*. Әлеуметке бағдардың негізінде қоғамның (топтың) бұрынғы тәжірибесі және индивидтің жеке тәжірибесі жатады. Әлеуметтік бағдар объектіге деген көзқарасты да қамтиды. Көзқарас әрқашанда бағалау ретінде көрінеді: қолдау – қолдамау — екі ұштылық;

ә) құндылық бағдар — субъекті мен қоғам үшін маңызды құндылыққа бағытталған әлеуметтік бағдар – қоғамның материалды объектісі немесе рухани мәдениеті;

б) құндылық бағыт- жеке тұлғаның құндылық бағдарларының жүйесі, жеке тұлғаның құндылықтарға деген таңдамалылық көзқарасын сипаттайды. Ол иерархиялы түрде ұйымдасқан белгілі құрылым ретінде болады және де адамның бағытталығын анықтайды;

в) әлеуметтік таптауырын – қандай да болмасын міндетті түрде эмоциялық көріністер бар кез-келген бір әлеуметтік объектіге (құбылысқа) бағытталған бағдарлар кешені[3, 55 б.].

Тұлғаның әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыруда әлеуметтік белсенділік маңызды рөл атқарады. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру және дамыту мәселелері келесі аспектілерде қаралды: әлеуметтік шындықты тану процесінде (С.А.Козлова), еңбек қызметі жағдайында (Е.А. Шанц) [4, 101 б.].

Әлеуметке бағдарланған мінез-құлық мәселесі экономикалық (А Волохов, В.Ф. Богачев, С.Н. Калюгин, А.М. Киселев, А.А.Котелников, Н.И.Митеева, А.Н. Петрова), әлеуметтанулық (А Богданов, С.Ю. Иванов, О.Ю. Сухин), педагогикалық және психологиялық (Т.Н.Бабаева, Н.Ф. Голованова, Р.Г. Казакова, С.А.Козлова, Л.И. Сайгушева, Д.И.Фельдштейн) зерттеулерде қарастырылды. [5, 141 б.].

Мәселен, А.М. Киселева әлеуметтік мінез-құлықтың жеке қасиеттерінің көрінісі болып табылады, адам қызметінің басқа түрлері оған байланысты немесе оған байланысты деп атап өтті.

А.А. Котелников, Н.В. Митяева әлеуметке бағдарланған мінез-құлық ретінде адамның әртүрлі қамқорлыққа деген қажеттілігін ішкі сезім ретінде түсінеді.

Адам ресурстарын басқару тұжырымдамасында (Ю.П. Алексеев, М.Г. Анохин, А.М.Бабич, Е.В Балацкий, Ю.Е. Благов және басқалар) әлеуметтік бағдарлы басқаруға үлкен көңіл бөлінеді, онда адам әлеуметтік ұйымның элементі ретінде компоненттердің бірлігі: еңбек, әлеуметтік қатынастар, жұмыс ортасының жағдайы, еңбек жағдайлары қарастырылады [6].

Әлеуметке бағдарланған тұғыр негізі (С.Ю. Иванов) - бірыңғай аймақты қалыптастыру; пайда болған субъект-субъектілік өзара әрекеттесу сипаттамаларына, жұмыс топтары мен командалардың қажеттіліктері мен мүдделеріне, қолданылатын әлеуметтік басқару механизмдеріне байланысты әлеуметтік әсер ету [6, 203 б.].

Г.С. Абдирайымова, З.С. Айдарбеков, М. Маульшариф, Т.А. Морозова жұмыстары идеологиялық нанымдардың, әлеуметтік-саяси және құндылықтың бағдарланудың, өзін-өзі танудың, құқықтық әлеуметтенудің мәселелеріне арналған. Л.И. Истелеуова, М.С. Садырова зерттеулері жастардың әлеуметтік және кәсіби бағыттылығы мәселелеріне арналып, айтарлықтай маңызға ие. Көптеген қазақстандық зерттеушілердің зерттеу пәні - Р.К. Аралбаева, К. Нұров, А. Құсайынов, О. Сабден және басқалар білім беру мәселелері болды [7, 7 б.].

Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуына ықпалын тигізетін ықтимал жағдайлар мен факторлардың арасында оқушыларды әлеуметтендіру-жекешелендіру үдерісімен қамтамасыз ететін білім беру кеңістігі ретінде алдағы өмірге дайындықта ерекше назар аудару керек.

Бұл жұмыста оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқы өлшемдері болып табылатындар:

тұлғалық - баланың өзіне деген көзқарасы, оның әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасында көрінісі;

мотивациялық - баланың әлеуметтік маңызды қажеттіліктерге негізделген мотивтер мен еріктілердің ықпалымен көрінетін, баланың әлемге белсенді және практикалық бастамашыл қатынасы;

операциялық - баланың әртүрлі жағдайларды тану қабілетіне ие болуы, мінез-құлық ережесін оқшаулау, өздерінің әлеуметтік тәжірибесіне сүйене отырып, ережеге сәйкестендіруге және оның бұзылуына байланысты мінез-құлықты саралауға қабілеті;

коммуникативті - баланың ересек адамның тапсырмалары мен талаптарына сәйкес өз мінез-құлқтарын қалыптастыру, құрдастарының эмоционалдық күйін ажырату және қарым-қатынас процесінде оған назар аудару, жалпыға

бірдей қабылданған нормаларға негізделген қиындықтар жағдайында ересектерге және құрдастарына көмек көрсету;
эмоционалды - баланың мектепке барудың түрлі жағдайларына эмоционалды қатынасы.

Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру психологиялық жағдайлардың кешенін жүзеге асыруға ықпал етеді:

мектепте психологиялық жағынан қауіпсіз ортаны құру, әрбір оқушының оқыту процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

оқушыларға арналып, мектептерде енгізілген жеке тұлғаны дамытуға психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру, қарым-қатынас, таным, белсенділік және мінез-құлық үшін әлеуметтік маңызы бар себептерді қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Бүгінде тәрбие тек оқушыға белгілі бір қасиеттерге ғана емес, білім беру қажеттіліктерін саналы таңдау, жаңа білім алу, коммуникативтік дағдыларды меңгеру, сыртқы әлеммен белсенді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қалыптастыруға бағытталуы керек. Әлеуметке бағдарланған тұлғаны тәрбиелеудің мәні педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасында жатыр, сол кезде оқушының тұлғасы өзгереді. Әртүрлі жағдайларда өзара әрекеттесудің сипаты: кейбір жағдайларда өзара әрекеттесу педагогтың оқушыға әсер етуі және соңғы жауапты болуы, басқа жағдайларда, бұл құнды қатынастардың пайда болатын жүйелері негізінде белгілі жеке қасиеттерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін бірлескен, мақсатты қызмет, үшіншіден, педагогтың оқушының өзіндік білім алуына жағдай жасауы; төртіншіден, педагог пен оқушы тұлғаларын жақсартуды қамтамасыз ететін педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасында өзара әрекеттеседі.

Өзара қарым-қатынас сипаты әлеуметке бағдарланған тұлғаның сапасын, құндылық бағдарларының жиынтығына, жеке көзқарастарына, әртүрлі қабілеттеріне, базалық білімге ие, өзгертін қоғамда үйлесімді түрде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін адамның әлеуметке бағыттылығы көрсеткіші ретінде анықтайды.

Әлеуметтік және мәдени тұрғыда әлеуметке бағыттылық адамның тарихи дамудың осы сатысында қоғамның өзекті қажеттіліктерін қаншалықты қанағаттандыратынын, адамның өз елінің болашағы үшін жауапкершілікті қаншалықты ала алатындығынан көрінеді. Жеке контекстте әлеуметке бағдарлау, ең алдымен, қойылған мақсаттарға сәйкес және сыртқы экологиялық және әлеуметтік ортаны өзгертуге бағытталған өзін-өзі қалыптастыруға бағытталған қоғамдық белсенділіктің жоғары деңгейінде көрінеді. Жеке өмірлік күштерін тиімді пайдалану және жеке ресурстарын әлеуметтік және кәсіби дамыту процесінде кеңейту үшін дағдылары мен қабілеттерін, негізгі құзыреттіліктерін құрайтын жеке тұлғаның әлеуметке бағдарлануын қалыптастыру және дамыту бүгінгі күні оқушыларға әлеуметтік сипатта бағдар беруге мүмкіндік береді.

Жеке адам көп сатылы құрылымға ие. Осыдан оқушы тұлғасы психологиялық, құрылымының ең жоғарғы да жетекші деңгейі қажеттілік себеп аймағы жеке адамның бағыт-бағдарынан, соның қоғамға, басқа тұлғаларға, өзіне қатынасынан және қоғамдық еңбектік міндеттерінен туындайды. Сонымен бірге, мектеп оқушысы үшін мәнді құбылыс тек оның ұстанған бағыттары ғана емес, оның өз қатынас мүмкіндіктерін іске асыру қабілеті де үлкен маңызға ие. Ал, бұл өз кезегінде адамның іс-әрекеттік икемділігіне, оның қабілет, білімі және ептілігіне, көңіл-күй, еріктік және ақыл-ой сапаларымен байланысып жатады. Яғни, оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру объектіге деген әлеуметтік-педагогикалық ықпал етуді де қамтып, қажет етеді.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

Психология и педагогика социального воспитания: Материалы научно-практической конференции, посвященной 70-летию со дня рождения А.Н. Лутошкина. – Кострома, 2005. – С. 124–130.

Фельдштейн Д.И. Психология взросления: структурно-содержательные характеристики процесса развития личности: Избранные труды. – 2-е изд. – М, 2004.

Фет А. И. Инстинкт и социальное поведение. / 2-е изд.— М.: «Сова», 2008.

Воспитание социально-ориентированной личности Сборник научных статей. Казань: ИППО РАО, 2005 г. - 5 п.л.

Социальная активность молодежи Казахстана в современных социально-политических реалиях. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 168 с.

ББК 74.00

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілеуова С.С. п.ф.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В XXI веке одной из доминирующих тенденций развития информационного общества является глобальная информатизация. В настоящее время наблюдается лавинообразный процесс развития информатизации, который характеризуется в первую очередь широким внедрением современных информационных технологий в различные сферы человеческой деятельности. Информационно-коммуникационные технологии сейчас широко используются в сфере воспитания и образования подрастающего поколения от детских садов до университетов. Электронное обучение направлено на обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям.

Summary

In the XXI century, one of the dominant trends in the development of the information society is global informatization. Currently, there is an avalanche-like process of development of informatization, which is characterized primarily by the widespread introduction of modern information technologies in various spheres of human activity.

Information and communication technologies are now widely used in the field of education and upbringing of the younger generation from kindergartens to universities. E-learning is aimed at ensuring equal access of all participants in the educational process to the best educational resources and technology

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктеріне негізделген ғаламның тенденциялары мамандардың кәсіби даярлығына жаңа талаптар қоюда. Болашақ мамандарда желілік әлемдегі кәсіби қоғамдастықтарда шектеусіз инфокоммуникациялық өзара байланысуына, желілік саясат пен экономика жағдайында өзін-өзі актуализациялауға мүмкіндік болуы қажет.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жоғары білімді ақпараттандыру оқу орындардың электронды инфраструктурасы мен локальды және глобальды желілердің ақпараттық көздердің таралуына негізделе отырып, кәсіби даярлау парадигмасын қайта қарауға объективті шарттар анықталып отыр. Жаңа инфокоммуникациялық өзара байланыс парадигмасы кәсіби даярлық процесі барысында студенттердің дербес кәсіби дамуының траекториясын жасауға, жаңа идеялар мен жобалады туындатуға мүмкіндік жасайды.

Білім жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу тұлғаның бәсекелестігінің қалыптастырудың негізгі факторлары болып табылады және де оның ғаламдық қоғамдастыққа енуімен анықталады.

Тәжірибе көрсеткендей, ғаламдық ақпараттық кеністікте шамамен 100 миллион адам білім алады, олардың санын күннен күнге артып келеді. Білім беру қызметі әлемде негізінен локальды және ғаламдық желіні пайдалану арқылы көрсетіледі. Түрлі болжамдар бойынша әлемдік білім беру желілік технологиялар арқылы жүргізіледі

Мамандарды даярлау процесінде АКТны пайдалану білім субъектілерінің желілік қарым қатынасты ұйымдастыру қажет етеді, осы орайда кәсіби білім беру субъектілерінің инфокоммуникациялық өзара қатынас парадигмасын қайта қарастыру қажет.

Парадигма деп нақты ғылыми зерттеуді анықтайтын теориялық және методологиялық жағдайлардың жиынтығын айтамыз, арнайы қызметтің нақты зерттеу ғана емес, сондай-ақ, практикалық міндеттерін шешу үшін пайдалануға бағытталған. Инфокоммуникациялық өзара қатынас парадигмасы дегеніміз қазіргі заманғы локальды және ғаламдық желі жағдайында байқалатын кәсіби қатынас жолын айтамыз. Олар желілік даярлықты өзін өзі актуализациялау заңдылықтары, мақсаттық сәйкестікті ұғыну, контексті ситуативті шарттылық және білім субъектілерінің интеллектуалдық белсенділік заңдылықтарымен

нақтыланады. Ақпараттық-коммуникациялық өзара қатынас төмендегі принциптермен анықталады:

- Кәсіби өзін актуализациялау,
- өз өзін бағыттау,
- кәсіби желі қоғамдастықтың мүшелерінің бірігуі,
- ақпаратты дербес қабылдау,
- бірлескен қызметке шығармашылық қатынас,
- маманның дербес дамуы мен кәсіби қызметтегі жетістіктерінің байланысы,
- ашықтық,
- кәсіби іс әрекеттердің тиімділігі, ынтымақтастық негізінде бейимдік қатынас,
- өзін өзі бағалау.

Болашақ мамандардың желілік даярлығының теориялық үлгісі мына критерийлермен анықталады: желілік қоғамдастыққа құндылық бағдар, желілік саясат пен экономикаға құндылық бағдарлану. Желілік қоғамдастыққа құндылық бағдарлану тұлғаның желі әлемін өркениеттің жаңа үлгісі ретінде ұғынуымен байқалса, сонда ғана өзін өзі желідегі тұлға ретінде сезінеді. Жаңа әлемдік құрылымды кәсіби қоғамдастықтардың өзара қарым қатынсты орнату формасы ретінде ұғыну маманның коммуникациялық кеңістікті басқа жаңа деңгейде қызыға қарауға және сол жаңа формаларды пайдалануға құштарлықты арттырады.

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын (ОКҚ) жасау және пайдалану. Оқу процессінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақ тары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және басқа да ОКҚ-лар кеңінен қолданыс табуда. ОКҚ-ны білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайданылады. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде белсенді пайдаланылуы оның нақты педагогикалық есептерді шешуге арналған құралы қызметін атқаруымен қатар, дидактика мен әдістеменің дамуына әсер етіп, оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын құруға алып келеді. Білім беруді ақпараттандырудың маңызды факторы Интернетке шығу болып саналады. Интернет – бұл дүниежүзіндегі компьютерлер мен серверлер жиынтығы, ал қол жеткізуге болатын ақпарат көлемін тіпті бағалаудың өзі қиынға түседі. Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер ғаламдық деп аталады. Интернет – миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге бірік-тіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі.

Электронды оқулықтардың, дәстүрлі қағаз кітаптардан айырмашылығы «жанды» болып келеді және педагогика ғылымдарының негізін салушы Ян Амос Коменский тұжырымдаған: «Барлық мүмкін деген нәрселерді қабылдауды сезіммен жүзеге асыру керек, атап айтқанда: қабылдау үшін көруді, көзбен; естуді есту қабілетімен; иістерді иіс түйсігімен; дәмге тиістіні дәммен; түйсікке қатыстыны түйсіну жолымен. Егер қандайда болмасын затты бірнеше сезіммен қабылдау керек болса, бірнеше сезімді салу» дидактиканың алтын ережелеріне сәйкес келеді.

Сонымен ОКҚ-ның дидактика мен әдістеменің жаңа қырынан дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, ОКҚ-ны оқу процессінде пайдалану негізінде

- оқытудың сапасы артады;
- оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге кететін шығындар азаяды;
- оқытушылардың оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау алу, тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс-әрекетке (ғылыми-ізденіс және әдістемелік мәселелерді шешу, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау т.с.с.) көшуіне алып келеді;
- оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерістеріне қарай оқу процесін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыруды жеделдетеді.

Осы айтылғандардан қазіргі уақытта білім беру жүйесінде дәстүрлі құралдарға қарағанда ОКҚ қолдану қажеттігі артып келе жатқандығын көруге болады. Сондай-ақ, ОКҚ-ны дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдармен үйлестіре қолданудың тиімділігін практика көрсетіп отыр. Дегенмен, ОКҚ компьютерсіз оқыту құралдарын толығымен алмастыра алмайды. Шындығында ОКҚ дәстүрлі құралдардың тиімді тұстарын ала отырып, оқытудың жаңа сапалық деңгейіне алып келеді.

Электрондық оқулық — мультимедиялық оқулық, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады.

Электронды оқыту бейне, аудио, мультимедиа технологиясы мен олардың әр түрлі комбинацияларын енгізуге байланысты болып отыр.

Электронды оқытудың негізгі мәселелері ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде ақпараттық білім беру ортасын құру және оны тиімді пайдалану болып табылады.

Электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады.

Электронды оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: "Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін

дамыту". Білім берудің кез келген саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Электронды оқытудың технологиялық құралдарын былайша топтастыруға болады:

1. Аппараттық құралдар, мультимедиялық бағдарламалар және Интернет.
2. Электронды оқытуды әзірлеудің бағдарламалық құралдары.
3. Оқу үрдісін басқарудың ақпараттық жүйесі.

Білім беру мекемелерінде пәндерді оқытуда ақпараттық – коммуникативті технологияны жүйелі қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймайды, оның логикалық ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Оқушы ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады.

Мультимедиялық қосымша материалдар - презентациялар (сызбалар; кестелер; графиктер; бейнефильмдер) оқу материалының толық баяндалуына үлкен үлес қосады:

- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- өзіндік бақылау жүйесі;
- мәтіндік үзінділермен жұмыс істеу жүйесі;
- әдістемелік нұсқаулар;
- терминдік сөздер;
- қысқаша конспектілер.

Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады:

- Оқушылардың өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне, әсіресе құбылыстарды зерттеуге, басқаруға мүмкіндік береді;

Компьютерлік өнімдер, оның ішінде оқыту программалары мен электронды оқулықтар саны жылдан-жылға көбеюде. Алайда, осы күнге дейін электронды оқулық қандай болу керек және қандай функциялар оның міндеттемелеріне айналу керек деген мәселе шешуін таппай отыр.

Электрондық оқулықтарды даярлаудың тиімді құралдары. Олар:

- дәстүрлі алгоритмдік тілдер;
- жалпы мақсаттағы инструментальді құралдар;
- мультимедиа құралдары;
- гипертекстік және гипермедиалық құралдары;

Ал, электрондық оқулықтың жұмыс істеу режимдеріне тоқталсақ, электронды оқулықтың негізгі үш жұмыс істеу режимі бар:

- бақылаусыз оқыту;
- бақылаумен оқыту
- тестік бақылау.

Мұндағы бақылаумен оқытуда материалды игеру деңгейін анықтау мақсатында әрбір тараудың соңында оқушыға бірнеше сұрақтар берілсе, тестік бақылауда баға қою арқылы білімді тексереді.

Қазіргі кезде оқулықтарға қойылатын талаптар: берілетін материалды құрылымдандыру, пайдалану ыңғайлылығы, материалдың мазмұнының көрнекілігі. Жоғарыдағы айтылған талаптарды қанағаттандыру үшін гипертекст технологиясын қолданған дұрыс. Оқытудағы негізгі мәселелердің бірі білімді бақылау болғандықтан, электронды оқулық құрамында бақылау құралы қамтамасыз етілу міндетті.

Әдебиеттер

Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования. – Алматы. РЦИО, 2004 – 311с.

Кларин М.В. Инновации в обучении. — М.: Наука, 1997.

Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. — М., 1991.

Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқББҚу орындарында қолдану - Алматы, 2009, - 328 бет

С.С.Тілеуова Жоғары мектеп педагогикасы. –Шымкент, 2006

УДК 378:811:37.035.6

БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Саймбетова Ж.Т. PhD,

Мыңбаева Н.Қ. магистр оқытушы.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В статье рассматривается актуальность проблемы формирования профессиональной компетентности будущих педагогов профессионального образования.

Summary:

The article considers the relevance of the issue of the formation of professional competence of future professional education teachers.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар қатарынан қалмай, болашақты оптимистік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей

алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз [1].

Республикамыздың саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол маман даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы жағдайында шаруашылық пен өндірістің әр түрлі саласында еңбек ететін жұмысшылар мен мамандардың кәсіптік біліктіліктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыруға үлкен зейін қойылып отыр.

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей - кәсіби құзыреттілік, жете білушілік ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, кәсіптілік, біліктілік, кәсіби мүмкіндіктер және т.б. түсініктерді біріктіреді. Д.И.Ушаковтың [2] редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары құзыреттілік және құзырет сөздерінің арасындағы айырмашылықтары дәлелденген.

Құзыреттілік – хабардар болушылық, абыройлық. Құзырет – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы. «Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы болашақ маманның білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады. «Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер деген түсінік берді. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзыретті білім беру» деп те атап жүр. Құзыреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне тікелей қатысты. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мәселелері туралы пікірлер отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде кәрініс табуда. Оқыту үрдісіндегі құзыреттіліктерге ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Құзыреттілік көзқарасқа сәйкес, жоғары білім беру мазмұнын құрылымдағанда мына бас қағиданы сақтау керек: оқу пәні мазмұны мен әдістемесі соңғы нәтижеге – маманды кәсіптік даярлауға бағытталу керек. Құзыреттерді меңгерген тұлғаларды анықтауды құзыреттілік көзқарасы деп атайды, сонда құзырет – ол нені жасай алады, қандай іс-әрекет тәсілдерін игерді деген мағына береді [3].

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы

жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі және педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық- педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының өз ісінің шебері, жақсы оқытушы болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Сонымен, педагогикалық қызметті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретіндегі педагогикалық технологияның негізгі функциясы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру және тұлға дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Педагогикалық технологияларды іс-тәжірибеде мұғалімдер іске асырады. Сондықтан мұғалімнің технологияның мәнін, оның ғылыми негіздерін білуі, оларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларына бейімдей алуы, оқу пәндерінің әдістемесі бойынша дербес технологияларды жасау білігі білім беру процесінің нәтижелі болуын ғана қамтамасыз етпейді, сонымен бірге педагогикалық технологиялардың әрбір жеке педагогтың кәсіби ойлауы мен іс-әрекетінің қалыптасуына орасан зор ықпал етеді.

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді.

Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады [4].

«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуы туралы мәселені зерттеу педагогика іліміндегі өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Елімізде қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық тұрғыда маманның кәсіптік білім жүйесін жетілдіру бағыттарында зерттеулер көрініс алуда. Олар теориялық әдіснамалық, кәсіптік бағыттылық,

психологиялық, гуманистік, мәдениеттанушылық т.б. әр түрлі деңгейлерде зерттелуде.

Болашақ кәсіптік оқыту мамандығының құзырлылығының қалыптасуы бұл құзырлылықты меңгеру мен қолдану кезеңдеріндегі іскерлік процесін қамтуы қажет. Сол іскерліктер байланысы оқытушылар мен студенттер арасында өзара ықпалдасу жүйесі арқылы жүріп отырады.

Жоғары оқу орнының білім алу жүйесіндегі маманның кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуын кәсіптік іскерлік пен дамуының кезеңдік міндеттерінен кәсіптік міндеттерді шешуге теориялық және практикалық мүмкіндігі мен дайындығының бірлігінен көрінетін нәтижеге бағытталған қозғалыс циклдері деп айтуға болады.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей міндеттерді атап көрсетуге болады:

гуманитарлық іскерліктің ерекше саласы ретінде білім саласы туралы біртұтас түсінігіне ие болу;

психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-гуманитарлы ғылымдарының ғылыми негіздерін білу;

әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен үрдістерін ғылыми талдай білу және кәсіби, педагогикалық, қоғамдық қызметте әр түрлі ғылымдардың қазіргі әдістерін қолдана білу;

өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу;

оқу үрдісі мен кәсіптік қызметте компьютерлік және оргтехниканы қолдану дағдыларының болуы;

оқу-тәрбиелеу үрдісінде қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларының болуы;

білім мен кәсіпорын саласында, ақпараттық технологияларды қолдану саласында, оқу үрдістерімен басқару саласында, мамандандыру бейіні бойынша өндірістік, кәсіптік оқыту саласында терең білімді болуы керек, т.б. [5].

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының даярлығын қалыптастыру мәселесінің теория мен оқыту практикасындағы зерттелу деңгейін талдау кәсіптік оқыту педагогының кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысып, астасып жататын ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, жобалау, ғылыми-зерттеу және білім беру даярлықтарын біріктіретін көп жақты жүйе болып табылатындығын көрсетіп, оны жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орталық Қазақстан. — 2013. — № 12, 13 (21438).

Ушакова Д.И. Толковый словарь . – Москва , 1965г.

Сарбасова Қ.А., Саймбетова Ж.Т. Болашақ маманның этностықмәдени құзіреттілігін қалыптастыру: «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық ғылымипрактикалық конференция материалдары (22-23 сәуір, 2016 ж.).– Түркістан, 2016. – Б.425-428.

Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: Пед. ғыл. д-ры ... автореф.: 21.05.05. — Қарағанды, 2005. — 40 б.
Әбілқасымова Г. Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіру: Автореф. ...пед. ғыл. канд.: 31.05.2008. — Қарағанды, 2008. — 27 б.

ӘОЖ 378.36

THE IMPORTANCE OF TEACHING CRITICAL THINKING

Оралбекова А. К., Хасанова Л. С., Шалқар Т. К.,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан.

Резюме

В этой статье рассказывается о важности развития критического мышления и технологии его формирования.

Түйін

Бұл мақалада критикалық ойлауды дамытудың маңызы мен оны қалыптастырудың технологиясы туралы айтылады.

Educational institutions, accrediting bodies, students and employers all agree: students need to develop better critical thinking skills. Critical Thinking is not just a “nice to have” skill in the 21st century, it is essential. We live in an age where we have more information at our fingertips than ever before and more opportunity to communicate with people across the globe. But how do we discern what information is correct, relevant and unbiased? How do we know when to accept what someone is saying, and when to question it?

Educational institutions, accrediting bodies, students and employers all agree: students need to develop better critical thinking skills. Modern-day access to instant answers means many of us are falling behind in our ability to ask the right questions or analyse the answers we get.

Critical thinking has been defined as the ability to:

- *ask the right questions
- *recognise the existence of problems
- *read between the lines
- *recognise implicit and explicit assumptions
- *identify relevant and irrelevant information in arguments
- *recognise bias in yourself and others.

Critical thinking is the foundation of strategic thinking, creative thinking, good judgement and good decision making. Good critical thinking results in the ability to draw the right conclusions more often. The good news is that there is substantial evidence showing that critical thinking can be improved with training.

Research also suggested that improving critical thinking ability has a knock-on effect in improving problem-solving ability, openness, creativity, organisation, planning and making the right choices in life.

There is currently a gap in critical thinking teaching at schools and our ability to apply this skill at university or in the world of work. In a recent survey of organisations critical thinking/problem solving was identified as the top skills gap for job applicants. On the flip side, school leavers recognise the important role critical

thinking plays in securing a job, but note that they didn't have enough opportunity to develop it in school.

How can schools give their students a competitive advantage in a tight job market? Educational institutions across the country are looking for solutions –new ways to teach critical thinking, measure student learning and demonstrate efficacy. The challenge is identifying the best practices and incorporating them into the curriculum on a systematic basis. Across most institutions, the majority of educators have not been formally trained in critical thinking, they do not know where critical thinking best fits into the curriculum or where to access quality educational resources and, as a result, they are not in the best position to teach others or to evaluate the most effective teaching models.

Here are some tips to teaching critical thinking skills and creating a critical thinking culture in your school and in your classrooms:

A common misconception is in the understanding of the term Critical Thinking. Many people think that critical thinking is simply about being critical of ideas and proposals. The first step to creating a critical thinking culture is to introduce the concept with a good definition.

Create a culture of critical thinking in your school where questioning is not only accepted but also encouraged at all levels including teachers and students. Provide opportunities for deeper learning (reflection, application, guided discussion).

Introduce “Socratic Questioning” into your school culture. Socrates established the importance of seeking evidence, closely examining reasoning and assumptions, analysing basic concepts, and tracing out implications. His method of questioning can be easily found through an internet search and is the best-known critical thinking teaching strategy.

Introduce a model or framework of critical thinking to organise and expedite learning. For example, the RED model of critical thinking put forward in the 1930s by two experts in the field, Goodwin Watson & Edward Glaser:

Recognise assumptions: This relates to the ability to separate fact from opinion in an argument.

Evaluate Arguments: This is the ability to analyse information objectively and accurately, question the quality of supporting evidence, and understand how emotion influences the situation.

Draw Conclusions: This is the ability to arrive at conclusions that logically follow from the available evidence.

Introduce assessments to measure the current levels of critical thinking in teachers and provide a development program for those who need support. The ability to teach critical thinking to students starts with teachers having a good understanding on the concept first.

The next steps involve identifying quality resources to support educators, reaching agreement on when and how to integrate critical thinking into the curriculum, and having much deeper discussions between corporations and educators

on what critical thinking looks like in the work setting. These actions will enable students to become well-prepared employees and citizens.

References:

- [1] Diane Halpern, PHD, 2003, American psychologist, psychology professor and past-president of the American Psychological Association
- [2] The ongoing impact of the recession series; @shrm.org.; Society for Human Resource Management; Mar 13, 2013.
- [3] 21st Century skills and the workplace: A 2013 Microsoft Partners in Learning and Pearson Foundation Study; Gallup, Inc., May 28, 2013.
- [4] Thinking Matters: Critical Thinking Is Crucial for Success by Stedman Graham, Huffington Post, Dec 13, 2014

ӘОЖ 378.36

THE IMPORTANCE OF ACTION RESEARCH IN TEACHER EDUCATION PROGRAMS

Оралбекова А. К., Төрехан Н. Ә., Мусакулова Ж. С.,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ, Қазақстан.

Резюме

В статье рассматривается роль практических исследований в системе образования. Описываются проблемы возникновения ограниченных возможностей у будущих учителей критически относиться к своей профессиональной практике. В профессии, которая становится все более сложной, потребность учителей, администраторов и школьных систем в участии в мероприятиях по профессиональному развитию постоянно возрастает. Методологией исследования в действии является системный, рефлексивный подход к решению проблем в системе образования.

Түйін

Мақалада білім беру жүйесіндегі практикалық зерттеулердің рөлі қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби тәжірибесіне сыни көзқараспен қарау үшін шектеулі мүмкіндіктер проблемалары сипатталған. Барған сайын күрделене түсетін кәсіпте мұғалімдердің, әкімшілердің және мектеп жүйелерінің кәсіби даму шараларына қатысу қажеттілігі үнемі артып келеді. Ис-әрекеттегі зерттеу әдістемесі білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудің жүйелі, рефлексивті тәсілі болып табылады

Due to the rapid development of technology in the modern world, the education system faces many challenges. New time gives many possibilities of transformations. Any innovation in the system requires a qualitative analysis and systematization. In teaching practice, a modern teacher sets as a main task the education of a worthy citizen of his country who will benefit our society in the future. On this basis, it can be noted that the goal of the teacher is to explain your subject as clearly as possible using modern teaching methods and innovative technologies.

Action research is a process of systematic inquiry that seeks to improve social issues affecting the lives of everyday people [1, p.30]. Historically, the term ‘action research’ has been long associated with the work of Kurt Lewin, who viewed this research methodology as cyclical, dynamic, and collaborative in

nature. Through repeated cycles of planning, observing, and reflecting, individuals and groups engaged in action research can implement changes required for social improvement. To extend this notion, Kemmis and McTaggart (1988) [3] view action research as a collaborative process carried out by those with a shared concern. Moreover, these authors suggest that action research is a form of collective reflective enquiry undertaken by participants in social situations in order to improve the rationality and justice of their own social or educational practices, as well as their understanding of these practices and the situations in which these practices are carried out.

Intentional Content is the third pillar and describes instructional decisions that must be made by the teacher. Those decisions contain what content to teach through video, and what materials students are permitted to investigate on their own. Hamden et al., (2013) declared that flipped educators use intentional content to take full advantage of classroom time with the intention of utilizing a variety of methods of instruction such as peer instruction, active learning strategies, problem-based learning, or master or Socratic methods, according to grade level and subject matter. If they keep on teaching adopting a teacher-centered approach, nothing will be achieved. (Hamden et al., 2013, p. 6).

The last pillar, Professional Educators, perhaps be the extremely important pillar it describes the importance of the role of the educators in the flipped classroom, even though their role is “less visibly prominent”. A flipped educator is required to decide when and how to shift direct instruction from a whole group of students to the individual learner. They must be aware of the methods of maximizing their time with students in the classroom (Hamden et al., 2013).

The pedagogical framework for flipped learning model comprises the emerging foundational component: the student is central to the learning, assisted by an active, blended learning environment that aims at providing an individualized, mastery

learning environment for every student, what one shifts within the classroom and what one flips out of the classroom. (Bruff, European 2013). The shift of the pedagogical paradigm from 20th Century thinking and practices to 21st Century teaching and learning practices, namely, from lecturer and giver of knowledge to facilitator and supporter one who is required to focus beyond traditional arrangements and focus more on the educational benefits of shifts.

Shifting from traditional practices contains the integration of technology into instructional practices. Blended learning environments partly include some online delivery of content and instruction and they provide the opportunity for students to have control over time, place, and pace of their own learning from classroom. This control over time, place, and pace with digital technologies creates opportunities for students to learn and to take responsibility for their own learning (Staker & Horn, 2012; Hamden et al., 2013). The flipped classroom is one model of this blended environment.

Due to the flipped learning model is based less on teaching and more on learning, so developing a flipped learning environment necessitate a shift from a teacher-centric environment to a student-centric learning environment. In this correctly structured environment, students are engaging with content, engaging with their classmates, and taking control over their own learning. (Hamden et al., 2013; Tomlinson, 1999).

The shift to student-centric learning environments requires new pedagogical practices other than often in traditional classes such pedagogical practices are individualized learning, differentiated learning, active learning, cooperative learning, collaborative learning, and mastery learning (Prince, 2004; Tomlinson, 1999). 10.4.4 Flipping content out The reversal of what classically happens in the classroom with what happens outside the classroom is the heart of flipped learning. Educators designate the “lecture” part of their content for students to watch outside of class time. Reversing instruction in this way permits more student-teacher interaction to explain misconceptions and wrong idea and give real-time feedback. It in addition allows for more in-class time to integrate studentcentric pedagogies (Bergmann & Sams, 2012a; Goodwin & Miller, 2013; Finkel, 2012).

One essential foundation of flipped learning is active learning in which the student is an active participant in his own learning. (Hamden et al., 2013), active learning is broadly defined as any instructional method that involves students in the learning process making them reflecting upon ideas and how they are using them (Michael, 2006; Prince, 2004). This process involves an interaction between teacher, student, and content (Marzano, 2007). Such active learning strategies comprise inquiry-based learning, problem-based learning, cooperative and collaborative learning, technologyenhanced learning, and peer instruction (Michael, 2006; Prince, 2004).

Carroll and Bloom focused on the individualistic needs of individual learners instead of the needs of the whole group. Bloom states “individual differences” between learners unquestionably exist, so the fundamental task is to create strategies to take into consideration those differences (Bloom, 1971, p. 49). However, conventional teaching strategies takes account of only whole group instruction with exams given

regularly to allocate grades (Bloom, 1984). On the contrary, Bloom discovered that an educator could reach all learners in a classroom if he makes use of formative assessments, feedback, remedial procedures, and if he provides individual instruction to the individual student (Bloom, 1984). According to Bloom (1968), this is mastery learning; “to individualize instruction within the setting of normal group-based instruction, mastery learning strategies depend on the continuous feedback information of both the educator and the learner.

I believe that shifts—shifts in learning and shifts in instruction is the fundamental core of flipped learning. The fundamental assumption of flipped learning is shifting the traditional lecture portion of instruction to a task the student does out of class time as “homework”. However, the deliberate shift for flipped learning is to provide students the interferences they need through student-centric, blended learning environments.

The flipped learning has been seen to be an important pedagogical approach in increasing student achievement, improving student motivation, providing more time in the classroom for educators and students to ask higher order questions and receive on the spot feedback.

Future research should attempt to demonstrate how to plan and design educational practices and applications of flipped learning that comprises what Bloom’s taxonomy struggles for in education. In addition, future research should focus on how teachers can make good use of the newly freed class-time that is offered by flipped learning.

Bibliography

Ah Kim, Jeong, Ja Heo ,Hae and Lee, HeeHyun (2015) . Effectiveness of Flipped learning in Project Management Class, International Journal of Software Engineering and Its Applications, 9, (2), 41-46.

Anderson, L. W. K., David R. (2000). A taxonomy for learning, teaching, and assessing: a revision of Bloom’s taxonomy of educational objectives, abridged edition. Pearson Higher Ed.

Baker, J. W. (2000). The “classroom flip”: Using web course management tools to become the guide by the side. Paper presented at the 11th International Conference on College Teaching and Learning, Jacksonville, FL.

Bennett, B., Bergmann, J., Cockrum, T., Fisch, K., Musallam, R., Overmyer, J., Sams, A., Spencer, D. (2012). The flipped class manifest. The Daily Riff. Retrieved May 9, 2015, from: [URL:http://www.thedailyriff.com/articles/the-flipped-class-manifest823.php](http://www.thedailyriff.com/articles/the-flipped-class-manifest823.php)

Bergmann, J. (2011). The flipped class blog: The history of the flipped class. The Flipped Class Blog, Retrieved May 9, 2015, from: [URL:http://blendedclassroom.blogspot.com/2011/05/history-of-flippedclass.html](http://blendedclassroom.blogspot.com/2011/05/history-of-flippedclass.html)

ӘӘЖ: 811. 512. 122’

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАУ БЕРУДІҢ УӘЖДІЛІК АСПЕКТІСІ

Түлегенова С.К. магистр, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты, Шымкент қаласы, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается о значений даче терминологического именованя-уточнение процесса и внутренняя форма изображения функций.

Summary

In article is considered about importances datcha terminological refer to as - revision of the process and internal form of the scene function.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мамандықты кәсіби тұрғыдан жетілдіруге байланысты парасатты пайымдаулар, ұтымды пікірлер келтірді. Қазіргі білім берудің басты мақсаты - болашақ маманға кәсіби бағытта кешенді білім беру мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар «өмір бойы оқу» қағидасының негізі болып табылады. Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті маман даярлауда үздіксіз білім беру жүйесінің кез келген сатысындағы білім беру мәселелерін барынша жетілдіріп, инновациялық технологиялар мен әлемдік жаһандану мәселелерін бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағыттауы тиіс деген ойдамын.

Шет елде ХХ-ХХІ ғасырларда ғылым тілін зерттеуге, жеке алғанда лексикалық қабаттың ажырамас бөлігі және белгілі бір функционалды стилдік бірлікті құрайтын терминологияға деген қызығушылық күн санап өсуде. Мұны дүние жүзі ғылым-білім кеңістігінің құрылу процесін және өркениеттің жаңа ақпараттық технологияға ұмтылуын бейнелейтін барлық ғылым саласындағы терминдердің үздіксіз пайда болуымен түсіндіруге болады. Ішкі ғылыми құндылықтардың әлеуметтік құндылықтармен сәйкестігін ескеретін рационалдылықтың классикалық емес түрлері қалыптасты. Әсіресе қоғамдық ғылымдар саласындағы жаңа терминдер дүниені ғылыми танудың жаңа типтерінің, жаңа үлгілерінің жасалуына, дүниеге көзқарас ұстанымдарының өзгеруіне, әр түрлі салалардың әдіснамаларының араласуы және шоғырлануына түрткі болды. Осымен байланысты, бұрын жақсы таныс терминдердің семантикасының жаңарғанын, олардың басқа ұғымдық мазмұнмен толыққанын байқауға болады. Бұл үдеріс *конвергенция, когнитивистика, ғылымның финализациясы, мәдени көзқарас* және тағы басқа терминдерден айқын көрінеді.

Демек, кәсіби қарым-қатынас тіліндегі өзгерістер қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне тән құбылыстардың таңбасы болып табылады. Кәсіби қарым-қатынас тілінің негізін терминологиялық жүйе құрайтыны бәрімізге белгілі. Кәсіби қарым-қатынас тіліндегі терминдік жүйенің жиынтығын терминологиялық кеңістік деп атайды. Оның дамуындағы жылдамдық әсіресе соңғы онжылдықта тілшілерді бұл үдерістің механизмі мен факторларын зерттеуге аса зейін қоюға мәжбүр етті. Тілдік таңба ретіндегі термин теориясындағы ерекше маңызды ұстанымды айтсақ, оны "Терминдер (автор немесе авторлық ұжымдар арқылы) олардың қажеттілігіне қарай жасалынады", - деуге болады.

Терминжасам жалпытілдік сөзжасамға қарағанда саналы түрде жасалатын үдеріс болып табылады. В.П.Даниленко, В.М.Лейчик, С.В.Гринев, А.М.Алексеева т.б. сияқты ғалымдар атап көрсеткендей, терминологиялық кеңістікті құруда субъектінің рөлі өте үлкен. Шындығында, терминдерді нақты бір ғылым саласының өкілдері жасайды, сондықтан да терминге атау беруде әсіресе адам факторының іс-әрекеті, жеке тұлғаның шығармашылығы нақтырақ айтсақ, кәсіби тілдік тұлғаның ықпалы, әсері анық көрініс береді. Ал бұл өзінен

өзі қазіргі терминологиялық зерттеулерді бүтіндей алғанда соңғы онжылдықта ғылымға және жеке алғанда когнитивистикаға тән антропологиялық көзқарас тұрғысынан қарастыруға жетелейді. Осыған сүйене отырып, қазіргі терминологиялық кеңістіктің дамуын когнитивтік лингвистика ұстанымы тұрғысынан зерттеуге болады деген тұжырым жасаймыз.

Терминология саласындағы атау беруді Л.С.Мишланова [1] атап көрсеткеніндей, ұғымды белгілеу үдерісі ғана емес, сонымен бірге танымдық үдеріс ретінде түсінеміз. Өйткені атау берудің механизмі, құрылысы, уәжділігіне термин арқылы тілдік формаға ие болған ақпараттың дәлдігі көп жағдайда тәуелді болады. Осыдан барып адам санасында дүниенің бейнесі жасалынады. Біздің ойымызша, Р.Якобсонның терминге атау берудегі форма мен мағынаның арақатынасын сипаттауға байланысты "тек сырттан қараған бақылаушыға ғана белгілеуші мен белгіленушінің арасындағы байланыс кездейсоқ болуы мүмкін" [2] деген ескертпесі өте орынды айтылған.

Тіл білімінде ең алғаш адамның сөзі өзінің семантикалық формасы бойынша ұғымның белгілі бір жақтарын бейнелеген деген болжамдар бар. Бұл болжамның негізінде ғылымдағы атаудың табиғилығы мен еркіндігі туралы пікірталас жатса керек.

Тура осындай мәселені қытай философтары да қарастырған. Конфуций және оның шәкірттері атау өзі атайтын затымен ғана байланысты емес, сонымен бірге, ол оған сәйкес келу керек деп тұжырымдайды. Конфуцийден егер сізге мемлекетті басқару жүктелсе, неден бастар едіңіз деп сұраса, ол: "Ең қажеттісі - атауларды жөндеу" деп жауап берген екен деп жазады [3]. Осы тұста атау беру мәселесін сөз еткен Гумбольдт, Гердер, Лейбниц, Локк т.б. тәрізді атақты ғалымдарды атауға болады. Бір затқа атау беру үшін оның белгілерін кездейсоқ таңдау туралы мәселелер қазіргі заманғы тіл білімінен де жиі естіліп жатады. Дегенмен көптеген тілшілер, терминшілер заттың ішкі формасының лексикалық мағынаға сәйкес келуін ескеріп барып атау керек деген ұстанымды жақтайды. Бұл кез келген ғылым саласындағы тілдік коммуникацияға қойылатын қажетті талап.

Терминологиялық атау беру анықтау үдерісі мен ішкі форманы бейнелеу қызметінен тұрады. Ішкі форманы білдіру арқылы атау мағына саласына қарай бағытталады. Сөйтіп, терминологиялық атау беру екі қызмет атқарады (анықтау және белгілеу) және таңбаның семантикалық формасынан тұрады. Атау беру актісінде ескерілуге тиісті лексикалық бірліктің мағынасы аталған үдерістің құрамды бөлігі болып есептелмейді.

Тіл алғаш пайда болып, қалыптаса бастаған тұста тілде түбір сөздер көп болады. Түбір сөздер алғашқы адамдардың өмір сүруіне жеткілікті дәрежеде қызмет етті. В.Гумбольдт алғашқы сөздер түбірден ғана тұрды және олардың сол кездегі нақты жағдаятты сипаттап беруге мүмкіндігі болды деп жазады. Бірақ қоғамның дамуымен байланысты адамдардың тәжірибесін, тұрмыс-тіршілігін, қоршаған ортаны, білімді т.б. бейнелеу үшін жаңа қажеттіліктер туды.

Қоғамның қарқынды дамуы, тілдің өзін-өзі реттейтін мүмкіндігі тілде бұрын бар сөздердің негізінде жаңа тілдік формалар жасауға себеп болады, сондай-ақ, сөзжасамдық тәсілдер пайда болады. Бұл ішкі формалардың бейнеленуіне белгілі бір дәрежеде шектеу жасағаны да анық. Шындығында, ең алғашқы кезеңдерде түбір сөздер жалқы атаулар қызметін атқарса, яғни олардың ішкі формасы толығымен мағынадан көрінсе, сөзжасамдық сатыда мұндай сәйкестік белгілі бір дәрежеде бұзылады, өйткені сөздердің, сөзжасамдық форманттардың бірігуі, тіркесуі олардың әрқайсысының мағыналарының жиынтығынан шығатын жаңа мағына туғызбайды. Міне, осы мәселеден барып тілдік бірліктердің уәжділігі деген құбылыс өз бастауын алады. Сондықтан сөзжасамдық деңгейде, яғни объективтенген ішкі форма болған жерде жоғары деңгейдегі мазмұнды уәжділік қажет болады.

Заттардың, құбылыстардың атауы тек тілдегі бірліктерді тіркеуші ғана емес, оның мағынасын "сыбырлап", оның мазмұнды жағына сілтеп тұруы тиіс. Осыған сәйкес, сөз ұғымның бір қырын аша отырып, оның өн бойын анықтайды. Атау лексикалық бірліктің көптеген жүйелі сипаттарын бейнелейді, ұғымдар шындық өмірдің басқа фактілері сияқты өзара байланысты болғандықтан, атау лексикалық бірліктің көптеген жүйелі сипаттарын да көрсетеді. Терминологиялық атау мен уәжділік арасындағы байланыс ұғымдар арасындағы байланысқа негізделеді. Демек, терминологиялық атаудың уәжділігінің қажеттілігі таңбаны есте сақтау үшін ғана емес, сонымен бірге терминологиядағы жүйелілікті сақтау үшін де маңызды. Бұл өз кезегінде қарым-қатынасқа түсушілердің өзара түсінісуіне оң ықпал етеді.

Лексикалық бірліктің ішкі формасынсыз атау беру актісі толыққанды тілдік акт болып есептелмейді. Жаңа атау лексикалық бірліктің ең маңызды белгілерінің бірін бейнелеп, затты басқа заттардың ішінен бөліп көрсетуі тиіс. Сондықтан сөз жасау үшін ең болмағанда атау беруге нысан болатын ұғымның белгілерін білу керек. Ұғымның атауы ұғым туралы белгілі бір алғышарт пайда болғанда, басқаша айтқанда оның сұлбасы (контур) жасалғанда барып пайда болады. Қарсы жағдайда мұндай сөз ұғымды дәл атай алмайды. Ұғымның, оның белгілерінің мазмұны мен терминдердің құрылысының арасында тікелей байланыс болу керек, яғни терминологияның уәжділігін таңдау оның ұғымдарының белгілерімен анықталады. Бұл ерекшеліктер тек жаңа терминдер жасауға ғана тән емес. Терминологияны нормалау үдерісі, әдетте, ғылым саласы өзінің негізгі міндеттерін, принциптерін, теориясы мен ұғымдарын анықтап алған соң ғана саналы түрде уәжді атауларды жасау, оларды реттеуге кіріседі. Д.С.Лотте былай деп жазады: "Шын ғылыми терминдерді жасау үшін ғылыми ұғымдардың барлық байланысын, басқаша айтқанда, оны ерекшелендіріп тұратын жалпы белгілерін анықтап алу керек. Осыдан соң барып терминденетін ұғым кіретін ғылымның ұғымдар жүйесін ескере отырып, термин жасауға кірісу керек" [4].

Сөздегі ішкі форма ма, әлде мағына ма алғашқы болып есептелетін деген мәселеге келсек, ең алдымен ұғымның сұлбасы, яғни мағынаның алғашқы

белгілері жасалады, содан кейін барып соған сәйкес оның формасы жасалады. Ұғым тілде мағына түрінде тіркеледі. Мағына осы жерде ішкі форманың көмегімен белгіленеді. Терминологиялық атау берудің жалпы кезеңдерін былай ажыратуға болады: 1) жаңа ұғымның кейбір ерекшеліктерін айқындау; 2) алдын ала сәйкес сөз іздеу; 3) тілдік мағынаның жалпы белгілерін анықтау; 4) мағынаның негізінде ішкі форманы нақтылау; 5) ұғымды оның қолданысында жетілдіру; 6) ішкі форманың өзгерістерінен туындаған мағынадағы өзгерістерді ескеру.

Термин әлі пайда болмауы мүмкін, бірақ ұғымның сұлбасы болады, ол сипатталып, егеліп-екшеліп, содан соң термин пайда болады. Пайда болған термин де қолданыста "егеледі", оны тіл сөйлермендері қабылдап, сөздікке енгізгенше ол да бірнеше кезеңдерден өтеді. Содан кейін ғана ол термин мәртебесіне ие болады [5].

Мағына мен ішкі форманың арасындағы байланысты зерттеудің теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызы зор. Бұл лексикалық бірліктің мағынасы мен тұлғасы арасындағы байланыс терминнің уәжділігін анықтайды. Уәжділік бір таңбаның формасы мен мазмұны арасындағы өзара қарым-қатынасқа тәуелді емес, сонымен бірге тілдің басқа бірліктерінің мағынасымен байланысты болады, өйткені әрбір жаңа тілдік бірлікті жасау барлық тілдік жүйенің жай-күйіне тәуелді болатыны белгілі.

Уәжділіктің осы ерекшеліктері оның қиындығын, оны анықтауға деген түрлі пікірлердің болатындығын көрсетеді. Сондықтан да аталған категорияны біржақты түсіну ғылымда да, тілде де жоқ. Кейде ол таңбаның мағынасы, ішкі форманы түсіну, ішкі қатынастардың шарттылығы, лексикалық объективациялау, сөзжасамдық мағына, уәж (мотивация), уәждеме (мотивировка), сөздің этимологиялық құрылысы т.б. түрлі атаулармен беріледі. Уәжділікті ішкі формаға теңестіреді немесе олардан ажыратады. Көптеген тілші ғалымдар сөздің уәжділігінен жағымды факторды көреді, кейбіреулері оның қажеттілігін жоққа шығарады. Не болғанда да, бұл көзқарастың мәні біреу: аталған тілдік құбылыс тіл арқылы заттың атауындағы бір немесе бірнеше белгілерді бейнелеу актісі болып табылады.

Кеңес заманының лингвистері уәжділік мәселесіне ерекше назар аударып отырды. Тілдік бірліктің ұғымдық және құрылымдық мазмұны арасында тікелей байланыс болу керек екендігі, лексикалық бірліктің уәжділігі ұғымның белгілерімен анықталатындығы, форма мен мазмұн арасындағы рационалды байланыстардың түрлеріне негізделетіндігі және мағына мен тұлға арасындағы кездейсоқтықтың, уәжсіздік қатынастардың болуы әрі қарай зерттеуді талап етеді деп көрсетеді.

Уәжділік дегеніміз - "лексикалық бірліктің ішкі формасы мен мағынасының арасындағы диалектикалық байланыс". Сөздің мағынасы сол сөз сәйкес келетін ұғымдардың барлық қажетті белгілерінің мазмұнымен анықталады. Аталған белгілер лексикалық бірліктің компоненттерінен көрініс табады ма, жоқ па, оған тәуелді емес. Терминнің ішкі формасы оның семантикалық

компоненттерінің арасындағы өзара байланыстан көрінеді. Мысалы, *бақылау әдісі* терминінің ішкі формасы - "бақылауға арналған әдіс", ал оның мағынасы - "белгілі бір педагогикалық құбылыстардың өту ерекшеліктерін, оларда тұлғаның, ұжымның, адамдар топтарының көрінуінің, алынатын нәтижелердің тән сипаттарын жүйелі түрде мақсаткерлікпен тіркеп отыру". Терминнің мағынасы түсіндірме немесе терминологиялық сөздіктерде тіркеледі. Терминнің уәжділігі мен ішкі формасы бір-біріне жақын ұғымдар болғанымен, олардың арасында маңызды айырмашылық болады.

Қазіргі кезде «терминнің уәжділігі деп - оның семантикалық айқындылығы, формасының аталып тұрған терминнің ұғымын дәл беру қасиеті түсініледі».

Терминнің ұғымдық уәжділігі оның анықтамасында, белгілі бір терминдік элементтер мен терминдік үлгілер қолданылатын терминнің терминологиялық құрылысынан көрінеді. Термин анықтама арқылы сол ғылым саласының анықтама жүйесіне енеді, терминнің құрылысы арқылы логикалық ұғымдық үлгіге енеді.

Демек, терминология тіл мен ойлау арақатынасы туралы мәселемен, білім мен оның берілу формалары туралы сұрақпен, яғни қазіргі когнитивтік ғылым айналысатын мәселелермен байланысты болып табылады.

Қорыта айтқанда, қоғамдық ғылымдар терминологиясы ғылыми білімді вербалдайтын және концептуалдайтын маманның когнитивтік іс-әрекетінің нәтижесі. Терминжасам саналы түрде жасалатын үдеріс болғандықтан, терминологиялық кеңістікті құруда субъектінің рөлі өте үлкен болады.

Қоғамдық ғылымдар терминологиясы атау беру үдерісінің ерекше типі ретінде терминологиялық атау берудің өзіне ғана тән тілдік бірліктің саралануы терминжасам үлгілерінің өздері білдіретін ұғымға сәйкес жүйелілігі және реттілігі сияқты қасиеттерін көрсетеді.

Әдебиеттер:

Манерко Л. А. Категоризация в языке науки и техники // Когнитивные аспекты языковой категоризации: Сб. науч. тр. - Рязань, 2000. - С. 60-68.

Головин Б. Н., Кобрин Р. Ю. Лингвистические основы учения о терминах. - М., 1987. - 104 с.

Мишланова С.М. Профессиональная языковая личность как категория когнитивного терминоведения //Сборник научных трудов международной научной конференции «Изменяющийся языковой мир». - Пермь, 2001. С. 76-82.

Якобсон Р. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». Сборник статей. Под ред. Е.Я.Басина и М.Я.Полякова. - М.: Прогресс, 1975. - С. 96-102.

5. Лотте Д.С. Краткие формы научно-технических терминов. - М, 1971. - 129 с.

ОӘЖ 37.011.33

ДАРЫН МЕН ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫЛАРДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ ТӘСІЛДЕРІ

Алтаев Б. А.

Бөкейхан ЖОМ директоры, Сайрам ауданы, Түркістан облысы, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются социальные и практические методы восстановления интеллектуальных и талантливых школьников

Summary

The article discusses social and practical methods for the recovery of intellectual and talented students

Цицеронның пікірінше адам өзінің мінез-құлқымен бойындағы қабілет мүмкіндіктерін үнемі жетілдіруге, өзіне-өзі сын көзімен қарап, өзін-өзі тәрбиелеуге міндетті. Ол оның бойына ақылдылық, әділдік, ерлік, ұстамдылық қасиеттерді дарыту үшін қажет. Жеке адам бойында болуға тиісті қасиеттер бүкіл қоғамның қажетінен туындауы тиіс. Адам қоғамда тек өзі үшін ғана өмір сүруді мақсат етпей, басқаларға да көмектесу үшін қызмет етуі керек дейді. Ол үшін адам бойында достыққа ұмтылыс, басқаларға деген қайырымдылық, оларды да бақытты етуге деген ақниет болуға тиіс деп қарайды. Цицерон сондықтан да құлдарды жақтап, құл иеленушілерден оларға бас бостандығын әперу жолында аянбай еңбек етті.

Шешендік сөздердің теориясын тұңғыш жасаған Цицерон Марк Туллий біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі 106-43 ж.ж. өмір сүрген Римнің атақты философ-заңгері, шешені болған. Оның «Қайырымдылық пен қастандықтың шекарасы», «Тускуландық әңгіме», «Катон және кәрілік», «Лелий немесе достық туралы», «Міндет туралы» деген еңбектері бар [1].

Адамзат қоғамы үнемі адамдардың қоғамдаса тіршілік етуімен, өзара қарым-қатынас әрекетімен, бір-біріне ықпал етуімен, пікір таласымен өсіп өркендеп келеді.

Әлемдегі атақты ғалымдардың бәрі де өзінен бұрынғылардың ой-пікірімен санасып, кейде олардан сабақ ала отырып, өз таланттарын тәрбиелеп жетілдірген. Мәселен ертедегі грек философы Аристотель жан-жақты талантты ғалым-философ, әрі асқан шешен адам болған. Оның орасан мол білімі мен зор таланты логика, экономика, география, математика, физика, астрономия, жаратылыстану ғылымдарынан көрініс тапты. Ол өзінің досы және ұстазы Платон туралы айтқан «Платон менің досым, бірақ шындық одан да қымбат» - деген афоризм сөзі қоғам дамуы мен табиғаттың байланысы жөніндегі пікірталасында айтылған болатын.

Бұл сөз ақиқат, шындықты достықтан мың есе жоғары бағалаған Аристотельдің аузынан осыдан екі жарым мың жыл бұрын айтылса да, дәл күні бүгінге дейін ақиқатты марапаттаудың қағидасы болып келеді.

Ал көркем тіл суреткері және аса көрнекті жаратылыстанушы неміс ғалымы Гёте өзі жөнінде: «Мен жарық дүниеде нені көрсем, байқасам, нені естісем соны жинап пайдаландым. Менің еңбектерімді мыңдаған ақылдылар мен ақымақтар пайдаланды. Балалық шақ пен ақыл тоқтатқан кездерім, тіпті кәрілік кезең де маған өзінің ой-тұжырымдарын әкеліп беріп, өзінің қабілеті мен өмірге деген сенімін, өмір сүру әрекетін үйретті. Мен басқалар жер бетіне сепкен ұрықты жинап халыққа қайта бердім. Менің еңбегім - миллиондардың өмір сүру тәжірибесіне негізделген коллективтік еңбектің жиынтығы, ол Гётенің атымен ұсынылып отыр» - дейді [2].

Француздың гуманист ғалымы Шарль Фурье: «Осыдан 200 жылдан кейін, қоғам дамыған сайын талантты адамдар да көбейе береді. Жер шарында 5,5 - 6 миллиард адам өмір сүрген кезде Гомер сияқты 37 миллион ақын және ғалым болады. Ғылым дамыған сайын жеке бастың бостандығы өркендейді, ол таланттың қаулап өсуіне мүмкіндік туғызады» - деп қарады.

Таланттың дамуына білім, ғылым және тәрбиенің қатар қызмет етуіне өмірден бірнеше фактілер келтіруге болады. «Талант тәрбиеден туады, білім мен тәрбие егіз» - деген қағида адамзат қоғамымен бірге жасап келе жатқан көне қағида. Мәселен ақын болу үшін де, ғалым болу үшін де, шешен болу үшін де білім де, тәрбие де қатар қызмет етеді. Онсыз құрғақ құдай берген талантқа сену ұзаққа апармайды. «Тәрбие (оқу, білім) ақылдыны нұрландырады» - деген халық қағидасы осыдан туса керек.

Чехтың педагогы Я.А. Коменский: «Даналықты оқып үйрену біздің мерейімізді биіктетіп, күшті де, кеңпейілді етеді» - десе, ал тарихтың атасы Геродот «Адамдарда баяғыдан келе жатқан кеменгерлік тамаша нақыл сөздер бар. Біз солардан үйренуіміз керек», – дейді.

М. Горький: «Даналық ойдың иесі - халық. Халыққа нақылмен ойлау тән... Мен мақалдардан өте көп өнеге алдым, басқаша айтқанда нақыл сөздермен ой толғап үйрендім» - дейді [3].

Көшбасшы болудың қыр-сырын меңгерген, көптеген психологиялық кітаптардың авторы Тим Элмор көптеген зерттеулер жүргізіп, ата-аналар балаларының өз-өзіне сенімсіз болып өсуіне итермелейтін және өмірде жетістікке жетуін тежейтін қандай кері тәрбие беріп жүргенін анықтаған екен.

1. Біз балаларға тәуекелге баруға мүмкіндік бермейміз.

Біз қоршаған орта қауіпке толы заманда өмір сүреміз. Балаларымыздың әр қадамына алаңдап, олардан көз жазып қаламыз деп қорқып, оларды барынша әлпештеуге тырысамыз. Еуропалық психологтар анықтаған екен: егер балалар далада ойнамаса, егер олар бірде-бір рет тізесін жарып алмаса, онда есейгенде түрлі фобияларға жиі шалдығады.

Бала құлаудың қалыпты жағдай екенін ұғыну үшін ол бірнеше рет құлауы керек. Балаларының тәуекелге бару мүмкіндігінен айыра отырып, ата-аналар олардың бойында тәкаппарлық, мақтаншақтық пен өзін-өзі бағаламаушылық қасиеттерін тудырады.

2. Тез арада көмекке асығамыз.

Бүгінгі заманның жастары 30 жыл бұрын өмір сүрген балалардың бойындағы кейбір қасиеттерге ие емес. Біз тез арада көмекке асығып, баланы қамқорлығымызға алу арқылы оған өз бетінше қиындықты жеңуге мүмкіндік бермейміз.

Ерте ме, кеш пе балалар оларды әрдайым біреу құтқаратынына сеніп алады: «Егер мен қателесіп кетсем немесе мақсатыма жетпесем, ата-анам мәселені тез арада шешіп береді» - деп ойлайды олар. Алайда шын мәнінде ересектердің қарым-қатынас құру әлемі өзгеше. Балаларыңыз ересек өмірге дайын болмай шығуы мүмкін.

3. Біз оларды марапаттауға дайын тұрамыз.

Өзінді асыра бағалау процесі балаларды жаппай туу заманында басталды, ал 1980 жылдан бастап мектептерге де жетті. «Әр қатысушы кубок алады» - деген ереже баланың өзін ерекше сезінуіне мүмкіндік береді. Бірақ заманауи психологтардың зерттеулері мұндай марапаттау әдісі күтпеген зардаптарға ұшыратуы мүмкін. Біршама уақыттан кейін бала, онымен тамсанатын тек ата-анасы екенін байқайды. Басқалар оны ерекше деп тіпті санамайды. Сонда бала ата-анасының әділдігіне күмәндана бастайды. Ол мақтау естігенімен, шын мәнінде оған күмәнмен қарайды.

Уақыт өте келе мұндай бала ыңғайсыз шынайылықты тудырмас үшін өтірік істеуді, айтуды асыра сілтеуді бастайды. Өйткені ол қиындықтармен бетпе-бет келуге бейім емес.

4. Өзімізді кінәлі сезінгендіктен еркелетеміз.

Балаңыз сізді минут сайын жақсы көруге міндетті емес. Оған өмірде көптеген жағымсыз жайттарды еңсеруге тура келеді, ал бұған оның еркелігі кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан олар өз қалаулары мен қажеттіліктері үшін күресуді үйренуі үшін балаларға «жоқ» және «қазір емес» - деп айтып отырыңыз. Егер отбасында бірнеше бала болса, ата-аналар бір баланы марапаттап, екіншісіне назар аудармау дұрыс емес деп санайды. Алайда бәрін әрдайым марапаттап отыру қиынға соғады. Бала табысқа өз күшімен және игі істерімен жетуі керек екенін түсінсін.

Балаларды саяхатқа немесе сауда орталықтарына апарып, демалдыру алдында жақсылап ойланыңыз. Егер қарым-қатынастарыңыз материалдық ынталандыруға негізделсе, балалар ішкі игілікті, шартсыз махаббатты сезінбейді.

5. Жас кезімізде жасаған қателіктерімізбен бөліспейміз.

Кез келген жасөспірім бір мезетте еркіндікті аңсап, ересектерше өмір сүруге талпынады. Ал ата-анасы оған мұндай мүмкіндікті беруі керек. Бірақ бұл балаға күмәнді заттар мен жағдайларға қатысты бағыт-бағдар көрсетіп, көмектеспеу дегенді білдірмейді. Балаларыңызға олардың жасында жасаған қателіктеріңіз жайлы айтып беріңіз, бірақ шылым шегу, ішімдік пен есірткі жайлы артық насихаттан аулақ болыңыз. Балалар жағымсыз жайттармен кездесуге дайын болуы керек және өз шешімдеріне жауап беруді үйренуі керек.

Осыған ұқсас жағдайларға ұшырағанда қандай сезімде болған едіңіз, мұндайға не үшін бардыңыз және қандай сабақ алғаныңыз жайлы айтып беріңіз.

6. Интеллект пен дарындылықты ересектікпен шатастырамыз.

Кей жағдайда интеллект баланың есейгендігінің белгісі деп қабылданып жатады, осылайша нәтижесінде ата-ана ақылды баласының шынайы әлемге дайындығына күмән келтірмейді. Бірақ олай емес. Кейбір кәсіби спортшылар мен Голливудтың жарқын жұлдыздары зор дарынға ие болса да, көпшілік дау-жанжалға түсіп қалып жатады. Балаңыз бар жағынан дарынды деп ойламаңыз.

Балаға нақты еркіндікті беруге болатын және өз-өзіне жауап беруге дайын болатын сиқырлы «алтын уақыт» жоқ.

Бірақ бір жақсы ереже бар – сол жастағы басқа да балаларды бақылау. Егер балаңыздың құрдастары оған қарағанда дербес екенін байқасаңыз, онда бәлкім балаңызды құрсауда ұстап отырған сіз боларсыз?

7. Баламызға үйрететін заттарды өзіміз жасамаймыз.

Ата-ана ретінде баламызға тілейтін өмірді өзіміз ұстануымыз керек. Дәл қазір біз – отбасымыздың басшысымыз, сондықтан қоршаған ортада шынайы болуымыз керек. Іс-әрекеттерімізге абай болайық, тіпті ең ұсақ нәрселерге де мән берген жөн, өйткені сізді балаларыңыз бақылап жүр.

Егер сіз ережелерді ұстанбайтын болсаңыз, онда балаларыңыз да оны ұстанбайды. Балаларыңызға бар ынтамен біреуге көмектесу деген қандай екенін көрсетіңіз. Адамдар мен ортаңызды жақсартуға түсіңіз, сонда балаларыңыз да сізден үлгі алатын болады [4].

Қорыта келе, балаларыңыздың дамуына көмектесіңіз және өзіңіз дамыңыз. «Даму» — қайталанбайтын, заңды және бағытты өзгерістерді білдіретін философиялық ғылыми категория. Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады. Даму дегеніміз — төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс; сатылай эволюциялық ауысу немесе революциялық секіріс түрінде жүзеге асатын жоғары сапалы күйге қарай спиральды өрлеу процесі. Даму барысында барлық философиялық заңдар жүзеге асады: өзгеру, санның сапаға ауысуы, бір сапаның басқа бір сапаға ауысуы.

А. Солженицын, М. Горбачевтарды «Отаршылдар өмірінің классиктері» деп саяси ат қоюы асқан тапқыр және мерген сөздің майталманы марқұм жазушымыз Қадір Мырза Әлінің:

«Тіршілік аспанда емес – жерде,

Тыныштық жерде емес – көрде»

«Бір кезде адамдар өмірді жақсартуға күш салса,

Енді өмір адамдарды бұзуға кірісті» -

деген көсем сөздерінен шындықты дөп басып дәл және өте орынды айта білуінен даналық ойдың ұшығы көрініп тұрған сияқты. Сондай-ақ:

«Рухсыз қазақ – робот»

«Қазақтың тілі де ортақ

Қазақтың ділі де ортақ

Ол олма, міні де ортақ» -

деген Мұзафар Әлімбаевтің айтқыштығына да, тапқыштығына да таң қалмасқа болмайды.

Әдебиеттер

Философиялық сөздік. А. «Қазақстан энциклопедиясы». 1996. 526.

Энциклопедия мудрости. Можайск. РОССА. 2008. 815.

Жарықбаев Қ.Б. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А. Санат. 1995. 317.

Элмор Т. Ваш ребёнок – лидер. – М., Владос. 2020. 125.

ПИАЖЕ КОГНИТИВТІК ДАМУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МӘНІ

Алтеева Г. Б.

Аудандық білім бөлімінің педагог - психолог әдіскері. Оқу өндірістік комбинатының «Гувернер» педагог- психологі, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается роль теорий когнитивное развития ребенка Жана Пиаже в развитие личности

Summary

This article examines the role of Jean Piaget's child cognitive development theories on personality development

Дүниедегі ең ауыр және ең маңызды іс – адам өсіріп жетілдіру. Бір адамның жетілуінде көптеген факторлардың әсері болады. Бұлардың ішінде ең маңыздылары: жанұя, қоршаған орта, оқу орны және бұқаралық ақпарат құралдары.

Әлемдегі барлық мемлекеттер өз балаларының, жастарының әділ, еңбекқор, көркем мінезді, табысты, мәдениетті, қоғамға пайдалы, отанын сүйетін, білікті және ел құндылықтарын қадірлей білетін адам ретінде тәрбиеленуін қалайды. Сондықтан осы жолда барлық күш-жігерін жұмсайды. Мұны жүзеге асыра алған елдердің басқа да қиыншылықтары жеңіл және жылдам шешіледі. Өйткені барлық нәрсенің басы – адам. Адамның жақсы өсіп жетілуі үшін ешбір шығыннан және қиыншылықтан қашпағандар жетістіктің және мәдениеттің шыңына көтерілді. Әрине дүниежүзілік бала тәрбиесі бойынша үлгі-өнегелерге де баса назар аударған дұрыс болады. Сондай тәжірбелердің бірегейі Жан Пиаженің когнитивтік даму теориясы.

Пиаже Жан (1896-1980) - швейцария психолог. Әлемдегі «Генетикалық эпистемология» ілімін жасаушысы. Женева және Париж университетінің профессоры. Сорбонна (Франция), Гарвард және Чикаго университетінің құрметті профессоры. 1929 жылдан Жан-Жак Руссо атындағы институтты басқарады, 1940 жылдан Женева университетінің эксперименталды психология кафедрасы мен психологиялық лабораториясын меңгереді. 1955 ж. «Генетикалық эпистемология жөнінде Халықаралық Орталық» құрды. Ол бала интеллекісін зерттеу жайында ғылыми мектеп ашты. Ол «Логика және эпистемология» (таным теориясы) жөніндегі еңбектерімен әйгілі. Пиаже: «Ойлау дегеніміз операциялар жүйесі — дейді. Операция — ішкі қимыл-әрекеті, сыртқы заттық әрекеттің жемісі, ішкі әрекет реалды объектілер арқылы іс жүзіне аспайды, образ, белгі, символ арқылы жүзеге асады. Операцияның концепциясы негізінде, ол баланың эмоциялық іс-әрекет генезісін, қабылдауының дамуын қарастырады. Пиаженің концепциясы қазіргі кездегі әр түрлі ғылымдардың (логика, психология, социология, эпистемология т.б. тәсілдерін біріктіру негізінде жол көрсетеді.

Жан Пиаже адам бірнеше негізгі кезеңдерді басынан өткеретін когнитивтік даму теориясын тұжырды.

Сенсомоторлық интеллект кезеңі (туған кезден бастап екі жасқа дейін). Бұл жаста баланың айналасымен қозғалыс және перцептивтік тұрғыдағы әрекеттестігі дамиды. Бұл кезеңде оның қабылеті заттармен тікелей қарым-қатынасқа түсуге ғана жетеді және символдармен немесе ішкі ойымен әрекеттесе алмайды.

Бұл кезең алты сатыға бөлінеді:

1. Туған сәттен бастап бір айға дейін. Бала туа біткен рефлекстерімен толықтай дерлік шектеліп тұрады.

2. Бір айдан төрт айға дейін. Рефлекстері өзгеріп, оларды көрген-білгені негізінде үйлестіріп отырады. Бала алғашқы дағдыларына машықтана бастайды.

3. Төрт айдан сегіз айға дейін. Бұрын кездейсоқ істеліп келген, бірақ енді балаға қажет әрі қызық болатын қимыл-қозғалыстар қайталау арқылы ширай түседі. Іс-әрекеті сыртқы нысандарға көбірек бағытталады.

4. Сегіз айдан бір жасқа дейін. Әдейілеп істелетін әрекеттерінің пайда болуы, оларды координациялау және біріктіру. Мысалы, бала мақсатты әрекет ету үшін кедергіні жоюға қабылетті.

5. Бір жастан бір жарым жасқа дейін. Бала әрекеттерін әр түрлендіріп, олардың бір бірінен айырмашылығын бағамдайды. Былайша айтқанда, ол сынақтар жасап, жаңа әрекеттер мен құралдарды іздей бастайды.

6. Бір жарым жастан екі жасқа дейін. Бала сынақ-тәжірибелер арқылы ғана емес, сондай-ақ ойлану операциялары арқылы да жаңа әрекеттер мен құралдарды табады. Яғни, оның әрекет етуінен әрекетті ойша елестеткені көбірек.

Операционалдыға дейінгі елестету кезеңі (екі жастан жеті жасқа дейін). Бұл сенсомоторлық функциялардан елестету жұмысына өту. Бала белгіленетін заттан белгілеуді айыруды біледі және бұны пайдалана алады.

Бұл жаста балалардың эгоцентризмді дамып кетеді. Олар өз пікіріне сырттан көз сала алмайды, пайымдарын дәйектеуге, кереғарлықты іздеп, оларды жоюға тырыспайды. Бұл жастағы балалардың рефлексияға бейімділігі жоқ және өз ойлары жайында ойланып жатпайды.

Сонымен қатар, осы жастағы балалар мінезіне центрация, яғни заттың ең көрнекті бір белгісіне сәп салып, басқа белгілерін елемей қою тән.

Нақты операциялар кезеңі (жеті жастан он бір жасқа дейін). Бала кейбір елестету әрекеттерін атқара алады, бірақ тек осы жаста оларды біріктіре, өзара үйлестіре, жүйелерді құра бастайды. Бұл жай ғана ассоциативтік тұрғыда байланыстырудан гөрі көбірек мүмкіндіктер ашатын жаңа деңгей.

Бұл жастағы бала заттарды бірнеше белгісі бойынша топтастыруды және жіктемеуді үйренеді.

Формалды операциялар кезеңі (он бір жастан он бес жасқа дейін). Бұл жастың негізгі ерекшелігі баланың гипотетикалық тұрғыда ойлап үйренетіндігінде, ол шынайы болмысты болуы мүмкін нәрсенің ішіндегі дербес жағдай деп қабылдайды.

Бала гипотетикалық-дедуктивтік тұрғыда ойлай бастайды. Басқаша айтқанда, ол бірқатар гипотезаларды тұжырымдап, алынған кері байланыс негізінде қалыптасып отырған шынайы жағдай туралы ой түйеді.

Жасы кішірек балаларға қарағанда формалды операциялар кезеңінде жүрген баланың комбинацияларды жүйелі түрде тексеріп көріп отыруға қабылеті жетеді (кіші балалар бірнеше комбинациямен тоқтайды).

Дарынды балалар формалды операциялар кезеңіне ертерек жетуі мүмкін [1].

Ата-ананың ұстанымдары баланың мінез-құлығының қалыптасуында өте маңызды роль ойнайды. Жеткіншек шақтағы ұл балалар әкесінен, қыз балалар анасынан үлгі алады.

Бүкіл ата-аналардың ортақ дерті балаларын жақсылап жетілдіру. Бұл тақырыпта бір өздерінің талпыныстары жеткілікті емес. Балаларды жаман достардың және жаман бейнелі, жазбалы ақпарат құралдарының зияндарынан да қорғау керек. Оларға дінін, отанын, байрағын жақсы көргізетін, ата-анаға, адамдарға құрметті, елінің мәдениетін, құндылықтарын, жетістікке жетудің жолдарын үйрететін, патриоттық сезімін ұялататын пайдалы, жақсы ақпараттармен қамтамасыз ету керек.

Баланы жалғыз жетілдіру де мүмкін емес. Жақсы ортада, жақсы адамдармен көрші болу керек.

Барлық нәрсе терісімен, қарама-қайшылығымен қайтарылады. Жаман мінездерді жақсы мінездер жояды. Сол себепті өзімізді қинап болса да жақсы амалдар істеуге дағдыландыруымыз керек, бұларды әдетке айналдыруымыз керек. Бала әрекеттері және мінезі жақсы адамдармен дос болса, жақсы мінездер өздігінен оның табиғатына айналады.

Зеректік: Бала өзінің алғаш көрген нәрсесін білеуге, шұқылап көруге және сұрап үйренуге әуес болады. Сондықтан балаларға үнемі жақсы және әдемі нәрселерді көрсету керек және сұрақтарына дұрыстап жауап беру керек. Осылайша баланың зеректігі, сана-сезімі, түсіну қабылеті жетіледі. (3-6 жас аралығындағы балаларда осы нәрсеге қатты мән беру керек. Бұл кезең – баланың тілі, миы және зеректігінің қалыптасуы үшін ең маңызды кезең болып табылады.)

Рух: Өте сезімтал және өкпелегіш балаларға ащы да болса шындықты айтуды және оған төзе білуді үйрету керек. Ал тас жүрек балаларға көңілін жібітетіндей өнегелі, ғибратты мысалдар айтып, сезімтал болуына тырысу керек.

Қалау: Мықты қалауға, ерік күшіне ие болуына тырысу керек. Қалауы әлсіз балаларды біраз еркін жіберіп, өзіне деген сенімділігін арттыру керек. Қалауы күшті балалардың тәрбиесі де қаталдау болуы керек. Алайда балаға мейірімділікпен және түсіністікпен қарау шарт.

Жазалау және ынталандыру: «Мынаны жасайтын болсаң, мұны бермейміз, көшеге шығармаймыз» - деген секілді кейбір жазаларды беру дұрыс болса да, қандай жағдай болмасын баланы ұруға болмайды. Жаза көңілін қалдыратындай болмауы тиіс. Ешкімнің, өзге адамдардың көз алдында да жасалмауы тиіс. Игі

істеріне өз орнымен, жасына сай ойыншық немесе велосипед алып беру секілді сыйлықтар әперіп марапаттап тұру керек. «Бұл велосипедті әкем маған ... үшін алып берді» - деп айтатындай болуы тиіс.

Ойындар: Жасына сай келетін түрлі спорттар баланың денсаулығына және сана-сезімінің дамуына ықпал етеді.

Қарағайға қарап тал өсер, Құрбысына қарап бала өсер. Айнала: «Досыңның кім екенін айт, сенің кім екенінді айтамын», «Жаманмен дос болсаң көңілің азар», «Қазанға жақындасаң күйесі жұғады» деген даналық сөздер де жаманмен дос болған адам, соның жамандығынан үлес алатынын көрсетуде. Сондықтан жақсы ортаға және жақсы достарға қол жеткізуге тырысуы керек.

Қаталдық па, еркіндік пе? Жас жемісті жұлма, жас баланы ұрма. Бала тәрбиесінде шамадан тыс қаталдық та, еркіндік те зиян. Тым қаталдық көрсету баланың пассив, ынжық болуына себеп болады. Жасаған әрбір қылықтарын ұнату да үлкен қате. Бұл, баланы пәлекетке итермелеуден басқа нәрсе емес. Мамандар бала тәрбиесінде баланы ұрудың сирек және қысқа мерзімді жаза түрі екендігін, ал тұрақты және ұзаққа созылатын жағдайда одан теріс нәтиже алынатындығын білдіруде. Баланы ұрып тәрбиелеудің балаға физикалық әсері бар. Психологиялық тұрғыдан алғанда үнемі таяқ жеп өскен балалардың агрессивті сезімдері дамиды. Оның ашушаң, қызу қанды және ынжық адам болуына жол ашады.

Балаларға қалағанын істету, бос жіберу дұрыс емес. Жас кезінде тәртіпті, жүйелі өмір сүрулерін қамтамасыз ету керек. Бала белгілі бір уақыттарда, белгілі нәрселермен айналысуы керек. Осылайша бала тәртіпке, жүйелі өмір сүруге бейімделеді және кейін жүйелі түрде өмір сүреді. Тек ойын ойнап жатқан кезде оны өз халіне жіберу керек. Бірақ бұл да өз білгенін істетіп қою деген сөз емес.

Ойнап жатқан кездерінде немен айналысып жатқанын байқау керек. Бала өзіне және айналасына зиян келтірмей, өз білгенінше ойнап жатқан болса мәселе жоқ. Бірақ осындай бос уақыттарында өзіне және айналасындағыларға зияны тиіп жатқан болса, бұл істің алдын алу керек. Бос уақыттарында шаттануына, ойнауына мүмкіншілік беру керек. Бірақ істеген зиянды нәрселерін балаға, түсіне алатындай түрде білдіріп, оларға бөгет болу керек.

Өз айтқанынан қайтпайтын балаларға қарапайым мәмілемен және ұстамдылық, табандылық танытып, баланың қырсықтығын кетіруге болады. Бала бір нәрсеге қырсығып қалған кезде, оған сол нәрсеге қол жеткізе алу сезімін бермеу керек. Бала «Егер жыласам, айғайласам, шу шығарсам, шешемді ұялтсам қалаған нәрсемді береді» - деген сезімдерге түсіп қалмауы керек. Жас кезінен әр қалаған нәрсесін істететін бала, келешекте бұл қырсықтығын оңайлықпен тоқтатпайды. Оны сәби кезінен бастап тәрбиелеу керек, жылап, қырсықтық етуіне мән бермеу керек.

Егер әр қалаған нәрсесі орындала беретін болса, бала да, үлкендер де ешқашан тыныш болмайды. «Соған қалаған нәрсесін беріп құтылайыншы» - дегенмен, бұл қалауларының соңы бітпейтінін түсіну керек.

Балаларда кездесетін менмендік, еркелік, ашушаңдық және білгіштік сияқты жаман әдеттер баланың дұрыс тәрбиеленбеуінен, қалаған нәрселерінің орындалуынан және отбасының балаға дұрыс көңіл бөлмеуінен туындайды. Мұндай балалар өздерін барлығынан да жоғары санайды, барлық нәрсені өте жақсы білетінін ойлайды. Мұндай балалар мектепте және достары арасында мінезі шатақ және сүйкімсіз болады. Өте білгіштік танытып менменсінуі достарының арасында жалғыз қалып кетуіне себеп болады.

Баланы осындай жаман мінездерден арылдыру үшін, ең бірінші жақсы дос табу керек. Одан басқа әкесінің байлығымен, атақ-даңқымен, ерекше қасиеттерімен мақтанудың қажет еместігін, негізгі жақсы көрілетін және ұнамды болған нәрсенің жақсы мінез және жақсы тәрбие екендігін айтып түсіндіру керек.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болады» - деген. Жасқаншақ болып өскен бала өмір бақи мұның қасіретін шегіп өтеді. Ондай балалар ойын толық жеткізе алмайды. Қате сөйлейтінінен немесе айыпталатынынан жасқанып, тұйық болады.

Жасқаншақ, ынжық болудың ең басты себебі – ата-ананың балаға үнемі қатал мәміледе болып, әр нәрсеге киліге беруі. Баланы бақылауға алу керек, бірақ еркін жіберу керек.

Тартыншақтықпен қоса еркелік және тәкаппарлық та жаман мінез-құлықтарға жатады. Балаға қай жерде қалай сөйлеу және қалай әрекет ету керектігін білетіндей етіп тәрбиелеу керек [2].

Қорыта айтқанда, Жан Пиаженің когнитивтік даму теориясы негізінде ата-аналарға арналған мынандай кеңестер береміз:

Біріншіден, баланың дамып-жетілуін қадағалап, оны бақылауда ұстау қажет.

Екіншіден, жаңа машықтарын дамытып отыруға, келесі белеске өтуге баланы ынталандыру керек. Баланың жасына сай келетін әр алуан дамытушы ойындарды пайдалануға болады.

Үшіншіден, баланы қадағалау керек, бірақ шектеп тастауға болмайды. Ол жаратылысынан әлемді танып-білуге, жаңа нәрселерді үйренуге тырысады. Бақылаңыз, бірақ кедергі келтірмеңіз. Және де когнитивтік тұрғыда өсіп-жетілу он бес жаста тоқтап қалмайтынын есіңізде ұстаңыз.

Балаларыңыздың дамуына көмектесіңіз және өзіңіз дамыңыз. Іске сәт!

Әдебиеттер

Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006.

Тойлыбаев, Б. Ер азаматтарды дәстүрлі түрде тәрбиелеу /Б.Тойлыбаев //Ұлт тағылымы. - 2003.- № 3.- 84-85 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

Базарбаева Г. О.

Аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдар бойынша әдіскері, Бәйдібек ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются цель и задачи дошкольных программ в Казахстане.

Summary

This article discusses the goal and objectives of preschool programs in Kazakhstan

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы құжаттарда анықталған негізгі міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы «Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы» халықаралық адам құқығы туралы нормаларға сәйкес жазылған.

1996 жылы алғашқы ұлттық Балбөбек бағдарламасының жобасы дайындалып, 2006 жылы өңделіп қайта баспадан шығарылды. 1999 жылы Елбасының жарлығымен Балаларды міндетті мектепалды дайындау тұжырымдамасы қабылданды. Оның негізінде Мектепалды дайындау (Семей), балабақшада және отбасында баланы мектепалды дайындау (2000) бағдарламалары әзірленді. Кейін Қайнар, Қарлығаш Жеке тұлға атты балама бағдарламалар іске қосылып, эксперименттен өткізілді. 2004 жылы алғашқы мектепке дейінгі білім беру стандарты дайындалды. 2008 жылы мектепке дейінгі білім беруге тұлға бағдарлы, құзыреттілік тұғыры негізінде жалпыға міндетті білім беру стандарты дайындалды. Оның негізінде Алғашқы қадам, Зерек бала, Біз мектепке барамыз атты бағдарламалар дайындалды. Елбасының ұсынысымен 2010 жылы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған Балапан бағдарламасын жарияланды[1].

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, Мәңгілік ел жалпыұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;
- баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;

– мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі міндеттері:

– әрбір баланың жеке тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды әрі қарай дамыту;

– практикалық, танымдық, шығармашылық және балалар іс-әрекетінің басқа да түрлерінің тәжірибесін қалыптастыру;

– әрбір баланың интеллектуалдық қабілеттіліктерін, шығармашылық әлеуетін дамыту;

– Қазақстан Республикасының патриоттық, мәдени-тарихи салт-дәстүрлер негізінде мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;

– ұжымда тәрбиеленушілердің ұлтаралық мәдениетін қалыптастыру;

– баланың толыққанды дене бітімінің дамуына, негізгі күзiреттіліктің маңыздылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолайлы, заттық-дамытушы ортасын құру;

– баланы тәрбиелеу және дамыту мақсатында отбасы, мектепке дейінгі ұйым ортасының ынтымақтастығы.

Мектепке дейінгі кіші жастағы баланы дамыту мен тәрбиелеудің нәтижесі негізгі күзiреттілікке ие, ересектер және құрдастарымен өзара әрекет ете білетін, дене шынықтыру және салауатты өмір салты негіздеріне ие тұлға болып табылады.

Бес білім беру саласының базалық мазмұны балалардың танымдық қабілеттіліктерін, жеке басының бейімділігін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады. Барлық білім беру салалары және оның тараулары өзінің мазмұнында мазмұны қоршаған әлемнің қыр-сырын, адамдардың ішкі жан дүниесін, қоғамдық, әлеуметтік және жеке қатынастар, табиғи және маусымдық құбылыстар, техника және ойыншықтар әлемі, әдебиет, өнер, сезім, көңіл күй және т.б. қамтиды.

Бағдарламаның айырмашылық белгісі пәнаралық байланысқа және мектеп жасына дейінгі балалардың білімі мен білігінің тұтастығын қалыптастыруға негізделген білім беру материалдарының мазмұнын біріктіру болып табылады.

Бағдарламаның құрылымы:

– түсіндірме жазба;

– балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сипаттама;

– күн тәртібінің үлгісі;

– бес білім беру саласының базалық мазмұны: Денсаулық, Таным, Қатынас, Шығармашылық, Әлеуметтік орта;

– әрбір жас кезеңдері үшін ойын және еңбек іс-әрекетіндегі баланың даму бағыты.

Бағдарламада әрбір тарау бойынша бағдарламаның базалық мазмұнын меңгеру көрсеткіштері ұсынылған. Қосымшада:

– дидактикалық және қимыл-қозғалыс ойындар тізімінің үлгісі;

– ұсынылған көркем әдебиет шығармалары;

- зерттеу-іздігіру және бейнелеу өнері іс-әрекеті бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыптар үлгісі;
- бейнелеу өнерімен танысу үшін шығармалар үлгісі;
- музыкалық репертуар және музыкалық дидактикалық ойындары ұсынылады.

Денсаулық білім беру саласында педагогикалық іс-әрекетінің міндеттері, мазмұны және шарттары анықталған, олар, балалар денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтының қарапайым ережесін қалыптастыруға, балалар ағзасының, қимыл дағдыларының мүмкіндіктерін жетілдіруге, дене және ерік қасиеттерін дамытуға әсер етеді. Қатынас білім беру саласында мектепке дейінгі кіші жастағы баланың коммуникативтік қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша міндеттері мен жұмыс мазмұны анықталған.

Таным білім беру саласында баланың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту бойынша; зерттеу, салыстыру, талдау, қарапайым іздестіру әрекетімен шұғылдана білуін дамыту бойынша; қолжетімді ақпарат көздерінің жұмыс дағдыларын меңгеруі бойынша педагогикалық жұмыстардың міндеттері, мазмұны және шарттары анықталған.

Шығармашылық білім беру саласында балалар шығармалары арқылы көркемдік қабілеттіліктерін қалыптастыру бірлігі, балалардың бейнелеу және музыкалық іс-әрекеттерінің алуан түрлілігінің өзара әрекеттестігі, баланың дүниеге эстетикалық көзқарасы және оның өнер құралдарымен дамуы ұсынылған.

Әлеуметтік орта білім беру саласы баланың әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін кеңейту және байыту, оны қоғамдық қатынас жүйесіне қосу, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін – еңбек дағдыларын, білімін, нормаларын, ережелерін қалыптастыру бойынша педагогикалық қызмет міндеттері, мазмұны және шарттары анықталған.

Әрбір білім беру саласының мазмұнында мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды дамытуда күтілетін нәтижелер анықталған [2].

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 ж. Жолдауында аталып көрсетілген «Балапан» бағдарламасы аясында Елбасының берілген тапсырмасын орындау мақсатында халықты балабақшамен қамтамасыз етудің қысқа мерзімді шаралары жүргізілді:

- 1) 2009-2015 жылдарға мемлекеттік және жекеменшік инвестиция есебінен мектепке дейінгі ұйымдардың объектілерін енгізу кестесі құрылды;
- 2) мемлекеттік органдар орналасқан балабақшалар ғимараттарын босату бойынша, оларды коммуналдық меншікке беру шаралары жүргізілді;
- 3) мектепке дейінгі ұйымдарды ашу үшін басқа да ғимараттар мен орындарды пайдалану қарастырылды [3].

Сонымен, жоғарыда талдап көрсетілген мәліметтер қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жанару үстінде екенін айдан анық көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасындағы балабақшалардың білім беру жүйесінің дамып жатқандығын көрсете отырып, аталған бағдарламалардың тек

айтылып қана қоймай, сонымен қатар практикалық түрде жүзеге асырылып жатыр дегіміз келеді.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2005.

Халилаева Э.Ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі жағдайы.// РҒПК материалдары. Ақтөбе, 2009.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // Егемен Қазақстан, А., 2010.

ОӘЖ 37.013.2

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ АӘІСТЕРІ

Джуманов Х. Н.

№ 82 Б. Наметов атындағы НОМ директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются структура и методы развития профессиональных навыков учителя

Summary

This article examines the structure and methods of developing teacher professional skills

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деп атап көрсетті [1].

Бүгінгі күнде педагогтың зиялылығы мен кәсіби құзыреттілігі — ол кәсіби білімнің негіздерін білу ғана емес, сондай-ақ ғылыми ақпарат ағымында хабардар бола білу, оқытудың жаңа педагогикалық жүйесін, баламалы және вариациялық бағдарламаларды талдай білу, тиімді педагогикалық тәжірибені дағдыландыра білу.

Ұстаздың өз бетінше білім жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері - педагогикалық біліктілікке жеткізудің бір жолы болып саналады. Мұғалім біліктілігі, оның әдептілігі мен сыпайылығына, жүріс тұрысына, киім-киісіне, яғни педагогикалық техниканы меңгеруіне, өзінің мінез-құлқын басқаруына байланысты. Өйткені, мұғалім сахнадағы актёр сияқты әрқашан оқушылардың көз алдында болады, ал бала бәрін байқап таниды. Мұғалімдерді педагогтік біліктілікке үйрету - педагогтік оқу орнында оқып жүрген кезде басталады. Бұл іске студенттерге психология, педагогика пәндерінен жүйелі білім беру, педагогикалық шеберлік негіздері, көрнекі және жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі бойынша арнаулы курстар ұйымдастыру, оларды ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту, педагогикалық практиканы мәнді өткізу, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету ерекше орын алады.

Психологиялық-педагогикалық және арнайы (белгілі бір пән бойынша) білім мұғалімнің біліктілігі үшін маңызды, бірақ жеткіліксіз шарт, өйткені көптеген теориялық-практикалық және әдістемелік білім интеллектуалдық және практикалық білік пен дағдының тек алғы шартты ғана болады.

Кәсіби біліктіліктің құрылымы қабылданған педагогикалық білік арқылы түсіндіріледі, ал ол білік теориялық білімге негізделген және педагогикалық міндетті шешуге бағытталған бірнеше іс-қимыл жиынтығы арқылы ашылады.

Қазіргі заманғы білім беру жағдайында кәсіби біліктілік үш компоненттен тұрады.

1. Тәжірибемен ұштастыру білігі, яғни өз іс-әрекетін әлемдік педагогиканың деңгейіне сәйкестендіру қабілеті, әріптестерінің тәжірибесімен алмассақ, инновациялық тәжірибемен алмасу, өзінің іс-тәжірибесімен қорытып, басқаға бере білу білігі.

2. Оқыту мен тәрбиенің үнемі өзгеріп отыруы жағдайында педагогтың қажеті нормативтік сапасы ретінде оның кәсібіндегі тәсілі, әртүрлі білім процесі мен жүйелері мазмұны түрі, әдістері және педагогикалық шындықты туғызу білігі.

3. Кәсіби білікті мұғалім рефлексияға, яғни ойлаудың ерекше тәсіліне қабілетті. Педагогика мен психологияда «білік» ұғымының әртүрлі түсініктемелері бар. Олардың бірінде білік меңгерілген іс-әрекет ретінде, енді біреулерінде бар білімді пайдалану тәсілі ретінде, дағды жиынтығы ретінде айтылған «Білік» іс-әрекетті саналы түрде меңгеру, сол меңгеру нәтижесінде іс-әрекетті тиімді орындау мүмкіндігі туады.

В.А.Сластенин барлық педагогикалық білікті 4 топқа біріктіреді.

1. Объективті педагогикалық шындықтың, тәрбиенің объективті нақты педагогикалық мақсатқа көшуіру білігі, яғни жеке тұлға мен ұжымды олардың жаңа білімді меңгеруге дайындық деңгейін анықтау үшін зерттеу және соның негізінде олардың дамуын бейнелеу, алғашқы білімділік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарды анықтау.

2. Логикалық тұрғыдан аяқталған педагогикалық жүйені жүзеге асыру білігі (білім, тәрбие жұмыстарын жоспарлаудан, білім беру үрдісінің мазмұнын таңдап алғаннан бастап оның ұйымдастыру түрлерін, әдістерін және құралдарын анықтағанға дейін).

3. Тәрбиенің әртүрлі компоненттері мен факторлардың арасында байланыс орнату, оларды іске қосу білігі, қажетті материалдық, педагогикалық ұйымдастырушылық, валеологиялық және басқа жағдайларды жасау білігі, мектепті ортамен байланыстыруды қамтамаасыз ету білігі, оқушы тұлғасын белсендіру білігі, оның іс-әрекетін тәрбиенің объектісінен субъектісіне айналдыратындай етіп дамыту, бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру білігі.

4. Педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін еспке алу және бағалау білігі, яғни оқу үрдісін және басқа мұғалімнің іс-әрекетін талдау өзін-өзі талдау жүзеге асыру білігі, сол сияқты педагогикалық мақсаттың алғашқы және келесі кешенің анықтау білігі талап етіледі [2].

Сондықтан, мұғалімнің теориялық, практикалық даярлығының мазмұны төмендегідей болуы шарт. Олар:

Танымдық біліктілік, ең алдымен, жеке бастың интеллектуалдық мүмкіндігі, мамандық еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық біліктілікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес т.б. психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет. Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кездескен жағдайда дұрыс таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігінен ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл қасиет өзін-өзі тәрбиелеу, оқу, білім алу, еңбек процесі барысында тұтас қалыптасатын іскерлік.

Құра білу (конструктивтік) біліктілігі – оқу-тәрбие жұмысын моделдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктеп алумен сипатталады. Оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретті ұйымдастыра білу, Бұл біліктілікті меңгеру үшін интеллектуалдық қасиет, қабілет қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдымен ойлау, салыстыру, болжам жасау, технологиялық логикалық ойлау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан құра білу біліктілігі танымдық біліктілігімен ұштасып жататын қасиет.

Қарым-қатынас (коммуникативтік) біліктілігі - бұл мұғалімнің педагогикалық процестің барысында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Коммуникативтік іскерлікті тәрбиелеу үшін, адам ең алдымен, басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта, түсіндіре білуге үйренуі қажет. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын, сөйлескен, пікірлескен адамға, ұжымға түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында қажет болқан жағдайда, бет-бұрыс жасау сияқты мүмкіндіктерді басқара білу, оң шешім таба білу. Осылардың нәтижесінде мұғалімге қарым-қатынас бейімділігі және ептілігі бар адамдармен оңай тіл табыса алатын, тез араласа алатын жеке бастың қасиеті қалыптасады.

Ұйымдастырушылық біліктілік - бұл мұғалім еңбегінің бөлінбейтін үнемі жүріп отыратын маңызды саласы. Педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл барлық педагогикалық біліктілікті бір-бірімен байланыстырып басқаратын біліктілік болып табылады. ұйымдастырушылық біліктіліктің өзіндік белгілері бар. Олар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмысты талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бақалау, есеп беру, нақтылап объектіге зейін қоя білу, кездесетін кедергіні тез арада болдырмауға психологиялық ахуал туғыза білу, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға ықпал жасау іс-әрекеттерінен құралады.

Хабарлау біліктілігі - жеке педагогикалық біліктілік болып саналады. Көбіне қатынас құралы ретінде қарастырылады. Себебі қарым-қатынас хабарлама материалынсыз болуы мүмкін емес. Информациялық біліктілік оқу- тәрбие процесінің оптималдылығын арттыруда шешуші орын алады. Оқу-білім материалын терең, жан-жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану дағдысының болуын талап етеді. Бұл біліктілік мұғаліммен дауысты үйлестіре білуді, көңіл-күй сезімімен сөйлеуді, сөздің құдіретті күшін және дауыс үнін, бет қимылды меңгере білуді талап етеді. Сөйлеу, әңгімелесу, көрсете отырып түсіндіру, пікірлесу тыңдау, сұрақ-жауап айту тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін аудару-мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне қажет біліктілік.

Зерттеушілік біліктілік - әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар мұғалім озат тәжірибені де өзінің тәжірибесіне жинақтауды, оларға теориялық-практикалық негізде талдау жасауды және мектеп өміріне ендіруді қамтиды. Мұғалімдік мамандық- педагогтік біліктілік, білім шеңбері жинақталып, мұғалімнің жеке басының қасиет-сапаларын ашып беруге мүмкіндік жасайды. Мұғалімнің жеке басын сипаттайтын қасиеттер: кәсіби бағыттылығы, ғылыми көзқарасы, идеялық сенімі, белсенділік және т.б.

Аналитикалық білік - мынадай жеке бөліктерден тұрады:

Педагогикалық құбылыстарды талдау, яғни оларды құрушы бөліктерге бөлу (шартты себептері мотивті құралдары, түрлері).

Педагогикалық құбылыстың әрбір элементінің басқа элементтермен байланысын түсіну.

Педагогикалық теориядағы қарастырылып отырған құбылысқа сәйкес келетін жағдайларды, қорытындыларды, заңдылықтарды табу.

Педагогикалық құбылысқа дұрыс диагностика қою.

Педагогикалық мәселелерді шешудің ұғымды тәсілдерін табу.

Болжамдау білікмұғалімнің модельдеу, болжам қоя білу, ой эксперименті, әдістерді меңгеруді талап етеді.

Жобалау білік - білім бері процесін жобалау барысында жүзеге асырылады.

Рефлексивті білік - мұғалімді бақылау, бағалау іс-әрекетімен байланысты.

Дамытушылық білік - оқушылардың еркі мен сезімін, таным үрдістерін дамыту үшін арнайы жағдайлар мен проблемалық ситуациялар туғызу оқушылардың бұрынғы алған білімін қолдануды талап етеін сұрақтар қою оқушылармен жеке қарым-қатынас орнату.

Бағдарлық білік - оқушылардың білімі мен мүмкіндіктеріне сәйкес олардың іс-әрекетіне ынтасын тұрақты түрде қалыптастыру мен тұлғаның әлеуметтік маңызды сапасын дамыту мақсатында бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырумен байланысты.

Мұғалімнің перцептивті білігі қарым-қатынастың алғашқы кезеңінде көрінеді, басқа адамды (оқушыны, мұғалімді) түсіне білу білігі. Бұл білікті жүзеге асыру

үшін басқа адамның талғамын, ынтасын, бейімін, өмірге көзқарасын түсіне білуі [3].

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті құзыретті маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр.

Қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыру жолында мұғалімдердің құзіреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіби дәрежелерін заманауи технологияларға сай көтеріп, дамыту еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаты.

Сонымен мұғалімнің кәсіби білігі мен оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізгі болып табылады. Жоғарыда баяндалған білікті меңгеру мұғалімнің басты міндетінің бірі болып саналады. Мұғалімнің кәсіби білігі оның практикалық, әдістемелік білігімен, дағдысымен тығыз байланыста болу керек. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің маңызды түрлерінің бірі оқытудың теориялық негіздерін біліп, мектепке әртүрлі тақырыптарды оқытқанда қолдана білу, ол үшін оның әдістемелік дайындығы болу қажет.

Әдебиеттер

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» -

Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 17.01.2012 ж.

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – А., 2002.

Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – А., 2007.

ОӘЖ 371.255.1

ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Исламов Г. Н.

№ 82 Б. Наметов атындағы НОМ директорының оқу ісі жөніндегі директор орынбасары,
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются виды и методы работы с неуспевающими учениками в школе

Summary

The article discusses the types and methods of working with unsuccessful students at school

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» – деген сөзінен бастағым келеді [1].

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып,

жаңаша қырда қолданылатын көптеген технологияларды Отандық педогогтар өз тәжірибелерінде тиімді пайдалануда.

Мұғалім өзі тәжірибесіндегі, біліктілігі жоғары, жан-жақты іздену, жұмыс түрлерін түрлендіруі, сабақты қызықты өткізуінің арқасында оқушылардың пәнге үлгермеушіліктері азаяды. Барлығы мұғалімнің шеберлігі мен оқушының қызығушылығына байланысты.

Ал оқушылардың білімді қалыпты игеруде, психологтар мен педагогтардың зерттеулері бойынша баланың оқуына үш фактор себепші болады деп зерттеген:

Біріншіден, балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады;

Екіншіден, балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл-ой даму деңгейінің тежелуінен;

3. Үшіншіден, педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан деп зерттеген.

Адамның өз мүмкіншіліктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізетін тағы бір қасиеттердің бірі – ұялшақтық, ұяндық, тұйықтық. Бұл қасиет негізінен адамда бала кезінен пайда болады. Одан бала кезден арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Табиғатынан ұяң бала сол кедергілерден өте алмауы, қиындықтарға төтеп бере алмауы мүмкін. Бір-екі рет төтеп бере алмаса, біртіндеп оның барлығы бала бойына жинақталып, тұйықталуға, іштен тынуға ұласады да, әр кез сәтсіздіктерге ұшырағанда үнсіз келісіп, күресуден бас тартады. Тіпті, баланың өзін-өзі бағалауы да төмендей бастайды. Өзінің үнемі жолы болмайтындай сезіп, өмір сүруге деген құлшынысы азаяды, тіпті өзін жеккөріп кетеді. Ұялшақ, тұйық балалар табиғатынан үндемейді, көзін үнемі төмен салып жүреді, иығы еңкіш тартып тұрады, бір нәрсе айта қалсаң қалтырап кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіңе тура қарамайды, тіпті қарапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтарады. Олар көбінесе, өз сезімдерін көпшілік алдында көрсетпейді, ішінен уайымдайды, жалғыздықты сезінеді, торығу сезімі басым болып келеді. Оларға абыржу, сасу, қысылу, ұялу, өзін болмашы нәрсеге кінәлі сезіну тән. Кейбір балалар табиғатынан ұяң болмауы мүмкін, олар топ бастауға құмартып тұрады, бірақ оны басқара алмағандықтан, өзін көрсете алмағандықтан, үндемей, ешкімге қосылмай, тұйықталып жүреді. Өз пікірін айтуға жасқаншақтанады. Себебі өзгелердің алдында күлкіге ұшыраймын, мазаққа қаламын деп қорқады.

Дегенмен де, мектепте оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары бірдей болғанымен, оқушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. Оқушылардың үлгерім көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиелері, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Үлгерімі төмен оқушыларда дамудың жеке варианттарының көп түрлілігі бар. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты,

яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді. Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Оқушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу оқушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен.

Сабаққа енжар қарайды. Бұл балалардың танымдық қабілеттері төмен болып келеді. Білімді қабылдауына әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, денсаулығына байланысты, ата-анасының қарауынсыз қалуына байланысты немесе психикалық дамуында ауытқу болуы мүмкін.

Көптеген ұстаздар «Үлгермеуші оқушылармен қандай жұмыс ұйымдастыруға болады?» - деген сұрақ қоя отырып, жоспар құрады. Олар:

Оқу жылында үлгерімі төмен оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс кестесін құру;

Оқушыға жеке папка арнау;

Қосымша сабақтарға арналған дәптерлер бастату;

Білім кетіктерін жоюға арналған тапсырмалар (карточка, тірек –үлгілер, ребус, сөзжұмбақтар);

Ата-анасымен үнемі байланыста болу, бірігіп жол іздеу;

Психолог, дәрігерлер, логопедтердің кеңесіне жүгінуге ата-анасына кеңес беру.

Жас ерекшеліктеріне сай дүниетанымы, қабылдауы мен зейіні тұрақталмаған, үлгерімі төмен оқушыға оқу қызметінің жетістігін қамтамасыз ету үшін алдымен жұмыс жүйесін ойластыра келіп, белгілі бір ережеге сүйенген дұрыс:

Үлгерімі төмен оқушыларға бірден жағдаятты сұрақ қойып, бірден тез жауабын талап етуге болмайды.

Ойлануы мен дайындалуына жеткілікті уақыт беру.

Жауабын жазбаша жазғаны жақсы. Үлгерімі төмен оқушының сөздік қоры таяз болғандықтан оның ауызекі сөйлеуі дамуында қиындықтар туындайды.

Аз уақыт ішінде үлкен материалды меңгеріп алулары мүмкін емес, сондықтан қиын материалды шама шарқынша бөлімдерге бөліп беру керек.

Өздік жұмыс орындауда қиын болған сұрақтарда мұғалім нұсқау мен көмек көрсету [2].

Мұндай оқушыларға өзіне, біліміне, күшіне деген сенімділігін қалыптастыру керек. Сабақ барысында болсын, сыныптан тыс уақытта болсын оқушыларға жеке дифференциалды тапсырма түрлерін ұсынған кезде қарапайым түсініктен бастау керек. Тапсырма түрлері:

Қабылдауын шыңдау үшін 10-15 секундта геометриялық фигураларды көрсетіп, уақыт бойынша суретін салғызуға болады. Осындай тапсырманы түрлендіріп отырған жөн.

Мақал-мәтел, тақпақ оқытып, жаттатуда, есте сақтау қабілетін дамыту үшін заттарды визуалды көрсету арқылы тапсырмалар ұсынамын.

Ойын толық жеткізуге арнайы тірек-үлгілер арқылы сөйлетіп дағдылату. Мысалы: кескін-тірек арқылы жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажыратып, шағын ауызша шығарма құруға дағдыландыру.

Зейіннің тұрақтылығын дамыту үшін қазақ тілі сабағында қысқаша жеңіл балаға түсінікті жаттығудан үзінді алып, әр жолды жазып отырып осы сөйлемдегі «үнді,» немесе «қатаң» дыбыстардың астын сызып, санап шық деп тапсырма беріп уақытты белгілеп, жазу таңбасынан қанша қате жібергенін қадағалауға болады.

Сабақта тақырыпты жеңіл меңгеруде дүниетану пәнінен викториналық сұрақтар құрастырып, математика элементтеріне көңіл аудартып пән аралық байланыс жасалса, оқушының есте сақтауына, әрі ойлануына тапсырма ұйымдастырамын. Мысалы:

Дала көкегі орта есеппен күніне 40 шақты қырық-аяқ, 40 шақты жұлдызқұрт жейді, 5 қоңыз личинкасын жейді. Сондықтан ол пайдалы. Ал 2 күнде қанша жәндік жейді?

Қайың 250 жылдай, қарағай 600 жылдай өмір сүреді. Қайыңның сөлі пайдалы. Сусын ретінде ішуге болады. Қарағай қылқан жапырақтылар класына жатады. Одан желім даярланады. Қайың қарағайға қарағанда қанша жыл аз өмір сүреді, деген салыстыру жүргізуге болады.

Тақырыпты түсініп оқуда баланың оқыған әрбір сөзін белгілі затпен, математикалық элементпен байланыстырса, оқығанына мағына бере бастайды, жеңіл қабылдап, тақырып есінде сақтала бастайды. Сондай-ақ, үлкен көлемді тақырып кездесе, әр топқа (өсімдік, жануар немесе жәндіктер класына бөліп беру арқылы тақырыпты жеңіл игертуге болады. Осы әрекеттер жүзеге асқан жағдайда оқушының дүниетану пәніне деген қызығушылығы ояна түседі.

Полиглот жұмбақтар:

Сақталады 6 ай жаз,

Сандығымды сары аяз. (тоңазытқыш-холодильник)

Қалқиып екі құлағы,

Елендеп, қорқып тұрады. (қоян-заяц)

Қос құлақты, жүз тісті,

Жүзінен бір-ақ із түсті. (ара-пила)

Осындай бағытта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасап, зейінін дамытатын тапсырмалар беріп, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру қажет. Үлгерімі төмен оқушылардың міндеті – түсініп оқу, әрбір сөзді топтап, белгілі затпен байланыстыра білу.

Нәтижесінде, оқушының бойынан оңтайлы өзгерістерді аңғаруға болады.

Пәнге деген қызығушылығы артады;

Өздеріне сенімді бола бастайды;
Белсенділік көрсетеді;
Жолдастарының ықыласына бөленеді;
Сабақты себепсіз босатпайды;
Жауапкершілігі артады;
Түсінбей қалса, батыл сұрақ қоюға талпынады.

Қорыта кеткенде, нашар оқитын оқушылар оқу- тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек. Сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта зейін мен ырықты, есте сақтауды дамыту қажет. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары көп уақытты, ынта-жігерді қажет етеді. Осы қиыншылықтардың себебі – баланың ақыл-ой ерекшеліктерінің, ақыл сапаларының қалыптаспағаны, ал бұл ерекшеліктер мидың кейбір органикалық аномалияларымен байланысты, сондықтан олар сыртқы әсерлерге тез көне алмайды.

Мұндай артта қалудың алдын алу үшін жұмыс балалардың ақыл-ой әрекетін белсендіруге, сөйлеу қабілетін дамытуға, практикалық тәжірибесін кеңейтуге бағытталуы керек. Мектеп балаға жалпы білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, оқыту, талдау жасауға үйрету, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқу еңбегінің қаруы – ой. Логикалық жеке пікірімен өзіндік талдау біртұтас. Бұл талаптар ой мен іс әрекеттің негізгі өзегі болып табылады. Алған білімдерін кеңейтіп, білім, білік, дағды, іскерлік қабілеттерін қалыптастыратын, математикалық ойлауын, ережелерді ұғынып, шығармашылық ойын дамытуға жетелей отыра қабілетті тұлға тәрбиеленеді. Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тани білетін, өзін өзгелердің мүмкіндігімен салыстыра алатын тұлға қалыптасады.

Әдебиеттер

Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан білім қоғамы жолында» // Егемен Қазақстан, 2012 жылғы 6 қыркүйек.

Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012.

ОӘЖ 159.9.01

ПСИХОДИАГНОСТИКА ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

Исмайлова Ф. М.

Аудандық білім бөлімінің педагогика және психология бойынша әдіскері, Сайрам ауданы.
Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы психодиагностики как научный метод обучения

Summary

This article discusses the issues of psychodiagnostics as a scientific method of teaching

Жас өспірімдердегі ой-сана, зеректік деңгейінің дамуы ата-аналарды да, мұғалімдерді де қызықтыратын тақырып. Баланың зеректігінің жетілуінде генетикалық құрылым басым рөл ойнаса да, негізінде қоршаған ортаның, яғни жетіліп жатқан ортаға байланысты факторлардың да баланың жетілуіне әсері мол. Бір сәби миында шамамен 180 миллиард жасушамен дүниеге келеді. Бұл жасушалар бір-бірімен нейрондар (жүйке жасушалары) арқылы байланысады. Бір жүйке жасушасы айналасындағы жасушалармен қаншалықты көп байланыс құра алса, яғни синапс құра алса зеректік жетілуі соншалықты белсенді болады. Әке-шешенің гені арқылы сәбиде қалыптасатын байланыс саны шамамен 50 миллионды құрайды. Бұл байланыс мөлшері қоршаған ортаның болымды әсері арқылы триллиондарға дейін бара алады. Қарапайым тілмен айтқанда балаға айналасындағы әсерлер тұрғысынан қаншалықты бай, жан-жақты орта берілсе, оның миындағы синапс мөлшері соншалықты көп болады. Керісінше егер үстем зеректікпен дүниеге келген бала айналасындағы шарттарға байланысты қажетті орта берілмесе, зеректік қабілетін қажетті деңгейге көтере алмайды. Осы тұрғыда мектепке дейінгі және бастауыш сынып шағындағы балалардың зеректігін жетілдіру үшін психодиагностика таптырмас оқу-тәрбиелік әдіс және ата-анаға көмекші нұсқаулық болады.

«Психодиагностика» сөзі «психологиялық диагноз қою» - деген сөзбен бірдей сияқты немесе адамның жалпы психологиялық жағдайын немесе қандай да бір психологиялық қасиеттерін жеке қарастырып, квалификациялық шешім қабылдау. «Психодиагностика» терминін 1921 жылы Г.Роршах енгізеді. Ол «диагностикалық тесттің перцепциясына негізделеді» - деп аталатын зерттеудің пайда болуы еді. Бірақ та бұл терминнің мазмұны кеңей түседі. Яғни, бұл термин «психологиялық тестілеу» сөзімен синоним ретінде қолданылды.

«Психодиагностика» неміс және швейцар психологтарының (Мейли, 1961; Хейс, 1966 ж.) жұмыстарынан көруге болады. Р.Хейстің айтуынша, ол тез маңызды мағынаға айналады.

Белгілі WEBSTER сөздігінде: «Психодиагностика» - бұл жеке тұлғаны бағалауға немесе клиникалық психологияның құралдарымен психикалық ауытқушылықты диагностикалау туралы ғылым және практикалық жұмыс жүргізу деп беріледі.

1970 ж. дейін «психологиялық тестілеу» термині, кез келген психологиялық тест жұмыстарымен байланысты ізденулер, зерттеулерге қатысты қолданылды [1].

«Психодиагностика» сөзінің психологияда екі түрлі мағынасы бар. Оның бірі – практикада қолданатын әртүрлі психодиагностика әдістеріне қатысты арнайы психологиялық білім аймағын көрсетеді, яғни «психодиагностика» ғылым ретінде түсіндіріледі және ол мынандай сұрақтарды қарастырады:

1. Психологиялық құбылыстардың табиғаты қандай және оның принциптік мүмкіндіктерінің ғылыми бағасы қандай?

2. Қазіргі уақытта психологиялық құбылыстардың танымдық және сапалық қағидаларының жалпы ғылыми негізделуі қалай қойылуда?

3. Қазіргі кездегі қолданылып жүрген психодиагностика әдістері жалпы ғылыми методологиялық талаптарға қаншалықты сай келеді?

4. Психодиагностиканың әр түрлі құралдарына қойылатын әдістемелік талаптар қандай?

5. Практикалық психодиагностиканың нәтижесінің нақтылығы, талаптары, психодиагностика жүргізу шарттары, нәтижесін өңдеу құралдары мен интерпретация әдістерінің негізделуі қандай?

6. Психодиагностика әдістерінің, соның ішінде тесттің ғылымилығын тексерудің негізгі процедуралары қандай?

Психодиагностика сөзінің екінші мағынасы психологиялық диагноз қоюдағы психолог әрекетінің спецификалық ортасын көрсетеді. Бұл жерде теориялық мәселелерден гөрі, психодиагностика жүргізген мекемеге қатысты практикалық сұрақтар шешіледі, яғни мынандай мәселелерді қарастырады:

1. Психологқа кәсіби талаптардың қойылуы;

2. Өз жұмысын табысты орындау үшін психолог меңгеруі тиіс білімдер, ептілік пен дағдыларды анықтау;

3. Психологтың психодиагностика әдістерін кәсіби және табысты меңгергені туралы кепілдеме ретінде практикалық жағдайда қысқаша түсіндірме беру;

4. Психологтың психодиагностика саласындағы біліктілігінің бағасы жайлы.

Теориялық және практикалық екі сұрақтар кешені де бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұл салада жоғары квалификацияланған маман болу үшін психолог психодиагностиканың ғылыми және практикалық негіздерін өте жақсы меңгеруі қажет.

Барлық айтылған жағдайларда ғылыми және практикалық психодиагностика мынандай мәселерді шешеді:

1. Адамның психологиялық қасиеттерін, мінез ерекшеліктерін анықтау;

2. Сол айтылған қасиеттердің даму дәрежесін сандық және сапалық көрсеткіштермен нақтылау;

3. Қажет болған жағдайда диагностикаланған адамның психологиялық және құлықтық ерекшеліктерін суреттеу, хаттау;

4. Әртүрлі адамдардың зерттелінген қасиеттерінің даму дәрежесін бір-бірімен салыстыру

Зерттеу жүргізілген кезде практикалық психодиагностиканың осы төрт түрлі міндеті жеке-жеке немесе кешенді түрде қарастырылады. Көптеген жағдайларда сапалық сипаттаудан гөрі, сандық талдауды меңгеру қажет болады. Бұл математика элементтері, математикалық статистиканың көмегімен жүзеге асады.

Сонымен қорыта келгенде, психодиагностика психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі арнайы дайындықты қажет ететін күрделі жұмыс түрі. Кәсіби психологтың жұмысында психодиагностика ерекше маманданған сала ретінде қарастырылады, себебі психолог-диагност меңгеруі тиіс білім, икемділік,

дағдылар жиынтығы соншалықты ауқымды және соншалықты күрделі екендігі ақиқат[2].

Психодиагностиканың ғылыми-теориялық негіздері - тұлғаның немесе топтың психологиялық даму деңгейінің жағдайын, қасиетін нақты бағалауға арналған теориялық, методологиялық әдістердің ортасы деуге болады. Психодиагностиканың объектісі ретінде психология зерттейтін барлық құбылыстар қарастырылады, яғни адамның түйсінуінен бастап, күрделі тұлғалық және өзара тұлға аралық қарым-қатынаста туындайтын күрделі әлеуметтік психикалық процестерге дейін.

Тұлғаның немесе топтың психикалық даму деңгейінің бағасын практикада анықтау үшін мынандай мәселелерді шешу керек:

- 1.Қасиеттің сәйкес даму деңгейін анықтау.
- 2.Оның даму динамикасын және белгілі бір уақыт аралығындағы өзгеруін анықтау.
- 3.Тұлғаның немесе топтың мінез-құлқындағы және психологиясындағы нақты өзгерістерді.
- 4.Тұлға қасиеттерін дамыту перспективасын анықтау.
- 5.Келесі дифференциалды зерттеу жұмыстары үшін зерттелінуші адамдарды немесе топты категорияларға бөлу.
- 6.Тұлғаның немесе топтың тапсырманы орындауға жарамдылығын анықтау, мысалы адамның өз қызметтік міндеттерін атқаруға кәсіби даярлығын.
- 7.Тұлғаның немесе топтың психологиясы мен мінез-құлқы психокоррекция жұмыстарын жүргізу мақсатындағы кейбір медициналық немесе әлеуметтік нормаларға сәйкес келу,келмеуін анықтау.
- 8.Тұлға немесе топ үшін өмір жолын таңдауда (мамандық, некелік жолдасын,т.б.) және өз білімін жетілдіруде ұсыныстар жасау.

Осы айтылған мәселелер психодиагностика үшін жалпылау болып табылады. Осылардың көпшілігі мектеп жасына дейінгі мекемелерде және мектептерде әртүрлі жас баламен жүргізілетін жұмыстар арқылы шешілу керек.

Психодиагностика көбінесе былай түсіндіреді:

- Баланың бір айлығынан бастап мектеп бітіргенге дейінгі жас ерекшелік психологиясының даму динамикасын (танымдық, интеллектуалдылық,тұлғалық және тұлғааралық) зерттеу. Ол үшін әрбір баланың жылдық немесе айлық даму көрсеткіштері жазылған психодиагностикалық картасы жасалу керек.
- Әрбір баланың психологиялық және құлықтық дамуының өзіндік ерекшеліктерін анықтау, оның орташа стандартты нормадан ауытқуын, жағымды жағына қарай ма?(жедел дамуын), әлде теріс қарай ма?(баяу даму)
- Балаларға білім беру мен тәрбиелеудегі жетістіктерді анықтау мақсатында жүргізілетін психологиялық қызмет көрсететін педагогикалық эксперименттер және осының негізінде берілетін ұсыныстар.
- Өз уақытында дұрыс бағыт беру үшін, сондай-ақ ғылыми негізделген профконсультациялық және мамандыққа бағдарлау жұмыстарын жүргізу

мақсатында баланың дарындылығын, икемділігін, қабілеттілігін, бейімділігін анықтау.

- Мұғалімдер мен ата-аналар үшін пайдалы болатын, сол балаға тиімді болатын оқыту мен тәрбиелеу әдістерін таңдау және баланың психологиялық жағдайы туралы әртүрлі информациялар алу[3].

Білім беру жүйесіндегі мекемелерде балалардың психодиагностикасымен жоғары оқу орнының психология факультетін бітірген, кәсіби даярланған практик-психолог немесе «практикалық психология» мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен мамандар айналысады. Осыншама мәселені қамту және дұрыс психодиагностикалау үшін практик-психологтың кәсіби біліктілігі жоғары болуы керек.

Психодиагностикалық жұмыс барысында жеке тұлғаның психологиялық даму ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностика әдістері кеңінен қолданылады. Оларға жалпылама шолу жасап өтетін болсақ, мысалы ақыл-ой дамуын диагностикалау, танымдық процестердің дамуын диагностикалау, жалпы қабілеттер, тұлғаның құндылық мотивациялық мінезі, қарым-қатынас диагностикасы, т.б.

Әдебиеттер

Рогов Е.И. Настольная книга психолога - М., 2004.

Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет.

Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 286 бет.

ӘОЖ 371.485

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Махмудов А. А.

№ 82 Б. Наметов атындағы НОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются основные подходы и рычаги для развития личности в школе

Summary

The article examines the main approaches and levers for personality development in school

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан - жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Сондықтан жас ұрпақты шындап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі мектеп алдына қойылып отырған басты міндет. Ұстаздар мен ғалымдардың екінші Қазақстандық съезінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Қымбатты ұстаздар, сіздер біздің балаларымызды өсіріп, олардың ақыл-ойын жетілдірудесіздер. Олар үшін кейде ата- аналарына қарағанда сіздердің беделдеріңіз үлкен. Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенелілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап, бойларында салауатты өмір

салтын орнықтыруға сіздердің күш-қуаттарыңыз жетеді. Ел үшін оның балалары балғын шағынан тәуелсіз Қазақстан үшін мақтаныш сезімін бойларына сіңіріп, оның тарихы мен заңдарын, мемлекеттік нышандарын білгені өте маңызды» - деген.

Жеке тұлғаның дамуына тәрбие құралдары маңызды әсер етеді. Ғалым П.И.Пидкасистыйдың педагогикалық тұжырымдарына сүйенер болсақ, онда материалдық мәдениет құралдары баланың практикалық интеллектісін дамытуға барынша әсер етсе, ал рухани мәдениет құралдары ойлау қабілеттері мен басқа да жоғары психикалық функцияларын дамытуға зор әсер етеді екен. Л.С.Выготский дамудың қызмет құралдарын меңгеруге қатысты төрт сатысын атап көрсетеді. Біріншісі — мінез-құлықтың қарапайым нысаны — табиғи қарапайым саты, екіншісі — таңба және ауызекі сөз нысанында берілген мәдени мінез-құлық құралдарын меңгеру, үшіншісі — таңба нысанындағы құралдарды пайдалану тәжірибесін жинақтау және мәдени мінез-құлық әдеттерінің көрініс бере бастауы, төртіншісі — сыртқы таңба нысаны ішкі мазмұнмен ауыстырылғанда өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік мәдени дамуында рухани қажеттілік көріне бастайды.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы дегеніміз — бұл адамзат баласы жасаған материалдық және рухани мәдениет құралдарын меңгеру үрдісі, «бала мәдениеттен бірнәрсе алып қана қоймайды, сонымен бірге мәдениеттің өзі де баланың бойындағы табиғи атаулының барлығын қайта түлетіп, оның даму жолын түгелдей жаңаша өлшеп-пішеді» - дейді Л.С.Выготский [1].

Рухани мәдениеттің таңба нысанды құралдары тәрбиеде екі функция атқарады. Біріншіден, олар тәрбие ұжымындағы коммуникация мен ақпараттық айналымды қамтамасыз ететін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасын байланыстыратын құрал ретінде қызмет етеді. Тәрбиеші байланыс құралдарын оқушының еркіне, ынта-ықыласына, түсінігіне ықпал ету үшін қолданады. Келешекте олар өзін-өзі бақылау мен өзіне өзі әсер етуде көрініс бере отырып, балалардың өзін-өзі тәрбиелеу құралдарына айналады. Екіншіден, олар тәрбие міндеттерін бірлесе отырып шешудегі қызмет құралдары ретінде қолданылады. Сөзбен байланысты материалдық және бейнелі құралдар күрделі жүйені құрайды, оның ішіндегі бейнелі құралдар оқушылардың іс-әрекетін басқару мен жоспарлауға бағытталған. Жеке тұлғаның абстрактылы-бейнелі ойы, санасы, моральдық, эстетикалық және тағы да басқа сапалары осындай іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Таңбалық құралдар ойды дамытуда мәнді қызмет атқарады. Олар интеллектуалдық қызметте сананы тәрбиелеу үшін пайдаланылады (ғылыми, эстетикалық, адамгершілік, тұрмыстық және т.б.). Сана таңбалық құралдардың екеуімен де тәрбиеленеді. Коммуникация құралдары (және де ең алдымен сөз) тәрбиеленушінің әлеуметтік ортада дұрыс бағыт алуы үшін, олардың табиғат пен қоғам арасындағы тығыз байланысты дұрыс түсінуі үшін, мәдени мінез-құлықтың сенім, әдет, дағдыларын тәрбиелеу үшін өте қажет. Бұл құралдар тәрбиеленушілердің бірлескен және жеке-дара іс-әрекетінде қолданылады.

Жасөспірімдік шақта тәрбиенің ықпалы арқылы сана жүйелілік, жинақылық және әрекеттілік сипат алады. Әрбір осындай сипатты тәрбиелеу үшін өзіне тән құралдар қолданылады. Сананың жүйелілігі балалар энциклопедиясының, мектепте оқытылатын пәндерге қатысты ғылыми-көпшілік әдебиеттердің, ғылыми білімнің әр түрлі жүйесін көрсететін графикалық құралдардың көмегімен тәрбиеленеді.

Сананың жинақтылығы теориялық білімнің түпнұсқалылығын, солардың графикалық немесе кестелік нысанда берілген білім қорының нақтылығы мен оқып, біліп отырған құбылыстың жүйелілігін пайдаланумен қалыптасады.

Сананың әрекеттілігі өмірлік мәселелерді (үлкендердің беделін мойындау, дос таңдай білу және т.б.) шешуде бірнеше рет теориялық тұрғыдан тану нәтижесінде құрылады.

Ересек жаста негізінен өзін-өзі тәрбиелеуде сана жаңа сипатқа ие болып дами түседі: рефлексия, антиципация мен ассимиляция. Рефлексия арқылы сана жеке тұлғаның өзіндік сапаларына талдау жасайды, тәрбиенің өткені мен өзін-өзі тәрбиелеудегі кемшіліктерін танытады. Рефлексияны тәрбиелеуде үлкендердің өнегелі өмір жолдары, классикалық көркем әдебиет, өзіне-өзі баға берудің логикалық құралдары маңызды рөл атқарады.

Антиципация санада жоспарланған істердің дайындық кезеңіндегі және келешегіндегі нәтижесін көру қабілетін танытады. Антиципация әр түрлі балалардың мінез-құлқы мен әрекетіне, (соның ішінде жеке қателіктеріне, қате жіберу арқылы үйренуіне) логикалық талдау жасау арқылы қалыптасады, (алғашқыда беделді адамдардың; талқылауы, сосын өз достарының талқылауы, содан кейін өзін-өзі талқылау арқылы).

Ассимиляция өз халқының рухани құндылықтарын мен туысқан басқа халықтардың мәдени құндылықтарын меңгеру мүмкіндіктерін жоспарлаудағы сананы сипаттайды, соның негізінде жеке тұлғаның мінез-құлқындағы сенім, әдет, т.б. сапаларды дамытады. Мәдени құндылықтарды ассимиляциялау қабілетін дамыту үшін тұлғааралық қарым-қатынас, моральдық және эстетикалық тақырыптардағы әңгімелер, ұстаздар мен ата-аналардың өнегелі үлгісі, саяхаттар, көркем әдебиет шығармаларын оқып талқылау сияқты әрекеттер пайдаланылады.

Жоғары сынып оқушыларының моральдық және эстетикалық сезімдерге өзін-өзі тәрбиелеу құралдарына көркем әдебиет, көрмелер мен музейлер, көркемөнердің өр алуан түрлері, көркем өнерпаздар үйірмелері мен шығармашылық студиялар, туризм, спорт жатады. Бұл құралдардың сенімділігі олардың жоғары сынып оқушыларының өздеріне арналған іс-әрекеттердің қай түріне қатысатынына байланысты болып келеді.

Жоғары сынып оқушыларының ерік сапаларын і (қайсарлық, мақсатқа ұмтылушылық, табандылық, өзін-өзі ұстай білу, тәуелсіздікке, жүйелілікке ұмтылушылық, өзін-өзі басқара білу) тәрбиелеу құралдарына үлкендердің өнеге-үлгісі, қиын мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекеті, оқушылар ұжымы және т.б. олардың мінез-құлқын басқару органы жатады; сыныптың

қоғамдық пікірі тәрбиеленушінің өмір тіршілігінде маңызды орын алатын мақсаттар жүйесі.

Оқушылар әр алуан ерік іскерліктерді тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланылады: шараларды өткізуді басқару, өзін-өзі басқару әдістерін пайдалану, бұйрықтар беру, бұйрықтарды орындаудың, нақты, бірқалыпты болуы, мектеп ұжымын басқарудың күрделі мәселелерін талқышауда өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу т.б.

Қоғамдық пікір жеке тұлғаның әр түрлі сапаларының қажеттіліктерін тәрбиелеуге қызмет жасайды: ол оқушылардың батыл, нақты, ержүрек, тәуелсіз, табанды болуына әсер етеді. Сынып ұжымының қоғамдық пікірі тәрбиешінің байқаусыз ықпалы арқылы жинақталады және ол келешекте оқушыларды өздеріне сенімді болу мен ерік сапаларын дамытуға пайдаланылады.

Жоғары сыныптарда жеке тұлғаның өзі таңдаған ерік сапаларын өзінің тәрбиелеуі өте маңызды болып табылады. Өз еркін өзі тәрбиелеу жеке тұлғаның сезімдік және интеллектуалдық сфераларымен бірлікте жүзеге асырылады. Сондықтан да оның құралына рефлексия мен антипацияны біріктіре қамтитын танымдық және практикалық іс-әрекет жатады.

Өз еркімен танымдық және практикалық қиын міндеттерді шешу жоғары сынып оқушыларына ерік, табандылық, мақсаттылықты өз мұратымен сәйкестендіре дамытуға мүмкіндік береді. Рефлексия мен антипация арқылы жоғары сынып оқушылары өзін-өзі тәрбиелеуді өмірлік мақсаттарымен, дағдылы мұраттарымен мезгіл-мезгіл салыстырып отырады [2].

Қорыта айтқанда, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың неғұрлым мақсатқа сәйкес нысанын анықтау — бұл мұғалімнің тәрбие міндеттерін шешудегі жетістігінің алғашқы қадамы. Қолданылатын кез-келген нысанның тиімділігі көп жағдайда осы міндеттердің ғылыми негізде жүзеге асырылуына байланысты. Оған мыналарды жатқызуға болады: алда тұрған шараны өткізу дайындығына оқушыларды барынша көп қатыстыру және оны өткізу; шараларды өткізуге дайындық пен оны өткізуге оқушылардың белсенді, өзіндік іс-әрекетіне ықпал ететін эмоционалдық және рационалдық факторлар; оқушылар бойында іс-әрекеттің маңызды мотивтерін қалыптастыру жатады.

Мектеп тәжірибесінде бір ғана тәрбие жұмысын ұйымдастыру нысандарын қолдану әдетте трафаретке айналып кетеді де және оның бірте-бірте сапасы әлсірейді. Тәжірибелі педагогтар тәрбие нысандарының көпқырлылығын шебер пайдаланып отырады. Сондықтан да, әрбір сынып жетекшісі тәрбие нысандарының көпқырлылығы мен тәрбие үрдісі технологиясының барлық ерекшеліктерін меңгергені жөн.

Әдебиеттер

- Қоянбаев Ж. Отбасы және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. - А., Рауан, 1999.
Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – А.,Қазақ университеті, 2012.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сарманова Қ.Ә.

Аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдар бойынша әдіскері, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В этой статье обсуждается значение новейших методов воспитания и обучения в дошкольных учреждениях

Summary

This article discusses the importance of the latest in early childhood education and training

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтарында бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек», - деген болатын. Білім беру үрдісін технологияландыру педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыру мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді [1].

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби білімдерін жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағыт-бағдар беру, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау негізінде жүргізіледі.

Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі педагогика мен психология, элеументтану, медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады. Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім беру үрдісін технологияландыру педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыру мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді. Қазіргі заманғы педагогтардың инновациялық технологияларды білуі уақыт талабы. Алайда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде технологияларды пайдалануда бірқатар қиындықтар байқалады, олар:

- Педагогтардың технологиялардың құрамдас құрауыштарын жеткіліксіз білуі;
- Тәжірибе барысында тұтас технологияны емес, оның элементтерін пайдалануы;
- Педагогикалық жүйені тұтас көру дағдысының жоқтығы;
- Жұмыс тәжірибесіне сапа енгізуді бастамалайтын технология идеяларын қате түсіну;

Ең бастысы: алдыңғы қатарлы әр технологияда қарастырылған, баланы қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның рухани жан- дүниесінің

баюына және әр баланы жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік дамуына жағдай жасау мәселесі ескерілмейді. Осындай мәселелер тек әдістер, формалар мен құралдар түрінде ғана қолданылатын педагогикалық, білім беру жағдаяттарын тудырады.

Балабақшадағы инновацияға не жатады? Инновациялық іс-әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады. Бірінші кезеңде педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде педагог оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақыты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасуы керек. Қазақстанның бүгінгі білім беру жүйесінде жаңа инновациялық бағытты игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекетте өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші педагогтар аса қажет.

Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болуы қажет. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді. Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Жеке бағытталған технологиялар:

- топтық оқыту технологиясы;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілік- жеке технологиясы;
- Интерактивті оқыту;
- Ойын технологиялары;
- М.Монтессори технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Мәселелік оқыту технологиясы;
- ТРИЗ шығармашылық технологиялары бүгінгі мектепке дейінгі мекемелер үшін өте тиімді болмақ [2].

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез-келген педагогикалық ұжым, кез-келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн.

Қорыта келгенде жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарламадағы мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талап-тарды жүзеге асыру болып табылады, жаңа инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында қолдануымыз қажет. Мұның ішінде М.Монтессори, Воскобович, Зайцевтің технологияларын пайдалануға ұсынамын. Жаңартылған технологиялардың тағы бір технологиясы ол әрине жобамен жұмыс жасау. Жалпы барлық технологияларды ойын әрекетінде пайдалануымыз керек. Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

Барлық педагогикалық инновацияларды балабақшада балалардың жас ерекшеліктері мен әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осы орайды, «Егер айтып берсең, ұмытамын. Егер көрсетсең, мүмкін есіме сақтаймын. Егер еліктіре тартсаң, расымен, ұмытпаймын» деген ежелгі қытай ойшылы, философ Конфуцидің нақыл сөзі барша балақандардың тәрбиешіге жолдауы іспеттес деп айтуға болады.

Әдебиеттер

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // Егемен Қазақстан, А., 2010.
Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. - Астана, 2012.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ӨМІРЛІК ТҮЛҒАСЫ

Турсункулова Г.А.

№ 100 ЖОМ оқу ісі бойынша директор орынбасары, Сайрам ауданы. Түркістан облысы.

Қазақстан

Резюме

В статье исследуются вопросы жизненного кредо заместителя директора по учебной работе современной школы

Summary

The article examines the issues of the life credo of the deputy director for educational work of a modern school.

Елімізге танымал ағартушы С.А.Назарбаева: «Әрбір адам туғаннан бастап өзіне берілген қабілеттерді жүзеге асыруы арқылы тек туған елімізге ғана емес, Жер бетіндегі барша адамзатқа пайдасын тигізуі үшін, біз қоғамымызда рухани – адамгершілік құндылықтарды білім арқылы жандандыруды қалаймыз... » - деген еді.

Бүгінгі таңдағы өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жағдайында Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі кезінде мектеп басшылары және мұғалімнің жеке тұлға ретіндегі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда, өйткені ол мектептегі дәстүрдің жалғастырушысы мен жаңаруының кепілі болып табылады.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының негізгі жеке тұлғалық сипаттамаларының маңыздысы – өзгеріске бейім, жаңалыққа құштар болу. Заманауи оқыту кезеңінде инновацияға негізделген әдістемелік жұмыстарды шығармашылықпен жүйелей білу керек. Ұжымда әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, жоспарын, іс-шараларды жүргізу әдістерінің тиімділігін үнемі талдап отыру әдістемелік көмек көрсету жұмысын ары қарай жақсартуға және оны дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беруді басқару жүйесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуде келесідегідей міндеттер үнемі назарда болу қажет:

жүргізілген іс-шараларға нақтылы баға беру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік туғызу; сабақтарға енгізу мүмкіндіктерін қарастыру; қабылданған шешім дәлелді болу, жұмысты дұрыс жоспарлау; әдістемелік жұмыстың кезеңдерінің тығыз байланыста болуы; ұжымдық және жекеше жұмыс түрлерінің өзара байланыста дамуы;

-мұғалімдерді мазмұны мен түрі жағынан бір-біріне жақын іс-шараларға белсенді қатыстыруға бағытталған интербелсенді әдістерді ықпалдастыру.

Яғни, әдістемелік жұмысты ретке келтіруде оның қалыпты жағдайын зерттеп, ұйымдастырушылық құрылымын, мақсат, міндеттерді дұрыс анықтау қажет.

Білім беру жүйесінде басқарудың ең тиімді жолдарының бірі ретінде мұғалімдермен әдістемелік жұмыстарды үйлестіру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының басты міндеті. «Әдістемелік жұмыстар үздіксіз білімнің құрамдас бөлігі, ол ұстаздардың біліктілігін арттыруға, тұлғалық мәнді

қажеттіліктерін қанағаттандыруға ынталандырады», - деп жазады әдіскер ғалым Тұрғынбаева Б.А. Мектеп мұғалімдерімен әдістемелік жұмыстарды дұрыс үйлестіру кезеңінде директордың орынбасары келесідегідей қағидаларды үнемі назарда ұстау қажет:

әдістемелік жұмыстың ғылымилығы, жүйелігі;
әдістемелік жұмыстың кешенді және шығармашылық сипаты;
мұғалімдердің барынша белсенділігі;
әдістемелік жұмыстың нақтылығы;
әдістемелік жұмыстың барлық іс жүзіндегі бағыт-бағдарында теорияның тәжірибедегі бірлігі;
әдістемелік жұмыстың жеделдігі, икемділігі, оңтайлығы;
әдістемелік жұмыс пен мұғалімдер өз білімдерін жетілдірудің жалпы мектептік, топтық және жеке, формальды емес, міндетті және ерікті нысандары мен түрлерінің ақылға қонымды үйлесімді ұжымдық сипаты.
желілік және кәсіби қоғамдыстық пен коучинг сессияларын ұйымдастыру

зерттеу сабақтарын (LESSON STUDY) өтізу [1].

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының басты тұлғалық сипаты – ұжым мүшелерімен тіл табыса білуі. Вернер Зигерт пен Лючии Лангтың «Қақтығызсыз басқару» бағдарламасын басшылыққа алу. Авторлардың «Кемшілік іздеу үшін тексеру ең нашар басқару...» пікірін орай достық қарым-қатынастағы, шығармашыл, бір-біріне көмекке келуге дайын, жағдаяттарды бірлесіп шешетін және шығармашылыққа, зерттеушілікке ұмтылатын ұжым мүшелерін даярлау оқу ісі меңгерушісінің міндеті деуге болады. Мұғалімдерге сенім арту арқылы кретивті ойлауға, ізденімпаздыққа жетелеу қажет, яғни оқымысты, академик, Нобель сыйлығының лауреаты П.Л.Капицаның айтуынша «Сезімсіз кез-келген адам, тіпті данышпан болса да жақсы жұмыс істей алмайды».

Ұжым басшысы – көреген, сезімтал, адамгершілікпен қаруланған болу керек. Педагогикалық қызметте үш өлшемдік: әлеуметтік-психологиялық, іс-әрекеттік, генетикалық жүйесімен байқалатын «педагогикалық дарындылық» деген ұғым бар. Академик И.А.Зязюн әр мұғалімнен белгілі бір сала бойынша кәсіби таланттылықты жетілдіруге болатынын айтқанын ескеру арқылы ұжымдағы әр мұғалімнің мүмкіндік қабілетін жетілдіруге ұмтылу керек. Әрине, бұл педагогикалық ұжым мүшелерінің іс-әрекеті мен қызметіне рейтингтік бағалау жүргізу өте маңызды. Әдістемелік жұмысты ретке келтіруде оның қалыпты жағдайын зерттеуден бастап, ұйымдастырушылық құрылымын, жоспарлауын жасауда алға қойған мақсатқа орай жұмыс мазмұнын ұжымның мүмкіндіктеріне орай үйлестіріледі.

Педагогикалық ұжымды басқарудың жолдарын қарастыруда соңғы жылдары педагогика әлемінде қолдау тауып отырған Анатолий Гиннің көзқарастары мен қызықты ұйымдастыру құрылымдары ерекше атап өтуге болады. Ресейде «Педагогикалық еркіндік» деген термин бар. Бұл еркіндік – мақсат емес, тиімді

әдістер. Ағылшын философы Д.Дьюи «Еркіндіксіз даму жоқ» - деп тегін айтпаған болар. Сондықтан мұғалімдердің ой және іс-әрекет еркіндігіне баса назар аудару керек. Ғ.Мұстафин «Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу, жоқты іздемеу – ой мешеулігі» деп айтқан екен. Ұжым мүшелерінің бір-бірінен үлгі алуы, тәжірибе алмасуы, еліктей жүріп үйренуі, бағыт беруі, бағыттауы жолға қою - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының басты қағидаты болу шарт. Мұғалім теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді [2].

Мектеп директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары зерттеуші болу керек. Мектепте мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне диагностика жасау, мониторингін шығару жолдарын іздестіру жаңа нәтижелер беруде. Педагогикалық ұжымды басқаруда инновациялық үрдістерді жүйелендіру әрекетінде мектептің өзекті тақырыпқа орай мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда басқару үрдісіне сүйену керек.

Барлық әлемдік кеңістігіндегі білім беру идеологиясы «өмір бойғы білімге» ауысу жағдайында мектептерде білім сапасына әсер ететін басқару факторларының маңызы зор. Белгілі философ Ф.Бэконның ойы бойынша «Оқытудың ақиқаты мақсатты білім емес, іс-әрекет» Ал, педагогикалық ұжымда мұндай іс-әрекетті жүзеге асыратын, ұйымдастыратын мектептегі оқу жөніндегі орынбасары. Білім ұйымдарының қызметі жоғары деңгейлі нәтижеге жетуіне бағытталғандықтан, біздерге ұжымды сапалы және ғылыми тұрғыдан сауатты басқаруды күн сайын жетілдіруіміз қажет.

Педагогикалық ұжыммен ынтымақтасып, демократиялық қағидаларды іске асыруға бағыттау қажет. Мектеп директорының ісі жөніндегі орынбасарлары ұстаздардың ақылшысы, бағыт-бағдар берушісі. Өз кезінде Жүсіп Баласағұн да «Құтты білік» еңбегінде «Әмірші қанша мықты бола тұрып ғалымдарсыз елді басқара алмайды» - деген екен. Сонау заманда түркі мемлекеті қалайша гүлденген, мықты мемлекет бола алды? Қараханиттер әулетінің әміршілері білім алуға жол ашқан соң ғана олар осындай дәрежеге жеткені мәлім. Ендеше, әлем көз тігіп отырған Қазақстанның тағдыры да Мағжан Жұмабаев айтқандай «...мектептің қалай құрылуында...» болып отыр. Қазір біздің мектептер озық дәстүрлер мен әлемдік білім кеңістігіндегі кемел идеяларды ұштастыра отырып, жаңа білім арнасына түсуде. Осыдан бес-он жылдар бұрынғымен салыстырғанда мектептер Мәдениет-Білім-Тарих ұштаған ұғымын өзек етіп, білімді ізгілендіру, дифференциялау, интеграциялау, гуманитаризациялау, ұстанымдарын басшылыққа алуда.

Қорыта айтқанда, еліміздің аумағындағы жалпы карантиндік жағдай білім беру мекемелері үшін сынақтан өтудің әрі осы бағыттағы жетістіктерді көрсетудің мүмкіндігі. Білім беру ісінде ілгерілей дамудың қоғам өсіп өркендеуінде ғана емес, әр адам үшін де шешуші мәні бар. Табысқа жеткісі келген, уақыт

сұранысына сай боғысы келген адам өмір сүріп отырған қоғам талабына жауап беретіндей білім алуы қажет. Осы заманғы қоғам дегеніміз қарқынды дамып отыратын орта, онда әлемдегі игілікті істерге елгезек, ізгілікке жаны құштар, шынайы өмірдің әрін кіргізуге қашада әзір тұратын тұлғаның алар орны айрықша. Қазіргі заман мектептері осындай адамдарды тәрбиелеп шығаруы тиіс. Сондықтан, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары педагогикалық жүйенің үнемі қозғалыста, үнемі даму үстінде болуы оқу-тәрбие жұмысында мақсат қою мен жоспарлауды жетілдіріп отыруды естен шығармауы керек. Мұғалімдер арасында танымдық шаралар, шығармашылық топтар мен әдістемелік бірлестіктер сайысын өткізіп, олардың креативті ойлауын қамтамасыз етуге жетелеу қажет. Яғни, М.Монтель сөзімен айтар болсақ «Өзгені оқыту үшін өзіңді оқытудан да көп ой керек».

Әдебиеттер

Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы 2007.

Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Галымова Ә.У., Ильясова Р.Қ. Педагогика: Оқулық, - Астана: Фолиант, 2010

УДК 37.032

УСЛОВИЯ И СРЕДСТВА РАЗВИТИЯ И САМОРЕАЛИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Баубекова И.М.- к.э.н., Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Қазақстан

Темирова Ж.Ж.- к.э.н., Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Қазақстан

Рубанов Р.В.- учитель русского языка и литературы Специализированного IT лицея-интерната №1 для одаренных детей управления образования города Шымкент, Қазақстан
Түйін

Қазіргі уақытта студенттерді ақпараттық-түсіндірме оқытудан белсенді, дамытушы оқытуға көшуді жүзеге асыру қажет. Университетте алған білім ғана емес, сонымен бірге оқу, ойлау және оқу іс-әрекетін игеру, оқушының танымдық күші мен шығармашылық әлеуетін дамыту маңызды. Бұған демократиялық оқыту әдістері, студенттерді босату, оқытушылар мен студенттер арасындағы жасанды кедергілерді жою жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Summary

Currently, it is necessary to make a transition from informational and explanatory training of students to active, developing. Important are not only the knowledge acquired at the university, but also the ways of assimilation, thinking and learning activities, the development of cognitive forces and creative potential of the student. And this can be achieved only if the teaching methods are democratic, students are liberated, and artificial barriers between teachers and students are destroyed.

В настоящее время необходимо осуществить переход от информационно-объяснительного обучения студентов к деятельному, развивающему. Важными становятся не только усвоенные в вузе знания, но и способы усвоения, мышления и учебной деятельности, развитие познавательных сил и творческого потенциала студента. А этого можно добиться только при условии демократичности методов обучения, раскрепощения студентов, разрушения искусственных барьеров между преподавателями и студентами.

Развивающее обучение предполагает переход от типичной для традиционного обучения схемы "услышал - запомнил - пересказал" к схеме "познал путем поиска вместе с преподавателем и товарищами - осмыслил - запомнил - способен оформить свою мысль словами - умею применить полученные знания в жизни" [3].

Существует шесть основных функций взаимодействия субъектов педагогического процесса при оптимальном педагогическом общении:

- конструктивная - педагогическое взаимодействие преподавателя и студента при обсуждении и разъяснении содержания знаний и практической значимости по предмету;

- организационная - организация совместной учебной деятельности преподавателя и студента, взаимной личностной информированности и общей ответственности за успехи учебно-воспитательной деятельности;

- коммуникативно-стимулирующая - сочетание различных форм учебно-познавательной деятельности (индивидуальной, групповой, фронтальной), организация взаимопомощи с целью педагогического сотрудничества; осведомленность студентов о том, что они должны узнать, понять на занятии, чему научиться;

- информационно-обучающая - показ связи учебного предмета с производством для правильного миропонимания и ориентации студента в событиях общественной жизни; подвижность уровня информационной емкости учебных занятий и ее полнота в сочетании с эмоциональным изложением учебного материала, опорой на наглядно-чувственную сферу студентов;

- эмоционально-корректирующая - реализация в процессе обучения принципов "открытых перспектив" и "победного" обучения в ходе смены видов учебной деятельности; доверительного общения между преподавателем и студентом;

- контрольно-оценочная - организация взаимоконтроля обучающего и обучаемого, совместное подведение итогов и оценка с самоконтролем и самооценкой[1].

Эффективность процесса формирования общепедагогических знаний, умений и навыков в процессе учебных занятий обеспечивается определенной системой средств и условий. Это комплексная организация деятельности студентов, непрерывность и систематичность изучения педагогической теории и школьной практики в течение всех лет обучения в институте, взаимосвязь теоретического и практического обучения, содержания, форм и методов обучения и личности преподавателя; творческое общение со студентами, организация дифференцированной самостоятельной работы.

Комплексная организация деятельности студентов предполагает сочетание учебно-познавательной, учебно-практической и самостоятельно-практической деятельности.

Учебно-познавательную деятельность по педагогическим дисциплинам целесообразно рассматривать как процесс решения учебных задач, направленных на познание закономерностей, принципов, способов организации

педагогического процесса и овладение основами педагогических умений. Учебно-практическая деятельность - это процесс решения практических задач, направленных на выполнение практических заданий по теоретическим дисциплинам, требующих применения теоретических знаний на практике. Самостоятельная практическая деятельность-процесс решения практических задач по организации учебно-воспитательной работы с детьми на основе самостоятельного конструирования содержания и способов педагогической деятельности. Осмысления их цели и принципов, анализа и оценки ее результатов.

Взаимосвязь этих видов деятельности обусловлена тем, что система общепедагогических знаний и умений формируется как в процессе учебно-познавательной, так и учебно-практической и самостоятельной деятельности. В процессе учебных занятий студенты овладевают фундаментальными знаниями основ педагогической теории и основами общепедагогических умений; в процессе педпрактики происходит актуализация, применение теоретических знаний в конкретных условиях, формирование и развитие практических умений и навыков [2].

В качестве системобразующего компонента этой системы выступает учебно-практическая деятельность, так как в «ней синтезируется познавательная и практическая деятельность студентов. Она организуется и на учебных занятиях, и в период педпрактики; в результате этой деятельности образуется взаимосвязанная система знаний и умений, в большей мере достигается корреляция между ними.

Диалектическая связь этих видов деятельности достигается путем их параллельной организации, когда, приобретая знания, студенты используют их при решении практических задач, а в практической деятельности наблюдают проявление закономерностей педагогического процесса, осмысливают и обобщают знания.

Таким образом, формирование системы общепедагогических знаний, умений и навыков - диалектический процесс, в котором взаимодействуют содержание и организация учебных занятий, методы и средства обучения, личность преподавателя и студентов.

Для оценки уровня сформированности общепедагогических умений и навыков следует изучить характер отношения студента к детям, особенности и характер развития объема и качества действий, составляющих структуру умений от курса к курсу, степень их корреляции с теоретическими знаниями. Он изучается на основе анализа качества выполнения заданий (репродуктивного, ре-продуктивно-творческого, творческо-репродуктивного, творческого характера); динамики развития отдельных действий студентов как структурной единицы их практической деятельности; характера затруднений студентов, степени напряженности работы в ходе различных этапов педагогической практики; степени удовлетворенности студентов своей практической

деятельностью, привлекательности педагогической деятельности для студентов [4].

Следует учитывать также мотивы деятельности студентов. Что побуждает их, что лежит в основе их отношения к учебным занятиям и к педпрактике: социально-профессиональные мотивы (сознание социальной значимости деятельности, профессиональной ответственности перед обществом, сознание долга, возможность непосредственного общения с детьми, приобретения профессиональных знаний и умений, стремление к преодолению трудностей, участие в формировании личности, общение с коллегами по работе) или личностные мотивы (успех, самореализация, возможность проявления своих способностей, самоутверждение, одобрение окружающих).

В педагогическом сопровождении исследовательской деятельности можно выделить как минимум два направления:

Первое направление (не принимаемое нами) связано с непосредственным развитием формальных приемов творческого мышления и отдельных способностей, обслуживающих исследовательскую деятельность, без первоначального целеполагания. То есть, в рамках данного направления формирование творческих, исследовательских способностей выступает как самоцель (в жизни пригодится!), в то время как они должны быть инструментом достижения творческих целей, в том числе исследовательских.

Специфика исследовательской деятельности такова, что ее продуктивность напрямую связана с познавательной потребностью, с особой формой интереса к противоречию, к проблеме. Без реально существующей цели, принятой личностью на уровне ведущего мотива, приемы развития творческого мышления, которые можно найти во многих пособиях, превращаются в познавательные стереотипы, которые остаются не востребуемыми. С помощью различных упражнений, игр, тренингов можно сформировать навыки творческой деятельности. Это не оговорка, творческая деятельность (кроме совершенно новых форм, необходимых для принципиально новых открытий), легко поддается тренировке и даже формированию навыков. В этом случае приобретенные умения быстро утрачиваются, так как отсутствует точка приложения, и девальвируются, теряют свою ценность в глазах детей, не давая результата сами по себе.

Второе направление - это актуализация познавательного интереса и процесс управления поиском. То есть, исследовательские умения формируются не изолированно, в отрыве от цели, а закономерно, как средство, необходимое для решения исследовательской задачи. Ведущую роль в этом направлении играет способность преподавателя активизировать исследовательский интерес студента, а затем - умение поддерживать его, помогать студенту находить необходимые средства для его реализации. Известные всем «активные» методы обучения строятся на такой мотивационной основе [4].

На основе вышесказанного можно сформулировать методологические принципы, на которых мы предлагаем строить педагогическое управление исследовательской деятельностью студентов:

1. Приоритетность исследовательской мотивации. Этот принцип отражает необходимость формировать исследовательскую деятельность, начиная с мотивации, с актуализации исследовательской потребности. Если у человека есть исследовательская цель, он сам активно ищет средства ее достижения. Это не означает, что можно не заниматься специально развитием креативности или теоретического мышления. Это означает, что приемы, механизмы и алгоритмы исследовательской деятельности выступают как средства достижения цели, и поэтому процесс их развития протекает совершенно иначе, более естественно, более продуктивно. Проще говоря, первая задача педагога - активизировать познавательную потребность, а вторая - обеспечить условия ее реализации.

2. Личностно-ориентированное взаимодействие с студентом. Формирование исследовательского интереса и особой жизненной позиции, когда нахождение и решение проблемы приобретает статус жизненной ценности, происходит благодаря специально организованному общению педагога с студентом, в процессе которого они именно актуализируются, проистекая из внутренних особенностей личности, а не навязываются извне. В качестве главного условия здесь выступает психологическая и предметная компетентность педагога, а в качестве основной формы педагогического участия - посреднический диалог (см. ниже).

3. Использование рефлексивной позиции, выход на метаяровень (метазнания - знания о знаниях).

4. Принцип активности. Данное направление предполагает ориентацию на активные методы обучения и внеаудиторной деятельности [3].

Это в первую очередь проблемный подход и различные эвристики. А формы могут быть следующими:

- предметные объединения и факультативы, в которых приоритет отдается поисковой, дискуссионной формам работы, а цели имеют исследовательский характер;

- специально организованные дискуссионные клубы, в которых на каждое занятие специально предлагается проблема для обсуждения;

- периодическое издание вузовского печатного органа исследовательского плана;

- деловые игры с проектной и исследовательской направленностью;

- конкурсы исследовательских работ, в которых задаются и особо поощряются приоритетные направления и приоритетные проблемы;

- конкурсы исследовательских идей (проблем), проводимые по критериям практической, и даже научной ценности;

- проектные группы, объединяющие студентов вокруг победившей в конкурсе исследовательской проблемы;

- разнообразные формы презентации результатов исследовательской работы.

Для того чтобы эти педагогические инструменты были результативны, они должны опираться на сформулированные выше принципы, а главную роль в них должно играть специальное общение со студентом, ориентированное на актуализацию его познавательной потребности.

Считается, что формирование профессиональных умений невозможно без расширения социального опыта самореализации индивидуальности, формирования потребностно-мотивационной и операционно-творческой сфер; накопления дидактического опыта в процессе коллективно-групповой жизнедеятельности студентов, позволяющее произвести соотнесение «образа-Я» с профессиограммой конкретной специальности.

Таким образом, рассмотрев процесс обучения как систему знаний, умений и навыков, проанализировав цели и принципы процесса обучения, выявили что комплексная организация деятельности студентов предполагает сочетание учебно-познавательной, учебно-практической и самостоятельно-практической деятельности. Определили, что процесс обучения, в котором взаимодействуют содержание и организация учебных занятий, методы и средства обучения, личность преподавателя и студентов, наиболее ориентируется на создание условий для самореализации личности.

Для того чтобы учесть индивидуальные особенности студента, его опыт и видение мира необходимо включать в процесс обучения курсовые и дипломные проекты предполагающие индивидуальную форму работы, которую назвали «лично-ориентированное взаимодействие», тем самым, подчёркивая психологическую компетентность педагога в построении посреднического диалога со студентом. Таким образом, профессиональная готовность студента, основанная на совокупности профессиональных знаний и умений, проявляется в виде специальных установок на себя, означающих его включение в профессиональное самопознание и самореализацию.

Литература

- 1.Валеева Р. Учебно-исследовательская работа студентов – средство самореализации личности/ Р. Валеева, С. Усова// Высшее образование в России. – 2006. - № 9. – С. 91-94.
- 2.Архипова А.А. Адаптация студентов как одно из условий самореализации личности/ А.А. Архипова// Педагогические науки. – 2007. - № 3. – С. 173-177.
- 3.Жиенбаева С.Н.Педагогикалық ғылыми-зерттеу теориясы мен әдістемесі- Алматы:Полиграфия сервис, 2010.-210б.
- 4.Андреев С.В. Педагогические условия формирования лидерских качеств студентов// Высшее образование сегодня.-2019.-№3.-С.22-26.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қожабекова З.Е. г.ғ.к., 1-курс магистранты Бөрібаев Е.Е.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

В статье описывается развитие общественно-политических дисциплин, краеведения, народной педагогики, литературы, культуры, языка в направлении освещения идей казахстанского патриотизма

Summary

This article describes the development of social and political disciplines, local lore, folk pedagogy, literature, culture, language in the direction of covering the ideas of Kazakhstani patriotism.

Оқушылардың «қазақстандық патриотизмін» қалыптастыру, жалпыхалықтық тұрақтылық пен бірлікті сақтау туралы қағидалар Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларында дәйекті түрде баяндалып келеді. Мемлекет басшысының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты биылғы Жолдауында «қазақстандық патриотизм» мен саяси ерік-жігер тасқыны жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары ретінде атап көрсетілді. Қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделіп жасалған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу. Ал бұл бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі сол, қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделген.

Сонымен қатар, қазіргі кезең еліміздің әлемдік өркениетке сай өрлеуін, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алуын, дамудың жаңа кезеңіне қадам басуын талап етіп отыр. Ал осындай аса маңызды міндеттер мемлекеттік билікке қоғамның рухани әлеуетін барынша арттыру жауапкершілігін жүктейді.

Әсіресе, қоғамымыздың бірден-бір қозғаушы күші ретінде танылған жастардың бойында осынау ұлы сезімдерді қалыптастыру қазіргі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазақстандық патриотизм идеялары қамтылу керектігі даусыз іс. Ол – білім берудегі мемлекеттік принцип. Көп ұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуда мектептегі елжандылық тәрбиесінің қызметі аса маңызды. Оның өзі ұлт мектебінің басты белгісі де. Мектептегі білім беру ұлт пен ұлыс өкілдерінің этностық мәдениетін қамтып, олардың ортақ Отанының болашақ дамуына үлес қосатын азамат етіп тәрбиелеу қазақстандық патриотизмнің басты мазмұнын құрайды. Қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөліктерін анықтап, олардың жүзеге асырылу жолдарын зерттеу, сөйтіп, онымен ұлттық мектепті ғылыми-

әдістемелік жағынан қаруландыру – ең таядағу кезек күттірмейтін іс. Бұл бағытта қоғамдық саяси пәндердің, өлкетанудың, халық педагогикасының, әдебиеттің, мәдениеттің, тілдің, әлемді және өзін-өзі танудың, руханилықтың, ізгіниеттіліктің, азаматтық құқықты білудің сындарлы көзқарасының қалыптасуының, экологиялық тәрбиенің, еңбексүйгіштіктің, дене шындалуы мен тән сұлулығының орны айрықша.

Қазақстандық патриотизм тәрбиесінің субъектісі ретіндегі жеке тұлғаның өзін-өзі тану арқылы адамгершілік-рухани қалыптасып дамуын қамтамасыз етуге қызмет ететін С.Назарбаева ұсынған «Өзіндік таным» бағдарламасы – ұлттық мектептің даму бағытын айқындауда негіз боларлық құжат. «Өзіндік таным» курсының мақсаты – оқушылардың бойында өзін-өзі жетілдіру және өз мүмкіндіктерін өзі жүзеге асыра отырып, дене – адамгершілік-рухани даму үйлесіміне жетуді, тұлға сапаларын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байытуды, өзара түсіністік пен келісімге ұмтылуды, жақсылыққа, адам баласын сүйіспеншілікке баулуды көздейді.

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу – оны жаңа заман үшін үнемі белсенділік өрісінен көріне білуге бағыттау, халқының болашағын қамтамасыз ету, ақыл-парасатын өзінше дамыта алуға бағдарлау – бүгінгі таңдағы жалпы әлемдік күрделі міндеттердің бірі. Біздің әлеуметтік қоғамымыз жететіндей нақты, жүзеге асатын жаңа заман, бұқара халықтың шығармашылығымен жасалады. Осындай жасампаз жұмыстың барысында жаңа адам, жер жүзіндегі әділетті қоғамның сәулетшісі, жасаушысы қалыптасады.

Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже – оның барысында қалыптасқан жаңа адам. Яки, бостандықты жеңіп алып, қиындықтарға төтеп беріп, болашақты құра білген, барлық сын-сынақтардан өтіп, өзі адам танымастай болып жаңарған. Өзінің бұрынғы қасиеттеріне саяси мұраттылықты қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, жеке басының мәдениетін, білімін іс-әрекетте кәдеге жарататын мәреде көріне алатын адам. Бұл – адам, болашақтың нағыз патриоты болумен бірге, қоғамның иесі, белсенді, іскер, шығармашыл тұлға болуы тиіс.

Патриоттық тәрбиенің детермендігін нығайтудың бірқатар себептерін атап өтуге болады, ең алдымен, оның маңызын тереңдету және Отанды жаңа жағдайларға байланысты қорғауды алға дамыту міндеттерін күрделендіру көзделеді. Патриоттық тәрбиенің теориялық сипаттамасын ғалымдар өмірдегі қажеттілік тұрғысынан қарау және әр адамның маңызды өмір сүруі үшін патриотизмге қызығушылық құлқын ояту мақсатында саралайды. Қай халықтың болмасын мемлекет тарапынан ғалымдардың назарын патриоттық тәрбиені зерттеуде ең ұтымды, тиімді жолдарын таба білуге бағыттап және саяси жұмыстың өмір тіршілігінің тынысынан алшақ кетпей, сапалы жүргізілуімен жалпы тәрбие ісіндегі құрама әдіс-амалдардың әдіснамалық соның ішінде, патриоттық тәрбиенің өз мәнінде жүзеге асуын қадағалап отыру бағдарланады. Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның патриоттық іс-әрекетті саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын

айқындайтын қоғамдық-идеялық, саяси-адамгершілік, кәсіптік, психологиялық, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Патриоттық іс-әрекеттер – деп біздер, әлеуметтік-жарасымды сарыны мен елінің озық салт-дәстүрлерінің тарихи заңдылықтарын, мәдени мұрасын қорғауға бағытталған жеке тұлғаның және әлеуметтік топтың кез-келген әрекеттерін түсінеміз. Отанның озық, жалпы адам баласының ілгерішіл көрсеткіштеріне жеке тұлғаның, әлеуметтік топ әрекетінің тарихи нысаналарға, қоғамның жаңаруына, өзінің өмір сүріп отырған ортасына, дәуірінің ұстанған бағдарына сәйкестілігі жатады. Патриоттық әрекет сонда ғана сыртқа нышан беру деңгейінде қалып қоймай, патриоттық сананың «өлшемі», «межесі» және тәрбиелеуші факторы болып қабылданады.

Ал патриоттық сана-сезім болса, ол – Отан құндылығы көрінісінің нәтижесі, өткендегі өмір сүрген ата-баба санасының қажеттілігі мен ұмтылысынан, құлшынысынан туған озық салт-дәстүрлерді, яғни мәдени-рухани мұраларды адамдардың санасындағы қажеттілігі мен қызығушылығы арқылы қабылдау. Патриоттық сананың өзіндік құрылымы рухани біліктіліктің интеграциясынан тұрады, ол «жазықтық кесіндісін», қоғамдық сананың барлық түрлерінің диалектикалық өрісін танытады, бұларға Отанның дамыған озық үлгідегі қорғанысы, өркениетті қайта құру белгілері жатады.

Патриоттық тәрбие барысында саяси сенімділік, Отанға сүйіспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан елдерге ынтымақтастық, жалпыхалықтық намыскерлік, ел тағдырының болашағы үшін жауапкершілік, экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттестік, ғылыми, саяси-моральдық және туған жерін қорғау мақсатындағы әскери әзірлік, Отанын саяси, идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, террористік ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді мінез-құлық қалыптасады, дамиды. Сондықтан даму өрісінің басты тірегі – патриоттық тәрбие дей отырып, дамудың өзі патриотизмсіз жүзеге аспайтынын мойындау жөн.

Әдебиеттер:

Иванов С.Ю. «Государственный патриотизм альтернатива идеологии национализма и космополитизма» //Социально Гуманитарные знания. 2003

Әшімханұлы Д. «Санадағы шырмауық. Тағы да идеология туралы» Түркістан газеті. 2003жыл. 15мамыр. 5 бет.

Кенжалин Ж. «Патриотизм и духовное обновление» Мысль. 2003 жыл, №11, 25-33 бет.

Мұсатаев С. «Ұлттық идеология: мәні мен мазмұны» //Ақиқат. 2000 жыл. №11, 14-бет.

ӘОЖ 37.01

ОҚЫТУ МЕН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Өмірзақова Н.Ө.

№85 жалпы орта білім беретін мектебі, бастауыш сынып мұғалімі
Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Қазақстан

Оқыту процесі терең, берік және дәл білім алу таным жағы балалардың қимылына байланысты. Оқыту процесі – бұл мұғалім мен

оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесі- тұтас педагогика процесінің бір бөлігі. Оқыту нәтижесінде оқушылардың ақыл-ойы дамиды, танымы практикалық іскерлігі және дағдысы қалыптасады. Оқыту процесін басқару үшін оның жүйесін, құрылымын бөліктерін және заңдылықтарын, олардың өзара байланысын жете білу керек.

Білім – адамзаттың жинақтаған тәрбиесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін, оны ойлау, талдау синтездеу, салыстыру, жіктеу жинақтау арқылы терең ұғыну қажет.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. [1]

Педагогикалық процестің басты идеясы-оқыту және білім беру жұмысында мақсаттың, міндеттердің, принциптердің, заңдылықтардың мазмұнының, әдістер мен формалардың бірлігі, тұтастығы және өзара байланыстылығы. Бұл идеяны іске асыру үшін ең алдымен ғылымның соңғы жетістіктеріне сәйкес әр түрлі жабдықтармен, оқыту машиналармен, техникалық құралдармен, атап айтқанда, символикалық экранды – динамикалық дыбысты- техникалық құралдармен жабдықтау, оқыту және білім беру процесінің сапасын және тиімділігін арттырады.

Оқыту мен білім беру процесінде моральдық-психологиялық жағдайдың да мәні өте зор. Сабақ үстінде, білім беру шараларды өткізу процесінде мұғалім мен оқушылар арасындағы бір-біріне тілектестік, жанашырлық, қамқорлық және қиын жағдайларда өзара көмек іс-әрекетінің сапасына тиімді ықпал жасайды.

Сонымен, тұтас педагогикалық процесте кешенді ықпал жасау – бұл әр түрлі іс-әрекеттерін нақты жоспарлау, әр түрлі жұмыстарды табиғи бірлікте жүзеге асыру.

Оқыту мен білім беру тұтас педагогикалық процесте табиғи өзара байланысты. Бұлардың бірлігін бір-бірінен ажыратуға болмайтындығын дәлелдейді. Оқыту және білім беру процесінің арасындағы байланысты тікелей аралық қатынастық байқауға болады. Осындай тұтастық педагогикалық принциптердің жүйесін қалыптастыруға мүмкіншілік береді. Бір есте қалатын мәселе – бұл оқыту және білім беру процестерінде принциптерді білім беру және оқыту теорияларына байланыстырып, жеке-жеке пайдаланудың да мәні зор, жақсы нәтиже береді.

Оқытудың ақпараттық технологиясының оқу процесінің барлық құраушыларына мәнді әсері бар. Компьютердің оқу мақсаттарында пайдаланылуы оқушының жұмысын жеңілдетіп, ұзақ уақытта орындалатын

қызметтен босататын, қажетті ақпаратты өзі іздеп табуға мүмкіндік алатыны, қателесу қорқынышынан құтылатыны. Б.С.Гершунский, С.А.Бешенков, Е.И. Машбиц, С.Г.Григорьев.[2,3,4,5]

Оқу процесі мен ұйымдастыру құрылымына ақпараттық технологияларды интеграциялау арқылы енгізу Г.Б.Ахметова, М.Х.Балтабаев, Р.Ш.Бектұрғанова, Ө.З.Иманғожина, С.С.Құнанбаева, А.Ә.Нұрманалиева және т.б. зерттеу жұмыстарында жазылған.[6,7]

Ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту үрдісі жеке тұлға теориясына сүйенеді. Әрбір жеке тұлға өзін қоршаған ортаға көзқарасымен және өзіндік моральдық талаптарымен, белсенділіктің түрлі сатысымен және басқа да маңызды қасиеттермен сипатталады.

Сонымен қатар, ақпараттық технология тек жеке даралықты қарастырмайды, ол бірдей жастағы оқушылардың ортақ қасиеттерін жүйелей, жинақтай отырып, оқу ақпаратын меңгерудің ортақ жақтарын да қарастырады. Себебі бір бастауыш мектеп оқушысының меңгеру деңгейлері әр алуан. Бірақ меңгеру талаптары бәріне бірдей. Сондықтан бұл жерде ақпараттық технология меңгерудің сатылап жүру кезеңдерінде тұлғалық бағдарлау, модульдік оқыту, даралық және топтық оқыту әдіс-тәсілдерін қатар интеграциялық түрде қамтиды.

Оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері:

эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде:

монитор экранындағы фонына назар аудару;

фондағы жекеленген объектілерге зейін аудару;

нақты жағдаятты және айрықшаланған объектілерді суреттеу;

нақты жағдаяттарды кешенді бейнелеу;

жағдаятты тануға бағытталған эвристикалық әрекет ретінде:

нақтылықты абстракты ойлау;

моделді түрлендіру алгоритімін іздеу;

моделді түрлендіру мен жаңа білім алуға бағытталған репродуктивтік әрекет ретінде:

таңдалған алгоритм бойынша моделді түрлендіру;

таныс модель жасау, түрлендіру нәтижесін интерпретациялау;

берілген есептің шешуін бағалау;

дағдыны қалыптастыруға қалыптастыру этикалық әрекет:

дағдыны таныс жағдайда қолдану;

таныс емес жағдайда дағды қалыптастыру.

Осы кезеңдер бойынша бастауыш мектепте оқушылардың оқу іс-әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Оқу іс-әрекеті компьютерлік сауаттылықтың маңызды бір құраушысы өндірісте, мәдениетте, білім беруде компьютерлердің қолданылу сферасын білуден басталады. Олар компьютерді іске қосып, бағдарламалар кітапханасынан керегін алып пайдалана білуге, онымен мәтін жазуға, керек ақпаратты іздеп табуға, сурет

салуда пайдалануға және т.б. үйренеді. Бұл әр оқушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында жаңа білімдерді алуына, танымдық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді.

Бастауыш мектепте оқыту мен білім беру процесіне ақпараттық технологияны енгізудің тиімділігі:

оқу процесінің тиімділігін үнемі арттырумен болуға тырысады, рационалды пайдалануды қажет етеді,

оның рөлі барлық іс-әрекетке ықпал жасайды,

төменгі сынып оқушыларының ақыл-ой дамуын қадағалап, есте сақтау, ойлау, шығармашылық жұмысын жоғарылатады,

оқытуға ойындық сипат беріп, оқу материалын меңгеруін қамтиды.

Жаңа технология – ол әртүрлі деңгейлікте оқытуға мүмкіндік берудің алды, ол екі түрлі ұғым. **Саралап оқытуды технология** алдымен іске асырады.

Кейбір ғалымдар технология деген түсінікті белгілі бір өмірге қажеттіліктен туған тұжырым шарты деп қабылдайды. Қандай теория болса, сондай технология құрылады деген ұстанымда.

Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үзіліссіз білім беру жүйесіндегі буындармен тек сабақтас болумен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді.

Білім мазмұнын, оның құрылымын анықтауда **дамыта отырып оқытудың** үш ұстанымынан басқа мазмұнның интегративті сипатын қамтамасыз ету, оқушының адамгершілігін, эстетикалық талғамын, экологиялық сауатты өмір сүру мәдениетін халықтың озық салт-дәстүрі, рухани мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынады.

Халыққа білім беру ісін жетілдіру – мемлекет саясатының мәселелерінің бірі. Білімнің мазмұны – оқыту процесі компоненттерінің бірі. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамиды, ғылыми-материалистік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Бастауыш мектеп халық шаруашылығының әр түрлі саласына белсенді, қызметке қабілетті, саналы, жоғары білімді адамдарды тәрбиелеу үшін қоғамның әлеуметтік тапсырмасын орындайды. Сондықтан оқыту мен білімнің мазмұны тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуына бағытталуы тиіс.

Бастауыш мектепте оқыту мен білім мазмұнын анықтау мына мәселелерді қамтамасыз етілуі тиіс:

табиғат, қоғам, техника, мәдениет, адам жайындағы білімді қалыптастыру;

диалектикалық – материалистік көзқарасты тәрбиелеу;

адамды жан-жақты дамыту міндеттерін жинақты шешу;

жастарды өмірге, еңбекке, мамандық таңдауға даярлау.

Жалпы орта білім мазмұнын қалыптастырудың көзі адамның өз тағдырын өзі шешудегі негізгі өрісі (ортасы) – адам, қоғам, табиғат, ноосфера болуы қажет. Тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру міндеттері білім мазмұндағы тұтас бейнелеу критерийі. Бұл критерийді пайдалану үшін жүйелі құрылым талдау әдістері қолданылады. Осы әдістерінің негізінде оқу бағдарламасында көрсетілген барлық негізгі теориялар, заңдар, және ұғымдар ғылымының осы саласы жөніндегі жеткілікті тұтас түсінік береді, ғылым өндірісте, қоғам және мәдени өмірде қолданылады; балалардың дағдысы, танымдық ынтасын, ақыл-ойын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерінің негізгі түрлері пайдаланылады. Бастауыш мектепте оқыту мен білім беру мазмұнын құруда халықаралық тәжірибені ескеру критерийі. Бұл критерийі бойынша біздің оқу бағдарламаларымызды дүние жүзіндегі дамыған елдердің орта мектеп оқу бағдарламасымен салыстыру және әрбір оқу пәні бойынша мектептегі білім дәрежесінің артықшылығын қамтамасыз ету керек.

Қазіргі заманғы мектептің оқу әдістемелік және материалдық базасына білім мазмұнының сәйкестік критерийі кең ауқымда қолданылуда. Осыған сәкес оқыту мен білім беру мазмұнына басты лабораториялық және практикалық жұмыстардың кіруі қажет. Оларды өткізу үшін мектеп өмір талабына сай жабдықталуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. Нұр-Сұлтан-Қазақстан 14 желтоқсан, 2012ж.
2. Меңжанова Л. «Бастауыш мектеп оқушыларын көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу» Алматы, 1987-120бет.
3. Баймұратова «Бастауыш мектепте оқыту және білім беру программасы». Алматы, 1989. - 246 бет.
4. Исаева С. «Бастауыш мектеп жағдайында тәрбие мен білім беру мазмұнының жаңаруы» /Отбасы және балабақша 2005 2бет.
5. Сәтімбекова М. «Балбөбек бағдарламасы мектепке дейінгі оқыту мен білім беруді жаңарту негізі» Отбасы және балабақша 2004-13бет.
6. «Қысқа мерзімді баланы мектепке даярлау бағдарламасы »-Алматы: Балауса, 1998. - 240бет.
7. Бастауыш мектеп. Алматы, №6 -2005. -77бет.

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИОННОЙ ГОТОВНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ САМООПРЕДЕЛЕНИЮ

Бейсембаева Н.С., Құлмахан Н.С., Абдраманова Н.Ш
ЮКГПУ, ШЫМКЕНТ

Резюме

Мақалада орта мектеп оқушыларының мамандық таңдауға деген мотивациялық дайындығының құрамы, құрылымы, критерийлері, қалыптасу белгілері мен деңгейлері зерттелген негізгі шарттары анықталған.

Summary

The article researches the basic elementary levels of professional interest of students, determined readiness for career choice several components thesis. The designed levels of students' readiness to choice of profession: high, medium and low are given in the article.

Поскольку готовность учащихся к выбору профессии, как правило, активизируется в подростковом возрасте эффективность этого процесса существенно зависит от того, какие формы профинформационной, профориентационной, профконсультационной работы составляют эту конкретную среду, в которой фактически развивается подрастающий человек.

Исследования отечественных психологов и педагогов позволяют выделить три типа мотивации выбора профессии:

1. Социально-статусная. Желание добиться в будущем хорошо оплачиваемой работы и занять достойное место в жизни.
2. Профессионально-личностной самореализации. Желание получить профессию, которая осознается как призвание, создать новое в интересующей сфере деятельности.
3. Ситуативная. Профессиональный выбор сделан по настоянию родителей, за компанию с друзьями и т.д.

Одним из главных структурных компонентов профессиональной направленности личности является интерес к предстоящей трудовой деятельности, в которую вовлекается ученик в период обучения в школе. Понимая интерес как активную познавательную направленность ученика на тот или иной предмет, явление или деятельность, связанную с положительным эмоциональным отношением к ним, можно выделить различные уровни профессионального интереса.

Первый, начальный уровень, характеризуется интересом к новым фактам, занимательным явлениям, которые окружают ту или иную профессиональную деятельность, создавая как бы внешнюю (видимую) романтическую ее оболочку.

Второй уровень проявляется интересом школьника к познанию более глубоких свойств профессиональной деятельности.

Наиболее высокий третий уровень профессионального интереса представлен осмыслением общего смысла предпочтительного вида труда, осознанием особо важных сторон профессиональной деятельности. На этом уровне интерес уже находится на поверхности отдельных фактов, а проникает в

их внутреннюю суть. Этот уровень требует догадки, поиска, активного оперирования имеющимися знаниями, приобретенными умениями и навыками, в том числе и политехнического характера.

В процессе личностного развития на разных возрастных ступенях у школьника проявляется неоднозначное отношение к различным профессиям. Однако чем раньше совпадут интерес и выбор профессии, тем больше возможностей у педагогов сформировать устойчивый и осознанный интерес ученика к выбранной профессиональной деятельности. Этому способствует проявляющееся уже в подростковом возрасте психологическое новообразование, которое обозначается как потребность в профессиональном самоопределении.

Основными особенностями профессионального самоопределения являются формирование трудовых ценностных смысловых установок относительного смысла своего собственного существования, устремленность в профессиональное будущее. Если интерес к профессии возникает у ученика только в десятом – одиннадцатом классе, то он, как правило, бывает весьма неустойчив. Так, согласно проведенному Н.К.Окуновой опросу учащихся колледжа технологии и дизайна одежды, 50 человек из 72 опрошенных отметили, что интерес к выбранной специальности у них проявился до седьмого класса.

Из этого следует, считает автор, что педагогу – профориентатору необходимо обращать внимание не только на профессиональные интересы своих воспитанников, но и на развитие познавательных интересов. Познавательный интерес может приобрести характер склонности, если ученик систематически занимается любимым видом деятельности, предпочитая его другим. Склонность же, как высший уровень выражения интереса, характеризуется стремлением человека заниматься определенной деятельностью.

Анализируя современные тенденции в организации профориентационной работы, отраженные в психолого педагогической литературе, изучения личности современного подростка, обобщения практического опыта работы педагогических коллективов, школ. Нами была разработана модель готовности к выбору профессии, включающую следующие компоненты: личностно целевой, информационно-гностический, рефлексивно оценочный. Каждый из них имеет свою структуру, критерии и показатели.

Личностно – целевой компонент, согласно психологической структуре личности, мы подразделяем на два компонента:

-мотивационно – ценностный, обусловленный потребностью в осмыслении целей, задач, содержания профессиональной деятельности в целом и ответственным отношением к поиску внутренних психологических оснований этого выбора;

-эмоционально-волевой, характеризующийся увлеченностью учебно-профессиональной деятельностью, настойчивостью и уверенностью в

препятствий на пути к достижению целей. Критерием данного компонента является личностная готовность, которая оценивается по следующим показателям;

-сформированности устойчивого интереса к избираемой профессии и целенаправленности мотивов ее выбора;

-соответствию здоровья, психических особенностей требованиям избираемой профессии;

-ролевой активности по формированию профессионально значимых качеств.

Информационно-гностический компонент включает совокупность знаний о себе, как о субъекте будущей профессиональной деятельности, о мире профессий; специальные умения, навыки, профессионально важные качества и пути их формирования, а также усвоение социальных, экономических, правовых и нравственных аспектов профессиональной деятельности. Критерием его является информационная готовность, имеющая показатели:

-полноту и дифференцированность знаний о профессиях, путях получения, содержания, условий труда и требований к человеку выбранной профессии;

-знание своих индивидуальных способностей и развитие профессионально важных качеств;

-наличие знаний по общеобразовательным предметам, необходимых для успешного овладения избираемой профессией.

Білім көтеру, білім арттыру жүйесі мұғалімнің әркезде де шығармашылықпен жылдам ұтымды ойлау білу қажеттігін талап етеді. Ұдайы жасалынған жұмыстардың нәтижесі - мұғалімдер кәсіби өсудің қажеттілігін түсінді себебі; коучинг пен тәлімгерлік үдерістеріне шынайы қатысады, әрбір тоқсан сайын белгілі бір жаңалықты өз тәжірибелеріне қолданғылары келетінін және ұтымды тиімді жақтарын саралай алатын болды. Бұрын лезде шығармашылық сабақ беру тек жоғары санатты немесе тәжірибелі мұғалімдерге ғана тән дағды дейтін еді, ал қазір деңгейлік оқуды меңгерген мұғалімдер өз сабақтарын шебер құрылымдай алып, сапалы оқытуға бағыттала бастады. Ал қазіргі кезде мұғалімдер ақпаратты өз сабақтарына қолдану аясын яғни бағдарламалардың тың нұсқаларын қолдануға машықтана бастады. Әріптестер арасындағы кәсіби сұхбаттар да өзгерістерге толы деуге болады. Себебі мұғалімдердің сөздік қорында жаңа терминдер, ұғымдар мен атрибуттар қалыптаса бастады.

Шынымен де, мұғалімнің жақсы мінез құлқы оқушыға дариды және әсер етеді. Мұғалім оны оқыту үрдісінде, қолданған әдіс-тәсілдерінің барысында және іс-әрекетінің нәтижесінде байқатуы мүмкін. Оқу барысында оқушы оны бойына сіңіреді. Егер оқушыда жақсы мінез-құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін-өзі жетілдіреді. Яғни, нәтижелі оқу жақсы мінез-құлыққа тікелей байланысты. Көрнекті ғалымдар Ш.А.Амонашвили, В.И. Загвязинский т.б. педагогикалық рефлексияны жаңаша ойлау стиліне жатқызады. В.А. Кан-Калик, А.В.Мурдик, Н.Д.Хмель т.б. маманның педагогикалық әрекетке дайындығының құрамына даралық, шығармашылық, авторлық ізденістер мен қатар жетілген педагогикалық рефлексияны да жатқызады. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы» [2].

Мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерінің арттыру бағытындағы жұмыстар арқылы байқалған өзгерістер траекториясы:

- 1.Мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік сауаттылықтарының артуына өзіндік құлшыныстарының жоғарылауы; ағылшын тілін игеруге ұмтылыс;
- 2.Республикалық, халықаралық байқауларға қатысуы артты;
- 3.Оқушылар арасында логикалық, онлайн бағытындағы сайыстарға белсене қатысу көрсеткіші жоғарылады;
- 4.Мұғалімдер ресурстың қажеттігі және білім сапасына тигізер әсерін сараптай алады;
- 5.Желілік қоғамдастық аясындағы іс шаралар мазмұнына қызығушылықпен қарау, қатысу арқылы өздернің құзіреттіліктерін таныту қадамдары қалыптаса

бастайды, дегенмен де кей мұғалімдер арасында сыңаржақтылық пікірдің болуы кездеседі;

6.Әр түрлі мазмұндағы, ойлануға, қолдануға мүмкіндігі жоғары ресурстарды коучтармен талқылай отырып ұсыну қалыпты үдеріске айнала бастайды;

7.Мұғалімдер арасында бөлінген көшбасшылықтың тиімді ұйымдастыру арқылы сапалы жұмыстар атқарылып оң нәтижелер береді;

8.Интернет сайт ашып өз тәжірибелерін тарату, бақылаушы әріптестердің пікірін алу мүмкіндігі, қарым-қатынас мүмкіндіктері артуда;

9.Әдістемелік талқылаулар, зерттеу топтарының жазбалары мұғалімдердің кәсіби дамуына оң септігін тигізгені жұмыстар барысында көрінуде.

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе бұл - әр жақты дамыған, көпмәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Оқушы қабілетін жан-жақты дамытып, шығармашылығын ұштай білу үшін ұстаз өзі шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ол шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, кәсіби шебер маман болуы қажет.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі мақсаттардың бірі – жастарды сапалы біліммен, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Мұғалімнің кәсіптік қызметінің құрамдас бөліктері:

- Кәсіптік жаңашылдық қызметі;
- Біліктілігін көтеру;
- Кәсіптік тұлғасы;
- Әдістемелік жұмыстар;
- Сыныптан тыс жұмыстар;
- Педагогикалық қоғамдық қызметі [3].

Мұғалімнің біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

1. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтиже үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру;

2. Білім беру барысында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету.

Осы бағытта қазіргі таңда мұғалімдерге мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

- педагогикалық-психологиялық деңгейін көтеру;

- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын, әдістемелер мен тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысына қолдана білу;
- өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету;
- авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалар ізденістер жасауға ұмтылдыру, қызықтыру, ынталандыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету;
- педагогтардың жұмысында еңбекті ғылыми ұйымдастыруда әр мұғалімнің күнделікті ісіне енгізу.

Мұғалімнің кәсіби өсуінің өзекті мәселелері:

- кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту;
- біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту;
- оқытудың алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою;
- білімдегі жаңашылдықты саралау;
- білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру;
- қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Мұғалім жауапкершілігін арттырып, кәсіптік мәдениетін көтеруде әрбір ұстаз өз пәнінің аясында қалып қоймай қандай да бір дәрежеде шығармашылықпен еңбек ете білуге баулуда кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институт қызметкерлерінің атқаратын жұмысы аз болмайды. Олар:

- заман талабына лайықталған курстар ұйымдастыру;
- оқу семинарларын ұйымдастыру;
- байқаулар, олимпиадалар, конкурстар;
- педагогикалық оқулар, т.б.

Жаңа технологияларды іздестіру үрдісі бұрынғы дәстүрлі технологияларды ығыстырумен, педагогикалық үрдісті тұтас үрдіс, яғни оны жалпы адамзаттық құндылықтар, ізгілендіру теорияларына сүйенген жүйе ретінде қарастырылуда.

Педагог қауымының педагогикалық технологияны игерудегі шығармашылық ізденістері оның кәсіби жетілуінің басты тетігі болып табылады. Мұғалім қызметі басқа еңбек түрлерінен өзінің ерекше шығармашылық сипатымен өзгеше. Өйткені, нағыз педагог болу үшін үнемі іздену, өз білімін заман талаптарына сай ғылыми – теориялық ақпараттармен толықтырып отыру қажет. Бүгінгі қоғам – үздіксіз өзгеріс үстіндегі қоғам. Ақпараттың маңызы өскен сайын ол тез ескіретін болуы да заңды құбылыс. Қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласын қамтып отырған ақпараттық-технологиялық инновациялар ел дамуына шешуші рөл атқаратын маңызды факторлардың біріне айналып отыр. Білім беру саласын ақпараттандыру қоғамды ақпараттандырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондықтан да білім беру мекемесінің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың білім мазмұнының жаңаруына сай сапалы білім алуына қажетті

мүмкіндік жасау, яғни жоғары ақпараттық-коммуникациялық әлеуеті бар білім беру ортасын құру.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай: «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Әдебиеттер

Қайдар Ә. Халық даналығы. А., Толғанай. 2004.

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – А., 2002

Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. –А., 2007.

ОӘЖ 37.026.9

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Тютебаева Ж. К.

№ 69 Бескепе НОМ директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі жөніндегі орынбасары, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассмотрены методики определения одаренных и талантливых учеников

Summary

This article discusses methods for identifying gifted and talented students

XXI ғасыр –білімділер ғасыры. Ғасыр талабына сай зерделі, ой-өрісі жоғары азаматты қалыптастыру - мемлекетіміздің стратегиясы болып отыр. Дарындылықты дамыту білім саласына қатысты заңнамаларда жақсы көрініс тапқан. Мысалы, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқықтары туралы» конвенцияның 29,31 баптарында қатысушы мемлекеттер баланың «... жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға, ...келіседі», «...Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық және шымырлық қабілеттің барынша дамуына бағытталуы керек» - делінген [1].

Дарынды оқушылармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Бүгінде мектепке жоғары талаптар қойылып жатыр. Сонда ата-аналар мен қоғам үшін «жақсы мектеп» дегеннің не маңызы бар? Ол мектеп:

– Бұл – барлық пән бойынша жақсы білім беретін, ал бітірген соң оқушылардың ЖОО-ға оңай түсуіне көмектесетін мектеп.

– Бұл мектепте жоғары санатты және білімді мұғалімдер сабақ беруі керек.

– Мектептің өзіндік дәстүрі болуы тиіс.

– Мектеп жанашыл білім беруі қажет.

– Жақсы мектепте баланы жеке тұлға ретінде құрметтеп, олармен тек сабақ үстінде ғана емес, сонымен қатар қосымша айналысуы керек.

Алдымен қандай балалармен жұмыс істеу керектігін айқындаймыз. Ерекше қабілеті бар балалармен:

Қабілет дегеніміз белгілі айқын әрекетте нәтижелі айналысуға көмектесетін тұлғаның өзіндік ерекшелігі.

Дарын дегеніміз белгілі бір жағдайдағы ең үздік мүмкіндік, қабілеттіліктің жоғары сатысы. Әдетте дарын белгілі ортада байқалады.

Данышпандық – дарын дамуының жоғарғы дәрежесі, ол сапалы да жаңа әрі өте сирек кездесетін дүниенің жасалуымен, шығармашылықтың ертедегі зерттелмеген жолдарының ашылуымен байланысты.

Дарындылықты өмір ағымымен дамып отыратын психика сапасының жүйелілігі ретінде түсінеді, ол белгілі бір адамды басқа адамдармен салыстырғанда, бір немесе бірнеше әрекетте өте жоғары нәтиже көрсетуімен байқалатын жетістік мүмкіндігін аңғартады.

Дарынды бала – белгілі бір әрекетте жарқын, айқын, кейде өте жоғары жетістіктерімен (немесе осындай жетістікке ішкі қабілеті жететін) ерекшеленетін бала.

Дарынды балаларды айқындау бақылаудың негізінде, психологиялық ерекшелігін, сөйлеу, есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін зертеу барысында бастауыш мектепте - ақ басталуы тиіс.

Дарынды балалардың белгілері:

- көпшілікпен салыстырғанда өте жоғары білімді ерекше, оқуға құштар, шығармашылық мүмкіндігі мен көзге түсуі байқалады;
- өте басым боп келетін белсенді де саналы талап көрінеді;
- білімді терең игергеннен, ой еңбегінен қуаныш сезінеді.

Өмірдің өзі мектептен ылғи өзгеріске түсіп отыратын жағдайларда жол таба білуге, ашық, жайдары, тез тіл табысатын және құзіреттілікке дайын болуын талап етеді. Сондықтан дарынды оқушыны тануда мұғалімге мынандай міндеттер жүктеледі:

- Мұғалімнің дарынды баланың психологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан тануы және олармен жұмыс істеудің әдістемелік жолдарын білуі;
- Мұғалімнің әдістемелік оқу, педкеңестер, өзін-өзі тану арқылы білім алуы
- Берілген сұрақтар бойынша кітапханалық қорының жинақталуы;
- Мұғалімнің мақсатқа бағытталған педагогикалық бақылау, диагностика жолдарымен таныс болуы;
- Оқушылардың өзіндік қабілеттерін көрсетуіне жол ашатын әртүрлі сыныптан тыс сайыстар, зияткерлік ойындар, олимпиадалардың өткізілуі;
- Оқыту әдістері мен тәсілдерінің әртүрлі жүйесінің ішінен өзіндік ойлау қабілетін, ынтасын және шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беретінін таңдау;
- Оқушылардың қатарластарымен бірігіп әрекет жасау барысында өзіндік жұмыс арқылы қабілетін іске асыруына мүмкіндік туғызу.
- Зерттеу әрекеттері элементтерін игеру;

Дарынды оқушының анықтаудағы негізгі бағыттары:

- оқушылармен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- педагогикалық ұжыммен жұмыс.

Дарынды оқушыны анықтап және ұсынудың кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі
2. Сараптамалық
3. Ұйымдастырылған - әрекеттік;
4. Оқушы қабілетін қалыптастыру, тереңдету және дамыту кезеңі.

Дарынды балалармен жұмыс стратегиясының бірінші кезеңі – дайындық. Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау. Екінші кезең - мектепте шығармашылық орта туғызу, жұмыстың бар кезеңдерінің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады.

Мұғалімдер де, оқушылар да мынаны түсінгені абзал:

1. Мектеп – қателесуге рұқсат етілетін орын;
2. Әркім өз көзқарасын және өз ойын ашық айтуына болады;
3. Әрекетті немесе нәтижені сынау, жеке тұлғаны мақтау;
4. Оқушы тек өз - өзімен ғана салыстырылады;
5. Мұғалім мақтаудың ретін табуы керек;
6. Оқушыларға жол сілтей бермей, керісінше тәуелсіз әрекет етуге көмектесу [2].

Дарынды балалармен жұмыс стратегиясының міндеттері:

- Нормативті негізді үйрену.
- Дарынды оқушылармен жұмыс жасауды жоспарлау.
- Міндеттерді үлестіру
- Жобаны іске асырудың материалды - техникалық, педагогикалық шарттарын талдау.

Дарындылықтың шығу тегінен бөлек оқушының білім, білік және шығармашылық диагностикасы болуы қажет. Мектептегі ұстаздарға оқушылардың әлеуетті мүмкіндігін танып білуіне көмектесетін әлеуметтік педагогтың және директордың ғылыми жұмыстар бойынша орынбасарының ролі осыған байланысты арта түседі. Оқушылар келесі бағытта танылып айқындалады:

- шығармашылық ойлау қабілеті;
- өзін-өзі бағалау деңгейі;
- төзімділік;
- әрекеттің тәуірлеу түрлері;
- сезімталдық күші;
- көшбасшылық қабілеті;
- қызығушылық картасы;
- Тапсырма беру диагностикасы және тұлғаның бейімділігі;
- Дарынды балалардың тәртібі туралы мінездемесі.

Қорыта келгенде, атақты француз жазушысы О.Бальзактың: «Ұдай еңбек ету - өнердің де, өмірдің де заңы» - дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру,

оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн. Дарынды және шығармашылық қабілеті жоғары балалармен жұмыс істейтін мұғалімге қойылар талап та, көтерер жүк те ауыр. Ол қалыпты деңгейден ерекше, өзі де ізденуші, зертеуші, шығармашылық тұлға болуы керек.

Әдебиеттер

Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. -«РАД иАЛ», А., 2005.

Дарынды балалармен жұмыс//Қазақстан мектебі. -2008 №6 34-36 бет

Үздік білім берудің жолдары//Мектеп директоры. – 2010 №1 27-29 бет

Дарынды оқушымен жұмыс//Мектеп директорының орынбасары. – 2010 №1 27-29 бет

УДК 81.2/44

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ТРЕНАЖЕРЫ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ

Хаживаева В.Х.

учительница русского языка и литературы ОСШ № 56 имени Ю.Гагарина,
Сайрамского района. Туркестанской области. Казахстан.

Түйін

Мақалада автор ауылдық мектептерде орыс тілі сабақтарында лингвистикалық жаттығулардың пайдалану бойынша ой бөліседі

Summary

The article discusses linguistic simulators and their use in russian language lessons in a rural school

Процесс информатизации современного общества обусловил необходимость разработки новой модели системы образования, основанной на применении современных информационно-коммуникационных технологий. Изменение образовательной парадигмы, связанное с переходом от монокультурной традиции к диалоговой культуре, повлекло за собой серьезные трансформации в технологиях преподавания. Данный процесс ознаменовался появлением разнообразных инновационных технологий, развитие которых выстраивалось на основе новых принципов взаимодействия субъектов образовательного процесса. Интеграция современных образовательных и информационных технологий становится важным условием для совершенствования процесса обучения русскому языку и литературе. Современное общество вступило в новый этап развития – информационный, который характеризуется активным внедрением информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в различные области жизнедеятельности социума. В процессе перехода к информационному обществу человек должен быть подготовлен к быстрому восприятию больших объемов информации, овладению современными средствами и методами ее

обработки, он должен обладать определенным уровнем культуры по общению с информацией, владеть современными техническими средствами.

От школы общество ждет модель выпускника с технологичным мышлением, способного к самореализации. Решающую роль в воспитании такого выпускника, на мой взгляд, играет полноценное включение в образовательный процесс информационных технологий.

Для человека, живущего в рамках современной цивилизации характерно стремление к визуальному восприятию информации. Данное культурное явление приводит к тому, что в процессе информационной коммуникации зрительный знак преобладает над текстовым. Русский язык и литература не являются исключением. Применение в процессе обучения мультимедийных технологий, способствует частичному решению данной проблемы. Электронные учебные пособия, созданные на базе мультимедиа, оказывают сильное воздействие на память и воображение, облегчают процесс запоминания, позволяют сделать урок более интересным и динамичным, создать иллюзию соприсутствия, сопереживания, содействуют становлению объемных и ярких представлений о прошлом и настоящем [1].

К учебно-воспитательному процессу в сельской школе следует подходить диалектически, с учетом как положительных, так и отрицательных факторов. В классах с малой наполняемостью учитель имеет возможность в ежедневном общении всесторонне изучить психолого-педагогические особенности каждого ученика, объективно оценить уровень его знаний, учений и навыков; активно влиять на усвоение программного материала, осуществлять на деле дифференцированный подход к обучению. Вместе с тем в классах с малой наполняемостью наблюдаются такие негативные явления, как перегрузки учащихся, ослабление влияния классного коллектива на отдельного ученика и, как следствие этого, понижение интереса к предмету.

По нашим наблюдениям, наиболее опытные учителя, работающие в малочисленных классах, основное учебное время урока отводят самостоятельной работе учащихся, которая постоянно направляется и контролируется учителем.

Идеи оптимизации учебно-воспитательного процесса, получившие широкое признание в педагогике, предполагает рациональное использование традиционных средств обучения в сочетании с новыми, прогрессивными, учитывающими состояние современной лингвистической науки и передовой педагогической практики.

В последние годы учителя стали активнее использовать на уроках и во внеклассной работе технические средства обучения: кинофильмы, телепередачи, звукозаписи, видеозаписи.

Нельзя не отметить универсальный характер технических средств обучения; по существу их можно применять при обучении всех дисциплинам как гуманитарного, так и естественно-математического цикла.

Однако технические средства обучения не рассчитаны на решение многих, весьма важных лингвистических задач, например связанных с формированием навыков фонетического, морфемного, словообразовательного, морфологического разбора; с овладением орфографическими и пунктуационными нормами.

А именно на решение этих задач учитель, стремящийся усилить практическую направленность преподавания русского языка, затрачивает на уроке максимум учебного времени. Например:

Лингвистические тренажеры по всем разделам можно сделать и показать по интерактивной доске самими учениками, сделать звуко-буквенный анализ слова после изучения темы «Фонетический разбор слова».

В соответствии с порядком разбора ученик записывает слово, например школа, разбивает его на слоги и ставит ударение. Затем в левой части пишет по вертикали буквенный состав слова и указывает алфавитное название каждой буквы. Далее в правой части в квадратных скобках пишет звуковой состав слова и характеризует каждый звук: гласный (ударный или безударный), согласный (по твердости-мягкости, звонкости-глухости). После этого ученик произносит каждый звук и отмечает, какой буквой этот звук обозначен. Теперь остается установить количественные соотношения букв и звуков в анализируемом слове [2].

Навыки морфологического разбора отрабатываются с учетом полной информации о семантических, морфологических и синтаксических признаках указанных частей речи. Лексическим материалом для этих целей служат выделенные слова в упражнениях учебников для морфологического разбора.

Таким образом, обучение русскому языку – одному из самых трудоемких школьных предметов, «ключу ко всем знаниям» - по существу крайне слабо опирается не достижения научно-технического процесса. До сих пор наиболее типичным остается урок, на котором в распоряжении учителя – учебник, доска, мел, статичные плакаты, схемы, т. е. Пособия и средства обучения весьма традиционные. Разумеется, эти пособия полезны и необходимы для обучения русскому языку, однако в эпоху научно-технической революции их вряд ли можно считать достаточными.

В наше время важно так рационально построить учебно-воспитательный процесс, чтобы школьник с наименьшими затратами добывать знания и применять их на практике.

Лингвистические тренажеры позволяют:

- обеспечить поэтапный, последовательный и динамичный ввод языковой информации;
- представить в наглядной форме основные языковые единицы;
- формировать обобщенные представления о содержании основных разделов школьного курса русского языка;
- проводить аналитическую и синтетическую работу с языковым материалом;
- вырабатывать прочные навыки различных видов языкового разбора;

- развивать орфографическую и пунктуационную зоркость;
- активизировать речевую и мыслительную деятельность учащихся путем аргументации решаемых задач;
- облегчить труд учителя по проверке письменных работ, а также по предупреждению и исправлению задач;
- делать более привлекательным учебный процесс, повышать интерес к предмету.

Литература

Русский язык Орыс тілі в казахстанской школе –республиканский научно-методический журнал -2012 №- 4

Русский язык. Гуревич Г.Ф,Шаймакова Р.К../6 класс. Методическое руководство.- А.: Атамұра,2002.

ӘОЖ 373.2

БАЛАҢ КЕЗЕНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жубандыкова А. М. п.ғ.к., профессор м а.,

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы,

Нурманова Ж. К. п.ғ.м., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,

Қазақстан

Резюме

В статье обсуждается проблема формирования творческих умений и навыков у дошколят. Дети дошкольного возраста обладают умениями и навыками восприятия и изображения произведений искусства. Для более высокого восприятия произведений изобразительного искусства ребенку необходимо овладеть языком изобразительного искусства. Восприятие искусства требует от ребенка специального обучения рисованию. Статья поясняет, почему у ребенка развивается способность воспринимать реальность как первую задачу художественного изображения.

Summary

The article discusses the problem of the formation of creative skills in preschool children. Preschool children have the skills and abilities to perceive and represent works of art. For a higher perception of works of fine art for a child it is necessary to master the language of fine arts. The perception of art requires special training in drawing from the child. The article explains why the child develops the ability to perceive reality as the first task of artistic representation.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың басты 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп атап көрсетеді [1, 4 б.].

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылған [2, 3 б.].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасы мен санасының дамуы қарқынды жүретін, ерекше құнды да қайталанбас кезең. Сондықтан бала бойындағы қабілетті осы бастапқы кезеңде ашу – баланың шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады. Мұны біртұтас педагогикалық үдерістегі оқытуды ұйымдастыруға тұжырымдамалық жаңа тұрғыдан келу негізінде шешуге болады. Шығармашылық қабілеті, өзіндік жұмыс істеу іскерлігі мен дағдылары өздігінен пайда болмайды, ол мақсатты түрде ұйымдастырылған оқу қызметі мен шығармашылық, тәжірибелік сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үдерісінде қалыптастырылады. Білім мен тәрбие берудің шынайы тәжірибесінде мектепке дейінгі ұйымдарда өнер түрлері, оның ішінде, бейнелеу өнері іс-әрекеті арқылы қазіргі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне әлі де өз деңгейінде мән берілмеуде. Көбіне, бейнелеу тәжірибесінің жалпы білім, қабілет, дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ғана басты назар аударылады.

Бейнелеу өнерінен көркемдік білім беру саласындағы педагог ғалымдар В.С.Кузин, Жеделов Қ., Т.А.Левченко, Ф.Жұмабекова т.б. бейнелеу өнері шығармашылығын зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Н.Н.Ростовцев бейнелеу шығармашылығын қалыптастырудың негізі – нұсқаға қарап сурет салу екенін, шығармашылық еңбекке жетудің бастауы, бейнелеу сауаттылығын меңгеру болып табылатындығын көрсеткен [4, 88 б.].

Қ.Ералин «бейнелеу өнері шығармашылығын, графика, кескіндеме мүсін туындыларын, немесе сәндік бұйымдарын жобалаумен жасауға бағытталған іс-әрекеттер жүйесі» деп анықтаған. Ол шығармашылық қызметінің негізі бейнелеу сауаттылығын меңгеру болып табылатындығын көрсеткен. Шығармашылық қабілетті дамытуды жоспарлы жүргізуге көңіл бөлген.

Шығармашылық дегеніміз – жаңа туындыны жасауға бағытталған іс-әрекет. Қабілет дегеніміз – ойлау мен белгілі іс-әрекетті орындау бағытындағы жеке тұлға шығармашылық қызметінің нәтижесі түрінде танылады. Қабілет белгілі білім мен іс-әрекетті икемділіктерінің жоспарлы түрде меңгерту нәтижесінде қалыптасады. Осы қағидаларды негізге ала отырып шығармашылық қабілет дегеніміз жаңа бейнелеу өнері туындыларын жобалау мен жасауға бағытталған жеке тұлға қызметі [5, 15 б.]. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру өзіндік ерекшелігі бар педагогикалық үдеріс. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың өнер туындыларын қабылдау мен бейнелеудің икемділіктері мен дағдыларын меңгерумен байланысты сипатталады. Қалыптастыру ұғымы педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлғаның білімін икемділіктері мен дағдыларын арттыруға бағытталған жоспарлы іс-әрекеттер нәтижелері. Дәстүрлі білім беруде бала білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгертуге ғана бағыттталып, олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жете көңіл бөлінбеді. Ал қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа мақсат қойып отыр: оқу әрекетін қалыптастыру негізінде баланы

жеке тұлға тұрғысында тәрбиелеу, яғни әр баланың өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ерекше орын алған және бірнеше ғалымдардың зерттеулерінен көрініс тапқан. (В.И.Шацкая, Е.А.Флерина, Н.П.Сакулина, Н.А.Ветлугина, Т.С.Комарова, Р.Г. Казакова, Ф.Жұмабекова, Т. Левченко т.б.). Жоғарыда аталған еңбектер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша біршама зерттеу жұмыстары жүзеге асырылғандығын көрсетеді. Дегенмен осы саладағы еңбектерге талдау жасау мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын бейнелеу іс-әрекеті арқылы қалыптастыру мәселесінің ғылыми-теориялық тұрғыда зерттелуі мен оның ғылыми-әдістемелік жүйесінің дайындалуы мәселесінің заман талабына сай мазмұнының ашылмай отырғандығын көрсетті.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды. Бейнелеу өнері шығармаларын жоғары дәрежеде қабылдау үшін бала бейнелеу өнер тілін меңгерген жөн. Өнерді қабылдау баланың арнайы сурет салуды үйренуді қажет етеді. Бұл жағдайда баланың көркем бейнелеудің алғашқы міндеті ретінде шынайылықты қабылдау қабілеттілігін дамытады.

Қабілет деп адамның белгілі бір іс - әрекетті біршама жеңіл атқаратын және жоғары сапаны қамтамасыз ететін жеке ерекшеліктерін түсінеміз. Қабілет туа біткен қасиет емес, ол даму үдерісінде ғана өмір сүреді және нақты іс -әрекетсіз дами алмайды. Кез - келген іс - әрекетке деген қабілет әр адам бойында бар, бірақ та туа біткен нышандарға байланысты олардың даму дәрежесі барлық адамдарда әртүрлі. Дамудың ең жоғары баспалдағына дарынды, талантты, алуан түрлі нышандар бойында қолайлы үйлескен адамдар жете алады.

Бейнелеу іс-әрекетіне деген қабілеттілік арнаулы қабілет қатарына жатады. Әрбір қабілет жетекші, негізгі және құрастырушы фонға бөлінетін жан-дүниенің ерекшеліктеріне тәуелді күрделі құрылымға ие. Бейнелеу іс-әрекетінде қабілеттің жетекші қасиеттері қиялдау болып табылады, қиялсыз ойдың өз көрінісін табуы мүмкін емес. Бейнелеу қабілетінің құрылымында оның негізгі қасиеттері қабылдауды қамтамасыз ететін жоғарғы табиғи көру сезімталдығы; дағдыларды шапшаң және жақсы меңгеруге көмектесетін қолдың ерекше іскерлігі болып табылады. Бейнелеу сауатын құрайтын бейнелеу құралдары мен әдістерінің барлық жиынтығын бала бірден меңгере алмайды. Әрбір өнердің әсерлі құралдарының ерекшеліктерін педагогтың білуі олардың әрқайсысын бала түсініп, игеретінін және қайсысы түсініксіз екенін анықтауға жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері негіздерін оқып үйрену үдерісінде шығармалардың идеясына, мазмұнына, шебердің өзіндік жеке ерекшеліктеріне байланысты суретшілердің алуан түрлі бейнелеу құралдарын пайдалануы өзгеше болатынын балалар меңгереді. Бейнелеу өнерімен шұғылдану

болмысты танудың тиімді құралы болып табылады және сонымен бірге көзбен көріп қабылдау, қиялдау, кеңістікті елестете білу, есте сақтау, сезім және басқа психикалық үдерістердің дамуы мен қалыптасуына жәрдемдеседі. Бейнелеу іс-әрекетінде мектеп жасына дейінгі балалар бірқатар графикалық және кескіндемелік білім мен дағдыларды меңгеріп, қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды талдауға үйренеді. Сурет салу, мүсін жасау, конструкциялау сабақтарында жеке басының табандылық, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттері қалыптасады. Бейнелеу өнерімен шұғылдану балалардың шығармашылығының, тілінің дамуына, олардың сөздік қорының байи түсуіне жәрдемдеседі. Педагог үйретудің негізгі әдістерінің бірі ретінде сөзді пайдаланады: оқу қызметінің тақырыбын хабарлайды, тапсырманың орындалу ретін әңгімелеп береді. Тәрбиешінің айқын, әсерлі сөзі балаға бейнелеу үдерісін терең ой елегінен өткізуге көмектеседі. Балалардың бейнелеу қабілеттерін дамыту аса маңызды мәселе. Ал кез келген іс-әрекетке деген қабілет әрбір тұлға бойында бар болғанымен туа біткен нышандарға байланысты олардың даму дәрежесі барлық адамдарда әр түрлі. Дамудың ең жоғарғы баспалдағына дарынды талантты, алуан түрлі нышандар бойында қолайлы үйлескен адамдар жете алады.

Психологияда ұғымдарды жалпы және арнаулы қабілет деп бөледі. Бейнелеу іс - әрекетіне деген қабілеттілік арнаулы қабілет қатарына жатады. Әрбір қабілет жетекші, негізгі және құрастырушы фонға бөлінетін психиканың ерекшеліктеріне тәуелді күрделі құрылымға ие. Бейнелеу іс-әрекетіне қабілеттің жетекші қасиеттері қиялдау болып табылады, қиялсыз ойдың өз көрінісін табуы мүмкін емес. Бейнелеу қабілетінің құрылымында оның негізгі қасиеттері толық қабылдауды қамтамасыз ететін жоғарғы табиғи көру сезімталдығы; дағдыларды шапшаң және жақсы меңгеруге көмектесетін қолдың ерекше іскерлігі болып табылады. Бейнелеу іс-әрекетін қамтамасыз ететін және осы іс-әрекет фонын құрайтын қасиеттер белгілі бір эмоциялық көңіл-күй болып табылады. Оқыту жүйесін жасаған кезде бейнелеу және құрастыру әрекеті құрылымының осы ерекшеліктерін ескерген жөн. Бейнелеу әрекетіне қабілеттілік әр адамның бойында дамыған болуы мүмкін. Бірақ осы іс-әрекетке туа біткен жақсы нышандары бар адам өнер саласында шығармашылықпен жұмыс істей алатындай дәрежеге дейін қабілетін дамыта алады, бұл кезде қолайлы нышандары неғұрлым аз адамдар қабілетін заттарды сауатты, графикалық жағынан дұрыс бейнелей алатындай дәрежеге дейін ғана дамыта алады. Бейнелеу қабілетін дамыту үшін маңызды мәні бар анатомиялық – физиологиялық ерекшеліктерді қарастырып көрелік.

Кез келген саладағы қабілеттілікті дамытуда үлкен роль жоғары дәрежелі нерв қызметінің үлесіне тиеді. И.П.Павлов адам бойында оның қабілетін анықтайтын жоғары дәрежелі нерв қызметінің екі типі – көркемдік және ойшылдық (ақыл-ой) туралы жазған болатын. Бірінші – көркемдік типте ойлау бейнелі, айқын, әсерлі болып келеді. Екінші – ойшыл типте ойлау абстракциялы, сөздік формаларға ие. Көптеген адамдар аралас типке жатады,

олардың ойлауы бейнелі де, абстракциялы да болып келеді. Тиісті жағдайларда жоғары дәрежелі нерв қызметінің көркемдік типіне жататын адамдарда бейнелеу қабілеттілігі неғұрлым жоғары даму дәрежесіне жете алады. Бейнелеу қабілеттілігін ойдағыдай дамыту үшін көру аппараттары құрылысының да маңызы бар. Көздің анатомиясындағы немесе физиологиясындағы болмашы кемістік түсті сезе білуге әсерін тигізеді, ал түсті сезе білу суретші үшін соншалықты маңызды. Көзінің тор қабығының колбалық аппаратының әрекеті бұзылған адам түсті ішінара ажырата алмаудан жапа шегеді, көбіне қызыл немесе жасыл түстерді ажырата алмайды (дальтонизм). Дальтонизмнен жапа шегетін адамдар спектр түсін негізгі екі тонда – сары және көгілдір тонда қабылдайды. Мұндай адам айналадағы заттардың бояуын дұрыс қабылдап, оны живопись құралдарымен бере алмайтыны айқын.

Көздің өткірлігі де, яғни заттарды алыс қашықтықтан айыра білу қабілеті де көру аппаратының құрылысына байланысты. Көздің белгілі бір қашықтықтан айыратын заты неғұрлым кіші болған сайын, оның өткірлігі де соғұрлым жоғары болады. Кеңістікті көру көздің микро қозғалыстарының көру актісіне қатысуына байланысты. Көру аппаратының кемістігі бар адам живопись саласында бейнелеу қабілетін дамытудың жоғары сатысына жете алмайды, ол бар болғаны дұрыс графикалық бейнелей білуге ғана ие болуы мүмкін. Скульптура саласында шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға көздегі кемістік көп кедергі жасамайды, дегенмен де толыққанды шығармашылықпен айналысу мүмкіндігін шектейді. Бейнелеу іс-әрекеті үдерісінде заттардың формасын, олардың пропорциясын, түсін көзбен көру арқылы қабылдай отырып, адам көргенін салыстырады, байытады, яғни шығармашылық кезінде ойлау үдерісі күшейе түседі.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
- 2.Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- 3.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (2018 жылғы 5 қазан)
- 4.Н.Н.Ростовцев. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. Уч. Пособие для ХГФ в пединститутах. М., 1998г
- 5.Левченко Т.А., Жубандыкова А.М. Теория и методика изобразительного творчества/ Алматы:Онон, 2015 г.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ - МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САНА-СЕЗІМІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Нурманова Ж. К. п.ғ.м., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Азбердиева Н. А. аға оқытушы, тренер
БАҰО АҚФ Шымкент,
Қазақстан**

Резюме

В данной статье освещаются вопросы формирования антикоррупционной культуры. Так же указаны причины устойчивости коррупции, основные направления, пути формирования сознания молодого поколения.

Summary

This article is focused on the issues of forming an anti-corruption culture. The article also outlines the reasons for the sustainability of corruption, its main directions, and ways of forming young generation's consciousness.

Еліміздің барлық білім беру мекемелерінің өзекті міндеті – сыбайлас жемқорлықты болдырмау. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық қоғам дерті, ол әлемнің кез келген елінде белең алуда. Қазақстанда басқа мемлекеттерге қарағанда ауқымдылығымен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежеп, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Жемқорлықты жеңу Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың нақты белгілеген мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясының бір бағытында көрсетілген. Н. Ә Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтқанда қоғамның көмегінсіз жемқорлықты жеңу мүмкін емес, жастар, сендер сыбайлас жемқорлықты жеңе аласыңдар, оған білімдерінде жетерлік, қызығушылықтарыңда бар-деген болатын.

Ал, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында, сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтар болсам, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатына пайдалану,

тұлғаның бірінің пара алуы не пара беруі болып табылады. Яғни, азаматтық құқықтың бұзылуына әкеліп соғады.

2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілген. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады. [1]

Елбасының белгілеген «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары қазақстандық қоғамды біріктіруші ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құруда негізін қалаушы болып табылады. Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылып отыр. Әйтсе де, осыған байланысты елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмысы дұрыс іске асырылмай келеді. Дегенмен, бізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дүниетанымдық, этикалық, рухани аспектілерін жан-жақты көрсететін тиісті әдебиет аз. Келешекте жастардың оқып жатқан мамандықтарына қарамастан барлық оқу орындарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» дәрісін оқыту қолға алыну керек. Сол кезде сыбайлас жемқорлық көріністерін қабылдамайтын білім беру ортасын құрып, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын моральді қалыптастыруға болады. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру – бұл үздіксіз процесс екені баршамызға аян. Ол үшін бағыттарын анықтасақ:

- 1) әрбір тұлғаның бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қалыптастыру;
- 2) плюс моральдық қасиеттері мен сезімдерін қалыптастыру;
- 3) қажетті адамгершілік қажеттіліктері мен әдеттерін дамыту. Бұл бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие міндеттерін білдіреді. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста (3-6 жас – әлеуметтік маңызды тәжірибені қарқынды жинақтау және әлеуметтік кеңістікте бағдар алу кезеңі) балаларға Отанға деген махаббат, туған табиғатқа махаббат және оны қорғау қажеттілігі, өзін қоршаған адамдар мен қазақстандық халықты құрметтеу, тәртіптілік, адалдық сияқты құндылықтарды сіңіруінен айрықша байқалады. Бұл кезеңде тәрбиелеуде рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени құндылықтарын, қоғамда қабылданған жүріс-тұрыс қағидалары мен нормаларын қалыптастыруды басшылыққа алғанымыз абзал.

Кіші мектеп жасында (7-10 жас – кемел балалық шақ) дене және рухани күш жинақтайтын кезең. Бұл кезеңде өмір бойы сақталатын тұлғалық қасиеттер қалыптасуы жүзеге асырылады. Сондықтан бұл жаста рухани мәдениеттің қалыптасуының маңызы зор. Ар-ождан, абырой, ұят, қайырымдылық, жанашырлық, адалдық, әділдік, жауапкершілік және т.с.с. рухани қасиеттердің

қалыптасуына ерекше назар салған жөн. Бұл кезеңде балалардың сыбайлас жемқорлық пен оның залалы туралы дүниетаным сипатындағы түсінік пен ұғымның қалыптасуы ұғымды салмақтай білуіне, өз көзқарасын айтуына үйрету, оны қиын жағдайға қойып көру қажет.

Орта мектеп жасы – (10-14 жас – жасөспірім кезеңі, балалардың өміріндегі күрделі кез) – бұл жаста балалық шақта сіңірген рухани-эстетикалық қорын бекемдеу, оны салмақтап, байыту кезеңі. Бұл өмірлік кезеңнің нақты қиындығы әлеуметтік қарым-қатынас жаай алу, өзіне есеп беруін, пайымдауын дамытуды көздеуіміз керек. Ол кезеңде түйсіктің, өзін-өзі танудың, өзін-өзі бағалаудың бірте-бірте өспелі толқынын қалыптастырамыз. Бұл жаста патриотизм, интернационализм, өз Отанын мақтан ету, елдің қоғамдық құрылымын құрметтеу, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, адамның азаматтық құқықтарын білу және құрметтеу сияқты тұлғалық қасиеттерді сіңірудің маңызы зор.

Жоғары мектеп жасы (14-18 жас – жастық шақ) – бұл кезеңде дене және психологиялық кемелденудің аяқталатын кезеңі. Бұл жас аралығында қоғамға пайда келтірsem екен деп, азаматтық жауапкершілікке дайын болатын кезең. Бұл жаста сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сананы қалыптастыру жүйелі, мақсатты және үздіксіз жүргізіп отыруымыз тиіс.

Сыбайлас жемқор деп кімдерді айта аламыз? Тұлғаның сыбайлас жемқор екенін, оның әрекетінен, іс-қимылы мен толқуынан көре аламыз. Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте кеңінен түсіндірілген. «Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «*согумпер*») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, заңнан аттап өту.

Бұдан өзге, латынша «*согуптіо*» «параға сатып алу», «іріп-шіру» дегенді білдірсе, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді.

Неміс философы М. Вебер (1864-1920 жж.) сыбайлас жемқорлық туралы ұғымның дамуына өз үлесін қосты. «Саясат міндет және кәсіп ретінде» (1919 ж.) еңбегінде ғалым саясаттан өзінің кәсібін және міндетін жасаудың екі тәсілін бөліп көрсетті: «не саясат «үшін» өмір сүру, не саясат «есебінен» өмір сүру... Саясат «есебінен» кәсіп ретінде оны тұрақты табыс көзіне айналдыруға тырысатындар, ал саясат «үшін» өзге мақсатты көздейтіндер өмір сүреді» [3]. Вебер паракорлық пен сыбайлас жемқорлық орта ғасыр қоғамына тән әкімшілік аппараттың ажырамас қасиеті деп санады.

XII ғасырдағы Қытайдың саяси қайраткері Ванг Анши сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептерінің бірі ретінде нашар заңнама мен нашар шенеуніктер деп көрсеткен. [3].

Біздің мемлекетіміз де жағымсыз үрдістерді жою үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қалыптастыруға кірісті. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық,

эстетикалық, діни сана болып бөлінеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Ол жалпыға міндетті мінез-құлық нормаларын белгілеуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Сыбайлас жемқорлық деген адамдардың адуындығы мен арсыздығы, олардың қылмыстық қызметінің нәтижелері адамгершілік құндылықтарының құнын жояды және қоғамның адамгершілік ұстанымдарын әлсіретуі мүмкін. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді. [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері қоғамның жалқаулық, парақорлық, ұрлық, әділетсіздік және басқалар сияқты кеселдерінен айықтырады. Мысалы, мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелеуге әбден болады. «Түйе немесе түйме ұрласа да, ұрының аты ұры», «Ұрлық жасасаң, жазадан қашып құтылмайсың» т.б. Бұл ретте «ұрлық» тура және жанама мағынасында да түсіндіріледі. «Ұрлық жасау» осы байлықтың шынайы иесіне айтпастан еңбек етпей баю дегенді білдіреді. Ар-намыс пен адами абыройын сақтау – көптеген халықтың шынайы өмір сүру мәні. Ар-намыс пен абыройды сақтау мәселелері қоғамдық және жеке сананың әрдайым ерекше бақылауында болды. Осындай мақалдардың мағынасын бойларына сіндіре отырып тәрбиелеу жас ұрпақтың және халықтың санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дәнін егеді.

Ұлы ойшыл Абай еңбекті өз игілігі үшін еңбек ету әлеуметтік мәнінен айырылған еңбек болып табылатынын, басқаның игілігі үшін еңбек ету – адамның борышы екенін айтып өткен. Ол «өз пайдасы үшін еңбек ететін адам өзі үшін жайылып жүрген малмен тең; адамдық борышын орындай отырып, еңбек ететін адамды Құдай өзінің махаббатына бөлейді» деген [5]. Халық адал еңбек идеясын адамға табиғаттың берген бағалы сыйы ретінде дәріптейді. Бұл ой халық даналығында көрініс табады: «Ағаш жемісімен, адам ісімен жақсы», «Адалдық пен еңбек сый-құрметке жетелейді, айла мен өтірік масқараға жеткізеді», «Жақсы еңбек етсең жаның да тыныш болады», «Жұмыста туғаның болмайды», «Адал еңбек игілікке әкеледі» (қазақ мақалдары); «Ақ саусақ адам бөтеннің еңбегін жақсы көреді», «Шеберлік пен еңбек бәріне қол жеткізеді». Мақал-мәтелдердің басқа тобы қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың кеңдігі мен тереңдігі және оны әлеуметтік кесел ретінде дәлелдейді, халық оны мойындай отырып, оны айыптау арқылы онымен күресуге тырысады. «Балық басынан шіриді», «Адамды билік/тақ өзгертеді», «Құдайын ұмытқан» «Иманы жоқ». Парақорлықты, сатып алу, ұрлық жасау мен сатқындықты айыптау жазушылар мен ақындардың шығармаларынан табуға болады. Оның жарқын мысалы халық ақыны Абайдың «Қара сөздері» болып табылады. Үшінші қара сөзінде Абай былай дейді: «... әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық,

партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық» [5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы санаға нысандандыру, белгілілік пен кесімділік тән. Сондай-ақ моральдық және құқықтық міндеттерді орындауға қатаң бақылау талабы тән. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

- сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;

- моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;

- құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;

- қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;

- мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты мыналар қажет:

- сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;

- Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;

- құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil – ештеңе); – құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету.

Адамгершілік ұстанымы мықты адам сыбайлас жемқорлықты былайша сипаттайды:

- өзі үшін, өз елі және оның болашағы үшін төнетін нақты қауіп;

- азаматтың өзін азаматы болып табылатын елмен байланыстыруын тоқтатуының бір себебі;

- ұлттық байлықты тонау және қоғамдық сананы бұзу арқылы параға сатып алу және заңсыз баюдың қылмыстық сызбасы;

- мемлекеттің құрылысына, өнегелік құндылықтарына қол сұғатын және бұқара санасына жалған құндылықтарды енгізу үшін жағдайлар жасайтын қылмыстық идеологияны заңсыз енгізу;

- заңдар жұмыс істемейтін және әділдікке орын жоқ әділетсіз өмір.

Жалпы тоқсан сөздің тобықтай түйіні сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың, тіпті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейі тұлға мен қоғамның сыбайлас жемқорлықтың тұрақсыздандыру күшін сезіну дәрежесіне байланысты екенін белгілеуге болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қоғамның барлық мүшелері атсалысуы керек. Бизнес қауымдастықтары мен үкіметтік емес ұйымдарды жемқорлыққа қарсы күрес науқанына қатысуға шақырып, олардың бастамаларына қолдау көрсету қажеттігін туындатуымыз тиісті дүние.

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы .

Мулько И.Ф. Социально-нравственное воспитание детей 5-7 лет: методическое пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2007.

Б. С. Абдрасилов. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» заңы

А. Құнанбаев «Қара сөздері»

«НұрОтан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігінің жаңа идеологиясы туралы», (Астана, 2014ж).

ӘОЖ 373.1.013

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Торыбаев Ғ.З, Раева Б.И.

«№9 жалпы орта мектебі», Мақтаарал ауданы, Түркістан облысы

Резюме

Статья посвящена проблеме развития креативности учащихся в средней общеобразовательной школе. Авторы раскрывают пути решения данной проблемы в учебно-воспитательном процессе в условиях современной школы.

Summary

The article is devoted to the problem of the development of students' creativity in secondary schools. The authors reveal the ways of solving this problem in the educational process in the conditions of a modern school.

Қазіргі уақытта білім саласының әлемдік кеңестікке ену жағдайында елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бірінші орынға жеке тұлғаның білім алу арқылы оның интеллектуалдық әлеуеті мен шығармашылық дағдысының өз дәрежесінде дамуын мақсат етіп қойып отыр. Себебі, қазіргі кездегі нарықтық жағдайда әр саладағы бәсекеге қабілетті, кәсіби дайындығы жоғары, интеллектуалды жастар ғана ел егемендігін баянды етіп, кез келген саласындағы мәселелерді креативтілікпен игеру арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қоса алады.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында білім беру сапасын жақсарту бағытындағы мәселелерге ерекше тоқталды, оның ішінде ең басты мәселе адам капиталын дамыту мақсатында ерекшелік білім беру, өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажеттілігін, сонымен қатар аумалы-өтпелі заманда балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау маңыздылығын ерекше атап өтті [1].

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқу-тәрбиелеу үдерісінің мазмұндық болмысына жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, білім берудің шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Демек, еліміздің ілгері дамуын қамтамасыз ететін білім саласы болғандықтан, дайын білімді қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру керек. Бұл, әрине, жеке тұлғаның креативтілігін қалыптастыру мен дамыту маңызды мәселе екендігін дәлелдейді.

«Креативтілік» латын тілінен «creation» - жасампаздық, құру, жасалым деген мағынада аударылады, яғни шығармашылық үдеріс және жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылады [2].

Сондықтан да педагогикалық әдебиеттерде [3] креативтілік – мәселелерді шешудің түбегейлі жаңа тәсілдерін ұсыну және дамыту, мәселенің алдында тұрған сұрақтарға жауап беру немесе білімді қолдану, синтездеу және өзгерту арқылы идеяларды білдіру мүмкіндігі.

Жеке тұлғаның креативтілігі, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметі мен шығармашылық, практикалық сипаттағы әр түрлі тапсырмаларды, дербес жұмыстарды орындау үдерісінде қалыптасады.

Креативтілік - күрделі үдеріс, өйткені жеке тұлға өзінің іс-әрекетінде оның мақсатын сезінеді, міндет қояды және оның шешімін іздейді. Сонымен бірге аталмыш үдерісте ішкі түйсіктің де, елестетудің де, қиялдың да орны ерекше. Креативтілік тұрғыдан кез келген мәселелерді шешу: қуану, қанағаттану, тілек және т.б. ішкі сезімдермен байланысты болады [4].

Әдетте, тұлғаның креативтілігінің дамуы мектеп жасында анық көрініс береді. Мектеп жасы, яғни оқушылық кезең – психофизиологиялық функциялардың жан-жақты даму кезеңі. Бұл кезеңде, оқушылардың қоршаған орта құбылыстарына баға беруге көзқарасы қалыптасып дағдыланады, өзгелерге сын айта білу деңгейіне көтеріледі, танымдық қызығушылығы, зерттеушілік-ізденімпаздық белсенділігі артады, шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілігі туындайды.

Тұлғаның креативтілігінің дамуы біртіндеп жүреді, бірақ бірқалыпты емес. *Оның дамуындағы алғашқы кезең* іс-әрекет талаптарына табиғи қасиеттерді бейімдеу болып табылады. Креативтілікті дамытудың *екінші кезеңі* оқу әрекетіне шығармашылық элементтерді енгізумен, мәселені қоюмен және шешімді өздігінен іздестірумен сипатталады. Қазіргі кезде әдіскер ғалымдар түрлі эксперименттің негізінде креативті ойлау үдерісінің *кезеңдік дамуын* айқындауда. Тұлғалық дамудың әр кезеңінде оқушының бойында түрлі сапалық қасиеттер қалыптасады.

Демек, мектеп ұстаздары оқыту үдерісінде оқушылардың креативтілік қабілетін дамытуда, *біріншіден*, тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып, оқушы тұлғасын сипаттай білуі қажет, *екіншіден*, өзі ұйымдастырған шығармашылық әрекеттің оқушылардың креативтілігін дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін маңызды *факторларын* білуі және ескеруі қажет.

Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі, жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын жеке тұлғаны қалыптастыру, өздігінен дамуға жағдай жасау, сондықтан оның өзіндік танымдық, креативтілік іс-әрекеті белсенді болады [5].

Оқушылардың өнімді ақыл-ой, іс-әрекеті, ұсынылған тапсырманы орындаудағы олардың шығармашылық мүмкіндігін пайдалану, басшылыққа алынатын білім, білік және дағдыларды қалыптастырудың жанама жолының басымырақ болуы көзделеді. Осыған орай оқулықтың көптеген тапсырмалары талқылау жүргізу, ұсыныс және болжам айту, әр алуан көзқарастарды қарастыру, шешудің жаңа жолын іздестіру және т.с. орындау мүмкін болатындай түрде тұжырымдалған.

Демек, қазіргі кезеңдегі жалпы орта мектептегі оқу үдерісі оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істей алу әрекеті мейлінше белсенділікті, инициативаны, ізденімпаздықты, өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етіп, оны оңтайландыру, оқушының күнделікті рухани қажетіне айналдыру керектігін атап көрсетеді.

Оқушының креативтілігінің пайда болуы оның орындаған тапсырмасынан, оның нәтижесі көрініс береді. Оқушының креативтілігі қалыптасқанда баланың бүкіл болмысы жаңа сипатқа ие болады [6].

Оқушының креативтілікке қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу.

2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу.

3. Шығармашылық іс-әрекетке жағдай тудыру.

Оқушының креативтілік қасиеттеріне жағдай тудыру дегеніміз оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі» - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді [7].

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында бар нәрсе [8]. Біздің міндетіміз- оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіншілігін дамытады. Баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілеті мұғалім байқамаса, ол бала басқа оқушылармен бірдей болып қалады.

Сондықтан, тұлғаның креативтілігін дамуына түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстарды жүргізу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті

сабақта беретін деңгейлік тапсырмаларды қызықты етіп құрастырып, оқушының қызығушылықпен орындауларын қадағалау қажет. Міне, осылайша толықтырып отыратын мұғалім оқушысын еш уақытта жалықтырмайды.

Білім берудің алғашқы сатысы, яғни бастауыш сыныпта оқушылардың ақыл-ойын дамытудың, оқу әрекетін қалыптастырудың ең тиімді кезеңі болып табылады.

Бірақ бұл сатыдағы оқушылардың есте сақтау қабілеті, затты қабылдауы нашар болып келгенімен, білуге құштар, барлығын көзбен көруді ұнатады. Сондықтан да оқу ойын түрінде, модульдік оқыту, білім беруді ізгілендіру технологиялары ретінде көбірек қолданылып отырған жөн болады.

Білім берудің орта сатысында білімнің негіздері қаланады. Материалдары күрделірек болғандықтан бірден түсінулері де қиынға соғады. Сондықтан да жас ерекшеліктері мен дербес ерекшеліктері ескеріліп, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып озат оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, оқытудың ақпараттық, сандық технологияларын тиімді түрде қолданылуы қажет.

Білім берудің жоғарғы сатысында оқушы өз бетімен оқу дағдыларын игере алатындықтан, белгілі мәселе төңірегінде ой қозғай алатын, талғамы бар, саналы азамат ретінде танимыз.

Сондай-ақ оқу-тәрбие жүйесіне жаңа технологияларды: өзін-өзі дамыту технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, оқытуды дербестендіру технологиясы, мультимедиялық оқыту тәсілдерін қолдану тіл арқылы қалыптасатын тұлғаның креативтілік қасиеттерінің артуына ықпал етеді.

Оқушылардың креативтілігін қалыптастыру іс-әрекет барысында жүзеге асырылады.

Сондықтан оқыту үдерісінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін білумен қатар, ұстаздар тарапынан оқу үрдісінде оны дамытудың бағыттарын негізге ала отырып қалыптастыру жұмысын кешенді түрде жүргізу тиіс. Оқушылардың креативтілігін қалыптастыруда мына төмендегідей бағыттарын білуі керек:

- жеке тұлғаның психикалық әрекеттеріне басшылық жасау;
- оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- оқушыларға жаңа білімнің қажеттілігін түсінуіне жол ашу;
- оқушының танымдық мәселені шешуде қиындық келтіретіндей тапсырма беріп, оның ойлау қызметін күшейту;
- бұрынғы білімдерін байытуына көмектесе отырып, мәселені шешудің ұтымды жолын іздеуге бағыт беру;
- материалды оқушының өзіндік көзқарасын туғызатындай деңгейде жүйелі беру;
- теориялық материалдарды практикамен байланыстыруда оқушылардың дербестігін ескеру;
- оқушылардың оқу, тыңдау, өзіндік пікірін білдіру мәдениетін меңгерту;

- оқушылардың өз жұмысын тексере білуіне, өзгенің еңбегін бағалай білуге назар аудару;
- өзара қарым-қатынаста әдеп және қарым-қатынас мәдениетін ұстану;
- жаңаша оқыту технологияларын пайдалану [9].

Қорыта келгенде тұлғаның креативтілігін қалыптастыру төңірегіндегі оқу-әдістемелік және психология-педагогикалық әдебиеттердегі тұжырымдар мен пайымдаулар, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының мәліметтері оқушылардың креативтілігіне деген қажеттіліктің интеллектуалды, еріктілік, сезімдік сияқты бір-бірімен өзара байланысты бөліктерінің бірлігі оқушының танымдық ынтасын, ізденімпаздығын қалыптастырып, іс-әрекет бағытын анықтаушы фактор ретінде қарастыруға болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген әрекетінде креативтілікпен қабылдауды қажетсіну, ізденімпаздық және оны жоспарлап, нәтижесінде жаңаша жол табу, құрастыру оқушының танымдық қанағаттану сезімін тудырады. Мұндай нәтиже оқушыны жаңа танымдық әрекетке, белсенділік пен ізденіске, істі меңгере білуге, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл деген жалпы орта білім беру жүйесінде қойылған тапсырысқа сай замануи мақсат-міндеттерді шешу үшін мектеп ұстаздарының әдістемелік біліктілігін арттыруды талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Тоқаев Қ.К. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі / Мемлекеттік басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2020.-1.09.-www.akorda.kz
- 2 Креативті психология: Оқулық/ Жолдасбеков А.А., Оспанова Б.А.- Алматы, 2013.-410б.
- 3 Болашақ мұғалімнің креативті тұлғасын қалыптастырудың теориясы мен практикасы./ құрастырғандар: Б.А.Оспанова, А.Е.Ташбулатова.-Астана, 2014.-239б.
- 4 Омарова Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы. – Ақтөбе, 2007.
- 5 Нұрмұханова Г.Е., Омарова Р. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2007. –191 б.
- 6 Алексеев Н.А. Креативная педагогика.-Тюмень, 2016.-504с.
- 7 Жумабаев М. Педагогика. Алматы: «Рауан», 1993.
- 8 Шунк Д. Оқыту теориясы: білім берудің келешегі.-Алматы, 2018.-468б.
- 9 Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. –Алматы, 2000.

ӘОЖ 378.18:378.4

ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жумамуратова Мақпал Шымкент университетінің магистранты

Жантүреева М.Ж. аға оқытушы

Резюме

В данной статье рассмотрены объективные методические возможности каждой педагогической технологии, необходимые для саморазвития личности, повышения ее самостоятельности и творческих способностей, формирования необходимых умений и навыков и создания благоприятных условий для саморазвития

Summary

This article discusses the objective methodological capabilities of each pedagogical technology necessary for self-development of the individual, increasing its

independence and creative abilities, forming the necessary skills and creating favorable conditions for self-development

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім берудің реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр. Олар мыналар: Лысенкованың алдын ала оқыту, Хазанкиннің есептер шығару, Палтышевтің физикадан есептер шығару, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктан оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі, т.т.

Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен дифференциалау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр.

Мектептерде жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған “Дамыта оқыту жүйесі” бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады:

1. Жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі.
3. Оқу материалын жеделдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу амалдары, оқу операциялары.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанмыз: "оқушы - мұғалім" ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуындағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша "оқытуды ізгілендіру" қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория - Л.С.Выготскийдің "оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы "актуалды даму" аймағынан жақын арадағы даму" аймағына ауысуы туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей - "міндетті, оқушылық", екінші - алгоритмдік, үшінші - эвристикалық, төртінші - шығармашылық.

Ендеше оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдарының талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа ұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар - әңгімелесуші-оқулықтар мен оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалар берілген жұмыс дәптерлері.

Әңгімелесуші-оқулық бойынша жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама мен ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу-мысалдармен оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді.

Оқытудың жаңа технологиясы жағдайында оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса оқушыларда ынталану пайда болады. Мұндай жаңа технология бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер үзіліс кезінде де оқушылардың сабақтан бас алмайтындығын айтады. Өйткені оқушылар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, математикалық басқатырғыштар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешуге ұмтылатыны даусыз. Бұл жерде "үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете

алмайтын оқушылармен қалай істеуіміз қажет?" деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар:

- барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгермеушілерге көмектеседі;

- сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалім үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат – сынып оқушыларын "қабілетті" және "қабілетсіз" деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады. Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан "оқушылық міндетті", яғни бірінші деңгейдің жұмысын орындаумен бастайды. Нәтижеде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы талаптарына сай міндетті бірінші деңгейді толық игеруін жүзеге асырады. Мұндай есепке алу (зачеттік) жүйесін жүргізу нәтижесінде үлгерімі нашар оқушылар кем дегенде "оқушылық" деңгейге сәйкес білімді толық меңгерді. Өйткені алғашқы деңгей тапсырмаларын толық және дұрыс орындамайынша олар келесі деңгейге көшпейді. "Міндетті" деңгейді толық меңгерген оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне өзінің сенімі артады.

Жалпы жаңа педагогикалық технологияда бағалау үрдісі арнайы "қосу" әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесінде оқушы білімінің ең төменгі деңгейі негізге алынады және ол деңгей мемлекеттік стандарттың ең төменгі талабына сәйкес келеді. Дарындылығына, бейімділігіне, жоғары даму деңгейіне қарамастан оқушылардың барлығы бірінші деңгей тапсырмаларын дұрыс орындауы шарт. Бірінші деңгейдегі барлық дұрыс және мезгілінде орындалған тапсырмалар "есеп-зачетқа" алынып отырады. "Зачеттің" "екіліктен" айырмашылығы: бірінші деңгейдің "есепке алынбаған" тапсырмалары қашан "есепке алынғанша" міндетті түрде, қайта-қайта тапсырыла береді.

Өзін-өзі бағалау "қосу" әдісімен жүргізілетіндіктен оқушы бұрынғыдай "екілік" аламын деп қорықпайды. Сөйтіп оқушыда жоғары ұпай жинауға деген талпыныс пайда болады. Ол дұрыс орындалған тапсырмалардың санына ғана тікелей тәуелді.

Жаңа педагогикалық мұндай технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға, оқушылардың өздігінен бағыт-бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз. Сондықтан да білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат: жаңа технологияның талаптарына сай жаңа оқулықтар буынын жазу болып отыр. Бұл жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдардың ерекшелігі сол, олардың мазмұнын қысқа мерзімде ешқандай бейімдеусіз-ақ компьютерге кіргізуге болады екен. Себебі, бұл құралдардың құрылымы электрондық оқулық құрылымдарына ұқсас.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады.

Пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:

- қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің, болуы т.б.

Демек, 1-11 сынып аралығында жүргізілетін педагогикалық технология мен әдістемелерді (мұғалімнің қалауы бойынша) төмендегідей етіп жоспарлауды ұсынуға болады.

Бастауыш мектеп:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, В.В.Репкин, В.А.Левин);
- дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі (П.М.Эрдниев);
- түсініктерді қабылдау (С.Н.Лысенкова);
- нәтижелі әдістемелеу және оны қабылдау;
- іс-әрекетті бағалау (Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков);
- оқулықсыз оқыту (В.В.Агеев);
- ойын әдістемесі және оны қабылдау;
- М.Монтессори, Р.Штейнердің жүйесін қабылдау.

Орта буын:

- проблемалық оқыту;
- іздену, зерттеу әдістері;
- топпен оқыту тәсілі (И.Б.Первин);
- оқытудың ұжымдық тәсілі (В.К.Дьяченко);
- нәтижелі технологиялар;
- тірек және тірек конспектісінің көмегі арқылы оқыту (В.Ф.Шаталов);
- өзіндік жұмыс әдістері;
- бағдарлы оқыту (машинасыз және компьютерсіз);
- оқытудың коммуникативті әдісі (қарым-қатынастық);
- дискуссиялық әдіс;
- дидактикалық ойындар.

Жоғары сыныптар:

- оқытудың вариативті элементтерін өз еркімен таңдау;
- өзіндік жұмыстың әдістемесі;
- іздену, зерттеу әдістері;
- нәтижелі технология, жобалау әдісі;
- даралап (жекеше) оқыту, "мектеп-парк" моделін қабылдау (М.А.Балабан);
- оқушының іс-әрекеті бойынша ұйымдастырылған ойындар;
- "өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы" әдістемесі (ТРИЗ) (Г.С.Альтшулер) ;
- бағдарламалы оқыту;
- әлеуметтік-педагогикалық сынау, әлеуметтік мәні бар ойындар;
- профильді және кәсіптік бағдар бере отырып оқыту;
- тірек конспектісін қолдану;
- диалогтік әдістеме, дискуссияның негізінде оқыту;
- модульдік технология;
- семинар-сынақ түрлері;
 - өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар).

Әдебиеттер

Махмутов М.– «Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру» Алматы 1981ж

Жанпейісова М.М.– «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002ж

Нұралиев Т.К.– «Оқыту әдістері лекциялар жинағы» Алматы 1991ж

ӘОЖ 372.9

ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС - ӘРЕКЕТІН ЖАНДАНДЫРУ

¹Алмаханбет Ж.А., магистрант

¹Рысбаева Г.А., б.ғ.к., доцент

²Джетписбаева С.У., п.ғ.к., аға оқытушы

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ. Қазақстан

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ. Қазақстан

Резюме

Статья посвящена формированию познавательной активности младших школьников в контексте междисциплинарной интеграции. В соответствии с темой статьи описаны пути формирования познавательной активности младших школьников, важность использования междисциплинарной интеграции в учебном процессе.

Summary

The article is devoted to the formation of the cognitive activity of younger students in the context of interdisciplinary integration. In accordance with the topic of the article, the ways of forming the cognitive activity of younger students, the importance of using interdisciplinary integration in the educational process are described.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға

қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Осыған байланысты мектеп баланың дамуында негізгі рөл атқарады. Баланың жеке тұлға ретінде жан – жақты дамуы, өзіндік көзқарастың қалыптасуы мен ой – өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында қаланады.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы. Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық , шығармашылық ролін мақсат етіп қояды.

Осындай негіздемелерге сүйеніп айтылған мәселелердің шешімі – оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс ерекше педагогикалық маңызды мәнге ие болуда.

Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу. Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмытылуымыз қажет.

Пәнаралық байланыс ұғымы соңғы уақыттарда кең етек жайып, осы негізде ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті проблемаға айналуда.

Пәнаралық - бұл біздің заманымыздың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көпжақтылы ұғымда пәнаралықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі. Оның дамуы барысында идеялар мен көзқарастардың, терминдері және зерттеу тәжірибесінің интеграциясы, айырбасы жүреді. Осындай өзара ықпал етудің нәтижесінде ғылыми білімнің өзекті міндеттерін шешудің бағыты қалыптасып, ақырында зерттеу объектісінің мазмұны толығып, байи түседі.

Осы орайда мектептің оқу – тәрбие үдерісінің пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланысты мектеп мұғалімдері өз тәжірбиелеріне сүйеніп жүргізеді, сондықтан да оқулық пен оқу құралдарындағы тапсырмаларда пәнаралық байланыстың жете қамтылуын жүйелі ойластыру қажет. Пәнаралық байланыс мәселесі кеше немесе бүгін ғана көтеріліп, сөз болып отырмағаны белгілі.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми – техникалық прогресстің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріспен қоғамдық дамуы жаңару процесіне тікелей ықпал жасайды.

Қазірде пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болып отырған жағдайда оны жан – жақты қарастыру барысында біздер көрнекті философ, психолог, педагог еңбектеріне сүйенеміз. Көптеген педагогтар мен психологтардың пікірлеріне қарағанда, оқушылардың түрлі пәндердегі білімдер мен бірліктерді, бейімділіктердің жеке элементтері арасындағы байланыстарды байқап және қабылдауы олардың білімдерін бір жүйеге келтіреді, ақыл – ойына серпіліс тудырады, таным қызметіне шығармашылық сипат береді.

Мысалы, Я.А.Коменский : “ Өзара байланысы бар нәрселердің бәрі, сондай байланыс күйінде оқытылуы керек” – деп жазды.

Ал, педагог – классик К.Д.Ушинский өзінің ғылыми еңбектерінде “ Балалар әлемі”, “Ана тілі”, “Адам – тәрбиенің жемісі” т.б. пәнаралық байланыстың дидактикалық тұрғыдан маңызды екендігін дәлелдеген болатын.

Сондай – ақ, Қазақтың ұлы ағартушысы, әрі ойлы педагогы артына өшпес, өлшеусіз мұра қалдырған, халқының адал перзенті Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясы” және “Қазақ мектептерінде орыс тілін үйренуге басшылық” деген екі оқулығын жазды. Бұл еңбектерінде білім мазмұнын дидактикалық қағидаларға сай негіздеді. Оқулықтар балалардың ойлауын, сөз қорын, өзіндік таным қабілетін дамытуға ықпал жасайтын табиғат құбылыстары, айнала қоршаған тұрмыс – тіршілік көріністері туралы әңгімелер, суреттемелер, аңыз – ертегілер, еңбек әрекеттер тағы басқа материалдар алынған.

Ол материалдардың ерекшелігі пәнаралық негізде болуы. Мәселен, “Қыпшақ Сейтқұл”, “Білімнің пайдасы”, “Қобыланды батыр мен Тайбурыл”. Көптеген мақал – мәтелдерді, жұмбақтарды, мазмұнына қарай тақырыптарға бөліп (“Адам, әйел, білім, еңбек, оқу, табиғат, жан – жануар” т.б.) ана тілі мен орыс тілін қатар алып балалардың дүниетанымының жан – жақты дамуына мән берген.

Оқыту мен тәрбиелеудегі пәнаралық байланыс мәселесін және білім берудегі интеграцияны әртүрлі негізде жасауға көптеген ғалымдар жан- жақты қарастырып, зор үлес қосқан болатын – ды. Қазақстандық педагогикада жалпы білім беретін мектептегі оқу – тәрбие үрдісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін Б.Т.Нәбиева, А.Р.Бектениярова, А.А.Әбдиева т.б. сипаттаса, бастауыш білім мазмұнын интеграциялау мәселесін К.Жүнісова, Ә.Мұханбетжанова және т.б. ғалымдар қарастырып, аса құнды еңбектер жазды.

Бүгінгі қоғамның тереңдеп келе жатқан процесі мектептегі ғылымдар негізінен білім беруді, ғылымдардың алуан салаларының өзара байланысы негізінде құруды талап етіп отыр. Осыған орай, пәнаралық байланыстың

философиялық, психологиялық, жалпы ғылымдық және арнайы дидактикалық негіздері анықталуы тиіс.

Пәнаралық байланыс кезінде материалдардың өзара байланысын, бір – біріне тигізетін ықпалын, ортақ негізгі тенденцияларын, әлеуметтік, экономикалық рухани ортақ белгілерін бір – бірімен сабақтастыру, ортақ белгілерін бір – бірімен салыстыру ортақ заңдылықтарын ашуды көздеуі тиіс. Оқушылардың меңгерген білімдері сайып келгенде, әрбір жеке тұлғаның көзқарасына, сеніміне, өмірлік құндылық бағдарына, мінез – құлқының қағидасына айналуы керек.

Қазіргі мектердің жалпы білім беру мазмұны, оның ішіндегі оқу жоспарлары пәнаралық байланыс негізінде жетілдіріліп келеді. Осыған орай, ғалым зерттеушілердің, шығармашылық еңбек етуші мұғалімдердің ізденістері жүйеленген, қорытындыланған жаңа пәндердің оқу – тәрбие үдерісінде қажет екендігін дәлелдеп отыр.

Пәнаралық байланыстың дидактикалық негізіне оқу пәндерімен қоса, оқу – тану іс – әрекетінің жүйесі жатады. Оқу – таным іс – әрекетін, іс – әрекеттер деп қарастырғанда “іс – әрекет” және “амал” түсініктерін есте ұстаған жөн.

Оқу үдерісінің барысында оқушылар танымдық, тәжірбиелік, мақсатты – бағдарлы іс – әрекеттермен шұғылданады. Осы іс – әрекеттердің нәтижесінде оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады.

Пәнаралық іскерлік оқушының бір пәннен меңгерген білім іскерлік дағдыларын, екінші жақын пәндерді меңгеруді пайдалана білу қабілетінен көрінеді. Мәселен, тіл – әдебиеті пәнінен меңгерген кітапты пайдалану іскерліктері, география, тарих, математика т.б. пәндерді оқып үйренуде қолданылады. Сол сияқты оқушының бір пәннен үйренген еңбек іскерліктері, екінші пәнді терең, жан – жақты меңгеруге ықпал жасайды.

Бастауыш сатыда жекелеген пәндер, ең алдымен, оқушыда мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыруға, яғни оның жеке бас тұлғасын тәрбиелеуге қызмет ететіндіктен, білім мазмұнының біртұтастығын қамтамасыз етудің маңызы зор. Бір сыныпта барлық пәнді бір мұғалім оқытуының да мәні осында.

Бұл тұтастық үш түрлі ұстаным негізінде жүзеге асырылады. Мысалы, дүниетануда жыл мезгілдері туралы алған ғылыми түсініктерді бейнелеу өнерінде Күз бояулары, Жапырақ мозайкасы, т.б. сияқты тақырыптарда пайдалану, еңбек пәніндегі ауылшаруашылығы еңбегімен байланыстыру.

Жалпы алғанда, пәнаралық байланыстың қай түрін, қалай жүзеге асырудың жолдары алуан түрлі және оны таңдау, көп жағдайда, мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне, ізденсіне де байланысты. Ең басты нәрсе – білім мазмұнын, құрылымын, оны оқытудың дидактикалық – психологиялық негіздерін мұғалімнің терең білуі шарт.

Пәнаралық байланыс білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды, әрі оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі. Тіл пәнінің басқа пәндермен байланысы туралы айтқанда, ең алдымен, тақырыптық байланыстарға назар

аударған жөн. Тақырыптық байланыстың негізіне пәндер, құбылыстар, фактілер туралы оқытудың міндеттері мен шарттарына байланысты әр түрлі жағдайларда қарастырылатын жалпы түсініктер мен ұғымдар алынады.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің бір – бірімен байланысу дәрежесі оларда берілетін білім мазмұнына орай әр түрлі болып келеді. Мысалы, сауат ашу мен тіл дамыту, айналамен таныстыру пәндері о бастан – ақ бір – бірімен пәнаралық байланыста жүргізіледі. Сондай – ақ оқу, бейнелеу өнері, музыка және ән пәндерінің ортақ міндеті – оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қоршаған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу. Бұл пәндердің мазмұны баяндау, сипаттау, пайымдау тәрізді байланыстырып сөйлеу дағдыларына үйретуге, әртүрлі жанрдағы мәтіндердің формасы мен мазмұны арасындағы өзара байланысты түсінуге, тілдік, сөйлеу және екпіндік (интонация) бейнелеу құралдары арасындағы үйлесімнің мәнін ұғынуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, тіл пәнін өзге пәндермен тығыз байланыста өткізуге мүмкіндік мол. Тек ол үшін мұғалім әр пән бойынша өзара байланыстыра өткізуге қолайлы тақырыптарды алдын – ала іріктеп, анықтап алуы қажет.

Оқу бағдарламаларында жеке пәндердің оқу материалы басқа кейбір пәндердің тақырыптарымен өте тығыз байланыста болып келеді. Бұл жағдайда сабақтың өн бойында пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Мәселен оқу сабағындағы Күз тақырыбына берілген мәтінді Дүниетану пәніндегі Күз тақырыбымен байланыста өткізуге болады. Бұл тақырыпты тіл және бейнелеу өнері, еңбекке баулу сабақтарымен де сабақтастыруға мүмкіндік мол. Серуен кезінде көргеніңді әңгімелеп немесе Өзіннің салған сурет туралы әңгімелеп бер т.б. тапсырмалар беруге болады. Негізінен алғанда оқу пәндерін өзге пәндермен сабақтастырып өткізуге мүмкіндік өте мол.

Әрбір сабақ - оқушыларды қоршап тұрған дүниені тану жолының бір көрінісі. Міне осы жолмен қазіргі кездегі ғылым, техника және мәдениет негіздерімен қаруландырып мұғалім өз оқушыларын өмірге дайындайды. Бір жерде тоқырап тұрып қалу немесе аршындап алға басу сабақ кезінде оқушыларда білімнің тиянақты жинақталуына байланысты екені даусыз нәрсе. Әр сабақта оқушылар өздерінің жұмысы барысында жаңа дағды мен іскерлікке ие болады. Сондықтан мұғалімдер мектепте оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсетуі қажет.

Әдебиеттер:

1. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шарттары», «Қазақстан мектебі» журналы №7-2010ж, 38-39 б.
2. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2011 ж, 66-67 б.
3. Ергалиева, Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары / Л. Ж. Ергалиева. // Молодой ученый. — 2015. — № 8.2 (88.2). — Б. 23-25.

ТАБИҒАТТЫ ЗЕРТТЕУДІ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

¹Әлмахан Г.А., магистрант

¹Рысбаева Г.А., б.ғ.к., доцент

²Джетписбаева С.У., п.ғ.к., аға оқытушы

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ. Қазақстан

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ. Қазақстан

Резюме

Данная статья посвящена привлечению младших школьников к изучению природы. В соответствии с темой статьи описаны способы бережного отношения к природе, охраны природы, стимулирования учебной деятельности студентов.

Summary

This article focuses on the involvement of primary school students in the study of nature. In accordance with the topic of the article, students are described ways of caring for nature, protecting nature, and stimulating learning activities.

Табиғат пен адам бір-бірімен тығыз байланысты. Адам үшін табиғаттың жері мен суы, тасы мен орманы, жануарлары мен өсімдіктері тіршілік етудің басты көздері болса, табиғат үшін адам оның бағбаны іспеттес.

Ш. Уәлиханов «Табиғат! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар?» деп қастерлеген. Табиғат адамдардың өмір сүретін ортасы. Халқымыз табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оның ұрпақтан-ұрпаққа қалатын асыл мұра ретінде сақталып келуі бізге үлкен өнеге. Қай ғасыр, қай уақыт болсын барша адам баласы табиғатты қорғап, аялап, оның қыр-сырын зерттеп, дәріптеп отырған. Табиғат, оны келер ұрпаққа сол күйінде бүлдірмей сақтап қалу үшін әрбір жан оны бағалап, қадірін түсінуі қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға мідетті»-делінген. Осыған орай біз өскелең ұрпақтың бойына табиғат туралы түсінікті мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап дәріптеуіміз керек.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала жаратылысына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, бақылауға тырысушылық, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез. Біз баланың зерттеуге құштарлығын жойып алмауымыз керек. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады. «Жаратылыстану» пәні бойынша білім беру бағдарламасында ғылыми-зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылған. Мен зерттеушімін, Тірі табиғат,

Заттар және олардың қасиеттері, Жер және ғарыш, Табиғат физикасы сияқты оқу бөлімдерін зерделеу оқушыларға мынандай дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі: зерттелетін тақырыпты таңдау; сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу; зерттеу жүргізу жоспарын құру; болжам жасау; сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру. Бұл пән биология, химия және физика пәндерінің негізін қалайды. Сонымен қатар терең білім алып, пәнді түсіну үшін жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Халық педагогикасының алдында қойған мақсатының бірі –ел арасында кеңінен тараға табиғат қорғауға байланысты халық дәстүрінің педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, жүйеге келтіріп, жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану.

«Топырақ шашпа», Күлді баспа», «Күң-қоқысты шашпа», « Шандатпа», «Өртеме», «Түтіндетпе» деген үлкен мәні бар тыйым сөздерді жиі кездестіреміз. Халық арасында тыйым сөздермен қоса, тапсырмалық сөздер де кездеседі. Олар: «Күлді көміп таста»,»Су сеуіп сыпыр», «Қалдықтарды ошаққа жақ», «Ауаны тазала» түріндегі тапсырмадан тұрады.

Қазақ халқында ауа тазалығын сақтауға байланысты дәстүрлер тараған. Атам заманнан қазақ халқының арасында «Таза ауа-дертке дауа» деген. Осы сияқты нақыл сөздер ауа тазалығын сақтауға үлесін қосады.

Суды қорғауға байланысты: «Бастау су алса- бақыт суалады», «Бастау көзі тапталса, батпаққа айналады», «Құлазыған шөл жетім, құс қонбаған көл жетім, сортаңға құйған сел жетім», «Ағын су -өмір, тоқтау су өлім» деген даналықтарын кездестіреміз.

Пайдалы қазбаларды қорғауға байланысты халқымызда «Керек тастың ауырлығы жоқ» деген нақыл сөз бар. Ертең күннің қамын, ұрпағыңның келешегін ойлаған азамат өлкесінің әр бір тасын, жер қойнауының кез-келген пайдалы қазбасының әрбір түйін үнемдеп пайдаланып, елі мен жерінің игілігіне айналдыруы тиіс.

Топырақты қорғауға байланысты «Туған елдің, өскен жердің бір уыс топырағы бұйырған кісінде арман жоқ» сияқты және тағы басқа нақыл сөздерді де кездестіреміз.

Бірінші сынып оқушыларына табиғаттанудан берілетін білімді еңбекпен байланыстыру міндеттері де жүктеледі. Еңбек түрлерін балалар күнделікті өмірден байқап қана қоймай, өздері де еңбектің жеңіл түрлерімен айналысу барысында табиғи құбылыстарды түсінуге мүмкіндік алатын айта келіп (өсімдіктерге су құю, шаңын, сұрту, құраған жапырақтарды жинау, құстарға жем шашу), оқушылардың өздерін еңбекке қатыстыру талабы қойылды. Осы еңбектер нәтижесінде өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды, олардың тұқымнан өнетінін, бөліктерін оқулықтан оқып қана емес, нақты объектілер, образдар арқылы сезіне отырып қабылдау үрдісін дамыту ескертілді. Сонымен қатар табиғат қорғау мәселелерін жүзеге асыру да көзделді (өсімдікті жұлмауға, құстарды қорғауға, пайдалы жануарлар мен өсімдіктерді тани білуге дағдылану).

Алты жасар балаға қоршаған ортадан берілетін білім, негізінен, олардың топсаяхат кезінде табиғи материалдарды бақылауы не өндіріс, шаруашылық орталықтарында болып, керекті объектіні көріп танысу барысында сезімдік қабылдауы арқылы жүзеге асады. Ал мұндай әрекеттер кезінде алынған деректер мен ұғымдар мазмұнына қарай әр сабақтың қолайлы бөлімінде кіріктіре қолданылады. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту кезінде олар жыл мезгілдерінің өзгеретінін, ол өзгерістің адам еңбегіне, өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіне әсер ететінін аңғаруына, сезінуіне сол арқылы білім жүйесінің қалыптасуына жағдай жасалды. Олардың бұл ұғымдары кейінгі сыныптарда жыл мезгілдерінің ауысу себептерін түсінулеріне негіз салды.

Айналамен таныстыру барысында оқушыларды туған жерін сүюге тәрбиелеу, еңбек адамдарын қадірлеу, табиғатты қорғау дағдылары ғана қалыптасып қоймай, ой қорыту, қисынды ойлау қабілеттерін арттырып, тіл байлықтарын дамыту көзделеді. Табиғатқа адам да жататынын түсіндіріп, жеке бас гигиенасына да көңіл бөлінеді. Қалалы жерлерде оқушыларды айналамен таныстыру үшін мектеп маңындағы алаңға, саябаққа, баққа апаратын болса, ауылды жерлерде бақшаға, шалғынға, орманға апарып таныстыру жүктеледі.

Табиғат объектілерімен (өсімдік, жануар, жер бедері, су және т.б.) таныстыру үшін жүргізілетін бақылаулар табиғат аясында, не мектептегі табиғат жүйесінде өтіледі. Оқу алаңында балалар ағаштар, көкөніс, сәндік гүлдер өсіруге қатысып, мұғалімнің көмегімен өсімдіктің өсіп жетілуін бақылау, жануарлармен танысу көмегімен өсімдіктің өсіп жетілуін бақылау, жануарлармен танысу кезінде жабайы аңдар мен үй жануарларының тіршілігіндегі айырмашылықты да байқау талаптары қойылады. Жануарлар, өсімдіктер туралы оқығанда, олардың суретін салу сурет сабағында жүзеге асса, дайын қиылған пішіндер оны өз түсіне келтіріп бояу, ермексаздан мүсін жасау еңбек сабағына жүктеледі. Сонымен қатар ана тілі сабағында әртүрлі мазмұндағы мәтіндерді (ертегі, өлең, жұмбақ, мақал-мәтел) оқу барысында дүниетану мақсатын үнемі ескеріп отыру жағы да көзделеді. Бірінші сыныптағы тіл дамыту сабағында оқушылардың айналадағы дүниеден алған білімдерін нәтижесін пайдалануға үлкен мүмкіндік берілді. Оқушылардың табиғаттан көріп, байқағандарын әңгімелеу арқылы сөз қорларын дамытып, сөйлем құрауға, әңгіме құрастыруға үйрету жағы қарастырылады.

Айналадағы дүниемен таныстыру кезінде оқушылардың өздігінен атқаратын іс-әрекеттеріне баса көңіл бөліп, дербестігін арттыруға мүмкіндік беру керек. Мұғалімнің мақсаты-проблемалық жағдай туғызып, оны шешудің жолын оқушылардың өздеріне жүктеу. Осы тұста В.А.Сухомлинскийдің «Бастауыш класстар оқушысының ойы сезім мен көңіл толқуларынан ажырамастай тығыз. Оқыту процесінің әсересе қоршаған дүниені қабылдаудың сезімге бай болуы – бала ойы заңдарының алға қоятын талаптарының бірі» деген пікірі ойға оралады. Ол жанды сөз бен шығармашылық ойдың қайнар көзі табиғат пен бүкіл қоршаған орта екенін ашық айтқан.

Табиғатты қорғау үшін практикалық іс-қабілетін дамыту сияқты мақсаттар толық нәтиже беру үшін сабақтың алуан түрлі әдіс-тәсілдері қолданылады. Дүниетану дәріс сабағы, топ серуен, кеш, танымжапырақ, сайыс, апталық т.б. өткізу ойлануға шығармашылық қабілетін дамытуға болады.

Бастауыш сыныптарда оқу бағдарламасы мен мемлекеттік стандартқа сай тақырыптар өткенде жергілікті жердегі, аңдар мен құстар, өсімдіктермен таныстырып, олар жайлы қызықты мәліметтер беріледі. Көктем де құстарға ұя жасауға, мектептің шағын үлескісінде көшет, гүл егуге қатыстырып, қалай өсіп-өнетінін бақылау ұйымдастырылады.

Қазақстан өлкесі жануарлар мен өсімдіктерге өте бай. Табиғаты әсем, ауасы таза. Сондықтан топсеруен, танымжорық кезінде «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктердің сансыз түрімен танысып өз көздерімен көруге мүмкіндік жасау керек.

Бастауыш сынып оқушылары оқу бағдарламасы бойынша мамыр айындағы сабақтар табиғатқа танымжорық, жаздық тапсырмалар, топсеруедер-табиғаттағы сабақтар түрінде өткізіледі.

Табиғаттағы сабақтарда және топсеруендерде оқушылар өз беттерінше өсімдіктердің құрылысын барлық мүшелерін сипаттауға үйренеді. Өсімдіктердің көбейуін, тұқымының таралуын, жылу және жарық жүйесіне бейімдеушілік ерекшеліктерін анықтап, әр түрлі топырақтағы тамырдың даму түрлерімен тозандану түрлерін атап отырады. Табиғатты аялау мен қорғау қажетілігі ол ең алдымен өз үйінің маңынан басталатыны жайлы өзіндік қортындыға жетелеуіміз керек. Оған қоса, оқушылар табиғатты қорғауға белсенді қатысып, ол болашақтағы әлеуметтік, кәсіптік дұрыс бағыт таңдауына әсерін тигізетініне көзі жететін болады.

Әдебиеттер:

1. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары », «Қазақстан мектебі» журналы №7-2010ж, 38-39 беттер. 2. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2011 ж, 66-67 беттер.
2. Ергалиева, Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары / Л. Ж. Ергалиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 8.2 (88.2). — С. 23-25.

УДК 37.016

МЕТОДИКА ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Нурмахаметова Д.К., магистрант

Рысбаева Г.А., к.б.н., доцент

Мамытова А.Ы., старший преподаватель

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,

г. Шымкент, Казахстан

Түйін

Биологияны оқыту әдістемесі биологияны оқыту заңдылықтарын белгілейді, озық мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға ықпал ететін жаңа әдістер жасайды, биология, тірі табиғат кабинеттерін, оқу-тәрбие

алаңдарын ұйымдастыруды, қажетті көрнекі құралдармен жабдықтауды практикалық тексеруді жүзеге асырады.

Summary

Methods of teaching biology establish the laws of teaching biology, based on the experience of advanced teachers, create new methods that contribute to improving educational work, carry out practical verification of the organization of biology, wildlife classrooms, educational platforms, equipment with the necessary visual aids.

Методика преподавания биологии как предмет имеет важное значение при подготовке преподавателей-биологов школ, гимназий и колледжей.

Задачи методики. Преобразование теоретических ситуаций, созданных с помощью методики, в форму практических действий.

Методика преподавания биологии устанавливает закономерности обучения биологии. Исходя из опыта передовых учителей, создает новые методы, способствующие улучшению учебно-воспитательной работы. Осуществляет практическую проверку организации кабинета биологии, живой природы, учебно-воспитательной площадки, оснащения необходимыми наглядными пособиями.

Каждый учитель может воспитать новое молодое поколение, только понимая глубинные тайны, значение учения биологии, место в обществе, жизни и повседневной деятельности каждого отдельного человека. Поэтому учителя биологии можно считать пропагандистом этих знаний. Только через изучение дисциплин курса биологии, в результате совершенствования методов, можно последовательно раскрыть роль человека в природе, повысить экологическую культуру и грамотность, наладить грамотное отношение к своей жизни.

Биологическое образование в школе имеет большое значение в формировании мировоззрения учащихся на научной основе.

К понятиям, формирующим мировоззрение, относятся единство природы, непрерывность ее развития, сложность взаимосвязей, непрерывные связи природных явлений.

Воспитательная ценность биологического образования заключается в обеспечении всестороннего развития учащихся. Большой вклад в всестороннее становление личности вносят знания о живой природе.

Система элементов воспитания в процессе обучения биологии отвечает общим требованиям современного общества. Данная система состоит из следующих элементов воспитания:

1. формирование научного мировоззрения;
2. патриотическое воспитание;
3. Трудовое и экологическое воспитание;
4. гигиеническое, половое и физическое воспитание;
5. эстетическое и этическое воспитание.

Систематически осуществляется воспитание в соответствии с содержанием учебного материала и методами и формами его обучения, познавательным

процессом. Такое воспитание осуществляется только с одной направленностью всего педагогического процесса.

В преподавании биологии учитель может использовать все возможности воспитания души. При этом учитель ведет воспитательную работу с учетом специфических особенностей своего предмета. У него много возможностей. Например, в преподавании биологии много различных форм: урочная, внеурочная и внеклассная работа, внутри школьная и межшкольная работа, групповые экскурсии, работа на учебно-опытном участке, работа по изучению явлений в природе, живых организмов наряду с отдыхом учащихся в летнем экологическом лагере и др.

Обучение и воспитание - сложный процесс, связанный между собой. Поэтому его реализация требует от учителя большей квалификации и мастерства. Воспитание-это превращение знаний, полученных учеником из предмета, в веру, а Вера формируется в дальнейшем в систему, в глаз.

Вера выражается в отношении, привычках, поведении и поступках каждого отдельного индивида к людям, окружающему миру.

Все возможности воспитания путем обучения биологии можно отнести к определенным элементам, связанным между собой.

Патриотическое воспитание. Большое значение в патриотическом воспитании школьников имеет знакомство с историей научных открытий на уроках и во внеклассной работе, научной деятельностью выдающихся ученых своей страны и других стран, вкладом ученых в развитие отечественной и мировой науки, вклад учащихся в защиту природы родного края и др.

Патриотические чувства, а также чувство любви к родному краю усиливаются при интересной организации внеклассной работы. Например, цель работы, выполняемой на станции юных натуралистов 6-7 класса, можно обозначить следующим образом: пропаганда идеи обогащения и охраны родной природы среди школьников и местного населения; обучение школьников сохранению красоты природы, ее изменению, преобразованию, пониманию и зрению; воспитание любви к природе путем глубокого изучения растительного и животного мира при проведении работ на учебно-опытном участке и на живой природе, походах, экскурсиях по родному краю.

Трудовое и экологическое. воспитание. Одна из важнейших проблем биологического образования - приобщение учащихся к жизни, выбору профессии и труду.

Главной целью экологического воспитания является формирование новых представлений, взглядов человека на общественное развитие природы, укрепление нравственных качеств каждого человека, а не сохранение его культуры и всей его практической деятельности, а не использование природы. Принцип здесь основан на том, что дальнейшее развитие человечества обусловлено только развитием природы, ее многообразием и богатством.

Экологическое воспитание должно начинаться с раннего возраста. В семье и дошкольных воспитательных учреждениях ребенок получит первичные

представления об окружающем мире, природе, поймет необходимость и полезность защиты растений и животных, сохранения чистоты вод, воздуха, земли.

Возможности средней школы в экологическом воспитании уникальны. Ведь, переступив порог школы, обучающийся воспитывается параллельно с систематическим обучением, развивается его отношение к миру. После окончания школы и достижения совершеннолетия у школьника несколько формируется отношение к миру.

Одной из проблем биологического образования является гигиеническое и половое воспитание. Знания, полученные учащимися на уроках биологии, позволяют оценить их жизнь и глубже понять значение гигиенических требований. Понимание полезности гигиенического воспитания к здоровьесбережению приводит к тому, что у человека меняется отношение к своему здоровью и происходит правильная гигиеническая организация его жизни.

Формирование гигиенических навыков напрямую связано с самовоспитанием человека. Основными вопросами гигиенического воспитания учащихся в процессе обучения "плотоведению" и другим биологическим курсам являются: научное ознакомление и привитие навыков гигиены питания, сна, труда, отдыха, тела, одежды, обуви и др.

Одним из направлений гигиенического и этического воспитания является половое воспитание. Знания, полученные учащимися на уроках биологии, недостаточны для этико-гигиенического воспитания. Поэтому учитель-биолог совместно с другими учителями-предметниками и медицинскими работниками должен организовать внеклассную работу по половому воспитанию.

В процессе полового воспитания учащимся необходимо дать знания о принципах здорового образа жизни, гигиене половых органов, причинах и последствиях венерических заболеваний, СПИДе, обсудить морально-этические основы сексуальных отношений.

Эстетика-наука, изучающая предметы, условия и элементы искусства, красоты. Эстетическое воспитание направлено на развитие эмоций, художественного внимания, чувства прекрасного.

Изначально порядочность определяется нравственными чувствами человека к человеку. Но человек, как только часть природы, должен поставить на первое место свое отношение к природе.

В заключение отметим, что методика преподавания биологии как предмет имеет важное значение при подготовке преподавателей-биологов школ, гимназий и колледжей.

Задачей методики является преобразование теоретических ситуаций, созданных с помощью методики, в форму практических действий. Методика преподавания биологии устанавливает закономерности обучения биологии. Определяет значение образования и воспитания в средней школе.

Пересматривает, дополняет, улучшает содержание учебного предмета. Разрабатывает методы обучения. Улучшает содержание, методы внеклассной, внешкольной работы.

Исходя из опыта передовых учителей, создает новые методы, способствующие улучшению учебно-воспитательной работы. Осуществляет практическую проверку организации кабинета биологии, живой природы, учебно-воспитательной площадки, оснащения необходимыми наглядными пособиями.

Каждый учитель может воспитать новое молодое поколение, только понимая глубинные тайны, значение учения биологии, место в обществе, жизни и повседневной деятельности каждого отдельного человека. Поэтому учителя биологии можно считать пропагандистом этих знаний. Только через изучение дисциплин курса биологии, в результате совершенствования методов, можно последовательно раскрыть роль человека в природе, повысить экологическую культуру и грамотность, наладить грамотное отношение к своей жизни.

Литература

1. Арбузова, Е. Н. Развитие критического мышления и рефлексии при обучении биологии / Е. Н. Арбузова // Биология в школе. 2017. № 3. С. 23—35.
2. Верзилин, Н. М. Общая методика преподавания биологии : учеб. для студентов пед. ин-тов по биологии / Н. М. Верзилин, В. М. Корсунская. Спец. 4-е изд. — Москва : Просвещение, 1983. — 384 с.
3. Демьянков, Е. Н. Биология. Природа живая и неживая в задачах, проблемных вопросах и интересных фактах / Е. Н. Демьянков, Л. Л. Тимофеева. — Рекомендовано МАНПО № 1 от 26 января 2016 г. — Орел : ФГБОУ ВО «ОГУ им. И. С. Тургенева», 2016. — 191 с.
4. Зверев, И. Д. Общая методика преподавания биологии : пособие для учителя / И. Д. Зверев, А. П. Мягкова. — Москва : Просвещение, 1985. — 191 с.
5. Иванова, Т. В. Общая методика обучения биологии в школе / Т. В. Иванова, Е. Т. Бровкина, Г. С. Калинова. — Москва : Дрофа, 2010. — 271 с.

ОӘЖ 38.00

КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУДА КОНТЕКСТІК ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Байбатшаева А.Е.п.ғ.к

Полатбек Л. Ж. 1-курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент қ, Қазақстан

Резюме

В статье раскрываются основополагающие характеристики теории контекстного обучения. Основная идея контекстного образования заключается в усвоении теоретических знаний и их применении на практике

Summary

It is revealed the fundamental characteristics of the theory of contextual teaching in the article. The main idea of contextual education is the assimilation of theoretical knowledge and its application in practice.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқутәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді.

Қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби дайындығының тиімділігінің шарттарының бірі – жоғары оқу орнында педагогикалық инновацияларды игеру бойынша арнайы жұмыс жүргізу қажеттілігі.

Осыған байланысты жоғары педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың және мұғалімдерді даярлаудың жаңа тәсілдері ұғынылды:

- 1) «адам санасын» басым дамыту арқылы жоғары педагогикалық білім мазмұнын қалыптастыруды негіздейтін мәдени тәсіл;
- 2) жеке тұлғаны абстрактілі қалыптастырудан жеке тұлғаны дамыту педагогикасына көшуді қамтамасыз етуге арналған оқыту процесінің жаңа технологияларымен байланысты жеке-әрекеттік тәсіл;
- 3) болашақ мұғалімнің субъектілік ұстанымын, ЖОО-да оған бірегей тұлға ретінде қарауды, кәсіби даярлықты дербестендіруді қамтамасыз ететін полисубъектілік (диалогтық) тәсіл;
- 4) оқытушы мен студенттің өзара іс-қимыл құрылымын айқындайтын жеке-шығармашылық тәсіл.

Ғалымдар мұғалімнің жеке әлеуетін, оның инновациялық қызмет субъектісі болу қабілетін педагогикалық білім беру басымдықтарының алдына қояды.

Осыған сәйкес оқу процесін контекстік оқыту технологиясы негізінде құру студенттердің оқу іс- әрекетінің мазмұны мен процесін әрі қарайғы мамандықтарына жақындатуға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілердің түлектерді, білім беру қызметтерін тұтынушылар мен тұтынушыларды даярлау сапасына қоятын талаптары жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін және болашақ кәсіби қызмет контексіне енетін кәсіби күзiреттiлiктi қалыптастыру мәселесін шешудің өзектілігін арттырады. Қазіргі жағдайда бұл білім берудің жаңа тәсілін, болашақ мамандардың кәсіби дайындығын қалыптастыру үшін инновациялық-контекстік технологияларды қолдануды талап етеді.

Контекстік оқыту - болашақ кәсіби еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұны байланысқан және бұл арқылы студенттің оқу қызметін маманның кәсіби қызметіне аударудың шарттары қамтамасыз етілетін оқыту. Контекстік оқыту кәсіби оқытудың негізгі қарама-қайшылығын, яғни маман қызметі сапа жағынан өзге оқу қызметінің құралдарымен қамтамасыз етілу қажеттілігін, өтеуге мүмкіндік жасайды. Бұл қарама-қайшылық контекстік оқыту студенттер

қызметі қозғалысының динамикалық моделін іске асыру арқылы өтіледі: өзіндік оқу қызметінен (мысалы лекция формасында) квази кәсіби (ойын формалары) және оқу-кәсіби (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, өндірісі к тәжірибе және т.б.) арқылы өзіндік кәсіби қызметке. А.А. Вербицкиймен жасалынады.

Дәстүрлі дидактикалық жүйе өзінің басты міндеті ретінде, білім алушыларды адамзаттың жалпыланған және жүйелі тәжірибесіне үйретуді алға тартады. Бұдан шығатын қорытынды, аталған тұжырым бойынша , білім беру мазмұнын оқытуда теориялық білімдердің жетекші рөлін, ғылым негіздерін меңгеруге бағдарлауды білдіреді. Әрине, бұл интеллектуализмге, теорияның практикадан бөлінуіне, сонымен қатар, педагогикалық дәстүрлер білім туралы ақпаратқа - символдар жүйесіне әкелетініне саяды. Студенттер басқалардың тәжірибесі нәтижесінде жинақталған ақпараттар арқылы дайын әлеуметтік тәжірибені меңгереді. Бұл жағдайда, студент біреулердің жинақтаған білімдерін меңгерулері алға тартылады да, оқу ақпараттары өздерінің жеке тұлға үшін мағынасын жоғалтады. Бұл әлеуметтік тәжірибе, арнайы семиотикалық құралдармен - мәтіндермен, символикалық жүйелермен ауыстырылады. Бұл символдар жүйелері нақтылы бір адам үшін шындықты «ескертеді», мысалы, оның кеңістік- уақыттық контекстінде қысқартылғандығы секілді.

«Контекст» ұғымы басқа ғылымдарға логика және тіл білімінен келді, сондықтан, психология және педагогикада бұл санат аталған ғылым сөздіктерінде сипатталған емес.

«Контекст» сөзі кең мағынаға ие : олар физикалық әрекетті, іс-әрекетті, ескертуді, мотивтер жүйесін білдіре алады. Демек, контекст әлеуметтік, мінез-құлықты, эмоциялық, тарихи, мәдени, әрекеттік болуы мүмкін .

Осы тұрғыдан қарағанда, мектепте немесе университеттегі оқу үдерісі әлеуметтік тәжірибенің көріністерінің бірі болып табылады, ол қоғамда орын алатын заңдардың салмағын, жаман және жақсы жақтарын көрсетеді. Демек, оқу үдерісі -көп қырлы қоғамдық өмір контекстіндегі фрагмент ғана болып табылады, яғни оны қандай да бір ғана оқыту технологиясында құрылымдау мүмкін болмайды деуге болады.

Адамның ақыл-ойы мен психикасын шынайы түсіну, оларды «өмірдің және іс-әрекеттің нақты контекстінде» болуын талап етеді .

Бұл ереже кәсіптік білім беруде - кәсіптік мектептерде, университеттерде, БАФ (біліктілік арттыруфакультеті), өмір мен болашақ еңбек контекстінде оқытудың жеке басы үшін мәні болуымен толықтырады, танымдық процеске қатысу шарасын анықтайды.

Қорытындылай келе, контекстік оқыту технологиясы базасында оқыту үдерісін құрылымдау студенттердің оқу әрекеттерін барынша, олардың болашақ кәсібіне жақындатуға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінің әртүрлі формаларында қалай болғанда да, болашақ кәсіби әрекетінің мазмұны көрініс таба бастайды.

Символдық-контекстік оқыту тұжырымдамасына сәйкес, студенттер оқу үдерісінде үш негізгі әрекет түрін жүзеге асырады: оқу- квазикәсіби және оқу-кәсіптік, ал бір формадан екіншісіне көшу оқыту мазмұнының контекстке негізделген логикасын анықтайды. Әрекеттің бұл түрлерін жобалау, ұйымдастыру және іске асыру тек оқу үдерісі зерттелініп жатқан ғылым тұрғысынан немесе дидактика негізінде, сонымен қатар әлеуметтік тұрғыдағы кәсіби әрекет тарапының талаптарын ескеруді қамтиды. Кәсіби әрекеттің бұл талаптары оқыту технологиясының жүйе жасаушы құрылымы болып табылады.

Кәсіптік әрекеттен оқу әрекетіне көшу «кәсіби контекст» арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда «кәсіби контекст» -деп белгілі бір кәсіптік әрекет саласына тән әлеуметтік-психологиялық өзара іс-қимыл жағдайлары, ұйымдық, технологиялық нысандары мен қызмет әдістерінің жиынтығын атаймыз.

Контекстік оқыту технологиясына сәйкес, мұғалім кәсіптік әрекеттің тақырыптық және әлеуметтік мазмұнын оқу үдерісінде дидактикалық түрде жеткілікті модельдеуге қол жеткізуі қажет. Ол тиімді болу үшін бірқатар талаптарды орындауы керек:

- кәсіби маманның мазмұндық-контекстік студенттің оқу әрекеттері формаларында үйлесімділік табуы ;
- оқытудың дидактикалық принциптері мен психологиялық талаптарын ескере отырып, оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін оқытуды ұйымдастыруда біріктіру ;
- жүйені құрастырудың модульділігін және оны оқушылардың контингентінде нақты оқу жағдайларына бейімделуін пайдалану;
- оқыту нысандары арасындағы байланыстың әртүрлі түрлерін жүзеге асыруды (мәні бойынша, бұл талап оқу курстарының модульділігін жүзеге асыру механизмі ретінде әрекет етеді) ойластыру;
- оқу мазмұнын және тиісінше, контекстік оқытудың нысандарын күрделендіруді оқу үдерісінің басынан бастап аяғына дейін қамтамасыз ету керек.

Әдебиеттер:

- 1.Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. Для преподавателей вузов. Высшая школа М., 1996.
- 2.Котова, И.Б. Педагогическое взаимодействие [Текст] / И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005.
- 3.Вербицкий, А. А. Контекстное обучение и истинно-новое образование: новая образовательная парадигма [Текст] / А. А. Вербицкий. – Жуковский: МИМЛИНК, 2000. – 41 с.
- 4.Педагогические технологии : учеб. пособие для студ. пед. специальностей / под общ. ред. В.С. Кукушкина. – Ростовн/Д : Март, 2002. – 320 с.

ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

Жусипова Г.Т. б.ғ.к., доцент., Есмаханова Ж.Ш. докторант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Цифровое образование - основа безопасности в информационном обществе, важнейшее знание XXI века, одна из наших главных тем. Цифровое образование - это готовность и способность надежно и эффективно использовать цифровые технологии во всех сферах жизни человека. Есть много возможностей для гармонизации отношений между окружающей средой и человеком и использования информационных технологий в новом информационном обществе.

Summary

Digital education is the basis of security in the information society, the most important knowledge of the XXI st century, one of our main topics. Digital education is the readiness and ability to reliably and effectively use digital technologies in all spheres of human life. There are many opportunities for harmonizing the relationship between the environment and humans and the use of information technology in the new information society.

Ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістік технологияның дамуы, экономиканың өркендеу дәуірінде қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетінше ойлай білетін жастардың болуын талап етеді. Сондықтан оқыту үдерісі деңгейін арттыру арқылы, ақыл-ойы жетілген, жан-жақты дамыған, еңбек етуге қабілетті, өз тағдырларын өздері шеше алатын, өз бетінше білімін толықтыру және өздігінен кәсіби шеберлігін арттыру мүмкіндігі бар азаматтар даярлау білім саласындағы басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Ғасыр мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемді, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруға қол жеткізу» [1]. Осы орайда, ақыл-ойы жетілген, жан-жақты дамыған, еңбек етуге қабілетті, өз тағдырларын өздері шеше алатын, өз бетінше білімін толықтыру және өздігінен кәсіби шеберлігін арттыру мүмкіндігі бар болашақ мамандарды даярлау күн тәртібіндегі мәселе екендігі даусыз.

Бүгінгі таңда ақпараттар ағыны тасқындап өсіп отырған жағдайда жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілетті болашақ мұғалімдерді даярлау мен оқытудың мақсаттары елеулі өзгеріске ұшырады. Өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу-қазіргі қоғам алдындағы мақсат. Жоғары оқу орындарында маман даярлаудың сапалық көрсеткіші қазіргі қоғам талаптарына да тығыз байланысты.

Қоғамдағы ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру мақсатында Қазақстан ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесін құру. Ғылымды цифрландыруды дамыту мақсатында ғалымдардың цифрлық дағдыларын ғылыми-педагогикалық негізде қалыптастыру. Өз кезегінде болашақ мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін және заманауи интерактивті оқытудың әртүрлі құралдары, оқу нәтижелерін цифрлық із негізінде қалыптастыру және бағалау үшін рубрикаторлар құруды үйренуге мән беріліп,

цифрлық технологияларды меңгеру құзіреттілігін қалыптастыру мәселелерінің көкейкестілігі күннен-күнге арта түсуде. Бұл жоғары білім беру жүйесінің алдына болашақ мұғалімдердің цифрлық дағдыларын дамытуға даярлауды қалыптастыру міндеттерін қояды.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасымыз Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында барлық білім беру жүйесін одан әрі ақпараттандыру мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп атап айтқаны белгілі [2].

Цифрлық білім беру контенті – бұл интерактивтік формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер бойынша цифрлық дидактикалық материалдар: фотолар, дыбыс- және бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық моделдер, виртуалдық шындық және интерактивтік моделдеу объектілері, т.б.материалдар.

Қазіргі уақытта цифрлық білім беру ресурстары оқу тілімен сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. Сонымен бірге, электрондық жүйе, мулти тілдікті қолдап, оқу материалдарын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқуды жүргізетін басқада тілдерде, және шетел тілдерінде орналастыруға да тануға да мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нысаналы индикаторлары, яғни электрондық оқыту жүйесінің енгізілуі 2015 жылы - 40%, 2020 жылы - 90% жеткізілетіндігі атап көрсетілген. Электрондық оқытуды біліктілікті арттыру жүйесіне енгізу педагогтардың жас ұрпаққа өмірлік білім беру ұстанымын қалыптастыруға, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға, кәсіби қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді. [3, 5 бет]

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Білім беру мекемелерінде оқу-әдістемелік кешендер мен цифрлық білім беру ресурстарын қалыптастыру тәртібі

Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) мен цифрлық білім беру ресурстары болуы қажет.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары мазмұнына қойылатын талаптар:

1) ақпараттың өзектілігі мен толықтығы, оны ұсынудың ықшамдылығы. ОӘК материалдары мүмкіндігінше ақпараттық және түсінікті болуы керек, үнемі толықтырылуы мүмкін;

2) кешенділік сипатта болуы: ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары білім алушылардың оқу қызметінің түрлері мен нысандарына әдістемелік қамтамасыз етуді қамтуы тиіс;

3) оқу материалы құрылымының нақтылығы: ақпарат тұтас және аяқталған толық мағыналы болуы тиіс;

4) оқу материалының көрнекілігі мен түсініктілігі: кестелерді, схемаларды, суреттерді, диаграммаларды, мультимедиалық объектілерді (оқыту роликтері, бейне, дыбыс, анимация және басқалар), сондай-ақ түрлі көмекші материалдарды (глоссарий, әдебиеттер тізімі, тесттер, анықтамалықтар, әдістемелік нұсқаулар) пайдаланған жөн.

Электрондық оқу материалдарын қолдану бойынша ұсыныстар:

Цифрлық білім ресурстары (ЦБР) - компьютерлік технологиялар негізінде жасалынған және енгізілген оқу құралдарының жиынтығы, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) - цифрлық технологиялар негізінде құрылған және жұмыс істейтін ресурстар.

Оқу процесінде мұғалімдер қолданатын ЦБР келесі талаптарға сай болуы керек:

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен таратуға тыйым салынған ақпарат болмауы керек;

– мазмұны оқу нәтижелеріне, білімнің тиісті деңгейіне арналған оқу жоспарына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне арналған Мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді;

– білім алушылардың жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан қол жетімді және түсінікті;

– қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

– білім деңгейі, пән, оқу деңгейі, бақыланатын мазмұн элементтері, мазмұн түрі дұрыс таңдалған;

Кесте 1.

Цифрлық білім беру жағдайында заманауи мобильді құрылғыларды қолданудың ерекшелігі

№ к/с	Тиімділігі	Артықшылығы
1	Оқу үрдісінің шекараларын кеңейтіңіз, білім алушы оқу материалдарын өздеріне ыңғайлы кез келген жерден ала алады	Ыңғайлылық және икемділік. Мобильді құрылғылар белсенді қолданылатын оқу процесі оқытушы мен оқушының орны мен уақытына тәуелді емес
2	Ақшаны үнемдеңіз, өйткені сізге жеке компьютерлер мен оқу әдебиеттерін сатып алудың қажеті жоқ	Дербес құрылғыны пайдалану кезінде білім алушы оның күйін, техникалық қызмет көрсетуін, бағдарламалық жасақтамасын дербес бақылай алады
3	Оқу материалдарын пайдаланушыларға сымсыз желілер	Пайдаланушыны міндетті тіркеуді қажет ететін желілік қызметтермен жұмысты

	арқылы оңай және жылдам таратыңыз	жеңілдетеді. Мобильді құрылғы қажетті желілік ресурсқа қол жеткізу үшін деректерді үнемдеуге мүмкіндік береді
4	Ақпараттың мультимедиялық форматының арқасында сабақ материалдарын игеру мен есте сақтауды жақсартыңыз, пәнге деген қызығушылықты арттырыңыз	Негізгі операциялар интерактивті танымдық іс-әрекет режимінде орындалады, бұл оқытудың жоғары интерактивтілігін көрсетеді
5		ЦБР қолдану білім алушыға тапсырманы шешуге арналған құралды өз бетімен таңдауға мүмкіндік береді. Қандай құрылғыны, бағдарламаны және қызметті пайдалану керектігін әркім өзі шешеді
6		ЦБР ақпаратпен жылдам жұмыс істеуге және жұмыс нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік береді

Оқыту үрдісінде цифрлық білім беруде педагог қызметтері:

1) цифрлық білім беру ресурстарын, қажетті оқу-әдістемелік материалдары (оның ішінде бейнематериалдары) бар оқу-әдістемелік кешендерді электрондық түрде әзірлейді және сабақтар өткізеді;

2) білімді бақылау құралдарын әзірлейді;

3) білім алушыларға әрбір тақырып бойынша жұмыс уақытын, жұмыстарды орындау мерзімін көрсете отырып, тиісті бөлімдерді меңгерудің тақырыптық кестесін әзірлейді және таратады;

4) білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін синхронды және асинхронды консультациялар өткізеді;

5) оңтайлы және әртүрлі жұмыс түрлерін, қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

6) сабақ бойынша жоспарлауды түзетуді және оқу материалдарын құрылымдауды уақтылы жүзеге асырады

7) оқу-әдістемелік ресурстарды (оның ішінде бейнематериалдарды) тұрақты жаңартуды қамтамасыз етеді);

8) білім алушылардың оқу жұмыстарын орындауын әрбір пән немесе модуль үшін көзделген бағалау критерийлеріне сәйкес бағалайды;

9) үлгерім мен сабаққа қатысуды бақылайды;

10) білім алушылармен жедел байланыс жасайды;

11) бекітілген оқу кестесіне сәйкес сабақтар өткізеді, өзіндік жұмысты бақылауды жүзеге асырады;

12) оқу жүктемесін орындайды; [4]

Цифрлық білім беру ресурстарының басты құндылығы – бұл сізге оқытушыға да, білім алушыға да қол жетімді шексіз мүмкіндіктері бар керемет сенсорлы интерактивті оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Кәдімгі техникалық оқу құралдарынан айырмашылығы білім алушыны көп біліммен қанықтырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін, жаңа білімді өз бетінше игеру қабілетін және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін қалыптастырудағы ролі. Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы, 2016. – 113 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
3. «Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлығын қалыптастыру» Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. Алматы, 2012
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығы

ӘОЖ (372.8:37)

АРАЛАС ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жусипова Г.Т. б.ғ.к., доцент., Есмаханова Ж.Ш. докторант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Смешанное обучение – один из трендов современного образования и по оценкам прогнозистов останется таковым и в ближайшее десятилетие. Автор рассматривает технологию смешанного обучения как технологию синергетическую, которая позволяет более эффективно использовать преимущества как очного, так и электронного обучения, и нивелировать или взаимно компенсировать недостатки каждого из них.

Summary

Blended learning is one of the trends in modern education and, according to forecasters, will remain so in the next decade. The author considers the technology of blended learning as a synergistic technology that allows you to more effectively use the advantages of both face-to-face and e-learning, and neutralize or mutually compensate for the disadvantages of each of them.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әр бір тұлғаның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білім беру қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзіреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт жетістігінің факторы болып табылады. Сондықтан әрбір қазақстандық жаңа жаһандық сын-тегеуріндерге, заманауи технологияларға, еңбек шартының өзгермелі талаптарына және жаңа кәсіптерге табысты бейімделу үшін қажетті құзіреттілікке ие болуы қажет [1].

Мемлекет тарапынан сарапшылар Қазақстанда аралас оқытудың постковид инклюзия стратегиясын бекітті. 22 желтоқсан 2020, Нұр-Сұлтан – Қазақстанда COVID-19 пандемиясы жағдайында инклюзивті тәсілдемелердің цифрлік және аралас оқытуды қамтамасыз ету талаптары қарастырылды. Онда Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымымен (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДСҰ), Дүниежүзілік банкпен және Білім және Ғылым министрлігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

COVID-19 пандемиясы кезінде цифрлық білімге бейімделу әлемдегі көптеген балаларға қиын болғанын және Қазақстанда аралас оқыту тұжырымдамасымен танысу қажеттілігі туындағанын дәлелдеді. Бұл стратегия

сандық әлеуетті кәсіби біліктілік пен білім беру жүйесін жетілдіруді көздейді [2].

Электронды технологиялардың заманауи даму деңгейі мен білім беру жүйесінің инновациялық үрдістерге ұмтылысының бірлестігі білім беру ошақтарында білім беру үрдісін трансформациялап, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын тиімдендіру қажеттігін көрсетеді. Білім алушылардың өз бетінше іздену қызметін басқарудың ең тиімді әдістерінің бірі электронды оқыту құралдарын пайдалана отырып, аралас оқыту технологиясын енгізу және қолдану жүзеге асырылды. «Аралас оқыту» ұғымының мәндік сипаты дәстүрлі және электронды технологияларды шебер үйлестіру болып табылады.

Ақпараттық технологиялардың жаңартылған нұсқасы болып табылатын цифрлық дәуір білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін көкейкесті етуде. Технологиялық төңкерістің келуі білім беру технологияларынан да тап сондай өзгерісті талап етуде, солардың қатарында аралас оқыту (blended learning) технологиясы да бар.

Аралас оқыту – негізіне «күндізгі оқу» технологиясы мен электронды оқыту технологияларын біріктіру қағидасына негізделген АКТ және заманауи оқу құралдары ұсынатын жаңа дидактикалық мүмкіндіктерге сүйенетін оқу үдерісін ұйымдастыру технологиясы. Аралас оқыту – білім алушы, жекелеп алғанда оқушы немесе студент, білімді онлайн, яғни, өз бетінше де, мұғаліммен де ала алатын білім беру концепциясы. Мұндай қадам мәліметерді оқып үйренудің уақытын, орнын, үйрету жолын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді [3].

Аралас оқытудың тарихы мен оқу үрдісінде негізделген бірнеше анықтамалары бар:

Алғаш рет аралас оқытудың негізгі қағидалары ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында корпоративті және жоғары білім беруде қолданылды, бірақ бұл ұғымның өзі алғаш 1999 жылы, американдық Интерактивті Оқыту Орталығы Интернет арқылы оқытуға арналған бағдарламалық жасақтаманы шығара бастаған кезде қолданылды.

«Аралас оқыту» ұғымы - аралас оқыту деген ағылшын сөздерінің *blended learning* сөзбе-сөз аудармасы. Ағылшын тіліндегі нұсқада бұл *learning* - оқыту сөзі мағанасында қолданылатындығын ескерсек, яғни білім алушы белсенді әрекет етуші субъект болып табылатын білім мен дағдыларды игеру процесі.

«Аралас оқыту - бұл оқыту әдістерінің жиынтығы» (Bersin & Associates, 2003) [4]

Аралас оқыту – онлайн мен дәстүрлі оқытудың бірігуі (Reay, 2001) [5].

2006 жылы «Аралас оқыту туралы анықтамалық» (Bonk, 2006) оның негізгі ерекшеліктерін көрсете отырып, аралас оқытудың алғашқы нақты анықтамасын жариялады: «Аралас оқыту – бұл дәстүрлі оқу (бетпе-бет оқыту) мен компьютерлік құралдармен оқытудың үйлесуіне негізделген оқыту жүйесі» [6].

Клейтон Кристенсен институты одан да тар және нақтырақ анықтама береді: «Аралас оқыту - бұл мұғалімнің жетекшілігімен (бетпе-бет) оқытуды интерактивті оқытумен біріктіретін, оқудың жолын, уақытын, орнын және қарқынын білім алушылардың өзін-өзі бақылау элементтерімен, мұғалімнің басшылығымен және интернеттегі оқыту тәжірибесімен біріктіретін білім беру тәсілі» [7].

Аралас оқытудың анықтамасы оны «Интернетті және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын аудиторияда мұғалім мен білім алушылардың арасында бірлесіп отыруды қажет ететін формалармен біріктіру арқылы ұсынылатын мүмкіндіктер ауқымы» деп анықтайды (Friesen, 2012) [8].

Долгова Т.В. 2017 жылы «Білім алушылардың оқу траекториясын, уақытын, орнын, қарқынын өз бетінше таңдау мүмкіндігі бар электрондық оқыту мен дәстүрлі оқытуды үйлестіретін және өзара біріктіретін білім беру технологиясы» [9].

Сонымен, аралас оқыту технологиясын бетпе-бет және электрондық оқытудың артықшылықтарын тиімді пайдалануға және олардың әрқайсысының кемшіліктерін теңестіруге немесе өзара өтеуге мүмкіндік беретін синергетикалық технология ретінде қарастыруға болады.

Кесте 1.

Дәстүрлі және электрондық оқытудың салыстырмалы көрсеткіштері

Дәстүрлі оқыту	Электрондық оқыту
(-) мұғаліммен кері байланыс алу үшін уақыттың шектеулі болуы, кітаптағы оқу материалдарымен интерактивті өзара іс-қимылдың мүмкін еместігі	(+) тұрақты интерактивті өзара әрекеттесу кез-келген уақытта кез-келген жерде кері байланыс алу мүмкіндігі
(+) осы сәтте және дәл қазір болып жатқанның бәрі мұғалім мен оқушының іс-әрекетіне икемделіп, жедел жауап алу мүмкіндігі	(-) электрондық ресурстар оқушының іс-әрекетіне байланысты реакцияның, алдын – ала енгізілген нұсқалары ғана бар болуы, онлайн - оқу кезінде мұғалімнің реакциясының кейінге қалдырылуы
(-) даралану дәрежесінің төмендігі, барлық оқушылар үшін білім беру траекториясының бірдей болуы	(+) электронды ресурстардың жеткіліктілігі, икемділігі және түрлі жағдайға бейімділігі есебінен даралану дәрежесінің арттырылуы
(-) шектеулі коммуникациялық алаң (жасы, географиялық орналасуы және әлеуметтік мәртебесі бойынша ұқсас шағын сыныптастар тобымен өзара іс-қимыл)	(+) анағұрлым кең коммуникациялық өріс (әр түрлі жастағы, географиялық және әлеуметтік бөлінген топпен коммуникациялық жүйелері, әлеуметтік желілер және олардың аналогтары арқылы өзара әрекеттесу)
(+) терең эмоционалық өзара әрекеттесу арқылы тікелей жеке адами байланыстарды қалыптастыру мүмкіндігі	(-) жанама (компьютерлік байланыс арқылы) жеке байланыстарды қалыптастыру, эмоционалық өзара әрекеттесудің шектелуі

Аралас оқыту - бұл білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын дәстүрлі оқытуды онлайн оқытумен ұштастыру негізінде білім беру процесін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «3» қыркүйектегі № 381 бұйрығында мақсаттайды. Осы Ұсынымдардың мақсаты – карантин жағдайында қашықтықтан немесе аралас оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыруда оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету жүргізілді [10].

Аралас оқытуда кейбір ерекшеліктерін анықтауға болады.

1. Ұйымдастырушылық ерекшеліктері. Аралас оқытудың негізгі ұйымдастырушылық ерекшелігі - мұғалімдер жақсы меңгерген және қолданатын фронтальды жұмыс түрлерінен біртіндеп қол ұзу, сонымен қатар негізгі білім беру стратегиясы ретінде білім алушылардың жеке құндылығын сақтауды көздейді. Дәстүрлі сыныпта барлық ұйымдастырушылық формалар мұғалім үстелінің, тақта мен партаның орналасуына байланысты. Олар монолог жанрында өткізілетін дәрістер мен басқа да жұмыстарға бейімделген. Сабақ кестелері сонымен қатар білім алушыларға ұсынылатын оқу тапсырмасының көлемін шектейді.

Әдетте академиялық сағат білім мен машық дағдыларын молайтуға жеткілікті емес. Бұл жағдайларда білім алушылардың өндірістік іс-әрекетіне уақыт қалмайды, талдау мен рефлексияны ұйымдастыру туралы айтпағанда.

Сондықтан екінші маңызды ұйымдастырушылық ерекшелігі - бұл оқу кеңістігін қайта құру: жұмыс аймақтарын бөлу, ал кейбір жағдайларда тіпті оқу уақыты мен кеңістігін қатаң сыныптық ұйымдастырудан толық бас тарту. Нәтижесінде аралас оқытуға көшу мектептің жалпы ұйымдастырушылық моделін түбегейлі өзгертуге әкелуі мүмкін.

2. Техникалық ерекшеліктері. Техникалық тұрғыдан аралас оқытуды жүзеге асырудың алғышарты - компьютерлерді пайдалану. Бұл компьютерлік немесе жылжымалы аудиториялар, оқу кітапханасындағы компьютерлер, білім алушылардың жеке мобильді құрылғылары болуы мүмкін. Аралас оқыту әр білім алушының бір уақытта құрылғыға ие болуын талап етпейтінін ескеру қажет, бірақ аралас оқыту кезінде 1: 1 моделі (бір оқушы - бір құрылғы), сонымен қатар BYOD моделі («Bring your own devices »).

BYOD технологиясы (мұғалімдерге көмектесетін мобильді қосымшалар). Өз құрылғыларыңызды әкеліңіз (BYOD) - бұл сабақтарда смартфондар, ноутбуктар, планшеттер және басқалар белсенді қолданылатын технология. Бірақ бұл білім беру ұйымы ұсынатын құрылғылар емес, білім алушыларда бұрыннан бар түрлі телефондар мен компьютерлер. Аралас оқыту жүйесінде BYOD технологиясын білім беруде қолдану қазіргі білім беруде өзекті бірнеше маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

3. Ақпараттық ерекшеліктері. Аралас оқытуды жүзеге асыруда қолданылатын ақпараттық ресурстарда жоғары деңгей болуы керек, бұл әр оқушының ерекшеліктеріне сәйкес білім беру мазмұнын таңдауға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, қолданылатын тапсырмалар білім беру мазмұнымен (ұсынылған деректерді талдау, шағын зерттеулер, жобалар, ойындар мен пікірталастар) әр түрлі белсенділікке негізделген жұмыс түрлерін қамтамасыз етуі керек.

Ақпараттық оқу материалдарын қолдану бойынша ұсыныстар:

1) Цифрлық білім ресурстары (ЦБР) - компьютерлік технологиялар негізінде жасалынған және енгізілген оқу құралдарының жиынтығы, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) - цифрлық технологиялар негізінде құрылған және жұмыс істейтін ресурстар.

2) Оқу процесінде мұғалімдер қолданатын ЦБР келесі талаптарға сай болуы керек.

4. *Әдістемелік ерекшеліктер.* Оқыту әдістерінің өзгеруі аралас оқытудың өзгеруінің негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Мұғалімдердің жұмысына технологияны тиімді пайдалануға және ақпараттық-білім беру ортасын кеңейтуге бағытталған әдістемелік әдістер кіреді. Ол жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін, өмірлік дағдыларды, мансаптық және еңбек дағдыларын, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту әдістерін қолдайды. Топтық жұмыс, ынтымақтастық, өзін-өзі және өзара ұжымды оқытуға негізделген оқыту әдістері таратылады және қолдау табады. Аралас оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және бөлісу тәжірибесі маңызды.

Қазіргі білім берудің мақсаты - білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, яғни ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, Отанның дамуына әлеуметтік, экономикалық жағынан зор үлес қоса алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы
2. School boys. UNICEF/Zhagirarov. 23 Желтоқсан 2020.
3. Андреева Н.В., Рождественская Л.В., Ярмахов Б.Б. Шаг школы в смешанное обучение. – М.: Буки Веди, 2016.
4. Bersin&Associates Blended learning: What works?: An industry study of the - 2003.
5. Reay J. Blended learning - a fusion for the future // Knowledge Management Review, 2001.
6. Bonk C. J., Graham, C. R. Handbook of blended learning: Global Perspectives, local designs - San Francisco, CA : Pfeiffer Publishing, 2006.
7. Christensen Institute - 2017 . www.christenseninstitute.org.
8. Friesen Norm Report: Defining Blended Learning - 2012.
9. Долгова Т.В., Кондакова М.Л., Подгорная Е.Я. Методические рекомендации для тьюторов (педагогов-кураторов), осуществляющих образовательную деятельность с использованием дистанционных образовательных технологий (для основной школы). URL: metod.mob-edu.ru (Дата обращения 19.11.2017 года).

ӘОЖ 371.1

ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ғ.к., аға оқытушы

Өтегенова Т.Ә. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ-сы,
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются основные проблемы влияния семейных обычаев на воспитание современной молодежи. Характерно, что возникновение семейных обычаев в обществе происходит на основе менталитета его членов.

Summary

This article discusses the main problems of the influence of family customs on the education of modern youth. It is characteristic that the emergence of family customs in society is based on the mentality of its members.

Қоғамда қалыптасқан отбасылық әдет-ғұрыптардың пайда болуы оның мүшелерінің менталитеті негізінде болатындығымен сипатталады, яғни әрбір ұлтқа тән этнос руханиатынан және мінез-құлқынан, тұрмыс-тіршілігінен, тарихи-мәдени дүниетанымынан аңғаруға болады. Менталитет ұғымының этникалық анықтамасы (mens – латынша, ойлау тәртібі, ақылдың ерекше рухани қыртысы) бір тұлғаға тән емес, тұтас бір халықтың өзіндік ойлау санасына тән психологиялық және аксиологиялық бағдары деп қалыптастыруға болатын жүйе.

Менталитеттің қалыптасуына түрлі әлеуметтік факторлардың әсері зор. Осыған орай, айтатынымыз жастардың отбасылық ұғымына бұқаралық ақпарат құралдарының жағымды жақтарымен бірге жағымсыз, кері әсері де қоғамда алаңдаушылық туғызуда. Теледидар, радио, кинотеатр және интернет сияқты бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік жүйелерді қалыптастыру және күшейтуде зор ықпалға ие екендігі даусыз. Алайда, бұқаралық ақпарат құралдарының жеке өмірге де тигізетін әсерін жоққа шығаруға болмайды. Қатыгез бағдарламалар, ойындар мен кинолар, жарнамалар адамның рухы мен жанына кері әсер етеді. Бұлардың бәрі қоғамдағы адамдардың тұрмыс тәсілінің өзгеруіне әкеп соғады. Бала санының азаюы, әйелдердің қоғамдағы рөлінің өзгеруі және тағы басқа әлеуметтік факторлар отбасы құрылымын өзгерткен. Түрлі телебағдарламалар, әлеуметтік желілер мінез-құлық үлгілерін, кино, телехикая және жарнама түрінде ұсынады. Осы үлгілер бала кезден адамның ішкі жан дүниесінен орын алып, ерлі-зайыптылар мен перзенттерінің қарым қатынасында белгілі бір бейне қалыптастырады. Мәселен, осы қалыптар әйелдердің еркекке ұқсауы, ер адамның әйелге үстемдігі түрінде, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керістер, ата-ана мен бала арасындағы жағымсыз

байланыс түрінде көрініс табады. Мысалы, көптеген телесериалдарда отбасылы ер адамның әйелінің көзіне шөп салатыны жөнінде сюжеттер кездеседі, мақсаты бұл қылықтардың өрескел екендігін көрсету болуы мүмкін, бірақ жасөспірім, осындай қиянаттарды үстірт түсініп, болашақта осындай жағымсыз кейіпкерден үлгі алуы әбден мүмкін. Сөйтіп, мәдениеттілікті қалыптастыру мен әлеуметтік қылықтар және отбасылық байланыстарды түзетуде маңызды рөл атқара алатын теледидар тұрмыс тәсілін өзгерту және отбасы ішінде өрескелдік қалыптастыру құралына айналып отыр.

Әдет-ғұрып – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжымас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы [1].

Әдет-ғұрыптар өмірдің қай саласында орындалуына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Олардың ішіндегі ең ірілері: шаруашылыққа байланысты ғұрыптар, үй-тұрмысына байланысты ғұрыптар, қоғамдық-әлеуметтік ғұрыптар. Шаруашылық әдет-ғұрыптары өз кезегінде – егіншілікке, малшылыққа, әртүрлі кәсіптерге байланысты болып бөлініп кете береді. Үй тұрмысына байланысты ғұрыптар, отбасылық ғұрыптар, үй шаруашылығына байланысты ғұрыптар, т.б. болып бөлінеді.

«Отбасылық» әдет-ғұрыптар деп аталатын бөлігі, әдетте «Отбасын құруға байланысты ғұрыптар», «Бала туып оны өсіруге байланысты ғұрып-ырымдар», «Өлген адамды жерлеуге байланысты ғұрыптар» деп үш топқа бөлінеді.

Отбасылық әдет-ғұрыптар – күрделі әлеуметтік құбылыстар. Оларға келесі жатады:

- той жасау,

- өлікті жерлеу сияқты қалың көпшілік қатысатын ғұрыптық шаралардан басқалары көбінесе шектеулі адамдар ортасында іске асады.

Осы ғұрыптар отбасыда іске асқанымен, қоғамдық-әлеуметтік мәні бар шаралар болып табылады. Отбасылық ғұрыптар адамдардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытады.

Отбасылық әдет-ғұрыптардың ғылыми зерттеулер есебінде қарастырудың бастауын Льюис Генри Морган атымен байланыстырады. Ол ру билігі, экзогамия, мұрагерлік, өзара көмек институттарын зерттеу арқылы рулық құрылымның ең демократиялық кезең екенін сипаттап берді. Отбасылық әдет-ғұрыптардың зерттелуі туралы мәлімет Л.Морган еңбегінде қаралады. Жалпы айтқанда, Ф.Энгельс Г.Л.Морганның деректеріне сүйеніп, «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» атты еңбегін дайындаған.

XVIII ғ. мен XIX ғ. қарсаңында әдет-ғұрыптар туралы зерттеулерді Г.И.Спасский, А.И.Левшин, Ы.Алтынсарин, В.В.Бартольд, М.Ж.Көпеев және т.б. жүргізген.

Кеңес заманы кезінде ең бірінші болып отбасылық әдет-ғұрыптардың өскелең ұрпаққа тәрбиелік әсерін «Қазақ халқындағы отбасы мен неке» (монография) деп, аталатын кітабында қарастырып, зерттеген Х.А. Арғынбаев. Осы монографияда ол қазақ қоғамындағы отбасы мен некенің негізгі сипатын

беріп, олардың түрлерін, ерекшеліктерін қарастырған. Осы еңбегінде ол отбасы жағдайындағы әйелдің міндеттері мен жағдайын зерделеген, үйлену ғұрыптарының жастардың мінез-құлқын реттейтін құрал ретінде қарастырған, сонымен бірге осы еңбекті Төлеубаева К.М. талдаған екен. Талдау нәтижесінде ол «қалың малды – қызды сату, сатып алу құны екендігі» туралы тезисті жоққа шығарады.

Сонымен қатар, философ, этнограф С.Ақатаев отбасылық әдет-ғұрыпқа байланысты әкенің құзыреті, әменгерлік, жоқтау, сыңсу, рулық бейіттер және тағы да басқа дәстүрлерді сипаттаған.

Ә.Т.Төлеубаев өзінің монографиясында отбасылық әдет-ғұрыптарымен байланысты ырым-жоралғыларды зерттеген[2].

Халел Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты монографиясы таза теориялық-методологиялық мәселелерге терең араласпағанымен де қазақ қоғамындағы отбасы мен некенің негізгі сипатын, түрлерін, ерекшеліктерін жан-жақты сұрыптап бергені ақиқат. Х.Арғынбаевтың қазақ жанұясының формасы, патриархалды дәстүрлері, жанұядағы әйелдің жағдайы, үйлену ғұрыптарының көне мәні туралы ғылыми пікірлерін өз еңбегімізде басшылыққа алдық. Сонымен бірге кеңестік кезеңдегі этнографиялық әдебиетте үстем болып келген «қалың малды – қызды сату, сатып алу құны екендігі» туралы тезисті біздің зерттеу жұмысымыз толығымен болмаса да жоққа шығарады. Мәселе бұл жерде адам құнында ғана емес, сонымен қатар жаңа отбасын қалыптастыруға қажетті үй бұйымдарын, дүние мүлікті қыз әкесінің жасап беруіне кететін шығындарымен де байланысты екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақтың белгілі этнографы У.Х. Шалекеновтің Амударияның төменгі сағасындағы қазақтары жөніндегі монографиясында қазақтың отбасылық тұрмысы, оның ішінде отбасылық қарым-қатынас, отбасындағы әйелдің орны, көп әйел алушылық салты, отбасылық әдет-ғұрыптар қаратырылды. Ғалым өз еңбегінде қазақтың отбасылық қатынастары шарифат пен әдеттік ғұрыптың негізінде құрылатындығын айта келіп, Әмударияның төменгі сағасында тұратын қазақтарда қызылқұм, үстірттегі қазақтарға қарағанда исламның әсері күштірек болды, сондықтан олар шарифатқа көбірек бағынды, - дейді. Бұл өте дәл айтылған ғылыми пікір еді, жалпы ислам әсері күшті болған халықтарда отбасылық қатынастар негізінен шарифат жолымен құрылатындығына, біз басқа халықтар тұрмысын зерттеу барысында көз жеткіздік.

Жоғарыда зерделенген еңбектердегі ғалымдардың негізгі тұжырымдары патриархалды отбасыларының түрлерін, отбасылық туыстық қарым-қатынастардың сипатын, көп әйел алу салты, отбасындағы әйелдің жағдайы мен орнын зерттеумен байланысты. Сондықтан осы еңбектерден көшпенді әйелдің қоғамдағы, отбасындағы орны отырықшыларға, қалалықтарға қарағанда объективті түрде жоғары болғанын білеміз.

Кейбір отбасылық әдет-ғұрыптардың сауқеле кигізу, бет ашар айту, отқа май құйғызу, теріге отырғызу, жаңа отаудың шаңырағынан сүйек лақтыру, екі

жасты алғаш кездестіргендегі бақан тастар, ит ырылдар екі жұрттың арасындағы қатынастардың басталып, нығаюына ықпал еткен. Сонымен бірге, үбірлі-шүбірлі болсын, жамандықтан аман болсын деп екі жасты арнайы сойылған лақтың өкпесімен қағу әдет-ғұрпын қолданған, яғни жастарға өкіл ата, өкіл ене тағайындау, т.б. салт-дәстүрлер арқылы оларды отбасы өміріне дайындаған. Отбасылық әдет-ғұрыптардың мазмұнында ер бала тууын көбірек тілеу себептері, екіқабат кездің ырым-тиымдары, босануға байланысты ырым-жоралар, баланы бесікке салу, ат қою, қырқынан шығару, тұсауын кесу сияқты әдет-ғұрыптар жан-жақты қарастырылып, зерттелінген. Бала туу және өсіру әдет-ғұрыптарына байланысты «қыпшақтық» бағыттағы ғұрыптарға кіндік шеше, кіндік енені тағайындау салттары да жатқызылған. Бұл ғұрыптың пайдасы жастардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттырумен байланысты.

Отбасылық әдет-ғұрыптарының біріне баланың туылғанына қырық күн толғанда қырқынан шығару рәсімі жатады. Бұл ғұрыпқа негізінен әйелдер ғана қатысады. Шілдехана тойын ұйымдастыру барысында жастар ән салып, ойын ойнап түнімен ұйқтамайтын. Осы ғұрыптың мақсаты – дүниеге жаңа келген нәресте мен оның анасын әртүрлі зиянкес рухтардан қорғау.

Сонымен, заманауи жастарды отбасылық өмірге дайындау барысында олардың отбасылық әдет-ғұрыптарға құнды көзқарасын дамыту біздің зерттеуіміздің объектісі болып табылады. Осыған орай, заманауи жастарды өмірге бейімдеуге және отбасы құруға жаңа сипатта қарау басты міндетердің бірі болып отыр. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бетбұрыстардың, ғылым мен техника жетістігінің, тұлға психикасына әсері күшті болып отырғаны белгілі. Осындай өмір ағысына қарай тез бейімделіп кететін жастардың психологиялық тұтастылығын сақтау үшін отбасылық қарым-қатынастың, қоғамдық күштің, оның ішінде ұлттық құндылықтардың рөлі ерекше.

Сонымен, түрлі әлеуметтік факторлардың әсерімен қалыптасқан менталитет отбасылық әдет-ғұрыптардың мазмұнын реттеп, тәртіпке бағындырады, мақсатты түрде отбасы құрып отырған жастардың тәрбиесіне әсерін тигізеді, яғни олардың ұстанымдары мен құндылықтық бағдарларына ықпал жасайды. Бүгінгі таңда отбасылық институтты сақтап қалу үшін отбасыда орындалатын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәніне аса назар аударылып, оның негізінде ұлтымыздың және бүкіл адамзаттың құндылықтары табылуы тиіс. Отбасылық әдет-ғұрыптардың мазмұны мыңдаған жылдар бойы арғы қазақтар дәуірінен бері жалғасын тауып, ұлттық болмысымызбен, тұрмыс тіршілігімізбен біте қайнасқан атрибут болып табылуымен айқындалады.

Заманауи қоғамның талаптары бойынша отбасылық әдет-ғұрыптардың трансформациясы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде болды. Өйткені ғалымдар отбасыда тәрбие берудің көптеген формалары мен әдіс-тәсілдерін қарастырған, оған сәйкес басқада әлеуметтік институттармен отбасының байланысын орнату бағытында әдістемелік нұсқаулар әзірленген.

Мысалы, XX ғасырдың басында Ресей ғалымы П.Ф. Лесгафт отбасы тәрбиесіне арналған мәселелерді зерттеп «Семейное воспитание ребёнка и его значение» еңбегін жарыққа шығарған. Осы еңбекте балаларға сүйіспеншілікпен қарап, отбасындағы тәрбие берудегі әдістерге аса назар аудару қажеттігін айтқан. Оның пікірінше, баланың «бұзылуы» – ақыл-ой немесе адамгершілік топастығы туа біткен қасиет емес. Бұл әлеуметтендірудің нәтижесі, яғни ата-аналар мен педагогтардың педагогикалық қателіктері. Лесгафт айтқандай, жақсы отбасыда бала отбасыдағы әрбір мүшесінің адамгершілік тұрғадан кемелденудің факторы болып табылады[3].

Осыған орай, біздің түйіндейтініміз: жастарды отбасын құру үшін немесе олар отбасын құрған болса, өздерінің отбасылық өмірінде заманауи қоғамның талаптарына сәйкес қалыптасқан ең жақсы ғұрыптарды алып, өз баласының тәрбиесінде заманауи ғұрыптарды тиімді пайдаланудың жолдарына үйренуі тиіс. Отбасыда баланың өмірі жан-жақты және толыққанды өтуі керек. Баланың уақыты жаман нәрсеге болмауы тиіс. Яғни әдет-ғұрыптардың ең тиімдісін пайдаланып, баланың өмірін жас ата-аналар неғұрлым позитивті деңгейде ұйымдастыруына міндетті. Отбасылық әдет-ғұрыптар өте күрделі және мықты тәрбиелік тәсіл ретінде қарастырылады.

Отбасылық әдет-ғұрыптар күрделі әдеттерді дамытып, заманауи жастардың мінез-құлығын реттейді, оларды орындау барысында белгілі бір жағдаятта ғұрыптарды игереді. Отбасылық әдет-ғұрыптар – бұл күрделі әдеттердің жиынтығынан туындаған ұрпақтан ұрпаққа берілетін тәжірибе, сонымен бірге осы тәжірибе заманауи жастарда қалыптаспағандықтан, олар көнеден келе жатқан ғұрыптарға өзгерістер енгізіп, оларды әлеуметтік, отбасылық қатынастарда пайдаланады. Отбасылық әдет-ғұрыптар көпфункционалды, спецификалық ерекшеліктері бар, эмоциялық әсерленулерге бай, сондықтанда заманауи жастарға олардың әсері өте тиімді. Көптеген отбасылар шежіреге назар аударып, отбасылық реликвиялар, фотоальбомдарды және т.б. жасайды. Яғни заманауи жастарды тәрбиелеуде отбасылық әдет-ғұрыптардың рөлі әлеуметтендіруші фактор ретінде де қарастырылады.

Отбасылық әдет-ғұрыптар – бұл әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіне, отбасы өміршендігі аймағына кіретін отбасы нормаларының басты құралы. Сонымен, отбасылық әдет-ғұрыптар заманауи жастардың оң тәжірибесін жинақтаудың және тұлғалық қасиеттерін дамытатын әлеуметтендіруші факторы болып табылады.

Әдебиеттер

1 Отбасылық өмір әліппесі (9-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. /Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И., Кошкеева Г.У. – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 88с.

2 Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992. – 77 б.

3 Төлеубаева К.М. Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу. 07.00.07 – Этнология, этнография және антропология) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының авторефераты. – Алматы, 2010

ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Қойшиев Қ.Е. п.ғ.к., аға оқытушы

Сайымбекқызы А. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ-сы, Қазақстан
Резюме

В этой статье рассматриваются педагогические возможности духовного нравственного воспитания учащихся в учебно-воспитательной системе. Проанализированы и выявлены основные факторы, влияющие на определение понятия духовно-нравственного воспитания.

Summary

This article examines the pedagogical possibilities of spiritual and moral education of students in the educational system. He analyzed and identified the main factors affecting the definition of the concept of spiritual and moral education.

Ұрпаққа сапалы білім беруді басты мақсат ретінде жүзеге асыруды көздейтін саясат – ол елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «Рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұлтартпас айғақ болып табылады [1].

Рухани-адамгершілік тәрбие – адам өмірінің тұтас саласы, яғни адамгершілік, рухани, моральдық қасиеттер жиынтығы. Бұл ұғым тек ішкі (психологиялық, рухани) қасиеттерді ғана емес, олардың іс-әрекет барысында, нәтижесінде көрінуін қажет етеді. Қасиет адамда оның табиғи және әлеуметтік қасиеттерін біріктіреді, өйткені бұл адамның өзі жасайтын, орындайтын жұмысы. Бір уақыттың өзінде әрі орындаушы, әрі өкілі, әрі тасушы болып табылады.

«Рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымының мәнін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады. Рухани-адамгершілік тәрбие өз кезегінде «іс-әрекеттің» жан-жақты сипаттамасы ретінде әлеуметтік-гумандық бағдар ұсынады және кез келген іс-әрекет бағытын, оның құнды психологиялық ерекшеліктері мен нәтижелерін анықтайды. Адамның өзін-өзі ұстау дәстүрі генетикалық жолмен берілмейді. Ол мәдени шарттарға өзінің ортасына байланысты бейімделеді. Рухани-адамгершілік тәрбиені бойына сіңіре отырып, өмірге еніп келе жатқан адам өзінің рухани мазмұнын табады, яғни адамгершілік көзқарастар, пайымдаулар, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі сипаттау белгілерін, эстетикалық талғамдарын және т.б. анықтап алады.

Рухани-адамгершілік тәрбие үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Біздің ата-бабамыз да көшпелі тұрмысында бала тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі бар тәсілдерін

қалыптастырады. Олар ән-күй мен ауыз әдебиеті үлгілері – мақал-мәтелдер, айтыстар, шешендік сөздер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар балаларға арналған ұлттық ойындар мен бала өмірінің айтулы кезеңдеріне арналған той мерекелер, әдет-ғұрыптарымен сан ғасырлар бойы саналы, өнегелі, батыл да ержүрек, адамгершілік ар-ожданы жоғары болған азамат тәрбиелеп келеді.

Адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Сондықтан да адамгершілікке жеке тұлғаны тәрбиелеуде мектептің алатын орны зор. Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті. «Адамгершілік» адамның санасындағы, оның ішкі дүниесіндегі асыл қасиеттердің жиынтығы немесе биік шыңы. Адам баласында адамгершілік қасиеті қараптан-қарап туындамайтын қасиет. Ол қасиет отбасында, ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен қалыптасады.

Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақал бар. Тәрбие болмаған жерде адамгершілік болуы мүмкін емес. Адамның адамгершілік қасиеттері ең алдымен дұрыс амандаса білу, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу, өзара сыйласу, қарапайымдылық, кішіпейілділік, салмақты да сабырлы болу, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу жатады. Сондай-ақ, өз қолыңнан келгенше көмегінді аямау, біреудің жақсылығын бағалау, оны қанағат тұту. Қазақта «Айналаңда досың көп болуы үшін жақсы бол, арың таза болсын» деген сөз бар. Сондай-ақ, «жамандық-жамандықпен аяқталады», - дейді. Қай жерде болса да біреуге жамандық жасасаң қашан да болса да өмірі алдыңнан шығады [2].

Адамгершілік қасиет қоғамның тарихына байланысты қалыптасып отырады. Заман өзгеріп отырған сайын, адам да өзгереді. Бірақ әркім өскен ортасында адамгершілік қасиетін берік ұстауы тиіс.

«Көргендінің қылығы, көңіл марқайтады», – деп қазақ халқымыз тегін айтпаған. Әр бала өзін мәдениетті ұстаса, өз ортамыздың көңілін марқайтады. Адамның бойындағы жақсы қасиеттер оның істеген қылығынан, сөйлеген сөзінен көрінеді. Ең бастысы – адамгершілікті бойға сіңіре білу. Осы мақсатта жалпы білім беретін мектептерде «Өзгені сыйлау үшін, әуелі өзіңді сыйлай біл», «Әдеп жолы әріден басталады» деген тақырыпта шығармашылық жұмыстар, «Көргендінің қылығы көңіл марқайтады» атты сауалнамалық сұрақтар, «Имандылық – инабаттылық мұраты», «Тәрбиелі – тәртіптің құлы» атты баяндамалар, «Сәлемдесе білесің бе?», «Ар-абыройыңды жасыңнан сақта» т.с.с өнеге сағаттар өткізу арқылы жас жеткіншек бойында адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға баулудамыз.

Мектептің есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірде адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйренеді. Адам бойындағы жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал барлық жаман қасиеттер амалдың көрінісі. Адам денесі біреу болғанымен оның ішінде қарама-қарсы, яғни жақсы мен жаман екі күш болады. Ол екеуі үнемі күресте болады. Адамның жақсы не

жаман болуының осыған байланысты екенін Ш.Құдайбердиевтің мына бір өлеңі айқындай түседі.

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап тұр.
Тағдырдың бір қиын, сырлы сиқырымен
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр».

Қазір адамдардың компьютер дәуірінде өмір сүріп жатқанын бәріміз білеміз. Бірақ, рухани адамгершілік адамның бойынан толық көріне бермейді. Сондықтан да, білім берудің барлық кезеңдерінде рухани адамгершілік тағылымдарын негізге алған жөн. Сонда мінез-құлқы жетілген, саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық үш нәрсенің: жүректің, ақылдың, қолдың келісімі. Бала өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегінің ғана айтқанын орындаса өмірден өз орнын таба алады деп сенемін. Мұндай тәрбие әуелі отбасында, мектепте, оқу пәндерінде, тәрбиелік іс-шараларда, ойындарда қойылымдар арқылы жүзеге асуы тиіс. Осыдан келіп, адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі күші мұғалімнің үлесіне тиеді. Сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыру нәтижесінде оқушының адамгершілігі қалыптасып, өмір тәжірибесі байи түседі [3].

«Адамға ең керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категориясының бірі – тәрбие. Тәрбие түрлі болады. Адамгершілік тәрбиесі балаға жападан-жалғыз әсер етпейді. Барлық тәрбие біріге келіп, адамгершілік сапаларын және адамзат құндылығын арттырады. Бастауыш сынып оқушысының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі – оған адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктер байыту болып табылады. Мұғалім оқушыларға сыныптан тыс оқуға түрлі тапсырмалар береді. Қол еңбегі, суретті бейнелеу, сұрақтарға жауап беру, оқыған кітаптары туралы ойларын білуге, адамгершілік көзқарасын білуге болады. Оқушыларға әр пән бойынша адамгершілікке тәрбиелеу үшін зор мүмкіндіктер бар. Еңбек сабағында өздері жасайтын бұйымдар оқушыларға тәрбиелік ықпал жасайды. Өздері істеген жұмысын көрсетуге ұялмайтындай болып істеуге ұмтылады. Ал бейнелеу пәнінде әлемді эстетикалық тұрғыдан ұғыну қажеттілігін тудырады. Оқушылардың рухани адамгершілік қасиеті ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынаста қалыптасады. Ол турасында «Менің жолдасым», «Біз мектеп ауласында ойнаймыз» деген тақырыпта әңгіме құрап, суретін бейнелесе де жеткілікті. Мектепке барған баланың негізгі әрекеті оқу болғанымен, ойын бұрынғысынша олардың өмірінде кең орын алады [4].

Ойнау кезінде «жолдастық ережені» білген жөн.

- Жолдасыңа көмектесу.
 - Бар затыңды жолдастарыңмен бөлісу.
 - Дос жолдасың жамандық істесе оны тоқтату.
 - Жолдастарыңмен тату болу. Олардың ескертпелерін ала білу.
- Адал ойын мен жарыс ережесі.*

- Жарыста арамдық жолмен алға шығуға ұмтылмау керек.
- Басқалар жеңіліп қалса да табаламау.
- Ұтылсаң еңсенді түсірмеу.
- Әрқашан сыпайы болу. Кездескенге сәлемдес, кетерің қоштасуды ұмытпау.

- Үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу.
- Ешқашан кешікпей жүру. Сертінде тұру.
- Қыңырлық жасамау.
- Адамдарға немқұрайлы қарамау, топшыл болуға үйрету.

Мұғалімнің адамгершілікке тәрбиелеуінің арқасында оқушы өз бойындағы жақсы-жаман қасиеттерін ажырата біледі. Өзінің қалыптасуына айналадағы ортаның әсері мол екенін, өз ойын еркін жеткізе білуге, ойлап сөйлеуге үйренеді.

Оқушыларды тәрбиелегенде жас ерекшелігін ескере отырып, мына факторларды есте ұстаған жөн деп есептеймін.

- Еңбек жолымен байланыстыру;
- Тұрмыс салт-дәстүрді меңгерту;
- Ана тілін қадірлеу;
- Сапалы білім беру.

Қазіргі жағдайда бұл талаптарды жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктері бар:

- Рухани адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу.

- Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру.

- Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу.

Рухани тәрбие өзінің қуатын әлемнің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез-келген оқу пәні балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлқын қалыптастыру құралы бола алады. Үлкен адам қай жерде де болмасын өзі рухани сабағында балаларды жай ғана қосуға, көбейтуге және бөлуге үйретудің орнына мұғалім адамгершілік қасиеттерді шешуге арналған есептерді ойлап таба алады. Мысалы: Болат 12 кг салмақты оп-оңай көтере алады, ал кішкентай Сәкен небары 4 кг көтере алады. Егер олар бірлесіп бір-біріне көмектескен болса, онда олар үлкен жүкті көтере алар еді. Сонда үш дос қандай салмақтағы жүкті көтереді? «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген осы. Бір әже дүкеннен үйіне қарай баяу жүріп келе жатты. Оның қолында жалпы салмағы 6 кг болатын екі сөмкесі бар. Болат екіншісіне қарағанда ауырлау келетін бір сөмкені алып, үйіне жеткізуге көмектесті. Егер көмекшінің арқасында әженің жүгі 3 есе жеңілденген болса, бұл сөмкенің салмағы қанша болған?

Халық түйген тұжырымдар ғасырлар бойы ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған дәстүрлер бала тәрбиелеуде ең парасатты тәжірибе болып танылады. Ұзақ жылдар бойы ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылды.

Бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға түспейді. Баланың рухани-адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлар: соғыс ойыншықтары, жат қылықтары бар фильмдер, бейне таспалар және компьютерлік ойындар бар. Сондықтан мектептен тыс кездегі сабақтарды ұйымдастыруда тапқырлық таныту қажет. Балаларға спорт, табиғатқа серуен, мектептен тыс кездесулер кезіндегі пікірталас, әсерлі әңгімелер, мұражайға, концертке бару, осының бәрі рухани адамгершілік тәрбие. Олар баланың шығармашылығын оятып, жан дүниесімен сезетін тамаша ойларға жетелейді. Ал одан тек жағымды қасиеттер туындайтыны белгілі.

Баланың адамгершілігін, рухани жан дүниесін оятып, дүниетанымын төмендегіше іріктеп алуға болады.

1. Оларды тыңдағанда олардың көлеміне назар аудару керек.
2. Мазмұны сабақ тақырыбына сай болғаны жөн.
3. Оларды жас ерекшелігіне қарай іріктеп алған жөн.

Сабақ кезінде жағымды әуен естіліп тұратын болса, балалар сабақты жақсы игеріп әкетеді. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Әннің терең мазмұнды мәні оятар», - деп Абай атамыз айтқандай, адам бойындағы асыл қасиеттердің қалыптасуына олардың маңызы зор.

Әдебиеттер

- 1 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту». Ақпараттық-түсіндірмелі материал. – Астана, 2017. 56б.
- 2 Иллорионова Л.П. Духовно-нравственное воспитание. – М., 2016.
- 3 Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001.
- 3 Махмудова Г.Х. Нравственное развитие младших школьников в процессе воспитания. – М.: Педагогика, 2012. 192с.

ӘОЖ 371.1

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қойшиев Қ.Е. п.ғ.к., аға оқытушы

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Давранова Р.К. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматриваются особенности коммуникативной компетенции педагогов. Здесь также анализируются коммуникации, сущность коммуникативной компетенции, функции, компоненты.

Summary

This article examines the peculiarities of the communicative competence of teachers. It also analyzes communications, the essence of communicative competence, functions, components.

Қазақстан білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің

қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындау сапасын арттырудың қажеттігі заңды құбылыс. Соған орай, білім берудің негізгі мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптастыру. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білім беру жүйесіне жаңалық әкеле отырып, педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктеді, яғни, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» баланың жас және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құру, педагогтың кәсіби іс-әрекетін іс жүзіне асыруда оның мазмұнын қабілетін, ырғағын түрлі психофизиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерді сезінуіне сәйкес келуін қарастыру қажет етеді [1].

Заманауи жағдайда педагогикалық қызмет құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативтілік алға қойылды. Педагогтардың балалармен, басқа қызметкерлермен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, педагогикалық міндеттерді шешу тұрғысынан келгенде, бұл қарым-қатынастың тиімділігі–коммуникативтік қабілет пен құзыреттіліктің даму деңгейіне тәуелді екені белгілі. Қарым-қатынас білім берумен ғана шектелмейді, эмоционалдық еліктіру, қызығушылықты ояту, өзара әрекеттесу сияқты және т.б. қызметтерді де атқарады. Осы мәселеге байланысты бірқатар ғалымдар В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов педагогикалық мамандық қайтадан қалыпқа келтіруші және басқарушылық қызмет болып саналады деп көрсетеді. Сондықтан да бала тұлғасының дамуын басқару үшін ол өзі құзыретті болуы тиіс. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратындай оның теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде айқындалып, оның кәсіптілігін көрсетеді. Осы анықтаманы профессор Н.Д.Хмель қолдаса, ғалымдар Г.М.Коджаспиров, А.Ю.Коджаспировтар педагогтың кәсіби құзыреттілігі: ол оның педагогикалық қарым-қатынасын және педагог тұлғасы ретінде арнайы құндылықтардың, педагогикалық сананың, педагогикалық іс-әрекеттінің қалыптасқанын анықтайтын қажет білімді, іскерлік пен дағдыны меңгеруі болып табылады.

«Қарым-қатынас» ұғымының көп анықтамаларының ішінде біз оны «коммуникативті іс-әрекет» түсінігімен синоним деп қарастыратын (А.Н.Леонтьев, М.И.Лисина, Х.Т.Шеръязданова, Т.И.Суркова, Д.А.Исмайылова, Ж.А.Әбішева және т.б.) позицияларына жүгініп, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау етеміз. Қарым-қатынас дегеніміз – екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттесуі [2].

Қарым-қатынас – бұл олардың барысында танымдық және эмоциялық-бағалаушы сипатты ақпаратпен алмасу болатын, өзара әрекетті, өзара түсінікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі. Жағдайларға байланысты қатынас

эртүрлі аспектілерде: қызметтің ерекше түрі ретінде, қызмет шарты ретінде, қызметтің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде, өзара әрекеттесу ретінде, қарым-қатынас ретінде, белсенділіктің дербес түрі ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығуы мүмкін.

Қарым-қатынас құралы – бұл қарым-қатынас процесінде біреуден екіншісіне берілетін ақпаратты көшіру, жеткізу, қайта өңдеу және түсіндіру тәсілі. Адамдар арасындағы ақпарат сезім, сөйлеу мүшелері және басқа да белгілік жүйелер, жазбаша, техникалық құралдарға жазу және сақтау арқылы беріле алады.

Коммуникация ортақ түсінушілікке әкелетін екі жақты ақпарат алмасу болып табылады.

«Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады, тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс.

Коммуникациялық құзыреттілік – адамдармен тиімді қатынасты орната білу және өзін ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді [3].

Жалпы құзыреттілік бұл тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік, дағдылар жиынтығы болса, ал коммуникативті құзыреттілік ол адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуі, эртүрлі топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы әрқилы әлеуметтік рөлдерді орындауда және өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау іскерлігінің болуы деп саналады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (лат.*competere*– «қолжеткізу», «сәйкес келу» сөзінен шыққан) – балалар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда баланың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер бала сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені болып саналады.

Қарым-қатынастың коммуникативті құзыреттілігін жүйелі-ажырамас кезеңдегі мақсатты үлгіде қарау, төмендігідей түрде көрсетілген:

- коммуникативті-анықтамалық (алдағы коммуникативті қызмет жағдайында әлеуметтік-психологиялық жағдайды анықтау, әлеуметтік мүмкіндіктерді анықтау, әлеуметтік-психологиялық және онда жеке тұлғаның қарым-қатынасы басқа да қарама-қайшылықтарға тап болуы мүмкін);

- коммуникативті-бағдарланатын (қарым-қатынас бағдарламасын дайындайды, қарым-қатынас үшін мәтін жасайды, қарым-қатынастың қашықтығы мен ұстанымын, түрін таңдайды);

- коммуникативті-ұйымдастырылатын (қарым-қатынас туралы серіктестің назар аударуын ұйымдастыру, оның коммуникативті белсенділігін және т.б. ынталандыру);

- коммуникативті-орындаушылық (коммуникативтіжағдайдыанықтау, онда жеке тұлғаның таңқалысы, бұл жағдайдағы болжамды дамыту, маңызды жеке бағдарламадағы қарым-қатынасты ертерек жүзеге асыру).

Коммуникативті құзыреттілік – қарым-қатынастың нормалары мен ережесін білу оның технологиясын меңгеру сияқты «тұлғаның коммуникативті әлеуеті» атты кең түсініктің құрамдас бөлігі.

Коммуникативті әлеует – бұл адам мүмкіншілігінің сипаттамасы, ол оның қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Ол өзіне қарым-қатынаста құзыреттілікпен қатар, тағы да екі құрамдасты біріктіреді, олар: қатынас жасаудағы қажеттіліктің дамуын сипаттайтын тұлғаның коммуникативті қасиеттері, белсенділік танытуға қабілеттілігі, әріптестерінің жағдайына эмоционалды үндесу, қарым-қатынастың жекеменшікті бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру, қарым-қатынаста өзін ынталандыруға және өзара ынталандыруға қабілеттілігі.

Көптеген психологтардың пікірі бойынша, тұлғаның коммуникативті мәдениеті туралы айтуды оның сапа жүйесі ретінде:

- шығармашылық ойды;
- сөздік іс-әрекет мәдениетін;
- қарым-қатынаста өзін бейімдеу мәдениеті және өзінің жағдайын психоэмоционалды реттеуді;
- ым мен қимыл пластикасының мәдениетін;
- қарым-қатынас бойынша әріптестің коммуникативті іс-әрекетін қабылдау мәдениеті;
- сезім мәдениетін біріктіреді.

Коммуникативті құзыреттілік сияқты коммуникативті мәдениетте жайдан жай пайда болмайды, ол қалыптасады. Оның қалыптасу негізі адамдық қарым-қатынастың тәжірибесінен тұрады.

Коммуникативті құзыреттіліктің негізгі көздері мыналар: халықтық мәдениеттің әлеуметтік нормативтік тәжірибесі; халықтық мәдениетте қолданылатын тілдік қатынасты білуі; мерекелік емес ортада жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас тәжірибесі, өнерді қабылдау тәжірибесі.

Н.Е.Щуркованың жіктеуі негізінде біз келесі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың, сонымен қатар коммуникативті қызметтің функцияларын атап көрсетеміз [4].

Бірінші функция – әріптесті қарым-қатынасқа шақыру: ықылас білдіру, тілдесуге шығу, психологиялық қысымды түсіру, бейтаныстың алдындағы қорқынышты жою; қарым-қатынас сипатының түрін еркін таңдауға әріптестің көзін жеткізу, өзін бағалауды және өзіне сенімділікті арттыру, сонымен қатар басқа адаммен оның оңды қарым-қатынас жасауға сендіру.

Қарым-қатынастың екінші функциясы– тілдесуге шыққанда әріптесті қолдауға бағытталған, оның қиындықтарының бір бөлігін өзіне қабылдау, серіктеске аяушылық білдіру: оған көмек беру, оның ішкі дүниесіне қызығушылық білдіру, оның тұлғалық ерекшеліктерінің өзіне тән белсенді көріністерін қолдау және шабыттандыру. Серіктесу функциясы ортақ рөл атқарады: әріптеспен серіктес болу арқылы, біріншіден, басқаның ішкі дүниесіне еруге, рухани оқиғаларына кіруге қол жеткізілсе, екіншіден, өзінің «Мен» бөлігі басқалар алдында ашылады. Бұл функция коммуникативті қызмет үшін маңызды қасиет – эмпатияның дамуымен байланысты.

Кәсіби коммуникативтік қызмет – педагогтардың балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен қарым-қатынасы, процесс кезінде міндетті түрде қарым-қатынастың үшінші функциясы – тұлғаның жоғары функциясы іске асады. Жоғары функция тәрбиеленушіге ара-қатынас кезінде байланыстың осы заманғы мәдениет деңгейін сақтауға, рухани және физикалық күштің әсерінен рухани жаңа күш пайда болуға ықпал етеді.

Алайда, В.А.Кан-Калик өзінің зерттеулерінде білім беру процесін басқаруда педагог пен білім алушылардың коммуникациялық байланыстарын анықтаудағы және дамытудағы педагогикалық қатынастың рөлін қарастырады[5].

Дәлірек айтқанда, коммуникативтік құзыреттіліктер келесідей компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, конфликтология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі);

- коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

- эмпатияға қабілетті болу (түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу және т.б.);

- өзіндік бақылауға қабілеттілігі (көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттеу алу іскерлігі, әңгімелесушіні модельдей алу, жағымды психологиялық климатты тудыру, субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу);

- вербалды және вербалды емес қарым-қатынас мәдениеті (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, дәлелдеу техникасын және келісім-шарттарды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербалды емес құралдарды қолдану).

Қазіргі заманғы зерттеулерде берілген ұғымдарды талдау мен пайымдау жалғасуда, ол жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Осыдан аз уақыт бұрын коммуникативтік құзыреттілік «тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті

дағдылар мен икемділіктердің жиынтығы» деп түсінілсе, ал қазіргі таңда неғұрлым кең мағынаны қамтып, тұлғалық аспектіні кірістіріп отыр.

Сонымен, коммуникативтік құзыреттілік өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін қажет білімдер, икемділіктер мен дағдылардың жиынтығы және де тиімді коммуникативтік тұлғааралық қарым- қатынасты құруға негізделген тұлғаның ішкі жоспары ретінде қарастыруға болады.

Сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін сөйлеу тілінің қатынас құралы ретіндегі маңызын, сөйлеу дыбысын қабылдау ерекшелігін білуі тиіс, сондай-ақ адамның сөйлеу мүшелері құрылымы мен оны дамыту әдісін білуі қажет. Сөзу және қарым-қатынасты мазмұнды көрсете білу адамның нақты жағдайда эстетикалық қабылдау заңдылығын білмейінше оны қалыптастыру мүмкін емес.

Психикалық жағдайды өзіндік реттеу әрекетін жасау адамның психологиялық жағдайының маңыздылығы және бұл жағдайды басқару білу машығы болуын талап етеді. Бұл білімдердің барлығы педагогикалық қызметпен шұғылдануға шешім қабылдаған барлық жандарға аса қажет. Осы бағытта оларға көмек беру – басты міндеттердің бірі. Алайда, әркімнің алдында әлі де біршама жұмыстар атқару міндеті тұр, оның нәтижесі болатын өзі туралы мыналарды: өзінің психологиялық жағдайы және өз сөзінің ерекшеліктері туралы, өзінің басқа адамдармен өзара іс-әрекеті, сөз мәнері, әдеті, мінез-құлқы туралы білуі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 26 желт. // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf
2. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – 2-ші толықт., түзет. және қайта өнд. бас. /Орыс тілінен аударған М.А.Құсайынова. – Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
3. Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога. – М.: Московский Парнас, 2008. – 256 с.
4. Кан-Калик В.А. Техника педагогического общения. Учителю о педагогическом общении: книга для учителя. – М.: Просвещение, 1987. – 190с.
5. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. – Алматы, 2012. – 144б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қойшиев Қ.Е. п.ғ.к., аға оқытушы

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Жұмабек Г. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ-сы,
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются психологические проблемы формирования творческих способностей учащихся. Здесь анализируется сущность и содержание понятий «творчество», «способность», «творческая способность».

Summary

This article discusses the psychological problems of the formation of creative abilities of students. Here we analyze the essence and content of the concepts of «creativity», «ability», «creative ability».

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық т.б. үрдістері жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істейтін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын қажет етеді. Сондықтан, мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістер арқылы мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектін, шығармашылықпен ойлауын қалыптастыру, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше білім ала алу дағдыларының дамуына негіз салу.

Шығармашылық қабілетті қалыптастырудың психологиялық ережелерін басшылыққа алып қарастырғанда мұғалімнің дидактикалық дайындығына мына компоненттер кіруі керек:

- педагогикалық қызметке толық берілуі, оны дұрыс атқаруы;
- ақыл-ой әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясын білу;
- бала психологиясының жасқа байланысты ерекшеліктерін білу;
- шығармашылық процестің негізін меңгере білу;

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жас кезеңінде шығармашылық қабілетті қалыптастыруға тірек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Қабілеттілік – оқушының жеке психологиялық ерекшелігі. Ол жалаң білім мен дағды емес, соны тез игеру жолындағы табандылығы. Ол адам бойындағы жақсы қасиеттер, яғни олардың жиынтығы. Өзбек ғұламасы Әлішер Науаи өзінің «Ғажайып мәжілістер» атты еңбегінде адам тек рухани қабілеттілікпен туады. Оның негізі – еңбек деп тұжырымдады.

Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын жүйке жүйесінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптасып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре келе, бала қабілетінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді, тиімді пайдаланып қалуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілет олардың белгілі бір іс-

әрекетке бейімділігі арқылы көрінеді. Балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктің келешектегі олардың қабілетінің көрсеткіші екенін ескеріп, оқушының бейімділігін дер кезінде көре біліп, соған сәйкес келетін қабілеттерді қалыптастыру біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

П.Я.Гальперин: қазіргі кездегі оқушы мұғалімнің белсенді әсерінің объектісі – «білім толтырылуы тиіс құмыра» илеуге көне беретін «балшық» емес. Ол өсіп, дамып отыратын өзіндік тұлға. Оқушыны оқыту субъектісі ретінде қарай отырып қана бейнелеу өнері, дүниетану, еңбек, математика оқытудың мақсаты мен міндетін нәтижелі іске асыруға болады [1].

Л.М.Фридман: оқыту мен тәрбиелеудің барлық күрделі міндеттерінің жүзеге асырылуы, оқушының қаншалықты мөлшерде өзінің оқу-тәрбиелік қызметінің субъектісі болуына байланысты - деп көрсеткен болатын. Сондықтан да, педагогикалық үрдіс барысында мұғалім-тәрбиеші басты рөлге ие бола отырып, барлық уақытта оқушының қызмет субъектісі болуына ықпал жасауы тиіс [2].

Г.И.Волковтың пікірінше, білім беру жүйесі – өзіндік ақыл-ойы дамыған адамдарды даярлау талап етілуде. Білім беру жүйесі – өзіндік ақыл-ой «фабрикасы» болуы тиіс.

А.Е.Әбілқасымованың пікірінше, жеке адамның белсенділігі дегеніміз – серпімді» ізденімпаздық, ал ізденімпаздық – тұрақты белсенділік. Танымдық белсенділік пен ізденімпаздық әлеуметтік белсенділік пен ізденімпаздықтың түрлері болып табылады. Танымдық қажетсіну – белсенділікті және ізденімпаздықты қалыптастырудың қайнар көзі [3].

Шетел ғалымдары қабілеттің келесі түрлерін бөледі:

- интеллектуалды, оның түрі – академиялық;
- көркемдік, шығармашылық (креативтілік);
- модерлік немесе әлеуметтік психомоторлы немесе спорттық.

Біз осыған баланысты, біз зерттеу жұмысымыздың барысында қабілеттің шығармашылық түрін қарастыруды жөн көрдік. Көптеген ғалымдар шығармашылық қабілетті еңбектің өз бетінше түрі етіп бөлудің қажеті жоқ, - деп қарастырады. Шығармашылық қабілет – бұл тек жоғары деңгейлік емес, сонымен қатар оның өзгеруі мен дамуының ерекшелігі.

Шығармашылық қабілет – жоғары деңгейдегі қабілеттілік кешенінің барлығын, сонымен қатар баланың мотивациясын, оның іспен айналысудағы қызығушылығын да болжайды. Адам өз жұмысын шын ниетпен орындаса, ол сол іс-әрекет процесінде туылатын жаңа ой-пікірлерді іске асырады. Іс-әрекеттің бала инициативасы бойынша дамуының өзі шығармашылық. Мұндай теориялық түсініктің практикалық маңызды мәні бар, өйткені шығармашылық қабілетті балалармен жұмыс жасауда іс-әрекеттің ішкі мотивациясын қалыптастыру, жеке тұлға бағыттылығы мен бағалық жүйесі үшін жағдай құру қажет. Бұл жеке тұлғаның рухани қалыптасуына негіз болады.

Шығармашылықта психикалық процестер (ойлау, ес, қиял, эмоциялар т.б.),

психикалық күйлер (құмарлық, зерігу, яғни уайымдау мен қылықтың бірлігі) және индивидтің жеке тұлғалық қасиеттері байқалады (Н.Д.Ревитов, А.О.Прохоров) [4].

Шығармашылық қабілеттілік – оқушының жеке психологиялық ерекшелігі. Ол тек білім мен дағды емес, соны тез игеру жолындағы баланың ептілігі мен табандылығы. Әрбір іс-әрекет балаға психикалық жағынан да, физиологиялық жағынан да қатаң талап қояды. Шығармашылықты қабілеттің дамуы үшін оқушы бойында міндетті түрде талаптың болуы шарт. Талап, ұмтылыс болмаған жерде қабілет дами алмайды. Оқушылардың барлық пәндерден бірдей үздік болуы мүмкін емес. Өзі ерекше қадір тұтып, қадірлейтін пәндеріне ғана қабілеті, қарым-қатынасы ашылады.

Әрбір оқу пәнінің өзінің сипатты ерекшеліктері, өзінің заңдылықтары бар екені табиғи нәрсе. Олардан әрқайсысы оқытудың ерекше әдістері мен ұйымдастырушылық түрлерін талап етеді. Әрбір пәнді оқыған кезде оқушылар білімнің кейбір жиынтығын меңгереді және сол саламен байланысты белгілі іскерлік пен дағдыға ие болады. Оқу – адамның жеке басы танымының ерекше түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені таниды. Оқушы жаңаны тани отырып ең тура, қысқа жолмен жүреді. Оқу әрекеті, негізінен, баланың психологиялық даму кезеңдерін анықтайды.

Әрбір оқушы еркін дамып, оның ішкі даралық, дарындылық мүмкіндіктерінің ашылуын және педагогтардың шығармашылықпен нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мектепті басқару жүйесінің демократиялық пен ізгілік негізде құрылуының маңызы зор. Мектепті басқаруда авторитарлық стильдің орын алуы – басшылықтың мұғалімдерге, ал мұғалімдердің оқушыларға үстемдік көрсетуіне және бүкіл мектептегі моральдық хал-ахуалға, ұжымның-күйіне мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық бағытта қалыптасуына әрі дамуына кері әсерін тигізеді.

Шығармашылықты қабілет – өмір кілті, бақыттың тұтқасы. Шығармашылықты қабілетсіз өзінің бар адамдық қасиетінен және барлық құндылығынан айрылады. Адам өзінің жеке шығармашылық еңбегінсіз бір адым да алға ілгерілей алмайды. Шығармашылықты қабілеті арқылы адамның дене, адамгершілік, эстетикалық және ақыл-ой деңгейі дамып жетіледі. Қоғамда шығармашылық қабілет пен еңбектің әлеуметтік мәні және құндылығы арта түседі.

Мектепте шығармашылық қабілетті қалыптастыру – еңбек тәрбиесі жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Шығармашылық қабілетті қалыптастыру және кәсіптік бағдар, қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеп, жасөспірімнің азамат болып өсуінің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың көзі болып табылады.

Мектепте оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың басты үш міндеті бар: біріншіден, шығармашылық қабілетке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау; екіншіден, оқушыларды халық шаруашылығының салаларындағы шығармашылық еңбектің түрлерімен

таныстыру; үшіншіден, болашақ кәсіби-мамандықты таңдауға дайындау.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Сондықтан да, мектепте шығармашылық қабілетті қалыптастырудың мақсаты – оқушыларды еңбекке оқыту арқылы оған адал ниеттік қатынас орнату, еңбекті сүйу, еңбек адамдарын құрметтеу, еңбектің қарапайым әдістері мен құралдарын пайдалана білуге үйрету, материалдық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауға дағдыландыру. Ол үшін, оның міндеттеріне:

1. Біздің елде әрбір еңбек етуге жарамды адамның еңбек етуге міндеттілігін оның сенімі мен санасына орнықтыру.

2. Шығармашылық шығармашылық қабілетке деген қажеттілік пен талпынысқа тәрбиелеу.

3. Шығармашылық қабілетпен айналысуға қатысты білім, білік, дағды сапаларымен қаруландыру, тиімді шығармашылық қабілетпен шұғылдануға дағдыландыру.

4. Оқушылардың кәсіби мамандыққа даярлығын қалыптастыру, ол үшін олардың талап тілектері мен белгілі бір мамандыққа бейімділігін ескере отыра, болашақ мамандықты таңдауларына жағдай жасап, көмектесу т.б.

Шығармашылық қабілеттің мақсаты, міндеттері және мазмұны нақтылы қоғамдық тарихи жағдайға байланысты анықталып, жетіліп отырады. Балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесі Н.К.Крупская мен М.И.Калининнің теориялық еңбектерінде айрықша аталып, кеңес мектептеріндегі еңбек тәрбиесінің орны мен даму жолдарына үлкен мән берілді. А.С.Макаренко мен В.А.Сухомлинскийдің көпжылдық практикалық жұмыстары оқушылардың шығармашылық қабілетін коммунистік тәрбиенің негізгі факторына айналдырды. В.А.Сухомлинский бұл жетістікті шығармашылықпен дамытып, жетілдірді. Оған:

- Оқушылардың әртүрлі шығармашылық қабілетін тиімді ұйымдастыру және мектептегі оқудың бірінші күнінен оларды халық игілігі үшін белсенді шығармашылық іс-әрекетпен айналысуға баулу;

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып және азаматтық тұрғыдан жетілген етіп тәрбиелеу;

- Оқушыларды саналы түрде мамандық таңдауға және сынып, мектеп ұжымы мен өз ауылына пайда келтіру барысында белсенді еңбек етуге дайындау мәселелері. Сондықтан да осы жүйеде оқушыларды қоғам пайдасына қажетті еңбек етуге тұрақты сенімдерін қалыптастыру еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағыттың негізгі бір міндеті ретінде қарастырылды. Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру процесінде психологиялық тұрғыдан дайындаудың да маңызы ерекше. Шығармашылық қабілетке психологиялық тұрғыдан даяр болуы белгілі бір тәрбиелік жүйе құрып, мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Шығармашылық қабілеттің мақсат және міндеттерін жете түсіну;

2. Нәтижелі шығармашылық қабілетпен айналысуға қажетті түрткі тудыру;

3. Шығармашылық қабілет біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыруда еңбек сабақтарының және бір елеулі психологиялық тиімділігі бар. Балалардың алдағы жұмысты жоспарлау, ал одан кейін оны іске асырудың жолдары мен құралдарын табу іскерлігін қалыптастыру үшін еңбек сабақтарын жүргізудің мейлінше, жақсы жағдайлары бар. Әрине, бұл іскерлік басқа сабақтарда дамиды, бірақ белгілі бір мақсатқа сай дайындауда бала мейлінше кең және сырттан болатын талаптар жүйесінде ғана әрекет етеді. Елеулі елеусіз операцияны орындамай кетуге немесе басқалармен бірдей қажетті құралды қолданбай кетуге болады, мұның бәрі жұмыс қорытындыларынан айқын көрініп тұрады. Сондықтан еңбек сабақтарында бала өзінің іс-әрекеттерін жоспарлау тәртібін және оларды іске асыруға қажетті құралдарды алдын ала қарастыруды жедел меңгереді [5].

Е.А.Ауркин «Бастауыш сынып кезеңі» деген іргелі еңбегінде тіл қалыптастыру мәселесімен қатар бала организмін нығайтуға және шынықтыруға көп көңіл бөледі. Балалардың ойын мен шығармашылық еңбек үрдісіне қатысуы сияқты факторлардың бала денсаулығына жақсы әсер ететіндігін және оқу мен еңбек дағдыларын қалыптастырудың жолдарын кеңірек қарастыру керектігін атап көрсетеді. Ал, А.П.Усова бастауыш мектеп балалардың жеке тұлғасының қалыптасуына, бірлескен іс-әрекеттегі өзара қарым-қатынастарының дамуына еңбектің ықпалы мол екендігіне айрықша тоқталды.

Е.И.Тихеева бастауыш мектепте балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың ерекше әдісі оқуды еңбекпен ұштастыру керектігін жақтай отырып, күнделікті өмірде қолданып жүрген еңбек құралдарын пайдаланып, балалардың шығармашылығын іс-әрекетін ұйымдастыру қажеттігін, оқу мен еңбектің байланысын бастауыш мектеп баласы үшін маңызды таным жүйесі деп есептеді. Ғалымның «Оқу - еңбек, еңбек - оқу» өміріндегі көпке белгілі формуласы осыны анықтайды. Оқу баланың көңілін өсіріп, сергітіп қана қоймайды, сонымен бірге таным түсінігін де арттырады және ептілікті, сергектікті, тапқырлықты үйреніп бір-бірімен тіл табысып, қарапайым шығармашылық еңбек дағдыларын меңгере бастайды.

Д.В.Сергеева, Р.С.Буре, Е.И.Радина, О.Н.Стреляевалардың зерттеулерінде 6-7 жастағы балалардың шығармашылық-тұрмыстық еңбегін ұйымдастырудың педагогикалық негізі қарастырылып, мазмұны мен әдіс-тәсілдері ұсынылады. Еңбектің бұл түрі балаларды шығармашылық-тұрмыстық еңбектің мәні туралы түсінік алуға, қоршаған ортаны таза ұстау дағдысын қалыптастыруға жеңіл еңбек түрлерін ересектердің ескертуінсіз өздігімен орындауға дағдыландыру болмақ.

Сонымен, білім беру жүйесін қалыптастырудың мазмұнды сұраныстары және оқыту жүйесіндегі сәйкес мазмұнын қарастыру мен таңдаудың дәстүрлі әдістері арасында орын алып келген қайшылықтарды жеңуге бағытталады.

Әдебиеттер

1. Гальперин П.Я. К исследованию интеллектуального развития ребенка// Вопросы психологии. 1969. № 1.
2. Фельдштейн Д.И. Психология развивающейся личности. М.-Воронеж, 1996.
3. А.Е.Әбілқасымова. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. - 192 с.
4. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2008
5. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Дамыта оқытудың мәселелері: теориясы және практикасы. 6-том. Жетекшісі – акад. Ә.Н.Нысанбаев. – А., 2006

ӘОЖ 371.1

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Оразимбетова К.Ш. п.ғ.к., аға оқытушы

Әліпбек А.З. п.ғ.к., доцент м.а.

Райымбек А.Ы. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығы,
4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ-сы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается важность развития социальных интеллектуальных способностей будущих педагогов. Кроме того, здесь анализируется суть и содержание понятия «социальная интеллектуальная способность».

Summary

This article considers the importance of developing the social intellectual abilities of future teachers. In addition, the essence and content of the concept of "social intellectual ability" are analyzed here.

Бүгінгі күнде Қазақстанда жаһандық мәселелерге жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Жаңартулар жағдайында түзілген жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламалары ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар болашақ мамандардың білім сапасына қызмет атқаратындай жағдайды көздеп отыр. Сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді міндеттейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін дайындалып, ол өз кезегінде талап пен сұранысты қанағаттандыру жағдайында өзгертулермен толықтырылып келеді.

Осы орайда, қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңартулар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болуда.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектуалдық қабілетін дамытуда іс-әрекеттің субъектісі оқытушы мен студент бола алады. Ал енді біз, субъект, субъектілік түсініктері жайлы кеңірек тоқталайық.

«Субъект» ұғымы (латынша – subiectum - бастаушы) – болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Ол жайындағы ғылыми түсінік сана мен тұрмыстың, руханилық пен материалдықтың бөлінуі тұрғысындағы Дидро (1713-1784) заманынан бастау алады. Субъектінің өз «өмірлік кеңістігі» болады. Ол тұлғаның әрекетінің қозғаушы күші болып табылатын мотивациялық құрылымына енетін ұмтылыстары, ниеттерінен тұрады [1].

Субъект мақсат қояды, жоспарлайды, ұйымдастырады және оған жету жолын бақылайды. Демек, субъект іс-әрекет мазмұны мен формасын анықтайды. Бұл тұста біздің зерттеп отырған мәселеміздің жағдайында студенттердің ішкі мотивациясы негізінде белсенділігінің бастамасымен байланысты болады.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектуалдық қабілетін дамытуда субъективтілікті құрау жаңартылған білім берудің негізгі ерекшеліктерін талдап өтуді шарттайды. Олар:

- пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;
- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
 - бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) [2].

ЖОО-да болашақ педагогтерді дайындаудағы білім берудің жаңа көзқарасы әр студенттің өзін-өзі іске асыруында субъект болуын міндеттейді. Яғни, мұндағы үйлесімділіктің өзі әлеуметтік интеллектуалдық қабілеттілікті дамыту мәселесінде берілетін білімнің бірін-бірі толықтырып отыруын көздейді. Тұлғаның сыртқы себептермен бірге өзінің-өзіне белсенді ықпал етуі даму үрдісін жетілдіре түспек.

Осы тұрғыда, білімнің жаңа мазмұны бойынша үйлесімділік білім идеясы болашақ маманның әлеуметтік интеллектуалдық қабілеттілігі дамуы жолында субъект ретінде қалыптасуы мынадай критерийлермен өлшенеді:

- ойдың тереңдігімен қатар, әдеттегіден тыс жауап табу, жаңашылдық;
- ойдың кеңдігімен қоса, жүйріктігі, жаңа білімнің талаптарына сай уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялар санының біршама артуы;
- жаңартылған білім мазмұнының идеяларының іске асуы жолында ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы мен дамып

отыруы;

- өзінің әлеуметтік интеллектуалдық қабілеттілігі арқылы кәсіби жолында үнемі әдеттен тыс шешімінің болуы.

Адам интеллектуалдық қабілетінің көрсеткіші болып ойының тереңдігі, логикалық белсенділігі жатады:

- қызығушылық жан-жақты танып білуге бағыттылық, құмарлық. Бұл ойлаудың белсенді таным іс-әрекеті;

- ой тереңдігі – негізгіні жанамадан, қажеттілікті кездейсоқтықтан бөле алу қабілеті;

- ойлаудың белсенділігі мен жылдамдылығы – адамның кең қолданыстағы тәжірибесін басқа салалармен байланыстырылып, жылдам байланыстыру.

- ойлаудың логикалығы – зерттелетін объектінің барлық мүмкіндігі мен қабілеттілігін ескере отырып талқылаумен сипатталады;

- ойлаудың дәлелділігі – керек кезде заңдылықтарды, тұжырымдарды, қорытындыларды тиімді қолданумен сипатталады;

- сыни ойлау – кез келген қорытындыға ойша сыни баға бере алу;

- ойлау кеңдігі – сұрақты толық қамти алу қабілеті [3].

Әлеуметтік құзыреттілік – операциялдық ұғым, сондықтан оның уақыт шектеулері, тарихи шеңбері болады. Адамның өзгеріп отырған әлеуметтік жағдайдағы табысты әрекетіне кепіл ретінде жаңа әлеуметтік шынайылыққа және өзара әрекеттесудегі серіктестерінің күтулеріне жауап беретіндей мінез-құлық сценарийлерін шыңдау шығады. Болашақ педагогтердің әлеуметтік интеллектуалдық қабілетін дамытудағы кейбір негізгі функциялары – әлеуметтік ойлау, әлеуметтік бағдарлану, бейімделу, жалпы әлеуметтік және жеке тұлғалық тәжірибенің кірігуі. Шынайы адами мінез-құлықта әлеуметтік интеллектуалдық қабілеттілік пен әлеуметтік құзыреттілік кіріккен, өзара толықтырылып, бір-біріне өзара алғышарт болады.

Педагогикалық, психологиялық зерттеулер көрсеткендей, болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектуалдық қабілеттілігі мен мәдениеті олардың бойында келесідей адами сапалардың орнығуына тәуелді екенін көрсетеді:

1) интенционалдық – адамның өзіндік дамуына бағыттылығы;

2) креативтік – тұлғаның өзіндік шығармашылық орта құра білуі, кәсіби-шығармашылық орта құруға ынталы болуы;

3) жариялылық – білім әрекеттестігіне қатысушы барша субъектілермен тең құқықты, көңіл шуағын бірдей бөліскен қарым-қатынас түзе білу ептілігі және т.б.

Болашақ педагог мамандар үшін қарым-қатынаспен ұйымдастырушылық мүмкіншіліктері кәсіби жетістігі ғана емес, сонымен бірге болашақта өз кәсіби жолында икемділігі мен бейімділігі болып табылады. Тәжірибеде күрделі жағдаяттар көптеп кездесіп жатары анық, ал ол өз кезегінде болашақ маманның маңызды, нәтижеге бағдарланған шешімдерін талап етеді.

Оқытудың, өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі көрсетудің мақсаттарын үйлесімді ұштастыру, олар мынадай болуы мүмкін:

- инновациялық қабілеттерді дамыту мақсатында әрбір адамның шығармашылық қуатын сақтау және дамыту;

- білім саласындағы ерекшеліктерін ескере отырып, іс-әрекет түрлерінің (өзара ынтымақтастық, қарым-қатынас т.б.) әлеуметтік технологиясын кешенді ұштастыру;

- шешімдердің көп өлшемділігіне, өзгеше ойлауға төзімділікке және өзінің іс-әрекеттері мен қабылданатын шешімдер үшін жауаптылыққа негізделген дүниетанымды қалыптастыру.

The basis for building a model of distance learning language should be based not on a video lecture or even an interactive video seminar (which would be too expensive), but on a multimedia complex of educational interactive computer materials.

The student’s work with a multimedia complex of teaching materials in a distance learning model could be supported by constant educational contacts with a teacher, fellow students in a group, possibly with a partner (native speaker of the target language, learning the student's language) via e-mail and telephone or ideally interactive teleseminars, since for the successful learning of a language, the ability of a student to realize his achievements in conditions of natural communication is of decisive importance. Such contacts can be organized, for example, in the form of correspondence or conversations on certain topics covered by the multimedia course.

It should be said that with the help of multimedia technology, it is possible not only to bring the conditions of independent language learning as close as possible to

the conditions of teaching with a teacher, but also to obtain a number of significant advantages necessary for organizing effective distance learning:

- to make learning flexible, open at any time for any user, providing complexes of electronic textbooks and simulators with test systems that determine both the level of language competence and the cognitive style of language acquisition;

- to provide students with vivid, interesting, corresponding to their cognitive style of assimilation forms of presentation of educational material (both linguistic and linguistic and cultural), in the form of video lessons, educational short films, dynamic tables, and the like;

- to organize effective training of students in all types of speech activity in an independent mode in the presence of various types of assistance and control that satisfy each individual;

- to ensure the memorization of the typical in the language, demonstrating and practicing the same grammatical phenomenon on a large amount of lexical material and in a wide variety of computer, not implemented with the help of other information means (book, radio, cinema, video), exercises;

- to give the process of self-preparation of a student, even at the very initial stage of language learning, a problematic, creative, communicative character, using for this purpose all known means of visualization (graphics, animation, video, and so on);

- to achieve greater economic effect when replicating and using educational materials.

In the distance learning system, supported by constant contact with the teacher, the multimedia textbook can be improved (transforming into a hyper-textbook), since it becomes possible to control such creative types of language activities as writing and speaking.

Thus, using the created computer didactic materials (accordingly adapting them to the conditions of distance learning), testing systems and local networks, it seems not only quite real, but also necessary to build a micro-model of distance learning a foreign language at different stages of learning.

Literature:

1. Potapova R.K. New information technologies and linguistics: textbook. M., 2014. – 175 p.
2. Saykov B.P. Organization of the information space of an educational institution: A Practical Guide. M., 2005. – 136 p.
3. Karpenko M.L. Television training. M., 2008. – 207 p.
4. Polat E.S. Internet at foreign language lessons // Foreign languages at school. 2011. No. 2. - P. 14-19.
5. Teaching on the Internet: Textbook / Otv. ed. IN AND. Soldatkin. M., 2013. – 215 p.

ИНТЕГРАТИВТІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Апашова А.Қ.

Уалиханова А.С. магистр

Тоқтасынова А.Ғ. оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан

Резюме.

В статье рассмотрено, что в настоящее время способность к творчеству требует активного развития познавательной деятельности, изобретательности, творчества, самоотдачи. При этом, наряду с учителями, необходимо уделять большое внимание творчеству на пути к правильному совершенствованию подрастающего поколения в государстве. То есть, в нашем государстве всеобщее изучение предмета самопознания является единственным предметом, который открывает возможности для самосовершенствования, а не количественной оценки знаний ребенка.

Summary.

The article considers that at present the ability to create requires the active development of cognitive activity, ingenuity, creativity, and honesty. In addition, along with teachers, it is necessary to pay great attention to creativity on the way to the correct improvement of the younger generation in the state. That is, in our state, the universal study of the subject of self-knowledge is the only subject that allows self-improvement, and not a quantitative assessment of the child's knowledge.

Өзін-өзі тәрбиелеу жеке адамды қалыптастырудағы қоғамдық міндетті атқарады. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке адамның өнегелі-психологиялық қасиеттерінің қалыптасуда мақсатты, ерікті, саналы үрдіс. Қазақстандағы «Өзін-өзі тану» пәні өз алдына ғылым ретінде тікелей болашақ жастарды тәрбиелеу мен жетілдіруде тікелей жұмыс атқарады. Осы орайда өзін-өзі тану пәніндегі шығармашылық тапсырмалардың негізгі қызметінің маңызы зор.

«Өзін-өзі тану» – жаңа интегративті пән, оның мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік мұраттарына сүйене отырып оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Бұл пән әрбір жас жеткіншекке өз өмірінің мәнін түсінуге және осы өмірдегі мақсаты мен мұраттарын анықтауға, шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін ашуға, қоғамдағы өз орнын табуға, өзі мен өзгелерді, сонымен қатар, өзін қоршаған әлемді бағалай білуге үйретуді көздейді. Сол себепті, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәні жеке тұлғаның азаматтық белсенділігін арттыруға, руханиадамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды мақсат тұтады.

Осы орайда, өзін-өзі тану пәнінің мазмұндық – құрылымдық жүйесін теориялық дәйектеген қазақстандық ғалымдардың үлесі зор.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін теориялық тұрғыдан дәйектеген Қазақстандық ғалымдар

К.Ж. Қожахметова педагогикалық және этнопедагогикалық тұрғысынан қарастырды

М.Х. Балтабаев оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мәденилік тұрғысынан қарастырды

Х.Т. Шерьязданова рухани-адамгершілік білім берудегі психологиялық тұрғысынан қарастырды

«Өзін-өзі тану» пәні тәрбиешіге өзінің педагогикалық қабілетін танытуға мүмкіндік туғызады. Әрбір сабақты дайындап, өткізу саралауды, шығармашылық ізденісті талап етеді. «Өзін-өзі тану» пәнінің жүргізілуі барысында өзіндік өзгермейтін, міндетті бірнеше негізгі мәселелер бар.

Олар:

әр балаға жеке дара тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау;

балаларға өз іс-әрекетін жоспарлау және дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы таңдаулары мен дамуын іске асыруға көмектесу;

баланың өмірлік дағдысын түгел қамту және олардың өмірді қабылдаудағы жас ерекшелігі ескеріледі.

балаларға үйретуші емес, тек бағыт беруші болғаны дұрыс,

балаға жеке тұлға ретінде қарай отырып жеке тұлғаның бірін-бірі түсінуі, әбиешімен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғыза алуы керек.п, оның жеке даму ерекшелігін басты назарда ұстау;

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «Оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады»-дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі оқушының өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни оқушының шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады. Шығармашылық жұмыста, әсіресе, оқушы қиялының орны ерекше. Бұл жөнінде М. Жұмабаевтың айтқан тамаша пікірі бар: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында,

хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «...Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы-қазақ баласы қиялқұмар болуға тисті».

Өзін-өзі тану пәнінде «шығармашылық жұмыс» - балалардың әр түрлі өнер саласы бойынша жеке қабілеттерін айқындайтын әдіс-тәсіл. Шығармашылық жұмыс қолөнер, сурет салу, макеттер жасау, өлең, өңгіме, ертегі құрастыру, тағы да басқа көптеген шығармашылықтар түрінде өткізіледі. Бұл тәсіл - әр баланың езімдік жеке қабілетін, дарынын, шабытын ашып, өрқайысының жеке «менін» көрсете алатын тәсіл. Ал ұйымдасып, бірлесе жасаған шығармашылық өрекет сынып оқушыларының ынтымақтастығын, шыдамдылығын, тіл табыса білу дағдыларын қалыптастырады.

Өзін-өзі тану оқулығы 1,2,3,4 сыныптарда бірдей тарауларға бөлінгенімен әр сыныптағы оқушылар жас ерекшеліктеріне сай тақырыптар мен тапсырмалар беріледі.

Өзін өзі тану оқулықтарының 2019-2020 жылдарға арналған оқулықтардағы шығармашылық тапсырмалардың оқулықтардағы негізгі бағыттары

Сынып	Авторлары	Мазмұны
1 сынып	Р.Ә. Мұқажанова, Г.А.Омарова, Р.О.Ізғұтынова, т.б – алматы, 2016. – 156 б.	Жалпы адамзаттық құндылықтар –Ақиқатты тану, Сүйіспеншілік, Дұрыс іс әрекет жасау, тыныштыққа бөлену, Қиянат жасамау мәнін ашу. Ар-ұжданды сақтап, адал жолмен жүру, отбасылық құндылықтар мен жақсылық жасауға үйрету
2 сынып	Р.Ә. Мұқажанова, Г.А.Омарова, Ж.Ж.Әкімбаева, Р.О.Ізғұтынова, Г.У. Көшкеева, Н.М.Оналбаева, Б.С.Ахатаев, т.б – алматы, 2017. – 144 б.	Жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіру. Ар-ұжданды сақтап, адал жолмен жүру, отбасылық құндылықтарды, мейірімділік, жақсылық жасау, дос бола білуге үйрету.
3 сынып	Ізғұттынова Р.О., Мұратханова Р., Оралбекова Ә.Қ. – Алматы, 2018. – 160 б.	Рухани адамгершілік білім беру,қазақ халқының мәдени мұрасымен таныстыру, кітап оқу, білім алу пайдасын тсіндіру, елжандылық, жомарттық, көмек кқрсету және бейбітшілікте өмір сүру маызын түсіндіру.
4 сынып	Ізғұттынова Р.О.,Оралбекова Ә.Қ., Тәттімбетов Қ.Д. – «Бөбек» ҰҒПББСО, алматы 2019,.- 160 б.	Адамның өмірлік мақсаты, мінезі, ішкі сұлулығы туралы білетін білім беру. Отбасындағы өзара түсіністіктің, өзара сыйластықтың, отбасы дәстүрлерінің мәнін ұғындыру. Дербестік және жауапкершілік, батылдық пен табандылық

		сияқты қасиеттерді бойға сіңіру. Ар-ұждан ілімі, азамат болу жөнінде білімдеріңді нығайтасыңдар. Табиғаттың күші, судың қасиеті, туған жердің әсемдігі, жердің қадірі туралы т.сінік қалыптастыру.
5 сынып	Р.О.Ізғұттынова, Ә.Ұ. Оралбекова, Б.Ш. Алиев, Г.Ө. Көшкеева. – Алматы, 2017. – 160 б.	Өзін-өзі тануға, өзіндік мақсаттарын айқындауға үйрету, адамдарға айнала ортаға ізгілікті қарым-қатынас жасауға үйрету, ада мен табиғат үйлесімділігін көрсету.
6 сынып	Нуркеева С., Алиев Б.Ш., бақаш Е. – Алматы, 2018. – 144 б,	Жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде, дербестік және жауапкершілік, батылдық пен табандылық сияқты қасиеттерін бойға сіңіру. Ар-ұждан ілімі, азамат болу жөнінде білімдеріңді нығайтасыңдар. Табиғаттың күші, судың қасиеті, туған жердің әсемдігі, жердің қадірі туралы т.сінік қалыптастыру.
7 сынып		Туған жерді қадірлеу, отанды құрметту, табиғатты аялау және денсаулықты сақтауға үйрете отырып өз-өздерімен үндестікте өмір сүруге үйрету.
8 сынып	Мұратханова Р., Ізғұттынова Р.О., алиев Б.Ш. – Алматы, 2018. – 144 б.	Өздерінің бойында ашылмаған қасиеттеріне ден қоя отырып, оларды дамытуға йрету және қоғамға қызмет ету арқылы нені үйренуге болатынын түсіндіру.
9 сынып	С.Нуркеева, Б.Ш.Алиев, Р.К. Бердибаева. – «Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы, 2019. – 192 Б.	Өмірдің мәні, болашақ өмір жолын таңдау деген не? Адамның еркіндігі, белсенді өмірлік ұстаным деген не? Қоғамдағы, отбасындағы әйел мен ер адамның орны мен рөлі қандай? Адамның рухани сұлулығы деген не? Сонымен бірге күнделікті өмірде түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес шешуге үйрету. Рухани-адамгершілік құндылықтар сіздерге отбасындағы, ауладағы, мектептегі, қоршаған ортадағы өзара сыйластықты түсініп, халық даналығы, ата-баба

		дәстүрі және ұрпақ сабақтастығы туралы пайымдап, өмірде адамдардың бір-бірімен үйлесімділікте болуы керектігін үйретеді.
10 сынып	Л.Джубатова, Ж.Ж.Акимбаева, С.Нүркеева – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 156 б.	Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім алудың жаңа кезеңі басталды. Сендер бақыт, сүйіспеншілік, адалдық, шынайылық, еңбекқорлық, борыш деген ұғымдардың мәнін ұғына отырып, олардың адам өміріндегі орны мен маңыздылығын түсінетін боласыздар.
11 сынып	Ж.Б.қажығалиева, Р.О.Ізғұттынова, Е.сағымбаева. Алматы. «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010. – 168 б.	Өмірдің мәні, болашақ өмір жолын таңдау жолындағы кедергілерді түсіну және жеңу болып табылады.

Өзін-өзі тану пәніндегі шығармашылық тапсырмалардың берілуі дәйексөз және мәтін айдарынан кейін беріледі. Дәйексөз және мәтін айдарлары сабақтың негізгі мақсаты мен құндылықтарын ашып көрсету арқылы, оқушылардың бойына жаңа қасиеттер мен олардың мәні мен маңызы туралы түсінік қалыптастыра алады. Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың тақырып аясында және мұғалімнің көмегімен өз ойын жүзеге асыруға, өзіндік талап пен тәртіпке сай жүйелеуге көмегін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Ерғалиева Г.А. Өзін-өзі тану пәнінен дәрістер жинағы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2011. - 148 б.
2. Ахметова А.И., Базарбекова Р.Ж. Формирование общечеловеческих ценностей как фактор нравственно-духовного становления личности, // «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы» халықаралық педагогикалық оқулар материалдары, 2012. – 290 б.
3. «Өзін-өзі тану» пәніне кіріспе: Оқу құралы / Авторлары Б.Қ. Құдышева, Г.Ж. Жұманова, С.С.Нүркеева, Д.Е. Серовская. – Алматы, 2007. – 140 б
4. Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И «Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен ықпалдасқан тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру» Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. - Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. –135 б.

ӘОЖ 37.016:53

ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бердалиева Т.Д. п.ғ.к., доцент

«Сырдария» университеті, Жетісай, Қазақстан

Резюме

Статья посвящена вопросам формирования физических понятий. Рассмотрены значение, особенности, уровни, этапы и методические основы формирования научных понятий при изучении курса физики в средней школе.

Summary

The article is devoted to the formation of physical concepts. The significance, features, levels, stages and methodological foundations of the formation of scientific concepts in the study of a physics course in high school are considered.

Физика мұғалімінің оқу жұмысындағы ең маңызды міндеті оқушылардың абстракты және логикалық ойлауын қалыптастыру және дамыту үрдісінің бөлінбес құраушысы физикалық ұғымдарды қалыптастыру болып табылады. Физикалық ұғымдарды игеру деңгейі білімді меңгерудегі табысқа жетуімен дәлелденеді және оқу материалын оқып-үйренуде ары қарай жылжуының кепілі болып табылады.

Әртүрлі оқымыстылар ұғымға әртүрлі анықтама береді. Бірақ барлық анықтамаларда осы психологиялық категорияның жалпы белгілері көрінеді: адамның ақыл-ой еңбегінің жемісі – ой, онда заттың жалпы, елерліктей, және заттың өзіндік белгілерінен айрықша белгілері немесе шын мәніндегі құбылыстар бейнеленеді. Осындай анықтаманы талдай отырып, ұғым дегеніміз адамның өзін қоршаған ортасын тану нәтижесі екендігін қалыптастыруға болады, олардың білімі жеткілікті және жинақталған формадағы ойдың үнемді өрнегін іздеуге талпындырады.

Ұғымның мазмұны және айтылу формасы тұрақты, қатып қалмайды. Құбылыстың мәніне тереңдеп немесе объектінің қасиетін оқып үйреніп, оның сипатты белгілерін, олардың мағыналық тереңдігін анықтауға алып келеді. Ұғымның диалектикалық сипаты анықтау үрдісінде осы ұғымдарды алып тастап, оларды жетілдірілген, ғылыми тұрғыдан сенімдірек ұғымдармен алмастырып отырумен байқалады. Уақытында магниттік моноөріс ұғымы жемісті болса, электромагниттік өрісті дәлірек зерттеуден кейін алып тасталынды.

Ғылымда жаңа ұғым негізінде жаңа теория пайда болады, олар өзіне жалпы белгілері бойынша, бағынуына және өзара байланысына сәйкес әртүрлі ұғымдарды біріктіреді. Ұғымның осындай ерекшелігінің нағыз мысалы квант ұғымы негізінде кванттық теорияның жасалуы.

Дидактикалық мағынада ұғым әлемді танудың аралық категориясы болып табылады. Құбылыстар мен объектілердің жалпы табиғи өзара байланысы ұғымдардың арасындағы байланыста жүзеге асады. Табиғатты біртіндеп зерттеу ұғымдардың қалыптасуындағы белгілі бір біртінділікті көрсетеді. Бұрын қалыптасқан ереже ретінде ұғымды игеру жаңа ұғымның қалыптасуының базасы ретінде қарастырылған. Кернеу ұғымын қалыптастыру үшін электр өрісі, электр заряды, жұмыс ұғымдарын білуі қажет. Үдеу ұғымы оқушы жылдамдық ұғымын игермей жатып, қалыптаса алмайды және сол сияқты [1].

Оқушыларда физикалық ұғымды қалыптастыру көздері мыналар:

– оқушылардың өмірлік тәжірибесі - ол эмоционалды бейнелі мінезді болса, бұл оқу материалының белсенділігін артырады, табиғаттағы құбылыс

және объектілердің түрін сиқысыз етіп көрсетіп, физикалық ұғымның қалыптасуын қиындатады;

– мұғалімнің физика сабағында берген оқу материалы - бұл материал ғылыми сенімділік жоспарында ең жақсы эффект береді, қалыптастыру нәтижесі мұғалімнің шеберлігіне айтарлықтай байланысты болады;

– басқа пәндерді оқып үйрену – бұл материал пән аралық байланыс категориясына жатады және оның эффективтілігі осы байланыстарға қатысты дидактикалық талаптарды орындағанда жүзеге асады;

– стихиялық қалыптасу - ұғымның үлкен беріктілігін қалыптастырады, бұл ұғымды дұрыс емес қолдануға жағдай жасайды, ол генерацияның пайда болуына әкеледі.

Мұғалім физикалық түсінікті қалыптастыру кезінде оқушылардың бастапқы білімінің және ұғымының деңгейін анықтап, ескеріп, осыған сәйкес оқушылармен жұмыс жасау стратегиясын таңдап алуы керек.

Ұғымды қалыптастырудың екі түрі бар:

- дәстүрлі – тану үрдісі «нақтылықтан абстрактылыққа» схемасы бойынша өтеді; жинақтау ұқсас құбылыстарды, объектілерді, қасиеттерді талдау негізінде жүргізіледі;
- Давыдовше – алдымен ұғымның анықтамасы, содан кейін табиғаттың құбылыстарымен объектілеріне қатынасы беріледі.

Мұғалімдердің көп жылдық тәжірибесі және кең ғылыми зерттеулер негізінде ең үлкен дидактикалық эффект беретін физикалық ұғымдарды қалыптастырудың анықталған жұмыс жүйесі қалыптасты.

Олар келесі компоненттерден тұрады:

- оқулықпен жұмыс, бақылау негізінде елеулі белгілерін бөліп алу;
- анықтамадағы елеулі белгілерін синтездеу;
- арнаулы жаттығулар арқылы белгілерді дәлелдеу;
- берілген ұғымды оған ұқсастарынан ажырату;
- берілген ұғымдар мен басқаларының арасындағы байланыс пен

қатынасты қалыптастыру;

- физикалық есептерді шешуде ұғымдарды пайдалану;
- физикалық ұғымдарды классификациялау және жүйелеу.

Мұндай жүйе егер оны жүзеге асыру үшін белгілі бір жағдай жасалмаса, өздігінен дидактикалық эффект бермейді:

- оқушылардың белсенді ақыл-ой жұмысын ұйымдастыру;
- негізгі дидактикалық міндеттерді мақсатқа ыңғайлап шешу;
- дидактиканың негізгі принциптеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету;
- оқу жұмысының формасы мен әдістемесінің жан-жақты болуын

қарастыру;

- сыныпта және үй тапсырмасын орындау кезінде жүйе бірдей болуы тиіс.

Физикалық ұғымды қалыптастыру әдістемесін орындалмауының, оқушылардың физикалық ұғым жөнінде білімінде кемшіліктердің болуының себептері:

– оқушылар ұғымның физикалық мәнін аша алмайды, сол немесе басқа ұғым болып шығатын физикалық құбылыстар және физикалық объектілердің қасиетін сипаттай алмайды;

– оқушылардың білімін жаңғырту үрдісінде физикалық ұғымдардың көзге түсетін белгілерінен жаңлысады, ұғымдарды ажырата алмайды немесе дұрыс емес пайдалынады ;

– оқушылар ұғымдардың арасындағы байланыс пен қатынасты орната алмайды;

– ұғымды классификациялау дағдысының болмауы.

Оқу жұмысының кез келген түрі белгілі бір дидактикалық эффект беруі керек. Мұғалімнің жұмысының нәтижелілігін физикалық түсінікті қалыптастырған критериясына қарап айтуға болады. Қазіргі заманғы дидактикада физикалық ұғымдардың қалыптасуын төрт деңгейге бөледі.

Бірінші деңгей зат немесе құбылыс жөнінде диффузиялық – шашыранқы оймен сипатталады. Оқушы бір затты екінші заттан ажыратқанымен, оны жүзеге асырып тұрған белгілерді атай алмайды.

Екінші деңгей оқушы ұғымның белгілерін көрсете отырып, оның елгерліктей белгілерін елеусіз белгілерінен ажырата алмауымен сипатталады.

Үшінші деңгейде оқушы барлық елеулі белгілерді меңгеріп, бірақ жеке мысалдарға қатысты олар жүйелі болмайды.

Ең жоғарғы, *төртінші деңгей* ұғымның жинақталғандығымен, берілген ұғымның басқа ұғымдармен елеулі байланыстары меңгерілгендікпен, оқушы ұғымға еркін сүйене алумен сипатталады [2].

Оқушыларда ғылыми ұғымдарды ойдағыдай қалыптастыру үшін мұғалім бір тұтас шарттарды сақтау керек:

– Мұғалімдердің ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасағанда, ұғымды анықтауды талдауда, оларды жоғарғы оқу орнындағы және мектептің оқулықтарында интерпретациялау негізінде қалыптасқан ұғымдардың қазіргі заманғы мазмұнын білу.

– Түсініктің мүмкін болатын пайда болу көздерін және қалыптасқан ұғымның сапасына оның әсерін білу.

– Ұғымның қалыптасу кезеңдерін сақтау.

– Ұғымның қалыптасуының барлық кезеңдерінде оқушылардың танымдық жұмысын ұйымдастыру.

– Ұғымды меңгерудің сапасына жылдам бақылау жасау, ұғымды меңгеруде жіберілген қателіктер неғұрлым тез байқалса, соғұрлым оны жою жеңіл болады.

– Әрбір ендірілген ұғымды дәлелдеу, оқушылардың алдында оның ғылыми ұғым жүйесінде және практикадағы мәнін және орнын ашып көрсету.

Физикалық ұғымдарды кезеңімен қалыптастырудың әдістемесін қарастырайық.

I кезең. Физика сабағында оқушылардың физикалық ұғым жөнінде бастапқы танысуы үшін мыналар пайдалынады:

– осы ұғым көрінетін физикалық құбылысты демонстрациялау;
– оқып үйренетін ұғымды иллюстрация жасайтын фронтальды зертханалық жұмыстарды, тәжірибелерді орындау;
– өмірден оқылатын ұғымның мағынасын білдіретін мысалдарды қарастыру.

2 кезең. Физикалық ұғымның анықтамасы.

Оқып үйренетін ұғымның ерекшелігіне байланысты мұғалім оқушыға оның ауысша анықтамасын (тұжырымдамасын) береді, физикалық мағынасын қарастырады немесе ұғымның математикалық моделін сипаттайды.

3 кезең. Оқып үйренетін ұғымның математикалық конструкциясын құру символдық формада математикалық моделді жазу және ұғымның бірлігін оқып үйренумен ұйғарылады.

4 кезең. Физикалық ұғымды қалыптастыру эффективтілігін жоғарылату үшін ұғымның пайда болуын, даму тарихын және техникалық қолданылуын көрсеткен жөн..

5 кезең. Пән ішілік және пән аралық байланыстар айқындалады. Физиканы оқытуда бір ұғым әртүрлі бөлімде оқытылады. Физикалық ұғымды қалыптастыру кезінде пән аралық байланысты қолдану мұғалімге бұрын өтілген материалға сүйеніп, ұғымның мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді. Пән аралық байланысты қолдану физикаға басқа ғылымның білімін ендіруге қабілеттендіреді, ол оқушылардың ой өрісін кеңейтеді.

6 кезең. Оқып үйренген ұғымды практикада қолдану оқушыларға оқылған түсінік жөніндегі алған білімін практикада қолдануға мүмкіндік береді: Қарастырылатын ұғым көрінетін физикалық құбылыстарды иллюстрациялайтын сапалық және сандық физикалық есептерді шешу үрдісінде, фронталды зертханалық жұмыстарды және тәжірибелерді орындауда қолданылады.

7 кезең. Ұғымның физикалық маңызын толығырақ түсіну үшін қарастырылатын физикалық ұғымның қолдану шекарасын анықтау қажет.

8 кезең. Физикалық ұғымның мазмұнын методологиялық талдау оның философиялық, жалпығылыми және нақты-ғылыми мазмұнын айқындайды. Ұғымның философиялық мазмұны абстракциялау және жалпыға бірдейліктің жоғарғы деңгейі болып табылады. Ұғымның жалпы ғылыми мазмұны бірлік мезеттерін, үйлестік, объективті шындықтың және оны тану үрдісінің байланысын, оның жалпы және инвариантты шектерін ескеріп, қасиетін, ғылыми білімнің жалпы аумағы үшін тенденцияны айқындайды. Ұғымның нақты-ғылыми мазмұны білімнің осы аумақтағы тікелей генетикалық және пәндік-мазмұндық байланысын сипаттайды. Ғылыми ұғымның физикалық мазмұны зерттеу объектісінің қасиетін және сипатының өлшемімен байланысты. Ұғымның сол немесе басқа мазмұнының болуы оның ортақтық дәрежесіне тәуелді.

9 кезең. Ұғымды игеру оқушылардың белсенді ойлауымен байланысты, демек, ұғымен жұмыс істей отырып, оқушылардың алған білімдерін жүйелеуге

үйретуге болады. Физикалық ұғымның қалыптасуын методологиялық тұрғыдан жүзеге асырудың тәсілдерінің бірі сабақта физикалық ұғым толығырақ қарастырылатын жүйелейтін кестелер мен схемаларды пайдалану болып табылады. Физикалық ұғымның мазмұнын жүйелеу орта мектептің жоғарғы сыныптарында физикалық практикумдарды жүргізу арқылы жүзеге асады.

10 кезең. Физикалық ұғымды қалыптастыру үрдісінде алған білімді жинақтау қажет. Физика сабағында алған білімді жинақтауды жинақтайтын кестелер мен схемаларды пайдаланып жүзеге асыруға болады. Оларда физикалық ұғым әлемнің физикалық көрінісінің өрістеу концепциясында қарастырылады. Физикалық ұғымды қалыптастыру кезіндегі бұл адымның соңғы мақсаты зерттелетін ұғымның заңдылықтары мен қасиетін ашу, жүйелеу және жинақтау болып табылады.

11 кезең. Оқушыларға физикалық ұғымды қалыптастыруда алдыңғы іс-әрекетті талдауға және жасаған іс-әрекеттің нәтижесін түсінуге, зерттелген ұғымдарды анықтау және басқа ұғымдармен салыстыруға, оны меңгеру қаншалықты қиын болғанын, осы ұғымды зертеу үрдісінде қандай қиындықтар кездескеніне рефлексия көмектеседі [3].

Оқушыларға келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады

1. Не орындалды?
2. Қалай орындалды?
3. Ұғымды з оқып білу кезінде қандай қиыншылықтар кездесті?
4. Неге?
5. Барлығынан ең жақсы сәтті болғаны не?
6. Неге ол жақсы сәтті шықты?

Жоғарыда атап көрсетілген оқып үйретудің мақсатына физиканы оқыту үрдісінде қол жетеді, оның нәтижесі оқушыларда физикалық ұғымдар жүйесінің қалыптасуы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б.
2. Аққошқаров Е.А. Физикалық ұғымдарды қалыптастыру және терминдерді меңгерту тәсілдері: Мұғалімдерге арналған құрал / Е.А. Аққошқаров.- Алматы: Мектеп, 1986.- 136 б.
3. Формирование физических понятий у учеников средней школы Методика обучения физике в средней школе /<https://fizmet.org/ru/L15.htm>

МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Абдраманова Н.Ш., Құлмахан Н.С., Бахрамова Г.А.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются вопросы современного состояния психологического развития школьников в области психолого-педагогических исследований. Следовательно, обучение должно вести за собой развитие, т.е. основываться на зоне актуального развития (те возможности и способности, которыми обладает ребенок к моменту обучения) и ориентироваться на зону ближайшего развития (показатель потенциальных возможностей ребенка к обучению как способность адекватно воспринять помощь взрослого, определяющая меру этой помощи).

Summary

The article deals with the current state of psychological development of schoolchildren in the field of psychological and pedagogical research. Therefore, learning should lead to development, i.e. be based on the zone of actual development (those opportunities and abilities that the child has at the time of learning) and focus on the zone of immediate development (an indicator of the child's potential for learning as the ability to adequately perceive adult help, which determines the measure of this help).

Қазіргі таңда психолог іс-әрекетінің ғылыми зерттеулер, оқыту және адамдарға психологиялық көмек көрсету сияқты іс-әрекетінің негізгі үш түрі бар. Ғылыми зерттеулер теориялық және қолданбалы сондай-ақ диагностикалық деп жіктеледі. Психология бөліміндегі мұғалімдік іс-әрекет орта мектептен бастап жоғары білім мен магистрлік даярлыққа дейін білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәжірибеленеді. Психологиялық көмек көрсету психологиялық білім білімнің кейінгі дамуы мен оның әлеуметтік тұрғыда таралуымен шектелмейтін тәжірибелі психологиялық міндеттерді шешу үшін психологиялық теориялар мен әдістердің қолданылуын анықтайды. Дәл осы іс-әрекет кең мағынадағы практикалық психология деп аталады. Практикалық психология бұл психологияның пәні – психологиялық көмек көрсету, яғни психологтардың нақты адамға, оның проблемаларына, сұраныстарына, қажеттіліктеріне және т.б. бағытталған практикалық іс-әрекеті болып табылатын бір саласы [1].

Білім беру жүйесінде оқушыларды психологиялық дамыту, педагогтардың психологиялық білімін арттыру мақсатында психолог іс-әрекет етеді. Бұл салада психологтың қызметін И.В. Дубровинаға сүйіне отырып тікелей және жанама әсер ету деп қарастыруға болады [2].

Тікелей әсер ету деп психологтың оқушылармен тікелей қатынас жасауын айтамыз. Жанамалы психологиялық қызметте психолог мұғалім арқылы оқушыларға, ата-аналарға әсер етеді. Сөйтіп, психолог педагогтармен бірлесіп іс-әрекет етеді, олай болса бұл жерде психологтың ең бірінші мақсаты – педагогтармен тіл табысу, өзара бірлесе әрекет ету. Бұл өте күрделі әрі қиын үрдіс, ол үшін өзара қарым-қатынастың тең құқылы әріптестік формасын құру

қажет. Психолог пен педагог оқушылар туралы ақпараттармен алмасып, оқыту және тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін қарастырады.

Психолог білім беру мекемесіндегі тәрбиешілер мен педагогтарға «Жедел жәрдем», балаларға «күтуші» ретінде емес, кәсіби маман ретінде келеді. Психолог педагогикалық ұйымның бір мүшесі және ол балалардың психикалық дамуын, психологиялық денсаулығын қамтамасыз етеді. Психолог өз жұмысында кәсіптік біліміне, индивидуалды психикалық дамуына, психологиялық іс-әрекет пен адамның мінез-құлық мотивтеріне, тұлғаның онтогенез кезіндегі дамуына сүйенеді.

Практик психолог балалар бақшасында, мектепте, интернатта жұмыс істей отырып, әр-түрлі жас аралығындағы оқушылармен жұмыс жүргізді. Өзіндік жағдайды анықтауда психологиялық даярлық біртіндеп, баланың туғаннан бастап – үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы кіреді.

Психолог баланың психикалық даму шарттарының жолдарын анықтайды. Мұндағы психикалық даму заңдылықтарының зерттеу нәтижелері психикалық үрдіс ерекшеліктерімен, соны-мен қатар оқу іс-әрекет ерекшеліктерін нығайтудағы психологиялық әдістердің негізінде жатыр.

Үрдістердің сенсорлы - перцептивті зерттелінуі, жадының, ойлаудың, қызығушылық қызметтің құрылулары және оның дамуы ерекшеліктері заңдылық аймақтар және психомоторлық мінез-демелер кіші оқушылардың ерекшеліктерінің аймақтарын айқындауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып жастағы оқушылардың мотивациялық аймағы, сана-сезімнің және өзін-өзі бағалаулары, мінез-құлық, әлеуметтік хабардар болулардың және т.б даму ерекшеліктері көрсетілген.

Бұл күнде осы сөздің авторы чехиялық Ян Амос Коменскийді көпшілік қолдайды. Бірақ бұндағы дауыл мәселе – білім беру, білім алу қандай түрде болуы керек? Болып жатқан өзгерістер әсері қандай? Ал өзгерістер деп отырғанымыз:

- толық он бір жылдық білімді енгізу және он екі жылдық оқуды талқылау;
- жаңа оқу дисциплиналарын (пәндерінің) пайда болуы;
- мемлекеттік және жеке меншік мектептердің құрылуы т.б.

Өкінішке орай, барлық жаңа ашылымдар жеткілікті түрде ойлас-тырылып, негізделмеген. Бірінші сыныпқа алынған оқушылардың ата-аналары оның оқу біліктілігі, санай алу, әріптерін жаза алуын тексергенде, бұның барлығы мектеп мойнында емес пе деп ойлайтындар да баршылық. Бұдан: қандай бағдарламамен оқушылар оқу керек деген сұрақ туындайды. Осы сияқты сұрақтар жауапсыз қала беруі де білім берушілерге деген сенімсіздік тудырады. А.Г. Асмолова айтуы бойынша білім - қоғамды дамытады [2].

Білім беруде екі басты іс-әрекет жасаушы – мұғалім және оқушы. Бірақ педагог пен балаға психологиялық кеңес беруді қажет етеді. Неге мектепте балалар пән мағлұматтарын меңгеріп үлгермейді, неге қарым-қатынаста қиыншылықтарға кездеседі, неге кейде агрессивті, жалқау. Осы және тағы басқа сұрақтар ата-аналар мен педагогтарды ойландырады. Осындай

мәселелермен олар психологқа жүгінуге даяр. Ал психолог бұл мәселелерді шешу үшін келесі талаптарды орындауы қажет.

Психологиялық кәсіптілік – бұл психологиялық мәселелерді шеше алу және оларды көріп қорытынды жасау болып табылады.

Л.С. Выготский педагогикалық және әдістемелік айырмашылықтарды көріп, оны психологиялық жағынан қарастырды. Педагогикалық анализдің, педагогикалық үрдістің міндеті – оқыту актісінің дамуы емес, мектептегі оқытудың ішкі даму үрдісіне әсері.

Ресейлік психологияда нені қалай оқыту керек туралы сұрақтарды Л.С. Выготский, П.П. Блонский, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, П.Я. Гальперин тағы басқалар қорытып шығарды. Н.Ф. Талызина, П.Я. Гальпериннің, ал Қазақстанда С. Елеусізова, Р. Қарамұратова зеттеулеріне сүйене отырып, оқыту мазмұнына байланысты үрдістік бірнеше жағдайларды бөліп көрсетті [2].

- 1) Оқытудың негізін базалық білім құрауы қажет;
- 2) Оқытудың мазмұнына базалық біліммен жұмыс істеу тәсілі жату қажет;
- 3) Білімді меңгеру, оқыту тапсырмаларын шешу формасында орындалып, бұл оқытуды ешқандай жаттаусыз-ақ қамтамасыз етіліп, есте сақтау қорытынды негізінде қалыптасуы керек;

Мектеп жағдайына қатысты, идеалды нұсқа болып әр бір баланың психологиялық мәселесіне психологты енгізу болып табылады.

Н.Р. Талызинаның оқытуында ұстанған психологиялық мазмұны үшінші типті оқуға жатады. П.Я. Гальпериннің пікірінше бірінші және басты үшінші типті оқыту - бұл танымдық іс-әрекеттерді тітіркендіріп, өзінің танымдық қызығу-шылығын нығайтады [2].

Қазіргі кездегі мектептердегі психологтордың алдында мектеп әкімшілігі жағынан танымдықтары мотивтенген балаларды іздестіру тапсырмасы тұрады. Біздің пікірімізше бұл тапсырманы басқалай құрастыру жөн: іздеу емес, танымдық мотивацияны құру. Себебі, танымдық мотивацияны құру арқылы оқушылардың мотивацияларын дамыту дұрыс.

Білім беру жүйесінің мәселесінің мазмұны баланың танымдық ерекшеліктері мен тұлғалық эмоционалды сферасын диагностиау мәселесімен тікелей байланысты. Бірақта көпшілік мектептің бетке ұстар мұғалімдері «психолог тестер ғана өткізеді» деп ескертеді. Бұл әрине өкінішті.

В.П. Зинченко «Диагностиау тек тестерге негізделмейді, оның интерпритациясының өңделуіне негізделеді» дейді. Яғни бұл жағдайда біріншіден қажет ерекшелікті анықтау, екіншіден нені түзету керек соны іздеу. Егер психолог тек сандармен сызбанұсқаларды сызумен ғана шектелсе шындығында бұл психолог психолог емес [3].

Мектепке қатысты идеалды нұсқа болып әр бір баланың психологиялық мәселесіне психологты кірістіру, алайда бұнда бұл әрекетті қолдану мүмкіндігі аз. Біздің ойымызша, ең мүмкін болар шешім: психологтың мұғалімдермен жұмысы. Осылайша мектептегі психологиялық қызмет туралы ғана емес, психологиялық - педагогикалық бірлескен іс-әрекет туралы сөз ету орынды.

А.А. Реан психологиялық және педагогикалық күштердің интеграциясы туралы айта келіп, психологиялық қызметті психологиялық-педагогикалық жүйенің бірлескен элементі ретінде қарастыруды ұсынды [4].

Баланың дамуындағы шарттарды талқылау барысында Л.С. Выготскийдің «дамудың жақын аймағы» принципін қолдану дұрыс. Бұл принципті қолдау арқылы психология-педагогикалық бағдар дамудың сол деңгейінде бала жақын арадағы уақытта неге жете алатындығын бейнелейді [4].

Педагогикалық тәжірибеде бұл принциптің негізгі қиындығы «дамудың жақын аймағы». Дамудың жақын аймағы жасөспірімдерде және жоғарғы сынып оқушыларында ересек адамдармен өзін тану, интеллектуалды және тұлғалық рефлексия, өзіндік ұйымдастыру мәселесі аумағында құрылады. Дәл осы кезеңде өмірлік көрінісі, өзін-өзі тануы, өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын сынап көруі қалыптасады.

Педагогикалық ұйымда, сол сияқты жанұяда үнемі әр түрлі қақтығыстар болады, көбінде ересек адамдардың психологиялық хабарсыздығынан, бірін-бірі тыңдай алмауынан, тыңдағысы келмегеннен, түсінбеуден, кешірмеуден болады.

Сондықтан да, тәжірибелі психологқа балалармен жұмыс істейтін адамдардың психологиялық мәдениетін көтеру қажет.

Психологиялық ағарту – бұл үлкендердің және балалардың психологиялық біліммен қатынасы. Психологиялық ағартудың негізгі мағынасы:

1) Баланың психикалық дамуының сәтті шарттарымен мұғалімдерді, тәрбиешілерді, ата-аналарды таныстыру;

2) Жаңа психологиялық зерттеулерді талқылап көпшілікке таныту;

3) Психологиялық білімдер қажет-тілігін құрып, оны жұмыс кезінде баланың немесе өзіндік тұлғалық дамуда қолдану;

4) Оқушыларды өзіндік таным және өзіндік тәрбие туралы түсініктердің негіздерімен таныстыру;

5) Практик психологтың сол мекеме-меде керек екендігін түсінуге қол жеткізу.

Психологиялық ағарту әр түрлі формада болуы мүмкін: дәріс, практикалық сабақтар, семинар, әңгімелеу, көрме, әдебиеттерді талқылау тағы басқа. Бұл жұмыстарды барлығын психолог өзі жүргізбей-ақ басқа мамандарды шақыруына болады. Барлық жұмыстардың мазмұнын психолог өзі қамтамасыз етуі, тиіс, және өтетін жұмыс түрлерінің нақты жұмысқа байланысты мәселелері қаралған жөн.

Психологиялық ағартудың ең бір көп тараған түрі психологиялық консультация (кеңес беру). Яғни, психолог консультациялық іс-әрекетті бағдар беру, ағартуды, сабақтарда жүзеге асыру. Бұл маманның клиентке кеңесі, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, нақты бір жағдайдағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі.

Егер психолог осындай ұжымда баланың позициясын қорғайтын болса әріптестерінің таң қалулары әбден мүмкін. Төмен дәрежелі тәрбиелеу мен

оқыту мекемелерінде психологқа педагогикалық іс-әрекетті атқаруды жүк етіп артады. Көптеген жаңадан істеп жүрген психологтар педагогикалық кеңес өткізіп, жалпы мектеп оқушыларын ата-аналар жиналысында сөз сөйлеп, сынып жетекшілердің орнына сынып сағатын өткізіп, кейде тіпті ұстаздың орнына сабақ өткізеді. Бірақ та ешқандай психолог нашар оқытатын ұстазға, ұжымды басқара алмайтын директорға көмек бере алмайды. Сондай-ақ тағы да психологқа деген таңқалушылықтарын білдіреді. Қалай айтқанмен қай маман иесі болса да өз қателіктерінен үйренеді. Біздің көзқарасымызша психологтың субъективтік статусқа келесі талаптар арқылы қол жеткізуге болады:

- психологтың құқықтарымен толық танысуы арқылы, негізгі психологтың жұмыс формалары, психологиялық қызметтің стратегиясы арқылы педагогикалық ұжымның адекватты нәтижелерінің құрылымы;

- эмпатиялы бағасыз қарым-қатынасты, жеке тұлғаның мінез-құлықты іскерлестік позициясымен жеке адамдарға сенім арта білу жағдайларын болжайтын психологтың барлық категориялардағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас.

- ортақ позицияны мектеп жоспары мен бағдарламасын, олардың жүзеге асырылуын, іс-әрекетінің нәтижелерінің талдауын анықтаудағы педагогтармен бірлескен әрекеттері.

Психолог балалармен жұмыс істей отырып, ол балалардың типологиялық ерекшеліктері мен жасын білу қажет және онтогенездегі жеке тұлғаның динамикалық дамуы туралы мағлұматтары болуы керек. Оған жұмыс үстінде әртүрлі даму деңгейдегі мінез-құлықтарының, ақыл-ойының, оқушылармен қарым-қатынасының ауытқуларымен кездеседі және ол оның шығу себептерінің психологиясымен таныс болуы өте маңызды [5].

Баланың дамуы көбінесе жанұясының тәрбиесіне байланысты болғандықтан, психологқа жанұясының тәрбиесін білуі қажет.

Балаға көмектесу үшін біріншіден баланың жөнделем деген пиғылы болуы керек, яғни өзінің танымдылығын, өзіндік оқуын, тәрбиесін түзеткісі келу.

Психологиялық ағарту – педагог, тәрбиеші, ата-аналардың және оқушылардың психологиялық біліммен сусындауы.

Психологиялық ағартудың негізгі мағынасы:

- тәрбиеші, мұғалім, ата-аналарды баланың психикалық даму шарттарымен және заңдылықтарымен таныстыру;

- жаңа психологиялық зерттеулер нәтижелерін түсіндіру;

- психологиялық білімге деген қызығушылықтарын ояту;

- оқушыларды өзіндік тәрбиелеуге үйрету.

Психологиялық ағартуды психологиялық білімді, өмірлік мәселелерді шешу мәселелеріне қатысты беретін болса, жұмыс эффективті болады. Е.А. Климов бойынша, психологиялық білімді көтеру – психологиялық ғылым ретінде өсуінің шарты. Яғни, бұл жұмыстар психологиялық білімнің бала білімі мен тәрбиесіне қатысты нақты мәселелерді шешуге бей-жай қарамайтындығын көрсету қажет.

Әдебиеттер

1. Айкинбаева Г.К. Жоғары мектеп психологиясы. – Алматы, 2014.
2. Ақажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы.–Алматы, 2012.
3. Байбекова М.М., Жантасова Ж.Н. Психологиялық кеңес беру. – Шымкент, 2015.
4. Балғымбаева З.М., Ахтаева Н.С. Білім берудегі практикалық психология. – Алматы, 2013.
5. Ерментаева А.Р. Психологиялық консультация негіздері /Оқу құралы. – Өскемен, 2002.

УДК 378.124

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ МАРКЕТИНГТІҢ ДАМУЫ

Темирова Ж.Ж., Баубекова И.М., Оңғарова Г.Т.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме:

Главной особенностью образовательных продуктов являются человеческие, человеческие ресурсы, которые затем формируют научный и образовательный потенциал общества. Эта сфера - одна из фундаментальных сфер жизни общества, зависящая от уровня социально-экономического развития.

Анализ статьи показывает следующие тенденции в образовании: увеличение количества студентов высших учебных заведений, уменьшение количества вузов, увеличение количества студентов на одного преподавателя, то есть увеличение загруженности преподавателей вузов. снижение плотности студентов в высших учебных заведениях.

Summary:

The main feature of educational products is human, human resources, which then form the scientific and educational potential of society. This area is one of the fundamental spheres of society, depending on the level of socio-economic development.

Analysis of the article shows the following trends in education: an increase in the number of students in higher educational institutions, a decrease in the number of universities, an increase in the number of students per teacher, that is, an increase in the workload of university teachers. decrease in student density in higher education.

Бүгінгі күні білім беру саласындағы қызмет көрсетуді дамыту маңызды және өзекті мәселе болып табылады. Білім беру саласының өзіндік ерекшеліктері бар. Басты ерекшелігі білім беру саласының өнімі адам, адам ресурстары болып табылады. Олар өз кезегінде қоғамның білім және ғылыми әлеуетін құрайды. Бұл сала қоғамның іргелі салаларының біріне жатады, оның даму деңгейі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтайды.

Тағы бір ерекшелігі білім беру саласы өзінің дамуында, қайта құрылымдауында инерциялық бағыттардың бірі болып табылатындығында. Міндетті түрді ескеретін маңызды фактор - дәл осы салада қоғамның болашақ адами капиталын қалыптастыру мен дамыту, сондай-ақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеу процесінің ұзақтығы болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында сұраныс ұсынысты тудырады. Бұл жағдай білім беруде, атап айтқанда жоғары білім саласында ерекше болған емес. ЖОО Кеңес заманындағыдан гөрі көбірек студенттер түсетіні анық. Халықты жоғары біліммен қамту қазір Кеңес заманындағымен салыстырғанда

айтарлықтай жоғары. Бұған университеттер санының өсуі ықпал етті. Егер Кеңес заманында республикада 55 университет жұмыс істесе, қазір олардың саны 125-ке дейін өсті. 2000 жылдың ортасында университеттер саны 180-ден асты. Ондағы студенттер саны 2,5 есеге өсті, ал халықтың жалпы саны 15% -ға ғана өсті.

Бұл жоғары біліммен қамтудың сандық көрсеткіштерінің өсуін және халықтың білім деңгейінің жоғарылауын көрсетеді. Сәйкесінше жоғары білімге деген сұранысты қанағаттандыру деңгейі де өсуде. Мұндай жағдайда университеттер арасындағы бәсекелестіктің артуы заңды нәрсе. Білім гранттарын тағайындау арқылы мемлекет белгілі бір мағынада дайындық сапасын бақылайды. Грант белгіленетін мамандықтар бойынша бастапқы кезеңде белгілі бір мамандықтарға түсуге конкурс бар. Гранттар берілмейтін немесе өте аз мөлшерде берілетін мамандықтар бар, бірақ олар одан әрі теңгерімді дамуы үшін қажет. Еңбек нарығында экономиканың әр түрлі салаларында жоғары білімді мамандарға деген қажеттілік үнемі өзгеріп отыратындықтан және қазіргі кезде ерекше сұранысқа ие мамандықтар қажет болса, бірнеше жылдан кейін нарық қанығу нүктесінен өте алмаған жағдайда талап етілмеуі мүмкін. Маркетингтік тәсіл жоғары білім саласындағы білім беру қызметтері нарығының дамуындағы тұрақсыздық жағдайында өзекті болып табылады.

Осылайша, жоғары білім саласында екі ағым бар. Бірі - мемлекеттік тапсырыс, гранттар, екіншісі - коммерциялық негізде оқумен байланысты. Бірінші легі жоғары білім сапасын жақсарту үшін жұмыс істейді. Оның механизмі үнемі экономикалық даму жағдайына және оның басымдықтарына сәйкес өңделеді.

Екіншісі, халықтың кірісіне сәйкес, нарыққа негізделген басқа таңдау механизмін білдіреді. Оның мақсаты бір, бірақ талапкерлердің білім сапасын білдірмейді, бірақ ең алдымен жоғары оқу орындарындағы студенттер санын көбейтуге бағытталған.

2018-2019 оқу жылында бакалавриат университеттеріне 53 564 бірлік гранттар берілді. 2019-2020 оқу жылында бакалавриат бағдарламаларына 51164 грант, ЖОО магистратурасына 13300 бірлік, резидентураға 1500 бірлік, университеттерде докторантураға 2240 грант бөлінді.

Кесте 1 - Қазақстанның ЖОО студенттерінің және қабылданған студенттердің саны, мың адам

	1991/1992	1995/1996	2000/2001	2005/2006	2010/2011	2014/2015	2018/2019
Жоғары оқу орындарының саны	61	112	170	181	149	126	124
Студенттер саны, мың адам	288,4	272,74	440,77	775,8	620,4	477,4	542,4
оның ішінде кеңселерде:							

күндізгі	178,4	175,3	254,6	378,1	329,4	360,5	399,4
кешкі				2,4	5,7		
корреспонденция	100,4	92,8	184,1	395,3	285,3	96,0	102,8
Жоғары оқу орындарына қабылданған адамдар саны, мың адам	60,0	61,7	135,5	207,0	88,9	125,4	163,3

2018-2019 оқу жылында жоғары оқу орындарына қабылданған адамдардың саны барлық мамандықтар мен білім беру нысандары бойынша 163,3 мың адамды құрайды. Яғни студенттердің тек үштен бір бөлігі ғана мемлекеттік тапсырыс бойынша, қалғандары коммерциялық негізде оқиды және олар негізінен мәдениетке және тілге қатысты, экономикалық, заңгерлік, педагогикалық емес мамандықтар.

Бұл кестелер жоғары оқу орындарына түскен студенттер санының өскендігін көрсетеді. Университеттер санының, студенттер мен қабылданғандар санының арақатынасы шамамен бірдей шекарада болды, бірақ кейбір кезеңдерде өзгерістер ауқымы күштірек болды. Мұны мына сызбалардан-ақ байқауға болады. Графикалық түрде бұл келесідей көрінеді.



Диаграмма 1. ЖОО мен студенттер санының арақатынасы

Диаграмма көрсеткендей, студенттер саны мен университеттер арасындағы ең үлкен теңгерімсіздік 2005/2006 оқу жылында байқалды. Көрсетілгендер арасындағы байланыстағы маңызды көрсеткіштері 2005/2006 оқу жылдары болды. Студенттер саны мен университеттер саны арасындағы үлкен айырмашылық бар.




Диаграмма 2. ЖОО мен қабылданғандар санының арақатынасы

Егер 1991/1992 жылдары «студенттер саны/жоғары оқу орындарының саны» мен «қабылданған санының/ЖОО санының» қатынасы 4,72 және 0,98 болса, онда 2018/2019 оқу жылында сәйкесінше 4,37 және 1,3 құрады. Бірақ кейбір жылдары бұл қатынас басқаша болды. 2005/2006 оқу жылында 4,28 және 1,14. Яғни, 1991 жылы бір университетте шоғырланған студенттердің ең жоғары тығыздығы және қабылданған студенттердің төменгі тығыздығы байқалады. 2005 жылға қарай бір университетте шоғырланған студенттердің тығыздығы төмендеп, тек 2018 жылға қарай 4,37-ге дейін өсті. Бірақ бұл бастапқы көрсеткіштерден әлдеқайда төмен.

Жоғары білім берудің даму тенденцияларын ғылыми-педагогикалық қызметкерлер тұрғысынан қарастырайық. Студенттер мен ғылыми-педагогикалық кадрлар санының арақатынасын есептеу кезінде келесі жағдайды көреміз.

1995 жылы студенттер мен оқытушылардың арақатынасы 8,5, 2000 жылы - 14,9, 2005 жылы - 17,6, 2010 - 15,6, 2015 ж. - 12,5, 2018 - 14,2 құрады.

Бұл мәліметтер университет оқытушысының жүктемесінің жоғарылағанын және жоғары білім сапасының төмендеуін көрсетеді.

Мұның маңызды факторлары ретінде туу коэффициентінің өзгеруі және ең бастысы экономикадағы, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістер, меншік формасы, халықтың табыс деңгейінің төмендеуі және т.б. айтуға болады.

Бұл салада жүргізілген зерттеулер негізінде бірқатар қорытындылар жасауға болады. Ол, жоғары оқу орындарында студенттер санының өсуі; жоғары оқу орындарының саны азайып, бір жоғары оқу орнына келетін студенттер саны артуы; университет профессорларына жүктеменің артуы.

Жоғары білім беру саласындағы маркетингтік стратегияның бір бағыты - профессорлық-оқытушылық құрамы бірдей университеттердегі студенттер санының тығыздығының төмендеуі болуы мүмкін; білім беру, ғылым мен

өндіріс арасындағы байланысты нығайту мен даярлаудың ірі орталықтарында оқу процесінің шоғырлануы; білім беру кластерін қалыптастыру; отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының оқытушыларын дәрістер оқуға және сабақ өткізуге шақыру; жоғары оқу орындарындағы магистранттар мен докторанттар санының өсуі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан в 2018 году. Статистический сборник. 2020. – с.19 и Статистический ежегодник Казахстана. Алма-Ата, 1991 – с.178
2. <https://univision.kz/granty/granty-2020/1088-kolichestvo-obrazovatelnyh-grantov-na-2020-2021-god-v-kazahstane.html> Гранты 2018 в Казахстане список по специальностям. Гранты 2019 - 2020 Казахстанские ВУЗы, институты и ...)
3. Статистический ежегодник. Предварительные данные за 2018 год. Нур-Султан, 2019. С.19
4. Қазақстан сегоднә. Архив 2005 года. С.96 Алматы, 2005.- 408с.
5. Статистический ежегодник Казахстана. Астана, 2015

УДК 378.0.

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Туранова Ё.М, студентка 4 курса

Досбенбетова А.Ш., д.п.н., профессор

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

г. Шымкент, Қазақстан

Түйін:

Мақалада оқушылар арасындағы этно саралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылған. Этно саралық қатынастар экономикалық, әлеуметтік-мәдени даму тұрғысынан өзара түсіністік, серіктестік, достық, патриоттық сезім, әртүрлі деңгейдегі әртүрлі этностық және әлеуметтік қауымдастықтардың ынтымақтастығы негізінде туындайды.

Summary:

The article considers the current problem of forming a culture of interethnic communication among students. Inter-ethnic relations arise on the basis of mutual understanding, partnership, friendship, a sense of patriotism, cooperation of various ethnic and social communities of different levels from the point of view of economic, socio-cultural development.

Қорыта келе, барлық мектепке дейінгі жастағы балалар бірдей етіп өзінің ақыл-ой қабілеттерін барлық ойын әрекетінде көрсетеді деген санау қате болады. Көптеген себептерге, ең алдымен тәрбиелеу жағдайына байланысты бір бала ойындар мен сурет салуды, екіншісі- құрастыруды, үшіншісі-өсімдіктермен жануарларды, ал төртіншісі-техника мен көліктерді ұнатады. Және ақыл-ой дамуының көріністерін, ең біріншіден, баланың қызықтыратын аймақтардан іздеу керек.

Әдебиеттер

1. Бабаев С. Психология танымы, Түркістан, 2000. – 346 б.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - Алматы, 2004
3. Мухина В.С Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы – Алматы: Мектеп, 1986 – 283 б.

5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ҚАБІЛЕТІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аманова Венера Онгаровна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

ПҚБАИ аға оқытушысы

Копекова Динара Абдугалиевна

Арыс қаласы, “Балбөбек” бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі

Резюме

В статье рассматриваются роль развитие творческих способностей детей 5-6 лет

Summary

The article discusses the role of the development of creative abilities of children 5-6

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жеке адамның креативтілік потенциалына байланысты. Олай болса, егеменді еліміз Қазақстанда дарынды баланы дамыту мен анықтаудың қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын кұруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында креативтілік тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке тұлғаны дербес шешім қабылдауға бейімді етіп тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдардың дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, балалардың жеке басының қабілеттілік жақтарына терең үңіле бермейміз. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, креативтілік таныммен тікелей қатынас жасай алатын жаңаша ойлай алатын адамға айналдыру. Балаларда әлемнің көп бейнелі жақтарын креативтілік таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (креативтілік қабілетті), дарынды ұрпақты тәрбиелеп оқыту. Көрнекті психолог Л.Выготский: «Креативтілік» деп – жаңалық ашатын әрекетті атаған. «Креативтілік» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу», «іздену» дегенге келіп саяды. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жетістікке қол жеткізу деген сөз.

Қазіргі таңда баланың креативті қабілетін анықтап, онымен дұрыс жұмыстана білу басты міндеттердің бірі ретінде танылуда. 5-6 жастағы балалардың креативті қабілетін анықтап қана қоймай, оны дамыту жұмыстарын ұйымдастыру өте маңызды.

Балалардың креативтілік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуы креативтілік жұмысқа берілетін тапсырма мен жаттығулардың дұрыс таңдап алынып, құрастырылуына байланысты болады.

Креативтілік жұмыстар ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет:

1. Креативтілік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.

2. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті.
3. Креативтілік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әр түрлі болуы керек.
4. Креативтілік жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.

Креативтілік іс-әрекет креативтілік ойлаудан басталады. Креативтілік ойлау ол кез-келген жағдаятты шешу үшін барлық нұсқаларды ойдан өткізу арқылы жаңа нәтижеге қол жеткізу болып табылады.

Креативтілік қабілетті дамыту үшін оқу процесін тиімді ұйымдастыру қажет.

«Креативтілік жаттығулар» термині педагогикада екі құрамдас бөліктен тұрады. Балалар дербес, өз бетімен құрастырады, ойдан айтады, себебі жағдай тудырушы, материалдар даярлап, креативтілікке икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады. Педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

В.А.Моляко креативтілік процесте үш маңызды кезеңді атап көрсетеді:

1. Тапсырма шарттарын түсіне білу (шартын бағалау);
2. Болжам жасай білу (ниет);
3. Болжамды алдын ала шешу мен тексеру.

Креативтілік жұмыс ұйымдастыру формасы мынадай: жеке баламен, топпен жұмыс, барлық баламен болады.

Балалардың шығармашылығын дамыту үшін «Ассоциация» әдісін де қолдануға болады. Балалардың алдына мақсат қойылды: «қоян» деген сөзді естігенде ойларына не келгенін айтады, яғни, ой шақыру кезеңі өтеді. Бұл балалардың толғанысын, қызығушылығын, ойлау қабілетін арттырады. Мағынаны түсіну, ажырату, одан қорытынды шығаруға әрекет жасайды.

Балалардың креативтілік қабілетін анықтап, әрі оны дамытуға арналған жұмыстарды үйлесімді ұйымдастыру тәрбиешінің басты міндеті болып табылады.

«Қоян» сөзіне ассоциация

Балалардың креативтілік қабілетін дамытуда жоғарыда аталған әдістердің әрқайсысы да тиімді болып саналады. Осы мақсатта төмендегі жасалған жұмыстар тиімді екенін көрсетті.

1. «Әңгіме құрастыр»

Мақсаты: 5-6 жастағы балалардың креативтілік қабілетін анықтау.

Мазмұны: Балаға біреу туралы немесе бір нәрсе туралы әңгіме құрастыру, тапсырмасы беріледі, ол үшін тек 1 минут керек, содан соң ол әңгіме туралы түсінігін, 2 минут ішінде айту керек. Бұл әңгіме болмауы да мүмкін, мысалыға, қандай да бір ертегі немесе оқиға болуы мүмкін.

2. « Бір заттың суретін сал»

Мақсаты: Баланың креативтілік қабілетінің ерекшелігін, соның ішінде жаңа нәрсені ойлап табу икемділігін анықтау.

Мазмұны: Балаға бір парақша және фломастер жиынтығы берілді. Ойдан, қиялдау арқылы ерекше бір заттың суретін салуы қажет.

Бұл тапсырманың орындалуына 4 минут беріледі. Содан соң суреттердің сапасы бағаланады, төменде берілген өлшемдер бойынша қорытындысы шығарылады.

3.«Кімге не жетіспейді?»

Мақсаты: Балалардың креативтілік қабілетін, соның ішінде ойлау икемділігін анықтауға арналған.

Мазмұны: Бұл тапсырманы бастамас бұрын, балаға сурет көрсетіледі, яғни сол жағында балалар бейнеленген, олардың әрқайсысына бір нәрсе жетіспейтіндігі туралы түсіндіріледі. Оларға жетіспегендері осы суреттің төменгі жағына бөлек бейнеленген. Балаға берілген тапсырманың мәні, кімге не жетіспейтінін жылдамырақ ажырата білуі, жетіспеген заттарды көрсетіп және атауы қажет.

Әдебиеттер:

1. Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.
2. Азанбаев Б. Бала біздің болашағымыз. №1 -2002ж. //Бастауыш мектеп. №1. 2002 жыл
3. Тұрғынбаева Б. «Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту» //Бастауыш мектеп/ №2 - 2005ж.

ОӘЖ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҢАРТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ

Егенова Назгул Атаевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ аға оқытушысы

Аппазова Гульнара Умарбековна

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі

Резюме

В данной статье рассматриваются применение инновационных образовательных технологий в дошкольной образований

Summary

The article is given information about to use of innovative educational technologies in preschool education.

Өзіне-өзі сенімді, тәуелсіз, өзін сыйлайтын тұлға тәрбиелеу М.Монтессоридің алға қойған мақсаты. Монтессори педагогикасының ерекшелігі балаға деген көзқарас пен қарым-қатынас. Қайталанбайтын өзіндік көзқарасы, алға қойған мақсат - мүддесі бар тұлға ретінде қарау. Монтессори өзінің педагогикалық жүйесін бала табиғатына байланысты құрды. Баланың өсіп жетілуіне не қажет? Оның қажеттілігі өзіне қызмет атқаруға деген ұмтылыс екендігінде екені өзі ашқан мектептерінде дәлелдеп берген.

Әрбір ата-ана, білім ұйымдары, балаларға саналы тәрбие сапалы білім бергісі келеді. Осы орайда бұдан 100 жылдан астам пайда болған итальян гуманист педагогы Мария Монтессори педагогикасын ендірудің маңызы зор екендігі дәлелденуде.

Педагог-психолог, әрі дәрігер-гуманист Мария Монтессори 1870-1952 жылдары өмір сүрген. Италия елінде ол заманда әйел-дәрігер деген болмағандықтан Мария ем көрсету мекемелерінде жұмыс таба алмай дамуында кемістігі бар балалар ауруханасында жұмыс атқарған. Бүгінгі күні Мария Монтессори өз елінің мақтанышы тіпті, мемлекеттің кейбір банкнотында Марияның суреті бейнеленген.

Өзі ойлап тапқан материалдарды бірінші психикалық дамуында ауытқуы бара балаларға қолданып, ол жерде оның оң көрсеткішінің көре отырып дені сау балаларға сезім тәрбиесін және баланы өзіне қызмет етуге, тәртіпке тәрбиелеу мақсатында қолданды. Бүгінгі таңда Монтессори материалдары өзінің актуалдығын жоғалтпай келеді. Монтессори педагогикасы неге негізделіп құрылды деп айтатын болсақ, оның негізі әрбір баланың қажеттілігін, оның жекелік қабілеттерін есептей келе қолдану болып табылады.

Монтессори жүйесінің ерекшелігі бұл жерде баланы жазалау, ерекшелеп мақтау тәсілдері қолданылмайды. Балалар ішкі бостандық пен өз бетінше қызмет атқару мүмкіндігіне ие болады. Монтессори балабақшасының девизіне тоқталатын болсақ: «Маған өзім атқаруыма көмектес» - яғни бала үшін үлкен тапсырманы орындамайды. Бала көмек сұраған жағдайда ғана үлкендер көмектесе алады.

Монтессори балабақшасында барлық дамыту материалдары балалардың бойына айықталып, көзінің тұсында орналасады. Олардың өзінің орналасу реті бар, мысалы балаларды еңбекке үйрету материалдары бір жерге жинақталса, балалардың қол қимылын дамыту материалдары екінші орталыққа орналасады. Ол жерде байлау, түймелеу, тесіктен өткізу, ілмектеу қимылдарына байланысты материалдар жинақталуы тиіс. Ал Монтессори мектебіндегі (балабақшасындағы) «бостандық» деген ұғымды қалай түсінуіміз қажет дейтін болсақ, ол жерде парта деген түсінік жоқ, оның орнына баланың жасы мен бойына лайық үстел мен орындықтар, бала қай жерде, кіммен ойнағысы, немен айналысқысы келетінін өзі таңдайды.

Монтессори педагогикасы пайда болдуы. Балалардың ойынға деген қажеттілігі. Мария Монтессориге баланың даму заңдылықтары туралы түсінігі.

Баланың өзі-өзі дамытуға ұмтылысы туралы Монтессори пікірі (адами жағдай). Монтессори және Э.Сегеннің ғылыми еңбектері. Э.Сегеннің зерттеуі бойынша балалардың көрнекі-бейнелі ойын пайдалана отырып сөйлемейтін баланың да сенсорлық қабілетін дамыту теориясы мен практикасы. Балаға жүргізген зерттеулері. Балалардың ойлау қабілетін қол моторикасын дамыту арқылы дамытыны жағдайы бойынша психология ғылымындағы белгілі психологтар Фрейд, Эльконин өз ғылыми еңбектері.

Мария Монтессоридің бала тәрбиесіне қосқан үлесі ол баланы жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін түрлі монтессори материалдар.

Монтессори мектебіндегі ережелер: «әр заттың өз орны бар», «біз бір-бірімізге кедергі жасамаймыз», «кілемше төселген жерді айналып өтеміз»,

деген ережелерді барлық балалар түйсіндіріледі. Жұмыс барысында тәрбиешімен бірге балалар жай сөйлейді, басқаларға кедергі жасауға болмайды.

Оқу құралдары дайындалуы, орналасу реті, пайдалану жолдары.

Балабақшадағы негізгі және көмекші дамыту орталары:

«іс-тәжірибе аймағы».

«Сенсорлық орта» баланың логикалық және абстрактылы ойын, есту, көру, сипап сезу, дәм сезу қабілеттерін жеткілікті дәрежеде дамуына мүмкіндік береді.

Осы жерде тіл дамыту, оқуға үйрену, жазу, қол майда қимыл қозғалысын дамыту материалдары орналасады. Бала сонда аты аталған іс-әрекетпен айналысады.

Космостық аймақта жер шарын бейнелейтін глобус, материктерді бейнелейтін карта, әрбір континенттің түймелер бойынша алынып салынатын материалдар орналасады.

Бұдан 100 жылдан астам уақытта М. Монтессори адам өмірге өз тапсырмасымен келеді, егер ғылыми педагогика жеке адамды зерттеуден туатын болса, онда ол зерттеу тәуелсіз баланы зерттеуден басталуы тиіс», - деп айтып кеткен екен. Сол тәуелсіздік пен бостандықтың нәтижесі төмендегідей :

- жекелік;
- өзіне бақылау жасай білу;
- бір затқа барлық зейіні тұрақтандыра білу;
- оқу ісінде алға игерілеушілік;
- тәртіпке бағыну;
- еркіндік сезімін тәрбиелеуі білу;
- жауапкершілік;
- өз бетінше таңдау жасай білу;
- тәуелсіздік және
- қуана білу.

Н.Зайцев технологиясы туралы. Технологияның мақсаты. Кестенің құрылымы. Кестемен таныстыру. Зайцев технологиясын пайдалану әдістері. Кесте бойынша санау әдістері. Тура санауға және кері санауға үйрету жолдары. Ондықтармен, тақ сан бойынша және жұп сан бойынша санау. Айналаны бағдарлауға үйрету жұмысын жалғастыру. Санның құрамы туралы түсінік беру. Жеке баламен жұмыс. Топтық жұмысты ұйымдастыру. Есептеуге үйрету әдіс-тәсілдері. Педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыруда жаңашыл технологиялардың алатын орны.

Мектепке дейінгі жастағы баланы оқыту, дамыту тапсырмалары мазмұны. «Біз мектепке барамыз» бағдарламасындағы «Сауат ашу» бөлімі тапсырмалары. Балалардың сауатын дәстүрлі әдіс-тәсілдермен ашу әдіс-тәсілдері.

Ә. Жүнісбеков әдісі мазмұны. Жүнісбеков әдісінде қолданатын материалдар туралы. Кестенің құрылымы, текшелердің түрлері. Текшелермен таныстыру, кесте туралы мағлұмат. Құрақтардың түрлілігі туралы түсінік.

Әріп құрақтар мен және буын құрақтармен таныстыру жолдары. Дыбыстар мен таныстыру. Дыбыстарды кесте бойынша ажыратып, талдау.

Кесте бойынша оқуға дайындық жұмысы. Кестемен оқу. Текшелерді сұрыптау, текшелермен баланы оқуға үйрету әдістері. Бірнеше дыбыстан құралатын әріптермен таныстыру. Текшені оқу тәртібі туралы.

Сауат ашу сабағын тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарымен байланыстыру. Жуан және жіңішке сөздер жазу. Сингармонизм ережесіне бағынбайтын сөздермен таныстыру. Жазылуы мен оқылуында айырмашылығы бар сөздер туралы түсінік беру.

Әдебиеттер:

1. М.Монтессори. Помоги мне сделать самому . М.Изд дом «Карапуз» 2011г.
2. Н.В.Пятибратова. Логопедические занятия с элементами методики М.Монтессори, творческий центр «Сфера» 2010 г.
3. Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламалары «5-6 жасар балаларды мектеп жағдайында мектепке даярлау бағдарламасы», «Біз мектепке барамыз», «Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы». Астана, 2008ж.
4. Н.Зайцев «Развивающие занятия вместе с мамой» 2013 г.

ОӘЖ

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кеттешова Сауле Жамалхановна,

Торғаутова Айгуль Тулеповна

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешілері

Резюме

В данной статье рассматриваются формирование элементарных математических представлений у дошкольников

Summary

The article is given information about the formation of elementary mathematical representations in preschool children

Бүгінгі бөбек - ертеңгі азамат қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші - балабақша тәрбиешілері. Өйткені, білім мен тәрбие негізге баланың жеке басын қалыптастыру негізі балабақшада қаланады. Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында балалардың ой-өрісін логикасын, тілін дамытуда, белгілі бір затты қабылдауын, есте сақтауын, оны қайта жаңғыртып көзге елестеуін, дүниетанымын дамытуда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы ерекше. Балаларда бар түсініктер өздігінен ұғымдарға айнала алмайды. Ұғымдарды және оларды қолдануға негізделген ойлаудың логикалық формаларын балалар ғылыми білімдерге негіздеу барысында меңгереді. Демек, мектепке дейінгі балалардың ақыл-ой қызметінің дамуы, логикалық ойлаудың дамуы қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында жүзеге асырылады. Балаларды мектепке дайындауда математиканы оқыту тек санды және кеңістік, уақыт жайлы түсінік қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге олардың ойлау үдерісін дамытуға (анализ, синтез, индукция, дедукция) ықпал етеді.

Арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде баланың танымдық қызығушылығымен бірге жалпы даму қамтамасыз етілді, яғни оқытудың дамытушылық қызметі жүзеге асырылып, баланың тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік ашылады. Балаларға қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында оқытудың дамытушылық қызметіндегі бірқатар талаптар мен шарттар орындалуы қажет.

Біріншіден, дамытушы орта қажет, ол үшін мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтай отырып, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балалардың танымдық қабілетін дамытуға бағытталуы шарт. Балалардың танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісі болып саналады. Ойлауға үйрететін сабақтар дамыта оқыту сабақтары деп есептеледі. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасайды. Педагог бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Екіншіден, соңғы жылдары бастауыш сынып пен балабақша арасындағы сабақтастық мәселесі жиі айтылып жүр. Бастауыш сыныпта математиканы оқытудағы қазіргі психологиялық зерттеуер балалар бақшасында да, мектепалды даярлықта да математикалық дайындықтың мазмұнын қайта қарауды талап етіп отыр. Бұған дейін көбінесе баланың психологиялық даму мүмкіншілігін ескермегендіктен, қолданылып жүрген көптеген әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы аз екені байқалып отыр. Бір ғана заттарды, көрнекілерді пайдалану арқылы арқылы қарапайым қосу мен азайтуды меңгерумен шектелсе, онда баланы алғашқы математикалық түсінігі кеңейтіндігі дәлелденген. Олай болса, бұл жерде де біздің зерттеуімізде қарастырылып отырған оқытудың дамытушылық қызметі ескерілмеген деуге болады. Үшіншіден, қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - білім беру, тәрбиелеу, дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсінігін қалыптастыру барысында баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу, өмірге дайындау мақсатында білім берудің дамытушылық қызметі жүзеге асырылуы қажет. Бағдарлама әр түрлі ұйымдастырылған оқу қызметінің қарым-қатынасының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін: құрастыру, музыка тәрбие, бейнелеу өнері, дене шынықтыру. Негізгі міндет дамытушы ойындарды қолдана отырып, балалардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ыңғайлы жағдай жасау. Бұл бағдарламада Б.Никитиннің, В.Воскобичтің, Овид Декорлидің, Золтон Дьенештің дамытушы ойындарын қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу

қызметтерінің жоспары берілген, бұл балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға көп септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі баларды қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру толыққанды математикалық дамуды қамтамасыз етуде ұйымдастырылған мақсаты іс-әрекет, соның ішінде педагог баланың алдына танымдық тапсырма беріп оны шешуге көмектеседі. Ол ұйымдастырылған оқу-іс әрекетте және күнделікті өмірдегі іс-әрекетте жүзеге асуы тиіс.

Математикалық білім балаларға қатаң түрде белгілі бір жүйеде сонымен қоса жаңа материал балаға қолжетімді болуы тиіс. Әр бағдарламалық тапсырма әрбір кіші бөліктерге бөлінеді және тапсырманың шешімі жалғасып бірнеше сабақтарға ұласуы мүмкін. Бір тапсырмадан келесі тапсырмаға өткен сайын алдыңғы өткен тақырыпты оралған маңызды. Осы арқылы материалдың дұрыс сіңуін қамтамасыз етуге болады. Математика сабағындағы балалардың бойына қалыптастырудағы танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбиелеп оқыту-ең көкейкесті, танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Оқу үрдісін белсенді түрде өткізу балалардың математика сабағына деген қызығшылығын, сол арқылы танымдық қызығушылықты дамытуды көздейді, сабақтың қай түрі болмасын қызығушылық пен уәждемелерге, яғни (мотивация) бағытталады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. А. Б. Акпаева, Л.А .Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматы кітап баспасы .2012жыл
2. Ұ. Жұмаділдаева. Сандарға саяхат. Алматы 1997жыл
3. Б. М. Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар .Алматы 1998 жыл
4. Никитин Б. П. Балабақшадағы математика – М; 2003

ОӘЖ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Матеева Бахтигуль Темирхановна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ аға оқытушысы

Кеттешева Динара Алтынбековна

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы дене тәрбиесі маманы

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности физического воспитания детей дошкольного возраста.

Summary

In this article is given information the features of physical education of preschool children.

Денсаулық - бұл баланың физикалық және психикалық мүмкіндігін толықтай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі. Балалар денсаулығы келесі факторларға тікелей байланысты болады:

- физикалық дайындық;
- гигиеналық мәдениет;
- тамақтануды ұйымдастыру;
- күн тәртібін сақтау;
- сыртқы орта: әлеуметтік, экономикалық, экологиялық әсерлер;
- әлеуметтік-психологиялық жағдайлар;
- сауықтыру шаралары.

Бала дамуындағы аспектілер:

Денелік – ағзаның дұрыс жұмыс істеуі, ағза жүйелерінің саулығы.

Зияткерлік – ақпаратпен жұмыс істеу білу.

Эмоционалдық – сезім саулығы, өзін ұстай білуге.

Тұлғалық – өзіндік «Менің» дамыту.

Рухани- жан дүние саулығы.

Әлеуметтік – мәдени, табиғи орта саулығы, қарым қатынас орната білу.

Балабақшада балалардың денсаулығын қалыптастыру бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс бағыттары:

- дене шынықтыру мен сауықтыру, шынықтыру шараларының комплексті жүйесін дайындау;
- дене мүшесінің бұзылуы мен май табанның алдын алу және түзету;
- үйлесімді қимылдық тәртіп туғызу;
- жие ауыратын балалармен сауықтыру шараларын ұйымдастыру;
- психологиялық қолайлы орта ұйымдастыру;
- сауықтырудың әдеттен тыс әдістерін қолдану.

Дене шынықтыру: ертеңгілік жаттығу, қимылды ойында, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм.

Ертеңгілік жаттығу: негізгі қимылдар, жалпы дамыту жаттығулары, сапқа тұру және қайта сапқа тұру, ба жаттығулары.

Қимылды ойындар: спорттық ойындар, ұлттық ойындар, қозғалысты: сюжетті, сюжетсіз.

Спорттық жаттығулар: конькимен, шанамен сырғанау; жазғы: суға жүзу, велосипед тебу.

Қарапайым туризм: шаңғылы туризм, жаяу туризм.

Бала бақшада дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері:

- “Денсаулық” білім беру саласын жүзеге асыру;
- күн тәртібі бойынша сауықтыру шарасы;
- өз бетінше қозғалу қызметі.

Оқу іс-әрекетінде әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылған ең қолайлы тәсілдер:

- жаппай (негізгі әрекеттері біркелкі орындалады);
- топтық (балалар екі-үш топқа бөлінеді);

- ауыспалы (бірнеше бала бір уақытта кезекпен орындайды).

Қимылға үйретудің негізгі әдісі: көрсету, түсіндіру, жаттығуды баламен бірге орындау.

Таңертеңгілік гимнастика

Үшінші жылға қарай таңертеңгі тамақтың алдында күн сайын таңертеңгілік гимнастиканы өткізу үшін жағымды алғышарттар жасалады.

Осы бір маңызды гигиеналық шараны жүйелі және білікті түрде өткізу мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жүйесінде елеулі орын алады:

- баланың қозғалыс тәртібін кеңейтеді;
- оларға сауықтыру әсерін ғана тигізіп қоймайды, сондай-ақ жарым – жартылай болса да тәрбиелік және білім беру әсерін тигізеді;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде үйретілген , кейбір жаттығуларға жағдай жасалады, сондай - ақ оларды сауықтыруы мақсаттарына жүйелі пайдаланудың әдеті қалыптасады.

Серуендеу мектепке дейінгі балалардың күн тәртібінде өте үлкен маңызға ие. Оларға күннің бірінші және екінші жартысында 30 минуттан 2 сағатқа дейін уақыт бөлінеді. Серуендеудің негізгі мақсаты – дене жаттығуларымен және қозғалыс ойындарын өткізумен таза ауада ұзақ уақыт болу. Олардың бастысы – оқу уақытынан ерекшеленетін, табиғи жағдайлардағы қозғалыс біліктіліктерін қолдануға балаларды үйрету. Серуендеуде балалар үнемі қозғалыста болатындай, бірақ артық қызып кетпейтіндей етіп ұйымдастырады.

Дене шынықтыру минуті жаттығудың түрі есебінде мектепке дейінгі үлкен жастан бастап қолданылады . Оның мақсаты – сөйлеуді дамыту, санау сабақтарыда және т.б. ақыл –ой жұмыс қабілеттілігін сақтау немесе көтеру, дененің қалпы бірыңғай тұрақты (статикалық) жағдайда болатындығына байланысты ағзаның жұмыс істейтін мүшелерін белсендірек ету. Іс жүзінде, дене шынықтыру минуті тез белсенді демалуды қамтамасыз етуге бағытталған, оған жүйке жүйесіндегі процестердің қалыпқа келуі тәуелді.

Спорттық көңіл көтерулер

Балалардың дене тәрбиесін бағытты - мақсатты пайдалану тәжірбиесінде, 4 жастан бастап, шанамен, конькимен сырғанау, велосипед тебу, шаңғымен қозғалу, шомылу, бадминтонның, стол теннисінің элементтері және т.б. секілді түрлер кең тараған. Спорттың әр түріндегі осы жаттығуларға спорттық нәтижелер көрсетуге талап қойылмай – ақ, оларды өзіне тән жағдайда қолдануға байланысты шартты түрде спорттық көңіл – көтерулер деп аталған.

Мақсатты қозғалыстар:

- таңертеңгі қабылдауы;
- ертеңгілік қимыл жаттығулары;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасындағы ойындар;
- сергіту сәттері;
- серуен;
- түскі ұйқы;
- түстен кейінгі өткізілетін түрлі іс-шаралар;

- кешкі серуен;
- қимылды ойындар.
- Шынықтырудың дәстүрлі формалары:*
- ауаны тазарту;
- су құю;
- даладағы қабылдау;
- күн сәулесімен шынықтыру;
- жалпы және жартылай су процедураларын жүргізу - ылғалды сүртіну, аяққа, денеге су құйыну, тұзды алаша, жаланаяқ жүру;
- Ұтымды қимылды күн тәртібін ұйымдастыру:*
- жаттығулар;
- жүгіру;
- сазды-би қимылдары;
- гимнастика;
- сауықтыру және алдын алу жаттығулары.
- Әдеттен тыс сауықтыру шаралары:*
- ауамен шынықтыру;
- нүктелі сылау(массаж);
- психогимнастика;
- өзін-өзі сылау;
- денені босаңсыту жаттығулары.

Жетістіктерге жету: балалық кезінде денсаулықты жоғалтпау, денсаулықтың соматикалық көрсеткіштерін жақсарту.

Салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттілігін және оған мүмкіндік туғызуы: гигиеналық мәдениет қалыптастыру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру.

Әдебиеттер:

1. Әйтпаев А. К Казак халық ойындары кіші мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу. Алматы 1999.
2. Ә.К.Әбділдаев, Ж.К.Оңалбек Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі.Түркістан –2004ж
3. Бастауыш мектеп дене тәрбиесі салауатты өмір кепілі. №9 2001ж
4. Е.Уақбаев Дене тәрбиесінің негіздері, Шымкент-2003ж

ОӘЖ

ТӘРБИЕШНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Нурходжаева Багила Сагиндиковна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

ПҚБАИ аға оқытушысы

Байдаулетова Жазира Талимхановна

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі

Резюме

В данной статье рассматриваются личность воспитателя в дошкольных организациях

Summary

In this article is given information the personality of the nursery teacher in pre-school organizations

Қоғамды жан-жақты дамытатын өндіргіш күштің негізгі тұлғасы - адам, сондықтан адам факторларына ерекше мән беріледі. Қоғам дамуы мен адамның жеке басының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі балаларға тәрбие беру және оларды мектепте ойдағыдай оқытуға дайындау ісін жүзеге асырады. Жоғары білімді тәрбиешіге тән қасиет педагогтық шеберлік, қоғамдық-саяси білімді болу. Тәрбиеші-мектепке дейінгі мекемелерде балалармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші.

Тәрбиеші мектепке дейінгі балалардың күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын мақсат көздей отырып, қоғамның талабына сай ұйымдастырады.

"Балабақшаның жарғысында" (ең бірінші рет 1944жылы 15 желтоқсанда бекітілген) тәрбиешінің нақты міндеттері көрсетілген:

Балабақша тәрбиешісі:

а) Балаларды дұрыс тәрбилеуде қамтамасыз етеді.

ә) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды;

б) Балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды;

в) Балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;

г) Аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педагогикалық кеңестің жұмысына қатысады;

д) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындалады"- «балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін алып барады».-делінген

Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілеріне тән қасиет: саяси білімділік, саналылық, білімін толықтырып отыру, білімін күнделікті тәжірибемен ұштастыру.

Тәрбиеші-еңбек ұжымының мүшесі, оның іскерлік және жеке дара қасиеттері сол ұжымда көрінеді.

Тәрбиеші жеке басының үлгісімен балаларға жақсы өнеге көрсетуді алдына мақсат етіп қоюы керек. К.Д.Ушинский: "Жас балаға тәрбиешінің жасаған әсерлі ықпалы оқу құралдары мен ешбір моральдық ақылдармен жазалау мен мадақтау әдістерімен айырбасталмайтын тәрбиелік күш болып табылады"-деген.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші-әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі,

сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы.

Тәрбиешінің алдында тұрған негізгі міндеті-жас ұрпақтың идеялық сенімін тәрбиелеу болғандықтан, оның дүниеге көзқарасы біздің қоғамымыздың саясатын, идеясын сәулелендіріп, табиғат пен қоғамның даму заңдарын диалектикалық тұрғыда түсінетін болуы керек. Тәрбиешіге тән қасиеттер-сенімді саяси-идеялық бағыттың болуы, өзінің білімі мен сенімін балаларға бере білуі, өз мамандығына сай жоғары білім алуы, ғылыми-техникалық, көркем әдеби шығармаларды оқуы, сөзге шешен, қоғамдық жұмысқа белсенді болуы тиіс. Тәрбиешіге педагогикалық байқампаздық, зейін, ақыл-ой, ерік-қайрат, жігер, шыдамдылық, ұстамдылық, шыншылдық, адалдық, қарапайымдылық, ізеттілік т.б. қасиеттер қажет.

Балаға тән қасиет-еліктеушілік. Сол себепті тәрбиеші үнемі жинақы, таза, ұқыпты, ойлы, салмақты және байыппен сөйлеуі жөн. Бала оның бәрін тез қабылдайды. Адамгершілік қасиеттерді игерген тәрбиеші баланың дамуына ықпал етеді.

Тәрбиешіге қойылатын талаптар:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі;
2. Арнаулы білім-дағдыны меңгеруі;
3. Баламен сөйлесе білуі;
4. Көзқарасымен, ыммен де өз ойын түсіндіруі;
5. Жұмысты ұйымдастыра білетін, тиісті жерінде әзілдесіп, тиісті жерінде көңілді болып, орынды жерінде ашулана да алатын болуы;
6. Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім-тәрбие берерліктей болуға тиіс.

Тәрбиешінің саяси кемелділігі оның балаларды тәрбиелеудің саласы үшін Отан мен қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезінуіне, педагогикалық міндеттерді шешуге шығармашылықпен қарауына, өзінің шеберлігін жетілдіріп, ұжымдағы әріптестерінің өсуіне шын ықыласымен көмектесіп отыруына мүмкіндік береді.

Табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын түсіну, қоғамдық - саяси белсенділік, жалпы және мектепке дейінгі педагогиканы, балалар психологиясы мен физиологиясын меңгеру тәрбиешінің педагогикалық құбылыстарды талдауға ғылыми тұрғыдан қарап, баланы жан-жақты дамыту міндетін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Таңдаулы тәрбиешілер өз тәжірибесін ғылыми-практикалық конференцияларда, педагогикалық оқуларда ортаға салып, баспа сөзге мақалалар жазады. Олар өздерінің шығармашылық еңбегімен мектепке дейінгі тәрбиенің теориясы мен практикасын дамытуға ат салысады.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі теориялық және практикалық оқытудың нәтижесінде балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін терең меңгеруге, кәсіби білім алуға, алған білімін, іскерлігін, дағдысын балалармен

жұмыс тәжірибесінде ойдағыдай қолдануы тиіс.

Тәрбиеші-педагог теориялық білімін үнемі тереңдетіп тәжірибе алмасып отыруы керек. Тәрбиеші-педагогтың қалыптасуы үшін оның өз мамандығын арттыру жөнінде тынбастан жұмыс істеуінің зор маңызы бер."Балалар бақшаларының тәрбиешілері мен меңгерушілерінің мамандығын арттыру жүйесі туралы ережеде" бұл үшін өздігінен дербес жұмыс істеу, арнайы курстарда оқу, аудандық, қалалық әдістемелік шараларға қатысу, облыстық білім жетілдіру институтында білім алу керектігі айтылған.

Тәрбиеші дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру үшін үзбей білімін жетілдіріп отыруға тиіс. «Балабақшаның жарғысында» әрбір тәрбиеші білімін жүйелі көтеріп отыруға міндетті-деп атап көрсетілген. Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі үнемі алға қарай ұмытылуға, қиялдауға, талаптануға, белсенді болуға міндетті. Балабақшада тәрбиешілердің білімін жетілдіру, мамандығын арттыру тікелей педагогикалық мәжілістерде, педагогикалық кітаптарды талдау арқылы меңгерушінің, әдіскердің басшылығымен іске асады. Қазір талантты тәрбиешілер өз білімін жетілдіруге, өз саласын жан-жақты зерттеп, ғылыми үлес қосуына мүмкіндіктер туып отыр.

Әдебиеттер:

- 1.Ә.Меңжанова. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы 1992
- 2.В.И. Ядэшко Ф.А.Сохин Мектепке жасына дейінгі педагогика Алматы 1982
- 3.Ә.Меңжанова, Г.Исмағұлова, Е.Дайрабаев Мектепке дейінгі педагогика. Алматы 1982
- 4.Ф.Н. Жұмабекова Мектепке дейінгі педагогика Астана-2008
- 5.Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы Алматы-1987
- 6.В.Н.Логинова,П.Г.Саморукова Дошкольная педагогика Москва-1988
- 7.Қазақ балабақшаларындағы тәрбие тұжырымдамасы Алматы-1991

УДК

МЕТОД ПРОЕКТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Нурманова Перизат Сансызбаевна

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы орыс тілі маманы

Түйін

Мақалада жобалау әдістемесін білім беру процесінде тиімді қолдану жолдары қарастырылған

Summary

The article is considered the effective ways to use of the methodology of the project in the educational process.

Метод проектов можно представить как способ организации педагогического процесса, основанный на взаимодействии педагога и воспитанника, способ взаимодействия с окружающей средой, поэтапная практическая деятельность по достижению поставленной цели.

Тезис современного понимания метода проектов «Все, что я познаю, я знаю, для чего мне это надо и где и как я могу эти знания применить».

Метод проектов – это форма организации образовательного пространства и метод развития творческого познавательного мышления.

Проект - слово иноязычное, происходит оно от латинского — projectus. Уже его буквальный перевод объясняет многое — «брошенный вперед».

Цель. Стимулировать интерес детей к решению проблемы через практическое применение полученных знаний

Структура: определение цели–разработка–выполнение-итог (презентация)

Виды проектов по целевой установке (доминирующей деятельности)	По предметно – содержательной области	По характеру координации	По количеству участников	По продолжительности
<p><u>Эмпирические</u> – предполагают проведение собственных наблюдений и экспериментов в приобретении новой информации о мире природы, животных и человека.</p> <p><u>Исследовательские</u> – ориентированы на изучение и обобщение фактов, явлений природы, содержащихся в разных теоретических источниках.</p> <p><u>Творческие</u> - ориентированы на творчество детей по разработке модели, макета, сочинения сказок, рисование</p>	<p><u>Монопроекты</u> (в рамках одного предмета)</p> <ul style="list-style-type: none"> • творческие • естественно-научные • экологические • спортивные • географические • исторические <p><u>Межпредметные</u> (в рамках нескольких предметов, например по тематическому плану работы ДОУ)</p>	<p><u>С открытой координацией</u> (координатор руководитель проекта направляет и координирует работу участников: организывает этапы, договаривается о встрече, и т.д.)</p> <p><u>со скрытой координацией</u> (координатор не обнаруживает себя, он участник проекта)</p>	<p><u>Личностные</u></p> <p><u>Парные</u></p> <p><u>групповые</u></p>	<p><u>Краткосрочные</u> (для решения небольшой проблемы, 1 занятие, 1 неделя)</p> <p><u>Средней продолжительности</u> (от недели до месяца)</p> <p><u>Долгосрочные</u> (от месяца до нескольких месяцев).</p>

<p>рисунков. Фантастическ ие – ориентирован ы на разработку несуществующ их объектов и явлений. Информацион ные – предполагают нахождение и сбор информации по определенной теме</p>				
---	--	--	--	--

Деятельность педагога и детей в работе над проектом

Этапы проекта	Деятельность педагога	Деятельность детей
1 этап ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЦЕЛИ	1. Формулирует проблему (цель). При её постановке определяется и продукт проекта. 2. Вводит в игровую (сюжетную) ситуацию 3. Подводит детей к формулировке задачи.	1. Вхождение в проблем 2. Вживание в игровую ситуацию. 3. Принятие задачи. Дополнение задач.
2 этап Разработка проекта	1. Помогает объединиться детям для решения задач (шагов), выбрать ответственных. 2. Помогает спланировать деятельность. 3. Организует деятельность.	1. Объединение в микрогруппы по желанию. 2. Распределение амплуа. 3. Участие в работе одной из групп.
3 этап Выполнение проекта	1. Практическая помощь при необходимости. 2. Направляет и контролирует осуществление проекта. 3. Проводит «круглые столы» с обсуждением результатов деятельности.	1. Формирование специфических знаний, умений, навыков. 2. Обсуждают результаты деятельности, вносят коррективы.
4 этап Подведение итогов, презентация.	1. Подведение итогов (алгоритм - п. 6) 2. Подготовка к презентации. 3. Руководит презентацией.	1. Обсуждают и отмечают успехи и неудачи. 2. Продукт деятельности готовят к презентации. 3. 3. Представляют продукт деятельности.

Проект- -это «пять П»: - проблема; - проектирование (планирование); - поиск информации; - продукт; - портфолио проекта – папка в которой собраны все рабочие материалы; - презентация.

Советы воспитателю по работе над проектом:

- глубоко изучить тематику проекта, подготовить предметно-пространственную развивающую среду;
- создавать игровую мотивацию, опираясь на интересы детей и их эмоциональный отклик;
- вводить детей в проблемную ситуацию, доступную для их понимания и с опорой на их личный опыт;
- заинтересовать каждого ребенка тематикой проекта, поддерживать его любознательность и устойчивый интерес к проблеме;
- при составлении совместного плана работы с детьми над проектом поддерживать детскую инициативу;
- тактично рассматривать все предложенные детьми варианты решения проблемы: ребенок должен иметь право на ошибку и не бояться высказываться;
- соблюдать принцип последовательности и регулярности в работе над проектом;
- в ходе работы над проектом создавать атмосферу сотворчества с ребенком, используя индивидуальный подход;
- развивать творческое воображение и фантазию детей;
- творчески подходить к реализации проекта; ориентировать детей на использование накопленных наблюдений, знаний, впечатлений;
- ненавязчиво вовлекать родителей в совместную работу над проектом, создавая радостную атмосферу совместного с ребенком творчества;
- заключительный этап проекта тщательно готовить и проводить его презентацию всеми участниками.

Литература:

1. Веракса Н. Е., Веракса А. Н. Проектная деятельность дошкольников. М.: Мозаика-синтез, 2008.
2. Пахомова Н. Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. М.: АРКТИ, 2005.
3. Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: Академия, 2010.

ОӘЖ

АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Адилаева Алма

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ аға оқытушысы

Жуманова Гульжан Сапаралиевна

Келес ауданы, №2 «Адема» бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

Резюме

В данной статье рассматривается значимость духовно- нравственного воспитания детей дошкольного возраста.

Summary

The article is considered the importance of the spiritual and moral education of children of preschool age

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие — балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез- құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында

ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз Құдайы. «Өз Құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. «Еліміздің күші- патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Әдебиеттер

1. Бала тәбиесі №2 2006 ж., №4 2008 ж.
2. «Өзіндіктаным» №2 2007 ж., №5-6 2006ж.
3. Мухина В.С. «Мектепке дейінгі балалардың психологиясы» 1975ж
4. Нечаева В.Г. «Балабақшада рухани мәдениетке тәрбиелеу», 1981ж

АҚШ-ТЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Өмірзақ Т. Ө. а.ш.ғ.д., профессор

Айтбаева А.Е. а.ш.ғ.д., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Умурзакова Н. Т.

М. Жұмабаев атындағы №39 мектеп

Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье обсуждаются особенности системы высшего образования США, приводятся данные о деятельности государственных и частных университетов, об уровнях высшего образования, о проблемах и приоритетных направлениях развития сферы.

Summary

The article discusses the features of the US higher education system, provides data on the activities of public and private universities, on the levels of higher education, on the problems and priority areas of development of the sphere.

АҚШ-тағы білім беру жүйесі 4 классикалық деңгейден тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш, орта (кіші және жоғарғы) және жоғары білім. Мектепке дейінгі білім беру (preschool) - әдеттегі балабақшаларды еске түсіретін үш жастан бес жасқа дейінгі балаларға арналған білім беру бағдарламалары. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жекеменшік түрлері, сондай-ақ штаттар мен АҚШ-тың федералды үкіметі қаржыландыратын мекемелер бар (тұрмыстық жағдайы төмен отбасылардың балаларына арналған Head Start бағдарламасы). Мектепке дейінгі білім беру Америка Құрама Штаттарында міндетті болып саналмайды. АҚШ-тағы мектептік білім беру деңгейлері авторлардың бұрынғы мақалаларында баяндалған (ОҚМПУ еңбектері, 2020).

Америка Құрама Штаттарындағы білім беру жүйесінің ежелден қалыптасқан дәстүрі мен канондары бар, бірақ соған қарамастан, бұл жүйе ең демократиялық деп танылған. Мұнда бірыңғай білім беру жүйесі жоқ, мемлекет бұл туралы ережелерді белгілеуге құқылы емес (бастауыштан басқасында). Сонымен қатар, АҚШ-тағы жоғары білімнің әр штатта өзіндік ерекшеліктері мен қосымша жүйесі бар.

АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесі маңызды экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық функцияларды орындайтын біртұтас әлеуметтік институт болып, көптеген оқу бағдарламалары, курстар және пәндермен сипатталады.

АҚШ университеттеріне талапкерлерді қабылдау және іріктеу тәртібі олардың түріне және беделіне байланысты ашық, бәсекелі және таңдаулы болуы мүмкін.

Бұл елде кез-келген білім беру мекемесінің сипатын анықтайтын бірден-бір шарт - ол дайындайтын мамандардың және онда жүргізілетін зерттеулердің сапалық деңгейі.

Америка Құрама Штаттары басқа елдерге қарағанда студенттердің білім алуына көбірек қаражат жұмсайды.

Америка Құрама Штаттарында төрт мыңнан астам жоғары оқу орны бар.

АҚШ үкіметі жоғары білім беру жүйесін және сәйкесінше жоғары оқу орындарын басқармайды (офицерлерді, ФБР офицерлерін және кейбір басқа мемлекеттік қызметкерлерді дайындайтын сегіз федералды университеттен басқа). Америка Құрама Штаттарындағы университеттер (АҚШ-тың бүкіл білім беру жүйесі сияқты) жекеменшік, әлде штаттың немесе муниципалдық үкіметтің (қоғамдық университеттер) меншігінде болады. Штаттарға жататын АҚШ-тағы ең әйгілі және танымал университеттердің қатарында - Вирджиния, Калифорния, Мичиган және т.б. университеттер бар. Әдетте, штаттық университеттегі оқу сырттан келушілерге қарағанда осы штаттың тұрғындары үшін арзанырақ.

АҚШ-тағы университет, әдетте, құрамына бірнеше колледждер немесе мектептер (факультеттердің аналогтары іспеттес) кіретін үлкен жоғары оқу орны. Бір қызығы, Америка Құрама Штаттарындағы жоғары білім жүйесінде «колледж» және «университет» терминдері бірдей болмаса да, бір-бірінің орнына қолданыла береді, солай қалыптасып кеткен. Мұнда «жоғары оқу орны» деген ұғымның нақты анықтамасы жоқ. Барлық университеттер, әдетте колледж емес университеттер болса да, колледждер деп атала салады. Кез-келген оқу орны бірдей дәрежеде «колледж», «мектеп», «институт» немесе тіпті «университет» деп аталуы мүмкін. Тағы бір ерекшелік – мұнда «мемлекеттік» деген сөздің екінші мағынасы бар: «штаттық» деген. Бұл жағдай кейде аудармашыларды адастырады.

АҚШ-тағы білім беру жүйесі орталықтандырылмаған, бүкіл ел үшін бірыңғай оқу жоспарлары немесе стандарттар жоқ. Орталықсыздандыру - американдық білім беру жүйесінің ең басты белгісі болып табылады. Шындығында, білім беру мәселелері АҚШ Конституциясында қарастырылмаған, демек, олар штаттардың үкіметтерінің бақылауында. Тіпті АҚШ-тағы жоғары оқу орындарын аккредиттеуді және талапкерлерге арналған тестілеу жүйесін дамытуды жеке ұйымдар жүзеге асырады.

бүгінгікүні оқушылардың алдына қойылатын талаптар мектептен қазіргі заманғы ойлай білетін, таңдай алу және таңдай білу, дербестілік, тіл табыса білу, толеранттылық, бейімделе білу, командада жұмыс істей алу қабілеттері дамыған және дербес шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Оқушылардың осындай қасиеттері жаңа, толық, жекелік және әлеуметтік интеграцияланған білім алу нәтижесін береді.

Құзыреттілік әдіс арқылы оқыту үшін жаңа бағдарлы педагогтер, дамыту оқулықтары, тиімді білім беру технологиялары, сонымен қатар, өзіндік жеке қабілеттерін дамыту үшін жеке білім беру траекториясын жасауға үйренетін оқушылар, балаларын шыдамдылықпен және даналықпен табысты өмірге итермелейтін ата-аналар қажет.

Екінші механизм - оқыту нәтижелерінің бағалау жүйесін модернизациялау - «Нені бағалау?», «Қалай бағалау?» деген сұрақтарға жауап ұсынады.

Жауаптар логикасы: білесің, демек, түсінесің, тәжірибеде қолдана аласың; өзінділікпен қолданасың. Өз білімінді іс жүзінде пайдалану арқылы өз тәжірибеңді, өз қызметіңнің жеке стилін қалыптастырасың. Оқушының осы траекториямен жеткен жетістіктерін бағалауымыз қажет.

Бағалаудың жеке-бағдарлау жүйесіне көшу үшін білім беру саласындағы бақылау жөніндегі Комитетке үлгереді-үлгермейді, ҰБТ ұпайлары, және «Алтын белгі» иегерлері санының пайызы бойынша статистикамен шектелмей-ақ, мектептер мен оқушылар қызметтерін бағалау әдістерін өзгерту керек. Болашақтағы PISA, TIMSS және PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер мұғалім мен оқушы еңбектері сапасының барабар индикаторы болуы мүмкін.

Үшінші механизм -- ата-ананың балаларды оқытуға және тәрбиелеуге белсене қатысуы – Қамқорлық кеңес функционалдық қарым-қатынас орнатудың жаңа субъектісі ретінде анықталады.

Мектеп пен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың маңызы әрқашанда зор. Қарым-қатынас мүдделі ата-аналардың оқу және тәрбиелік іс-шараларға баруымен ғана шектелмейді. Балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау үшін мектеп пен отбасы бірлесіп жұмыс істейді, бір-біріне қолдау көрсетіп отырады.

Бүгін педагогикалық ортада мақсаттары мен мәртебесі бойынша әр түрлі педагогикалық (математикамұғалімдері, новатор-мұғалімдер, жас мамандар және т.б.) қауымдастықтар құрылуда. Әрбір қала немесе облыстағы ең әрекетті мектеп Қамқорлық кеңестері бірігіп жұмыс істесе, солтүстікқазақстандық білімберу сапасына әсер ететін күшті қоғамдық бірлестік құрылар еді.

Төртінші механизм - қосымша білімнің дамуы - балалар мен жастардың бос уақытын мазмұнды өткізу мәселесін шешуге бағытталған.

Оқушылардың көбі өз мүмкіндіктерін жалпы білім беретін мектепте емес, арнайы мектептерде - спорт, музыка, өнер және т.б. мектептерде көрсете алады. Әрбір адамның есінде: мектепте әр түрлі секциялар, үйірмелер, студияларда әлдеқайда қызық болатын, онда өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті

анықталады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары бойынша Қазақстанда алғаш рет олардың материалдық-техникалық базасының жаңартылуы көзделген. Жаңа түрлері тәжірибе жүзінде жүзеге асырылуда, олар: балалар интерактивтік парктері (ғылыми қалалар), технопарктер, мұражайлар, алуан түрлі танымдық журналдар.

Жалпы, Б.Т.Жұмағұловтың айтуы бойынша, Ұлттық жоспардың жүзеге асырылуы «шығармашылық пен инновацияларға қызығушылық, білім алу мен жұмыс істеуге деген уәж тудырады» |

Сонымен, қазақстандық мектептің функционалдық сауаттылығы моделі сапа ғасыры атанатын ХХІ ғасырдың мектеп білімі сұранысын қанағаттандыратын бірегей мектептің бір болып табылады.

1-кестеде өзектілендірілетін мектептің тұжырымдалған педагогикалық аспектісі ұсынылады.

1-кесте. Функционалдық сауаттылығы мектебінің педагогикалық аспектісі

№ р.р	Сипаттама(-лар)	Сипаттама(сипаттамалар) белгілері
1.	Білім беру үдерісінің субъектілерін белгілеу	Non scholae sed vitae discimus / Мектеп үшін емес, тіршілік жасау үшін оқимыз
2.	Білім беру сапасының өлшеу компоненті	Білім сапасы әрекетті білімдерді, аспаптық және тұлғааралық біліктер мен қабілеттерді , технологиялық дағдыларды тәжірибе жүзінде табысты пайдалануға мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылық
3.	Оқытудағы әдістер	Сатылы (туннельдік) емес, жүйелік-функционалдық және құзыреттілік
4.	Оқыту мазмұны	Оқу материалдары құрамдастары: а) деректердің анықтама базасы (ұғымдар, заңдар, заңдылықтар); ә) әрекет тәсілдері; б) модельдеу және жобалық қызметті қамтамасыз ететін оқушының өздік жұмысы тапсырмалары; в) барабар өзіне-өзі баға беруге бағытталған тапсырмаларды орындау табыстылығының межелері мен көрсеткіштері. Жалпы білім беруден қосымша білім беруге көшу.
5.	Оқыту сипаттамасы	Жаттамай, түсініп оқу. Репродукция емес, өз өнімін жасау.
6.	Өзекті технологиялар	Диалог арқылы оқыту, жобалап оқыту, проблемалық оқыту, портфолио технологиясы және т.б.
7.	Оқулықтар дамыта оқыту құралдары ретінде	Ақпаратты қатал, толық және жүйелі жеткізу емес, шешуге арналған проблемалар, оқу есептері, кейс-стадилар.
8.	Мұғалімнің рөлі	«Жетекші емес», білім беру диагностикасы мен консультация жүргізетін навигатор, тьютор.
9.	Оқушының мәртебесі	Білімін өз тәжірбиесін кеңейтетін айналымдағы өз капиталы ретінде пайдалануда мүдделі адам

10.	Ата-аналар мәртебесі	Білім беру және тәрбиелеу сапасын арттыру, сонымен қатар, қарым-қатынас жасауда мүдделі әріптестер
11.	Мектептік білім берудің мүдделі субъектілерінің өз-ара әрекеттесу стратегиясы	Ортақ құндылықтардың болуына, дәстүрлерді дамытуға, сапалыққа ұмтылуға негізделген корпоративтік мәдениет болашағымен функционалдық қарым-қатынас жасау
12.	Педагог пен оқушылардың бағалы әрекеттері	Ақпарат іздестіру, жаңа объектілер мен үрдістерді модельдеу, ережелерді түсіну, табу және тұжырымдау, әр түрлі мақсаттар қою, өзіндік жоспарлау және дербес шешімдер қабылдау
13.	Бағалау	ББД- ағымды аралық нәтиже ретінде; Білу, түсіну (практикада қолдана білу), Дағдылану (практикада қолдана білу) және жеке қабілеттерді (күзиреттерді) дамыту – күтілетін нәтиже, оқу жетістіктері ретінде

Әлеуметтік және педагогикалық аспектілерден педагог және оқушы қызметін талдау негізінде функционалдық сауаттылықтың әрекеттілік аспектісіне көшеміз.

Алдымен, 2-кестеде SWOT-талдау нәтижесін ұсынамыз.

Талдау құбылысы - функционалдық сауаттылық мектебіндегі педагогтің әрекеті.

SWOT-талдау мақсаты - қалыптасқан педагогикалық практика мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша педагогикалық әрекеттің оң және теріс жақтарын ескере отырып, функционалдық сауаттылықты модельдеу.

Оң жақтарын білу сәтті мүмкіндіктерді кеңейтуге көмектеседі. Ал теріс жақтарын білу педагог әрекеті ретінде туындайтын қауіпті жағдайларды болдырмауға ықпал етеді. Жалпы, SWOT-талдау педагогикалық ұжымның қызметін әкімшілік тарапынан басқару арқылы мектептің білім беру жағдайы мониторингісін жүргізуге бағытталған.

2-кесте. Функционалдық сауаттылық мектебіндегі педагог әрекетінің SWOT-талдау нәтижесі

Оң жақтары	Теріс жақтары
1. Педагогикалық әрекеттің оқытудың практикалық-бағдарлау сипатына бағытталуы	1. Мәдениеттану, туманитарлық оқытудан гөрі практикалық-бағдарлау оқытудың басымдылығы
2. Негізгі құзыреттердегі оқыту нәтижелерін өлшеу	2. Жалпы практика талаптары мен оқушылардың сұраныстары бойынша негізгі құзыреттер арасында корреляцияның болмауы
3. Оқушылардың өнімді әрекетін дамытатын технологиялар негізінде білім беру үдерісін құру	3. Мұғалімдердің өнімді оқыту әдістемесін білмегендігінен туындайтын оқушылардың әрекеті нәтижелерін араластыру: репродукция - шығармашылық - өнім
4. Мұғалімнің тьюторлық миссиясы	4. Оқытуда мұғалімнің басымдылық рөлі жайында қалыптасқан дәстүрлі стереотиптер

	бойынша оқушының оқу жетістіктері үшін мұғалім қызығушылығының төмендеуі
5.Білім беру сапасында мүдделі адамдар санын көбейту, ата-аналарды білім беру сапасын басқаруға тарту	5. Білім беру сапасына мүдделі адамдар, сонымен қатар, ата-аналарда білім беру менеджменті бойынша жүйелі білім мен біліктердің жоқтығы
6.Оқушылардың жеке білім алу траекториясы бойынша олардың оқу жетістіктерін бағалау	6. Оқу жетістіктерін бағалау теориясы мен әдістемесінің толық әзірленбегендігі бағалау барысында әділетсіздік пен субъективтілікті күшейтеді
Қолайлы мүмкіндіктер	Қауіптер
1.Оқушының оқу және оқудан тыс әрекетінің бағыттылығы - маңызды нәтиже алу	1.Оқушы санасындағы жалпы мәдени құндылықтар маңыздылығының төмендеуі
2.Оқушының дарындылығы мен қабілеттілігі негізінде оның тұлғасын дамыту	2.Оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуі
3. Оқушы әрекетінің жеке стилі мен өзіндік тәжірибесін қалыптастыру	3. Оқушы әрекетінің жеке стилі мен өзіндік тәжірибесі алгоритм, нұсқау, стандартты ситуацияларда пайдаланылатын білім мен дағдыларға бағытталған
4. Оқушылардың бойында жеке білім алу траекториясы негізінде уәж тудыру	4. Білім беру удерісі субъектілері арасындағы танымдық қарым-қатынастың жоқтығы
5. Білім беру сапасы мәселесінің әлеуметтік мәртебесі, оның шешілуінде әлеуметтік әріптестер мүдделі	5.Мектеп саясатында волонтаризм, субъективизм элементтерінің пайда болуы
6.Әрекеттің табыстылығы нәтижелері бойынша бағалау, сонымен қатар, тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерін акцентуализациялау	6. Оқу әрекеті барысында жеке нәтижелер алуға деген оқушылардың белсенділігінің төмендеуі, өзін-өзі бағалаудан гөрі бағаның басымдылығы

SWOT-талдау нәтижелері жоғарыда сипатталған мектепте функционалдық қарым-қатынастың қажеттілігін дәлелдейді.

Педагогтердің функционалдық қарым-қатынасы деңгейі - құндылық-мағыналық бірлікке жету кезіндегі педагогтердің өзара әрекеттесудің жоғары деңгейі. Осындай қарым-қатынас оқу және оқудан тыс іс-шаралармен ғана шектелмейді, ол ынтымақтастық, өзара қолдау, бір-бірін толықтыру арқылы жүзеге асады.

Сонымен, функционалдық қарым-қатынас педагогтің әрекеттерімен қатар олардың құндылықтары, уәждері мен ынталаларын да қамтиды. Олардың ішінде-- негізгі элементтерінің бірі педагогикалық жобалау болып табылатын мұғалім әрекетінің инновациялық форматқа бағытталуы. Педагог В.И.Слободчиков білім беру практика, білім беру бағдарламалар мен технологиялар, педагогикалық әрекеттің тәсілдері мен құралдарын жасау ретінде қарастыратын педагогикалық жобалау жасау керек. Педагогикалық үдерісті жобалау оқушының ішкі бейнесін өзгертуге бағытталған.

Жобалау барысында мұғалім келесі инновациялық педагогикалық технологияларды басшылыққа алуы тиіс: ерекше жобалау тәсілімен сипатталатын әрекеттілік типті технологиялар: оқу ақпараты оқыту мақсаты

емес, әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде пайдаланылады; оқыту мақсаты - оқушының жеке тұлғасын дамыту; мұғалім оқу ақпаратын жеткізуші емес, педагог-менеджер рөлін атқарады; оқушы педагогикалық әсер ету объектісінен мұғаліммен бірге әрекет субъектісі болады; білім беру үдерісі субъектілерінің танымдық әрекетін ұйымдастыру оған қатысушылардың белсенді шығармашылық өзара әрекеттесу үстанымы, танымдық және ғылыми-зерттеу әрекетінің біртұтастығына негізделген.

Педагогтердің осы педагогикалық технологияларды түсініп, дұрыс қолдана білуі адам және оқушы рөлін жаңа түсіністікпен қабылдап, білім беру үдерісін жобалауға ықпал етеді. Функционалды сауаттылық мектебінде адамның даму, баланың даму деңгейі педагогтің жұмысы және жалпы барлық білім беру жүйесі жұмысының деңгейі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Информационные технологии в начальном образовании // Школьные технологии, 2000, №6.- С.168-177
2. «Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының орындалу барысы туралы» ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың баяндамасы, Астана қ., 11 қыркүйек, 2012 ж.
3. Каланова Ш.М., Бишимбаев В.К. Тотальный менеджмент качества в высшем образовании. Учебное пособие. - Астана: Фолиант, 2006. - 476 с.

УДК 811.512.122.39

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КӨРКЕМ АУДАРМА ПРИНЦИПТЕРІ

Нәлібай Қарлығаш Абдуллақызы, Нәлібай Әйгерім Абдуллақызы

*Халықаралық университет Silkway, шетел филология кафедрa магистранттары,
Шымкент, Қазақстан*

Орынбекова Гульназ Курманкуловна

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шетел тілдері
кафедрасының оқытушысы*

Summary

Ethnosemantic types of sacral words of the Kazakh language (taboo, euphemisms, names of saints, and aruachs, names of sacred things and objects, natural and cosmic parts of the body, numbers, animals, birds and etc.) reflect structural analysis of the sacral universumsus in its thematic classification.

Сөздік табудың шығу тегі әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен кез келген жағдайда олардың негізінде шындыққа деген салттық көзқарас болады. Болмыс әлемі жанды, естиді, сөйлейді, саналы, яғни мифологиялық дүние қабылдауда аңдар, табиғат, заттар және т.б. тірі, саналы нәрселер болған. Көрнекті этнограф және фольклоршы Д.К.Зеленин алғашқы сөздік тыйымдар алғашқы қауымдық аңшылардың қарапайым ғана абай болуынан (абайлаушылығынан) пайда болған деп есептейді: олар адам тілін түсінетін қырағы аңдар сөздерін естіп қойып, қақпан мен садақтан құтылып кетуі мүмкін деп ойлады [1; 110].

Сөздік табулар мен қазақ табу сөздерінің көзі тек аңшылық қана емес, сондай-ақ өз кезінде Ш. Уәлиханов әскери жорықтардың ықпалы болғанын айтады. Ә.Қайдар атап көрсеткендей: “У тюркских народов была выработана целая система табуирования. Под табуирование подпадали самые различные аспекты религиозно-анимистического,

мифологического, астрологического и других верований”[2; 46]. Значительный лексический материал по казахским табу, эвфемизмам содержится в так называемом “женском языке”. Одним из первых на особенности казахского “женского” табуированного языка обратил внимание востоковед-академик А.Н.Самойлович, который в своей статье “Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины” приводит целый ряд табу и эвфемизмов в речи замужней женщины – казашки: “*Ат-жылқы, азу-тіс, бөрі-қасқыр – ұлымы, өрен-бала, қарақ (қарағым)-көз, жойқын-су, жылқы-мал, жын-боқ, тұсақ-лақ, төбе-бас, сүйреткі-шана, ұқтыңда, қый-тезек, ақ-шанқан, қара-баран, сары-шикіл, көш-жөнеу, айдар-төбешаш, пышақ-еткесер, балға-соғар*” [3; 166-167].

Вербальды және вербальды емес табу тыйымдар көп және олар киелі лексиканың пайда болуы мен қолданылуының негізі және көзі болып табылады. Н.Б.Мечковская былайша атап көрсетеді: “Существовали табу, связанные с охотой, рыболовством; со страхом перед болезнями, смертью; с верой в домовых, в “сглаз”, порчу и т.п. Для разных половозрастных групп были свои запреты; свои табу были у девушек и юношей до брака, у кормящих грудью, у жрецов и шаманов” [4; 63]. Академик Ә.Кайдар [2; 46] былай жазады: “... словесные запреты в прошлом начались казахами на наименования хищных зверей и диких птиц, признанных тотемами, а также предметов охоты и ремесла, различных теонимических персонажей (албасты, шайтан, марту, жезтырнак, жалмауыз кемпір, пері и др.), болезней, на названия природных явлений и небесных тел (кемпір-қосақ, нажағай, ай, жұлдыз) и даже на собственные имена старших из почитаемых людей, что основывались на общественном этикете”[2;46]. Тыйым (табу) сөздердің әр алуан разрядтарын, сол сияқты эвфемизмдерді киелі лексикаға жатқызамыз, себебі олардың пайда болуы мен қолданылуы сөздің магиялық күшіне деген сенімге, аталатын нысананың (денотаттардың) киелілігіне деген сенімге негізделген. Діни-мифологиялық дүниені қабылдауда “тыйым сөзді айту ол сол сөзбен айтылған қауіпті нәрсені шақырады” [5;7]. Табу мен эвфемизмдердің арасындағы себеп-салдарлы тығыз байланысты Ә.Қ.Ахметов былайша көрсетеді: “...табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар деп қараған жөн, өйткені эвфемизмдерді тудыратын табу. Сондықтан да олар бірінсіз бірі жүре алмайды. Сосын табу эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасында бой жасырады”[6; 7].

Әдетте, табу мен эвфемизмдер мифологиялық дүние қабылдау аспектісінде қарастырылады, бұл тұрғыдан алғанда олар киелі лексиканың бірліктері ретінде көрінеді. Сонымен қатар табу мен эвфемизмдердің кейбір разрядтары тек мифологиялық емес, өзгеше сипатқа да ие болады. Мәселен, зерттеушілер былай деп көрсетеді: “На современной стадии развития общества религиозные эвфемизмы в Европейских языках являются уже пережитком или отголоском более ранних эпох. Для современного языкового употребления значительно большую роль играет социальный и моральный эвфемизм. В силу сложившихся условий в обществе не всегда возможно или целособразно называть вещи их действительными именами. Это невозможно либо из этических соображений, соображений вежливости, либо вследствие некрасивости и запретности вещей. Этические эвфемизмы заключаются главным образом, в смягчении понятий или в замене родного слова словом из какого-либо иностранного языка”[7; 8].

Табу мен эвфемизмдердің пайда болу себептері алуан түрлі болуы мүмкін: этикалық, саяси, мифологиялық-діни және т.б. Сол себепті: “Қазіргі кезде эвфемия құбылысын:

- эвфемизмдерді социолінгвистикалық аспектіде;
- эвфемизмдерді этнолінгвистикалық аспектіде;
- эвфемизмдерді тіл мәдениеті аспектісінде;
- эвфемизмдерді психолінгвистика аспектісінде;
- эвфемизмдерді функционалды стилистика мен сөз стилистикасы аспектісінде;

эвфемизмдерді мәдениеттаным (культурология) аспектісінде т.б. қарастырудың мәні өте зор” [8; 75].

Киелілігі тұрғысынан табу мен эвфемизмдердің лингвистикалық табиғатын біз этнолингвистикалық және лингвомәдени аспектілерде зерттейміз, себебі олардың пайда болуы, қолданылуы мифологиялық санамен, наным-сеніммен, салт және ырым-жоралармен тығыз байланыста қарастырылады. Табу мен эвфемизмдер әр түрлі түркі тілдеріндегі материалдар бойынша зерттелді. Қазақ тіл білімінде Ә.Ахметовтің [9], әзірбайжан тілінде – Х.Д.Жаппаровтың [84], өзбек тілінде – Н.Исматуллаевтың [85], тува тілінде – Ш.Ч.Саттың [86] және т.б. еңбектері бар екендігі мәлім. Алтай түркі тілдес халықтарының материалдары бойынша Н.А.Баскаков [87], қазақ, қырғыз, өзбек тілдері бойынша И.Лауде-Циртаустас [88] мақала жазды.

Табу сөз бен жөн-жора (салт) арасындағы байланыс қазақ халық емшілерінің емдеу тәжірибесінде де аңғарылады. Бұл жөнінде акад. Ә.Қайдар былай дейді: “Нам хорошо известен, например, ритуал лечения у казахов при укусе змей, когда знахарь-лекарь вступает в “словесное состояние” с укусившей человека змеей, если она была поймана в момент укуса. Смысл этого “состязания” заключается в том, что каждый из “состязующихся” пытается отгадать имя или кличку своего “партнера”. “Состязание” заканчивается смертельным исходом для одного из них в тот момент, когда называется чью-то имя, т.е. раскрывается секрет табуирования. Именно поэтому строго запрещалось произносить имя знахаря-лекаря вслух в момент проводимого им сеанса “лечения” [2; 46].

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішінде қазақ тілінде жалқы есімдер табуға айналған. Латын Америкасындағы аборигендер (байырғы халықтар) туралы жазған Дж. Фрезер былай дейді: “Если имя покойного совпадает с названием какого-нибудь предмета общего обихода, например, животного, растения, огня, воды, считается необходимым такое имя исключить из разговорного языка и заменить другим” [10; 287-288]. Орыс мемлекетінде ғасырлар бойы, тіпті XVII ғасырда шоқындырған кезде қойылған ат белгісіз болып қалған [9; 29].

Ш.Саадиевтің мәліметі бойынша [10; 186-187], Әзірбайжанда күні бүгінге дейін шын аттар жасырын болған. Түрікменстанда “әр баланың чын ады - шын аты және ямен ады – жасырын аты бар” [11; 46]. Сібірдің солтүстігінде “барлық ер адамдарда –нғанасандарда екі ат болды, оның бірі – шын ат, ол сирек қолданылса, ал екіншісі күнделікті қолданыстағы ат болып саналған” [10; 42].

Қазақ жалқы есімдерін – антропонимдерді зерттеуші Т.Жанұзақ былай дейді: “Запрет некоторых слов (табу) имел свое влияние и в сфере лично-собственных имен. Казахские замужние женщины до Октябрьской революции не имели права называть по имени родственников своего мужа. Братьям и сестрам мужа женщины давали свои имена: “Төрем, Шырақ, Жарқын, Тетелес, Мырзажігіт, Шырайлым, Бикеш (А.Самойлович) и др” [11; 9].

Оңтүстік Сібірдегі түркілердің дәстүрлі дүниетанымын А.Самойловичтен кейінгі зерттеушілер күйеуі мен оның туыстарының атын айтуға әйелге тыйым салынуы некелік қарым-қатынастың экзогамиялық сипатына байланысты деп есептейді. Әйел басқа тектен (әлемнен) болғандықтан күйеуінің жағында оған бірқатар сөздік тыйымдар салынады: “Большинство запретов, которыми было окружено ее поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался от минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый статус женщины – пришелицы, единственного существа “со стороны”, находившегося в роде. Она не имела права произносить вслух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как и имена мужа” [11; 151]. Антропонимдер мен жалқы есімдерді қолданған кезде мұндай сөздік тыйымдар (табу), біз жоғарыда атап өткендей, қазақ әйелінің сөздік ғұрпында болған. Қазақ әйелінің сөзіндегі табуға айналған жалқы есімдер (антропонимдер) эвфемизмдермен алмастырылған – кейбір зерттеушілер “әйел” тілі деп

атаған ерекше тіл осылай пайда болған. Профессор Т.Жанұзақ былай деп жазады: “Личные имена заменялись нарицательными по определенной системе. Мужчин старше мужа женщины называли кайнага (деверь). При запрете личное имя определенного человека употреблялось в искаженной форме, например вместо *Мамбет-Самбет*, *Али-Сали*, *Турсын-Мурсын*. Для замужней женщины являлись запретными и нарицательные имена. Говоря о табу на лошадей женщины употребляли не нарицательное имя “*Жылкы*”, а заменяли словом “*Мінгіш*” (букв, то, на чем ездят) или “*туар*” (букв, которая ожеребится), вместо нарицательного имени “*тышқан*” применяли “*жорғалауық*” (ползающий) или “*қаптесер*” (букв, продырявливающая мешок) и др” [11; 9].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуманитарных вузов. М.: Агенство «ФАИР», 1998 -352 с.
2. Қайдар Ә. Культ слова у тюркских народов (на материале казахского языка) // Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998. -41-46 бб.
3. Зеленин Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // Музея антропологии и этнографии. Т.8. Л., 1929.-151 с.
4. Самойлович А.Н. Заветные слова в языке казак-киргизской замужней женщины // Живая старина. 24, Петроград, 1915.
5. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер: Докторлық диссертациясының авторефераты. Алматы, 1995.-61 б.
6. Дегтярева Т.А. Многозначность слова и синонимика. Автореф. дисс... канд.филол.наук. М., 1948.-20 с.
7. Жұмағұлова М.Ш. Табу мен Эвфемизмдер және оларды зерттеудің теориялық негіздері туралы // Тілтаным, 2003, №4, -67-76 бб.
8. Фрэзер Дж. Золотая ветвь: Исследования магии и религии. М.: Политическая литература, 1980. 832с С.
9. Никонов В.А. Имя и общество. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1974.-263 с.
- 10.Саадиев Ш.М. Основные правила выбора имен для новорожденных (по азербайджанской антропонимии) // Личные имена в прошлом, настоящем, будущем. Проблемы антропонимики. М.: Изд-во «Наука», 1970. -185-188 с.
11. Мухамедова З.Б. К вопросу о личной ономастике у туркмен // Труды Института языка и литературы Туркм. ССР; вып.2, Ашхабат, 1957.

ОӘЖ (574)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТҰЛҒАСЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Тұрашбеков Ә. филос.ғ.к., доцент

Амирханов А.Б. магистр-оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье раскрывается суть философских произведений Аль-Фараби именно в рамках практической философии, востребованной сегодня человечеством. Практическая философия определяется в соответствии с человеческими принципами, человеческим бытием, человеческой волей, способностью человека изобретать и создавать мир. Аль-Фараби подчеркивает, что свобода труда имеет важное значение для всестороннего развития человека.

Summary

The article reveals the essence of al-Farabi's philosophical works within the framework of practical philosophy, which is in demand today by mankind. Practical philosophy is defined in accordance with human principles, human being, human will, and man's ability to invent and create the world. Al-Farabi emphasizes that freedom of work is important for the full development of a person.

Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы – әл-Фараби (870-950 жж.).

Ұлы жерлесіміз Әл-Фарабидің түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Фараб қаласында дүниеге келді. Әл-Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби, яғни әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған.

Әбу Насыр жас кезінде білім іздеп, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары – Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізді. Ал өмірінің ақырғы жылдарын Дамаскіде өткізеді, 80 жасында қайтыс болады.

Батыста «араб философы» деген құрметті атаққа ие болған, Әл-Киндидің философиялық көзқарастарын әрі қарай дамытып, Аристотельдің еңбектерін араб тілінде аударып, оған көлемді түсініктер жасап және өзінің ерекше философиядағы ойларымен тарихта қалып, философия тарихында **«Екінші ұстаз»** атағын алған Әл-Фараби болды.

Әл-Фарабиді араб философы деп толығынан бағалауға болады, себебі араб рухынан нәр алып, өз еңбектерін сол тілде жазған. Сонымен қатар, оны қазақ халқының философы деп те атауға болады, өйткені, ол біздің елде дүниеге келіп, соңынан қазақ халқын құраған көп түрік тайпаларының біреуінен шыққан, біздің сол кезде өмір сүрген бабаларымыздың дүниесезімі мен дүниетанымын бойына жас кезінде сіңірген.

Бірақ, ең жақсысы – оған Шығыс философиясының жұлдызы, тіпті дүниежүзілік философияның ең ірі тұлғаларының бірі деген баға берсек, ол дұрыс болар.

Әл-Фарабидің философиялық еңбектері көп. Мәселен, Әл-Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Солардың ішінен «Ғалымдардың шығуы», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Азаматтық саясат», «Ақылдың мәні туралы», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жөнінде» деген еңбектерін атап өтуге болады.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде тірі адамның бақыты, өлгеннен кейінгі түсініксіз бақыттан артық екенін көрсетеді. Адам бақытқа, көптеген қиындықтарға тап болып, жақсы мен жамандықты түсіну

арқылы жетеді. Адамның жетілуі – мінез-құлқының жоғарғы дәрежесіне байланысты болады. Ал, көздеген мақсатқа жету – өзіне байланысты дейді.

«Азаматтық саясат» деген еңбегінде ол отбасының қоғам өмірінің бастауы болу мәнін түсіндіреді. Феодалдық қоғамдағы саясат пен мораль мәселелеріне және әлеуметтік қайшылықтарға теориялық тұрғыда түсінік береді.

«Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл музыка аль кабар») еңбегінде ол дыбыстың тарау табиғатын, резонанс қозғалысын математикалық әдістерді қолданып, алғаш рет нотаның нұсқасын жасады. Сол кездегі түркілердің музыкалық аспабы – тоғыз ішекті домбыраның құрылысын сипаттады.

«Ақыл туралы» деген еңбегінде ақылдың құдіретіне сенеді, адам ақылы жаратушының бір көрінісі деп – құдайды жоққа шығармайды, ал ғылым – ақылдың нәтижесі екенін көрсетеді. Ғылымды – *теориялық, практикалық* деп екіге бөледі. Теориялық – логика, жаратылыстану, метафизика; практикалық – этика, саясат.

Қоғамның қажеттігін Әл-Фараби адамның жалғыз өзі өзіне керектерінің бәрін жасай алмайтындығынан, екінші жағынан, басқарларсыз өзін жетілдіре алмайтындығынан шығарады. Сондықтан, адамдар бірігіп, өзара бір-біріне көмектесіп, қажетті заттармен бөлісіп өмір сүрген.

Қоғамды Әл-Фараби толық және толық емес қылып екіге бөледі.

Бүкіл жер бетіндегі, қоғамдық дәрежеде ұйымдасқан адамзат – ол белгілі халықтың өмірі, кіші - ол белгілі бір жерде орналасқан кешен - қала, ауыл-сондағы тұратын адамдар.

Ал толық емес қоғамға келер болсақ, ол белгілі бір ауылда, я болмаса қаланың бір көшесінде тұратын адамдар. Олар өз-өздеріне жеткіліксіз-сондықтан, оларды ол толық емес деп атайды.

Әсіресе, оқырманның назарын Әл-Фарабидің мына ойына аудармағым келеді. «ұлы игілік», ең биік жетістіктерге ең алдымен қала жетеді, ал ауылды алатын болсақ, оның негізгі қажеттілігі-оның тек қаланы қамтамасыз етуінде. Әл-Фарабидің өмірден кеткеніне 1000 жылдан артық уақыт өтсе де, қазақ халқына бұл ой осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып жатыр. Бүгінгі өте қиын дағдарысты ақуалда қазақ халқы аянышты ауыр жағдайда урбанизация процесіне қатысып, қалалық халыққа айналууда. Тек қалалық халық қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне белсенді қатысып өзінің мүдделері үшін тиімді күресе алады.

Әл-Фараби қалалардың өзін екіге бөледі - олар игілікке бағытталған қала мен надандар қаласы.

Игілікке бағытталған қалада адамдар бір-біріне көмектесіп, бақытқа жетуге тырысады. Ол қала кемеліне келген адамның денесіне ұқсайды. Онда барлық дене мүшелері бір-бірімен тығыз үйлесімді байланыста, олар әр-түрлі өздерінің табиғаты мен қабілеті бойынша өмір сүреді. Сол сияқты қаладағы адамдар да әр-түрлі болса да қала басшысына бағынып бір-бірімен келісіп іс-әрекет жасап өмір сүрулері керек.

Надан қала игілікке бағыт ұстаған қалаға қарсы тұр. Ол адамгершілігі жоқ, айырбастау қаласы, адасқан қала.

Надан қаланың, адамдары ешқашанда бақытты білмеген, сондықтан олар оған ұмтылмайды да, оған сенбейді де. Олардың ойынша, өмірдің мақсаты-денсаулық, байлық, рахатқа бату, ерікті түрде құмартуға берілу, даңқ пен ұлылықты армандау. Осылардың әрбіреуінің өзі осы қаланың тұрғандарына бақыт болып көрінеді. Ал айтылғандардың бәрі қосылса, онда одан асқан бақыт болмайды деп олар ойлайды.

Әл-Фараби надан қаланың түрлеріне тоқтайды. Бүгінгі таңда біз де әлі өзіміздің даму бағытымызды, жалпы ұрандар болмаса, айқын анықтаған жоқпыз. Сондықтан ойшылдың мініздемелеріне тоқтай кетелік, мүмкін оқырман одан өзінше дәріс алып, ойға қалар.

Қажеттіліктің қаласында адамдар өмірге ең негізгі керек заттарды өндіру үшін бір-біріне көмектеседі.

Айырбастау қаласында тұрғандардың бәрі де байлыққа жету үшін бір-біріне көмектеседі, ол сол қаланың негізгі мақсаты, басқа мақсаттарға жету жолындағы құрал емес.

Құлдыраған бақытсыз қалада адамдар тек тамақ табуда, ішуде, жыныстық қатынаста тек қана ой өрісіне көтерілмей сезімдік ләззат алуға тырысады.

Баққұмар қаладағы адамдар бір-біріне көмектесіп өздерін басқалардың алдында керемет етіп көрсеткісі келеді (біздің бүгінгі таңдағы кейбіреулердің «жаманымызды жасырайық, жақсымызды асырайық», деп жүргендері бұл қалаға жақын келеді оларға «ауруын жасырған – өледі» деген нақыл сөзді айтқымыз келеді.

Билікті сүйгіш қаладағы адамдар басқаларға жоғарыдан қарап, оларды тәуелді етіп ұстағысы келеді. Оларды тек жеңіс қана қуантады.

Адамгершілігі жоқ қаланың тұрғындары игіліктің не екенін жақсы білетұра, өздерінің іс-әрекеттерінде басқаша істейді.

Құбылмалы қаланың адамдары бұрын игілікке бағытталған болатын, ал сонынан басқа құндылықтар өмір жолына түсіп кеткен.

Адасқан қаланың адамдары бақытты өмір о дүниеге барғанда болады. Бірақ кейін келе олардың көзқарасы Құдайға да, шын өмірге де өзгеріп бұзылады.

Қоғам өмірінің дамуы, Әл-Фараби ойынша, негізінен Ел басында басқарып отырған адамның қасиеттерімен байланысты болғаннан кейін, ойшыл оның қандай болуы керектігіне аса зор назар аударған.

Ғұлама-өйшыл ондай адамның 12 қасиеті болу керек дейді. Сонында олардың бәрін 6 тұлғалық қасиеттерге әкеліп тірейді. Енді соларға назар аударарлық.

Біріншіден ол- **даналық** дәрежеге жетуі керек, яғни барлық істі ақыл-ой елегінен өткізіп, халықтың тарихи тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік түсініктеріне сай келтіруі керек;

Екіншіден, ол- **білімді** адам болу керек, өзінің есінде өткен тарихтағы заңдар, әдет-ғұрып нормалары мен ережелерін жақсы білуі керек;

үшіншіден, әрқашанда **тапқырлық** көрсету керек, өйткені өмір үне бойы өзгерісте, олай болса елдің алдында бұрынғы-соңғы болмаған жаңа ақуал пайда болып, бұрынғы басқару тәсілдерінің бәрін, жоққа шығаруы мүмкін. Сондай жағдайда өмірге жаңаша қарап шығармашылық тұрғысынан жаңа шешімдерге жету қажет;

Төртіншіден, **аңғарғыш**, көреген болу қажет. Ел басшысы- тек бүгінгі күнді ғана ойлап қолмай, болашақ ұрпақтардың өмірі қандай болмақ; негізгі мақсат-халықтың әл-ауқатын өсіру-оны естен шығармау керек;

Бесіншіден, Өзінің **сөзімен** және іс -әрекетімен халықты елдің заңдарын бұлжытпай орындауға бағыттау болмақ;

Алтыншыдан, Ел басының **денсаулығы**, дене күші жақсы болуы керек; ол оған соғыс жүргізген кезде әсіресе қажет болады;

Әл-Фараби ел басшылығына лайықты, осы көрсетілген қасиеттердің бәрі бойында бар тұлғаның сирек кездесетінін атап өтеді. Сондықтан, бұл қасиеттер екі тұлғада жиналса, онда олар бірігіп басқарсын дейді. Ал екі адамның бойынан табылмай, 4-5 адамнан табылса, олар бірге қосылып басшылық жасауы керек.

Сонымен қатар, ел басына керек негізгі қасиет- ол даналық. Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауып төнеді,- деп ескертеді ұлы ойшыл.

Біздің бүгінгі өтпелі қоғамдағы қиындықтарды жеңу үшін өкімет басындағы саяси элитаның биік дәрежеде болуы қажетті нәрсе.

Оларды Әл-Фараби қалдырған өсиеттерімен салыстырсақ, онда жетістіктерімізді және кемшіліктерімізді көруімізге болады. Біздің саяси элита аз уақыттың шеңберінде дүниеде жиналған қоғамды жаңарту жөніндегі **білімді** тез игеріп жатыр. **Тапқырлық** көрсетіп, шет елдерден экономикаға инвестициялар (қаражат) тартып жатыр; **көрегендіктен** де кем емеспіз - қандай қиындықтарды басымыздан өткізіп жатсақ та, қазақ елі 2030 жылға қарай қандай дәрежеге көтерілу керек - оны да ойлыстырып қойдық; дүниежүзілік заң шығару дәрежесіне сай етіп біршама **заңдарды** да тудырдық; саяси элитаға талантты **жастарды** тартып жатырмыз.

Соған қарамастан, жеткен нәтижелер аздау. Оның негізгі себептерінің бірі- даналықтың жетіспеуі. Жалғыз **технократизм** (білім билігі), нақтылы жағдайды, тарихи тәжірибені ескермейтін, арсыз саясатқорлыққа әкеліп, Әл-Фараби айтқан надан қалаға жеткізуі мүмкін. Сондықтан, саяси элитаға интеллектуалдық топтардың дәрежесін көтеріп, саяси шешімдерді солардың сараптауынан өткізіп отыруы қажет қой деп ойлаймыз.

Міне, осыдан он ғасыр жылы бұрын өмір сүрген бабамыз Әл-Фараби даналығы – оның қалдырған терең ойларының бүгінгі біздің өмірімізге сай келіп алдымыздағы қиын мәселелердің шешімін табуға көмектесіп жатқандығы

болса керек. Жалпы алғанда, кең түрде, философия тарихы осы жағынан алғанда, ешқашан, қандай көне заманда пайда болса да ескірмейді, ондағы жиналған ойлар біздің шабытымызды оятып, жаңа көзқарастардың дүниеге келуіне, олардың өткен тарихпен сабақтастығының тереңдеуіне әсерін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтаев Ж. Қасабек А. Философия тарихы. А.2000 .
2. Әл – Фараби. Философия трактаты.А.1970.
3. Есім Ғ.Фәлсәфа тарихы. А.Раритет.2004.
4. Философиялық сөздік.А.1996.

МАЗМҰНЫ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Исабек Баршагүл Қашқынқызы ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ.....	4
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТҮЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ	
Ниетбай К.А. ПРИВИТИЕ НАВЫКОВ ДЕЛОВОЙ ТЕЛЕФОННОЙ КОММУНИКАЦИИ СТУДЕНТАМ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ.....	7
Мангаева Т., Сабырбек А.С. БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	12
Мырзатай Гулдана, Абрамова Г.И EMOTIONAL AND COLORFUL INFLUENCE IN THE ADVERTISING TEXTS.....	16
Дошманова Лаззат Есназаровна БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БЛУМ ТАКСАНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ.....	22
Оразбаева Ұлдана ПЕДАГОГТЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	26
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Мырзахан Г.А. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	29
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Серікбай А.С. ЖЕТКІНШЕКТІК ШАҚТА ПАЙДА БОЛАТЫН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	34
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Атаева Ж.Ж. ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ.....	39
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Қалыбек М.Н. БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫТҮДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	44
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Мыңбаева А.Б. ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ.....	49
Әліпбек А.З., Сманов І.С., Махағай Д.Ж. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	54
Әліпбек А.З., Сманов І.С., Совет Т.Ә. ЖАС ӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	59
Әліпбек А.З., Сманов І.С., Искандер М.О. ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ЛИДЕРЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ.....	63
Әліпбек А.З., Сманов І.С., Қалдыбаева А.М. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ.....	67
Темирбекова Г.А., Арынова Г.К. КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ КАК РЕСУРС ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.....	72
Әбішева Л.П., Ортаева А.С. ОТБАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	

	77
Мамбетова А.Т., Сарман М.П., Тоқтасынова А.Ғ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	81
Тілеуова С.С. ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	85
Саймбетова Ж.Т., Мыңбаева Н.Қ. БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	90
Оралбекова А. К., Хасанова Л. С., Шалқар Т. К. THE IMPORTANCE OF TEACHING CRITICAL THINKING.....	94
Оралбекова А. К., Төрехан Н. Ә., Мусакулова Ж. С. THE IMPORTANCE OF ACTION RESEARCH IN TEACHER EDUCATION PROGRAMS.....	96
Оралбекова А. К., Тулебекова Г. А., Төлегенова А. М. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	98
Дуйсенова М. М., Беймусаева У. Д METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE ORGANIZATION OF WORK ON THE DEVELOPMENT OF COHERENT SPEECH OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN.....	103
G. Odamanova, A. Baimisheva, N. Burkitbayeva FLIPPED LEARNING AS A NEW EDUCATIONAL PARADIGM.....	106
G. Odamanova, A. Oral, S. Taubayeva THE EDUCATIONAL PHILOSOPHY OF FLIPPED LEARNING AS A NEW EDUCATIONAL PARADIGM	111
Тулегенова С.К. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАУ БЕРУДІҢ УӘЖДІЛІК АСПЕКТІСІ.....	115
Алтаев Б. А. ДАРЫН МЕН ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫЛАРДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ ТӘСІЛДЕРІ.....	120
Алтеева Г. Б. ПИАЖЕ КОГНИТИВТІК ДАМУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МӘНІ.....	125
Базарбаева Г. О. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ.....	130
Джуманов Х. Н. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ДАМУ ӘДІСТЕРІ.....	133
Исламов Г. Н. ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	137
Исмайлова Ф. М. ПСИХОДИАГНОСТИКА ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ.....	141
Махмудов А. А. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ.....	145
Сарманова Қ.Ә. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДА ЖАҒАШЫЛ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	149
Турсункулова Г.А. МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ӨМІРЛІК	

ТҮЛҒАСЫ.....	152
Баубекова И.М., Темирова Ж.Ж., Рубанов Р.В. УСЛОВИЯ И СРЕДСТВА РАЗВИТИЯ И САМОРЕАЛИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ.....	155
Қожабекова З.Е., Бөрібаев Е.Е ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	161
Өмірзақова Н.Ө. ОҚЫТУ МЕН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	163
Бейсембаева Н.С., Құлмахан Н.С., Абдраманова Н.Ш ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИОННОЙ ГОТОВНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ САМООПРЕДЕЛЕНИЮ.....	168
Бейсембаева Н.С., Абдраманова Н.Ш., Жарылқасын Ә.Ғ ЛИЧНОСТНО-РАЗВИВАЮЩАЯ ФУНКЦИЯ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	172
Умбеталиева А.М., Сейдаева А.Н., Наурзова Қ.Қ ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЛИЧНОСТИ В НЕПРЕРЫВНОМ ОБРАЗОВАНИИ.....	176
Умбеталиева А.М., Сейдаева А.Н., Наурзова Қ.Қ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ОРИЕНТИРОВОЧНОЙ БАЗЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	181
Ахмедов Т. Х. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	186
Серикова Қ.Е. МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТЕРІНІҢ АРТТЫРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	188
Тютебаева Ж. К. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	192
Хаживаева В.Х. ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ТРЕНАЖЕРЫ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ.....	195
Жубандыкова А. М., Нурманова Ж. К. БАЛАҢ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	198
Нурманова Ж. К., Азбердиева Н. А. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ - МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САНА- СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	203
Торыбаев Ғ.З, Раева Б.И. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	208
Жумамуратова Мақпал, Жантурсева М.Ж. ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	212
Алмаханбет Ж.А., Рысбаева Г.А., Джетписбаева С.У. ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС - ӘРЕКЕТІН ЖАНДАНДЫРУ.....	217
Әлмахан Г.А., Рысбаева Г.А., Джетписбаева С.У. ТАБИҒАТТЫ ЗЕРТТЕУДІ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	222
Нурмахаметова Д.К., Рысбаева Г.А., Мамытова А.Ы. МЕТОДИКА ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	225
Байбатшаева А.Е., Полатбек Л. Ж. КӘСПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУДА КОНТЕКСТІК ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ	229
Жусипова Г.Т., Есмаханова Ж.Ш.	

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ.....	233
Жусипова Г.Т., Есмаханова Ж.Ш. АРАЛАС ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	237
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Өтегенова Т.Ә. ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ.....	242
Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е., Сайымбекқызы А. ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	247
Қойшиев Қ.Е., Әліпбек А.З., Давранова Р.К. ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	251
Қойшиев Қ.Е., Әліпбек А.З., Жұмабек Г. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	257
Оразимбетова К.Ш., Әліпбек А.З., Райымбек А.Ы. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	262
Рысқұлов А.Қ., Пошаев Д.Қ., Мынбаева Н.Қ. ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНДА ИНТЕГРАТИВТІ ТӘСІЛДІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	267
Құрманбекова К., Керімбаева К.З., Шағраева Б.Б. APPLICATION OF INTERACTIVE METHODS IN TEACHING THE TOPIC "COMPLEX COMPOUNDS" AT SCHOOL.....	272
G.R. Sabyr PECULIARITIES OF THE IMPERATIVE IN ADVERTISEMENT.....	276
A.K.Dildabekova, A.A.Dauletova, G.F.Sultanova ISSUES OF DISTANCE LEARNING FOREIGN LANGUAGES AT THE UNIVERSITY	280
Апашова А.Қ., Уалиханова А.С., Тоқтасынова А.Ғ. ИНТЕГРАТИВТІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	284
Бердалиева Т.Д. ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	288
Абдраманова Н.Ш., Құлмахан Н.С., Бахрамова Г.А. МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	294
Темирова Ж.Ж., Баубекова И.М., Оңғарова Г.Т. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ МАРКЕТИНГТІҢ ДАМУЫ	299
Туранова Ё.М., Досбенбетова А.Ш. ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	303
Қозыкеева Р.А., Өмірзақова Ә. Д, Ташмухамедова М.А. ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТТЕУЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	309
Пошаев Д.Қ., Қосдәулетова Б. Х. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛЫҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ.....	311
Болганова Айгул Маликовна СОВРЕМЕННЫЙ УРОК КАК ИНДИВИДУАЛЬНАЯ СТРАТЕГИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА ПЕДАГОГА.....	315
Нурмагамбетова Айтолқын Қуанышбаевна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ТАНЫМ ҮРДІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ.....	319
Аманова Венера Оңгаровна, Копекова Динара Абдугалиевна	

5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ҚАБІЛЕТІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	323
Егенова Назгул Атаевна, Аппазова Гульнара Умарбековна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҢАРТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ.....	325
Кеттешова Сауле Жамалхановна, Торғаутова Айгуль Тулеповна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	328
Матекова Бахтигуль Темирхановна, Кеттешева Динара Алтынбековна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	330
Нурходжаева Багила Сагиндиқовна, Байдаулетова Жазира Талимхановна ТӘРБИЕШІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ.....	333
Нурманова Перизат Сансызбаевна МЕТОД ПРОЕКТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	336
Адилаева Алма, Жуманова Гульжан Сапаралиевна АДАМГЕРШІЛІК РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	339
Өмірзақ Т. Ө., Айтбаева А.Е., Умурзақова Н. Т. АҚШ-ТЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ.....	342
L. Bayirbekova., G. Odamanova, N. Burkitbayeva DISTANCE LEARNING: BASIC MODELS.....	346
Байырбекова Л.М., Бегалиева Р.Н., Каратаев Н. ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В ОРГАНИЗАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА.....	351
Бегалиева Р.Н., Байырбекова Л.М. ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ОҚУШЫНЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	356
Бегалиева Р.Н., Байырбекова Л.М. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МЕКТЕБІ: ӘЛЕУМЕТТІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТТІЛІК АСПЕКТІЛЕРІ.....	361
Нәлібай Қарлығаш Абдуллақызы, Нәлібай Әйгерім Абдуллақызы, Орынбекова Гульназ Курманкуловна АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КӨРКЕМ АУДАРМА ПРИНЦИПТЕРІ	367
Тұрашбеков Ә., Амирханов А.Б. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТҮЛҒАСЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ.....	370